



**БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП**

1 ТОМ

2016

Ақпаратты жария етудің үздік тәжірибелеріне сүйене отырып «Самұрық-Энерго» АҚ барлық мүдделі тұлғаларға 2016 жылдың біріктірілген жылдық есебін ұсынады. Есеп екі том болып әзірленді.

1 том Басшылық есебін және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының есепті кезеңдегі қызметі туралы толық қаржылық емес ақпаратты қамтиды.

2 том «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізген тәуелсіз аудит нәтижесі болып табылатын 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2016 жылғы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2015 жылғы Шоғырландырылған қаржылық есептілікті қамтиды.





БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

1 ТОМ

2016


МАЗМҰНЫ

2016 жыл сандық көрсеткіштермен	4
2016 жылдың негізгі оқиғалары	6
Директорлар кеңесі Төрағасының кіріспе сөзі	8
Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі	9
Стратегия	10
Макроэкономикалық үрдістер	13
Негізгі қауіп-қатерлер	14
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	18
Электр энергияның нарығы	20
Нарық моделі	22
Экспорттық өлеуетті іске асыру	24
Саланы реттеу ортасы	24
Сауда үйінің жұмысы	25
Активтерді жекешелендіру бағдарламасы	30
Қазақстан Республикасының картасында белгіленген активтер	32
Ағымдағы активтердің құрылымы	34
Экологиялық қауіпсіздікті басқару	36
Энергия тиімділігі	42
Жасыл энергетика	44
Жаңартылатын энергия көздері аясындағы инновациялар	46
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы туралы қысқаша мәлімет	47
Дәстүрлі энергетика	56
Дәстүрлі энергетика жүйесінде энергия тиімділігін арттыру	58
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы туралы қысқаша мәлімет	59
Электр энергиясын тарату	66
Электр энергиясын жеткізу аясындағы инновациялық қызмет	67
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы туралы қысқаша мәлімет	68
Көмір өндіру	74
Энергетикалық көмірді экспорттау	77
Саланы реттеу ортасы	78
Көмір өндіру аясындағы инновациялық қызмет	78
«Богатырь-Көмір» ЖШС	79


Компания қызметіне жасалған қаржылық және экономикалық талдау	82
Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері	98
Тарифтік саясат	102
Жанама экономикалық әсер	103
Бизнесті трансформациялау – өзгерістерге бағыт ұстау!	104
Сатып алулар және қорларды басқару	112
Корпоративтік басқару	116
Акционерлер туралы ақпарат	117
Директорлар кеңесі	117
2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын сақтау туралы ақпарат	128
Басқарма	155
Елеулі мәмілелер туралы мәлімет	164
Ішкі аудит қызметі	166
Мүмкіндіктер ме, тәуекелдер ме?	168
Адамдар – Қоғамның негізгі активі	170
Кадрлық құрылым	172
Даму және мансаптық өсу	174
Таланттармен жұмыс	176
Кадрларды бағалау	176
Жастармен жұмыс	177
Ынталандыру және сыйақы	178
Әлеуметтік жауапкершілік	180
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік	185
Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қабылданатын шаралары	186
Адам құқықтары	190
Ұйым аудиті	196
Аудиторлық ұйым туралы ақпарат	196
Қосымшалар	200
Пайдаланылған қысқартулар	200
Есептің GRI нұсқаулығына сәйкестік кестесі	202
Есеп туралы	208
Байланыс ақпараты	209

2016 ЖЫЛ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРМЕН


ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ
ІШКІ НАРЫҒЫНДАҒЫ
ҮЛЕСІ




ҚР БЭЖ АЙМАҒЫНДАҒЫ
СТАНЦИЯЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН
ЖИЫНТЫҚ ҚУАТЫНАН ҮЛЕСІ



ҚР БОЙЫНША КӨМІР
ӨНДІРУ КӨЛЕМІНЕН ҮЛЕСІ



220-0,4 КВ ӘУЕ ЖӘНЕ КАБЕЛЬДІ
ЭЖЖ ҰЗЫНДЫҒЫ



ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016	2017 (жоспар)	2018 (болжам)
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн. кВт•сағ.	28 216	22 318	22 485	24 029	26 389
Электр энергиясын сату көлемі	млн. кВт•сағ.	8 605	8 414	8 438	8 418	6 410
Электр энергиясын жеткізу көлемі	млн. кВт•сағ.	12 344	12 114	12 118	12 377	6 889
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	7 561	6 913	6 805	7 223	5 409
Көмір өндіру көлемі	млн. тонна	38,0	33,9	35,1	33,9	36,1

* Ертiс ГЭС каскадын есептемегендегi электр энергиясын өндiру көлемi

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2015	2016	2017	2018
		нақты	нақты	болжам	болжам
Таза табыс	млрд. теңге	-77,83	17,76	10,39	19,32
Бағам айырмасын есептемегендегі таза табыс *	млрд. теңге	29,01			
EBITDA	млн. теңге	76 496	71 581	74 171	97 603
EBITDA Margin	%	42%	39%	36%	39%

* Бағам айырмасы бойынша шығындардың әсерін есептемегендегі қорытынды пайда

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Қызметкерді қатыстыру деңгейі	%	65	65	68
Жыл сайынғы кадр тұрақсыздығы	%	8,6	11,9	13
Мың адамға шаққандағы өндірістегі жазатайым оқиғалар саны	Саны / 1 000 адам шартты бірлікте	0,17	0,5	0,59
Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	76	74	79

2016 ЖЫЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша мемлекеттік наградалармен марапатталған қызметкерлердің тізімі

№ р/с	Тегі, аты-жөні	Марапат түрі	Компания атауы
1	Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор	«Құрмет» ордені	«Самұрық-Энерго» АҚ
2	Сайманов Сәйтмұрат Мырзабекұлы – Басқарма Төрағасының орынбасары – бас инженер	«Құрмет» ордені	«Шардара СЭС» АҚ
3	Гайдук Валерий Иванович – Котлотурбиндық цех бастығы	«Ерең еңбегі үшін» медалі	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
4	Есентаев Әділбек Тельманұлы – Өзен АЭС бастығы	«Ерең еңбегі үшін» медалі	«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ
5	Жақсыбаев Гафиулла Рахматуллович – Қазанның негізгі жабдықтарын жөндеу цехының бастығы	«Ерең еңбегі үшін» медалі	Болат Нұржанов» атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
6	Сарымов Серік Жұмағұлұлы – Жабдықтарды жөндеу жөніндегі аға шебер	«Ерең еңбегі үшін» медалі	Болат Нұржанов» атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
7	Исмухамбетов Газий Жумабаевич – Басқарма төрағасының орынбасары – Бас инженер	«Ерең еңбегі үшін» медалі	«Алматы электр станциялары» АҚ
8	Нұғманов Николай Набенұлы – Автоматика мен өлшеу құралдарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі автослесарь	«Ерең еңбегі үшін» медалі	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ
9	Салманов Әмірхан Есіркепұлы – Өндірісті дайындау цехының бастығы	3-дәрежелі «Еңбек данқы» ордені	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
10	Байтаков Алғадай Бутабаевич – Орталық диспетчерлік қызметтің оперативтік қозғалмалы бригадасының электромонтері	3-дәрежелі «Еңбек данқы» ордені	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
11	Гумеров Ришат Фардатович – Қазан турбиналық цех энергоблогының 7 санатты машинисі	3-дәрежелі «Еңбек данқы» ордені	Болат Нұржанов» атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
12	Хамзин Серик Турсумбекұлы – Шаңдайындаушы және қазандық цехтардың жабдықтарын жөндеу бойынша слесарь	3-дәрежелі «Еңбек данқы» ордені	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
13	Тлеукабулова Гульнази Абылкасовна – Автоматтандырылған отынберудің 6 санаттағы моторисі	ҚР Құрмет грамотасы	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ

2016 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

1 ҚАҢТАР

- «Шардара СЭС» АҚ үшін жеке тариф қолданысқа енгізілді
- 2016-2020жж. кезеңге өңірлік энергия жеткізуші компаниялар («АЖК» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ және «МЭБК» АҚ) үшін шекті ұзақ мерзімді тарифтер қолданысқа енгізілді
- Газға және тасымалдауға белгіленген тарифтердің есуі салдарынан «АлЭС» АҚ үшін төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифтер қолданысқа енгізілді
- «Екбастұз ГРЭС-1» ЖШС жеңілдікті тарифтер бойынша қосымша 7 субъект үшін электр энергиясына жеңілдікті тарифтер енгізілді (Үкіметтің тапсырмасы мен ҰЭМ ТМР ж БҚК хаттарына сәйкес)

19 АҚПАН

Standard & Poor's – тің «BB/B» деңгейінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерді растады және рейтинг бойынша болжам өзгерді

26 АҚПАН

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын еншілес және тәуелді ұйымдарының тізбесі мақұлданды
- Жалғыз акционердің акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын сату арқылы жарияланған акциялар саны шегінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 10 964 (он мың тоғыз жүз алпыс төрт) дана жай акциясы орналастырылды

4 СӘУІР

Директорлар кеңесінің 2 791 018 дана жай акцияны орналастыру туралы шешіміне (2016 жылғы 30 наурыздағы №3 хаттама) сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ басым сатып алу құқығын пайдаланып, 1 096 448 дана жай акцияны бір акция үшін 10 000 теңгеден сатып алды, сол арқылы БЖЭС акцияларын 50%-1 акцияға дейін иелену паритетіне қол жеткізді

8 СӘУІР

Маңғыстау облысының әкімі А.С.Айдарбаевтың қатысуымен «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ-да ӨДО-ның (өңірлік диспетчерлік орталық) ашылу рәсімі өтті. Электр желілерін басқарудың озық кешені Маңғыстау облысы энергетикалық жүйесінің кепілді өрі дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жоба «Маңғыстау ЭБК» АҚ-ның 2013-2016 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы аясында іске асырылды. Диспетчерлік орталық персоналдың энергия жүйесінің жұмысындағы ауытқушылықтарға қысқа мерзім ішінде жедел жауап беруіне мүмкіндік беретін мейлінше жаңа техникалық өрі бағдарламалық құралдармен жабдықталды

16 СӘУІР

«Екбастұз ГРЭС-1» ЖШС «Электрические станции» ААҚ-ға (Қырғыз Республикасы) 200 МВт көлемінде электр энергиясын жеткізді



11 НАУРЫЗ

Қапшағайдағы күн электр станциясы базасында EnergyCell энергия жинақтаушы жүйе (батарея) іске қосылды. Бұл технология ТМД мен Орталық Азия аумағында тұңғыш рет қолданылуда

17 НАУРЫЗ

Қазақстан Ресейге электр энергиясын экспорттауды жаңғыртты. 2016 жылғы 17 наурыздан бастап «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның екінші энергия блогы іске қосылып, Ресей энергия жүйесі үшін Қазақстан электр энергиясының жеткізілімі жүзеге асырылуда

5 МАМЫР

«Самұрық-Энерго» АҚ рейтингі Fitch Ratings рейтинг агенттігінің «Тұрақты» болжамы бойынша «BB+»-ке дейін төмендеді (төмендеу Қазақстан Республикасының егемен рейтингінің төмендеуіне байланысты)

20 МАМЫР

№3 ст. жаңа турбиналық агрегаттың пайдалануға беру актісіне қол қойылды. Жобаны іске асыру станцияның бөлігімен қуатын 88-ден 118 МВт-ға дейін ұлғайтты. Ол жылына 240 млн. кВт•с. Көлемінде қосымша электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді. Жаңа №3 турбиналық агрегатты салудан бөлек, өз инвестициялары есебінен кәсіпорында суды тазарту және дайындау жүйесі орнатылды, станцияның жеке мұқтаждықтарын ауыстыру бойынша кернеуі 6,3 кВ-ға 3,15 кВ 2 секцияның жабдықтары ауыстырылды, жаңа желдеткіш градирнясы мен циркуляциялық сорғы іске қосылды



28 МАУСЫМ

«Самұрық-Қазына» АҚ-дан Таулы Қырат жобасын қаржыландыру үшін 6,7 млрд. Теңге сомасына 5 000 дана акцияны сатып алуға өтінім алынды

30 МАУСЫМ

«Қарағандигипрошахт и К» ЖШС-ның 90,0004% қатысу үлесі және «Шелек-28» ЖШС-ның 70% қатысу үлесі сатылды

24 ҚАРАША

ISO 9001:2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес Қоғамның корпоративтік менеджмент жүйесі жаңа редакцияда расталды

30 ҚАРАША

Екібастұз ГРЭС-1-де АТҚ-500 кВ жаңғырту бойынша ауқымды жоба аяқталды, ол маңызы бойынша Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесінің жүйе құраушы қосалқы станциясына жатады. Жаңғырту электр энергиясы оңтүстік бағытқа тасымалданып, одан соң Ресейге экспортталатын Солтүстік Қазақстан электр желілерінің дұрыс жұмыс істеуін елеулі деңгейде арттырады. АТҚ-500 кВ жабдығының қызмет ету мерзімі 30 жылға ұзартылатын болады



21 ҚЫРКҮЙЕК

Алматы ЖЭО-2-ні қайта құру және кеңейту аясында №8 қазандық агрегатын іске қосу рәсімі өтті. Жаңа қазандықты іске қосу қаланың – «Универсиада-2017» жаңа объектілерінің, «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша индустриялық аймақ пен құрылыстың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. №8 қазандық агрегатын іске қосу ЖЭО-2-нің жылу қуатын 20%-ға: 1 176-дан 1 414 Гкал/сағ. арттырып, жылына қосымша 450 млн. кВт•с электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді

26 ҚЫРКҮЙЕК

ЕҚДБ-дан 2016 жыл үшін Қоғамның Қарыз/EBITDA ковенантын бұзу бойынша келісім-хаты (waiver) алынды

9 ЖЕЛТОҚСАН

Қоғамның еурооблигацияларын қайта қаржыландыру аясында ЕҚДБ-мен 100 млн.еуро сомасына кредиттік шарт жасалды

21 ЖЕЛТОҚСАН

Standard & Poor's рейтинг агенттігі Қоғамның кредиттік ұзақ мерзімді рейтингін «BB-» деңгейінде азайтып, қысқа мерзімді рейтингін «B» деңгейінде растап, болжамды «Тұрақтыдан» «Жағымсызға» өзгертті

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Қуаныш Бектеміров

Құрметті оқырман!

«Самұрық-Энерго» АҚ Республикада энергия ресурстарының сенімді жеткізушісі болып табылады. Компания тұрақты даму қағидаттарын ұстана отырып, Акционер, қызметкерлер, қоғам және болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігін толық сезінеді. Қоршаған ортаға қамқор бола отырып, Компания экологиялық жағынан таза технологияларды енгізуде.

Нарық конъюнктурасы нашарлап, энергия көзін пайдаланатын өндіріс көлемі азайған және өндірілген қуаттар артылып қалған жағдайларға қарамастан, «Самұрық-Энерго» АҚ бекітілген Стратегияны табысты жүзеге асырып, электр энергиясы мен көмір сату көлемін мүмкіндігінше ұлғайтуда, соның нәтижесінде Республика бойынша электр энергиясы нарығының 24% үлесін, көмір өндірудің 36% үлесін иеленіп отыр.

Экономикадағы ахуал акционер бастамашы болған Трансформация бағдарламасының дер кезінде қолға алынғандығын көрсетіп отыр. Компанияда жүргізіліп жатқан өзгерістердің басты мақсаты – Акционер үшін құндылықтарды құру және пайдалылықты арттыру.

Есепті кезең ішінде Акционер Директорлар кеңесінің құрамын бекітті, біз компанияның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін, тәуелсіз директорлар Андреас Сторзел мен Хоакин Голанд Велезді, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін қорғайтын өкіл ретінде Нұрлан Рахметовті қарсы алуға қуаныштымыз. Электр энергетикасы саласы мен қаржы секторын-

дағы бай халықаралық басқару тәжірибесі біздің құзыретімізді корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес айтарлықтай күшейтеді деген үміттеміз.

Директорлар кеңесінің уақытылы қабылдаған шешімдері өндірістік және басқару процестерін оңтайландыру нәтижесінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның операциялық тиімділігін арттырды. Басқарудағы жинақылық қамтамасыз етілді, бұл операциялық холдингке көшудегі алғашқы қадам болып табылады.

«Электр энергиясы мен қуат нарығында көшбасшылықты нығайту, экспорт бағытына шығу» атты 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясының индикаторына қол жеткізу аясында маркетинг пен трейдинг функцияларын орталықтандыру жұмыстары жүргізілуде. «Самұрық-Энерго» АҚ-да электр энергиясы мен көмір экспортын дамыту және кеңейтумен айналысатын «Сауда үйі» құрылды.

Мұнымен қатар Компания жобаларды басқару, өндіріс пен жөндеуді басқару үрдісін өзгертуді қоса алғанда, қызметтің барлық бағыттарын күшейтуді қамтамасыз етеді. Жаңа ұйымдық құрылымға көшудің негізгі талаптарының бірі меритократия қағидатына негізделген кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысты бірыңғай ұстанымды енгізу болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның бәсекелес ортаға беруге ұсынылған активтерін сатуға қатысты іс-шаралар жалғасын тапты. Жекешелендірілетін активтердің көпшілігі табиғи монополиялардың субъектілері болып табылады, олардың тарифтік саясатын мемлекет бақылайды. Жекешелендіру процесі аяқталғаннан кейінгі компанияның мақсатты құрылымын белгілеу қаржы нарығына шығар алдында инвесторлар мүддесі үшін Самұрық-Энерго компаниясына бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

2016 жылғы күзде компанияның кадр резервімен өткізілген кездесу корпоративтік басқарудың оң тәжірибесіне айналды, болашағынан үміт күттіретін жас мамандардың алдында компания келешегімен байланысты зор міндеттер тұр.

«Самұрық-Энерго» АҚ командасының алдындағы күрделі міндет тұр, бұл бекітілген ұзақ мерзімді даму стратегиясын тиімді іске асыруға және Жалғыз акционердің болжамдарын орындауды қамтамасыз ететін, клиентке бағдар ұстаған, бәсекеге қабілетті операциялық холдинг құру.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқарма төрағасы

Алмасадам Сөтқалиев

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік және қаржылық қызметі 2016 жылы оң серпін көрсетті. Тарифтер мен сатылым көлемінің деңгейі өткен жылдармен бірдей болғанның өзінде 18 млрд. теңге мөлшерінде табыс таптық. Нәтиженің жоғары болуын инвестициялық бағдарламаларды оңтайландыру және операциялық шығынды азайту секілді дағдарысқа қарсы шаралар қамтамасыз етті деуге болады.

Маңызды жайттардың қатарында 2016 жылғы наурызда Ресей нарығына электр энергиясын жеткізудің қайта қалпына келтірілгенін айтуға болады. Үкімет тарапынан көрсетілген қолдау мен ПАО «Интер РАО» арасындағы серіктестік арқасында «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-нан 1,8 млрд. кВт•с. электр қуаты экспортталды.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда өншілес өндірістік кәсіпорындардың зор үлесін атап өту қажет. Батыс. Қазақстандағы Ақтау қаласында «Маңғыстау РЭК» кәсіпорнының жаңа өңірлік диспетчерлік орталығы ашылды. Ақтөбе ЖЭО-да №3 турбоагрегаттың іске қосылуы станция қуатын 34%-ға 88-ден 118 МВт-қа ұлғайтты. 2016 жылғы қыркүйекте «Алматы ЖЭО-2 реконструкциялау және кеңейту. III кезек» жобасы аясында №8 қазандық агрегаты іске қосылып, өндірілетін қуат 20%-ға ұлғайды, бұл көрсеткіш мегаполис қажеттілігін және Универсиада нысандарын жылу энергиясымен қамтамасыз етуге жеткілікті. Қараша айының соңында «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ң жалпы құны 18 млрд. теңге тұратын ОРУ-500 кВ нысанын қайта жаңғыртуды аяқтады.

Өндіру секторындағы жобалар 2009 жылы Үкімет қабылдаған және қажетті қуат көзін құруды қамтамасыз ететін шекті тарифтер бағдарламасының қолданылу кезеңін аяқтайды. Осы 6 жыл ішінде белгіленген және өндірілген қуат мөлшері арасындағы айырма 64%-ға немесе 1 584 МВт-қа (2 462 – ден 878 МВт-қа) қысқарды. Жылу стан-

цияларын қайта жаңғыртудың экологиялық тиімділігін құл қалдықтарының үш есе азаюынан, жылына 108 тоннадан 36 тоннаға дейін төмендеуінен көруге болады.

Электр энергетикасы саласын жаңғырту және дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қуат нарығы мен теңгерімдеуші нарықты заңнамалық тұрғыдан белгіленген мерзімде ендіру қажет. Бұл саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, жаңғырту қарқыны мен жекешелендіру үрдісінің төмендеуі секілді өзекті мәселелердің шешімін табуға ықпал етпек. 2017 жылы ғаламдық даму талаптарына сай электр энергетикасы саласында түбірлі өзгерістер жүргізіліп, жүйелі шаралар қолға алынады деген үміттеміз.

«Самұрық-Энерго» АҚ экологияны жақсарту және ресурстарды тиімді пайдалану бойынша кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. Еншілес компаниялар тобы бойынша 2016 жылы өндірілген 22,5 млрд. кВт•с қуаттың көмірсутекті отынды пайдаланбай алынған таза электр қуатының үлесі 15,7%-ға дейін өсті. Мақсатты бағдарламаны орындау аясындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша көрсеткіштер 3,4%-ға жақсарды.

Компания қоршаған ортаға тиетін зиянды өсерді жылдан жылға қысқартып келеді, өсіресе баламалы қуат көздерін ұлғайтуға баса мән беріліп отыр. 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясында қуат өндіру құрылымындағы жаңартылатын энергия көздерін 10% деңгейіне жеткізу мақсаты қойылып отыр.

Бұл бағытта Еуропалық Қайта құру және Даму банкі елеулі қолдау көрсетіп келеді. Беделді қаржы институтымен серіктесе отырып Ерейментау жел станциясында өндірілетін қуатты 95 МВт-қа дейін жеткізу жоспарланып отыр, «Шардара СЭС» АҚ жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясы саласындағы мемлекет мүддесін ескере отырып, «жасыл» энергетикаға көшу жоспарын жүзеге асыруға басымдық береді. Компания Стэнфорд Университетінің ғылыми орталығымен Stanford Energy 3.0. салалық бағдарламасына қосылу жөніндегі Түсіністік меморандумына қол қойды. Бұл ынтымақтастық жаңа технологиялар арқылы Қазақстан экономикасының аз көмірсутекті бағытта дамуына ықпал ететін болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстандағы электр энергиясының ірі жеткізушісі ретінде еліміздің экологиялық жағынан қалыптасқан энергия жүйесіне көшу жоспарында басты рөл атқарады, сондықтан да Елбасы жариялаған үшінші жаңғыруды табысты жүзеге асыруға өз үлесін қосуға дайын. Астанадағы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің жұмыс істеу барысында өткізілетін WSEC-2017 ғалымдар мен инженерлердің Дүниежүзілік Конгресі бізге заманауи энергетикадағы үрдістерді бағалауға және қазақстандық ОЭК-ң ерекшеліктеріне сай дамудың оңтайлы нұсқасын таңдауға бірегей мүмкіндік береді.

1. СТРАТЕГИЯ



Қапшағай СЭС

Қаныш Молдабаев

«Самұрық-Энерго» АҚ
Стратегия және сату жөніндегі
басқарушы директоры



Бүгінгі күні Компанияны ҚР аумағындағы энергетикалық және көмір кәсіпорындарын басқаратын және өз дамуы бойынша нақты пайымы бар ірі ойыншы деп атауға құқылымыз. «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясына сәйкес, Компания қатысу нарығында энергия ресурстарын сенімді әрі бәсекеге қабілетті етіп жеткізуді қамтамасыз етуге, акционерлік капиталдың құнын арттыруға, сондай-ақ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен орнықты дамуды қамтамасыз етуге тырысады. Компания жария еткен стратегиялық мақсаттар тұжырымдамасында орнықты даму және бағаны орнықтырудың барлық тізбесі бойынша бағаны тұрақты орнықтыру философиясын ескере отырып, Компанияның теңгерімді дамуын қарастырамыз.

Осылайша, Компания 2016 жылы экспорт көлемін (РФ және Қырғызстан) кеңейту, Екібастұз көмірін байыту мүмкіндіктерін зерттеу, Компанияның электр станцияларында электр энергиясын сақтаудың инновациялық жүйелерін қолдану, экологиялық таза технологияларды ендіру, құнды қосу және электр станциясын жұмыс режимінде қолдау мақсатында іске асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізді.

Сонымен қатар, Компанияның орнықты даму саласында атқарған жұмыс ауқымы бөлек екенін атап кету қажет. Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің талаптары оның күнделікті мәселелерін шешуде жаңа тәсілдерді қолдана және көлешекке бағдар ұстай отырып, қызметін жаңа қағидаттар бойынша жүргізуге міндеттейді. Ағымдағы жағдайда орнықты даму тренді ауқымды нысанға ие болып отыр. Осыған байланысты, Компания барлық бағаны қалыптастыру тізбесінде орнықты даму тұжырымдамасын ендіруге ниетті.

Осы мақсаттар үшін Компания теңгерімді түрде қызметте ескерілетін және пайдаланылатын қажеттіліктер мен болжалдарды анықтай отырып, тұрақты негізде стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл жасайды. 2016 жылы біз орнықты даму саласындағы саясат пен тұжырымдаманы, ішкі және сыртқы ортаның талдауын, орнықты даму саласындағы негізгі тәуекелдерді, стейкхолдерлер картасын, маңыздылық матрицасын және ең бастысы – орнықты даму саласындағы мақсаттарды реттейтін Орнықты даму саласындағы нұсқаулықты әзірледік. Компанияның орнықты даму мәселелеріндегі жауапты саясат Компанияның алдына қойылған мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді деп сенемін.

МИССИЯ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ МЕН ҰҚЫПТЫ ӨНДІРУ
ҚАҒИДАТТАРЫН БАСШЫЛЫҚҚА АЛА ОТЫРЫП, ЕУРАЗИЯ ЖЕТКІЗУШІСІ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫ ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ЖОҒАРЫ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ АКЦИОНЕРЛЕР, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ПАЙЫМДАУ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ТИІМДІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
ХОЛДИНГ – ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

МИССИЯ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУ

АКЦИОНЕРДІҢ ҚТК

- EVA
- Ковенантқа қол жеткізу қарыз/EBITDA
- Бюджет пен мерзім шеңберінде ірі жобаларды іске асыру
- Жазатайым оқиғалардың жиілігі
- Экологиялық әсер
- Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі
- Корпоративтік басқару рейтингі
- Орнықты даму рейтингі
- Трансформациялау жобасының жүзеге асу барысы

1-ШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

- Қатысу нарықтарында энергия ресурстарының сенімді және бәсекеге қабілетті жеткізілуін қамтамасыз ету
- Акционерлік капиталдың құнын арттыру
- Әлеуметтік жауапты бизнес пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету

2-ШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

«Дәстүрлі генерация»
бизнес-бағыттың мақсаттары мен міндеттері

«ЖЭК»
бизнес-бағыттың мақсаттары мен міндеттері

«Көмір бизнесі»
бизнес-бағыттың мақсаттары мен міндеттері

«Тарату және сату»
бизнес-бағыттың мақсаттары мен міндеттері

ЖАЛПЫ КОРПОРАТИВТІК МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР



Компанияның миссиясы мен пайымдауы бірінші деңгейдегі үш стратегиялық мақсатқа қол жеткізу арқылы іске асырылады. Бірінші деңгейдегі бұл стратегиялық мақсаттар акционер қойған НҚК-лармен өзара байланысты және әрбір бизнес-бағыт бойынша екінші деңгейлі стратегиялық мақсаттарды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Бірінші деңгейдегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу Орнықты даму саласындағы нұсқаулықпен (бұдан әрі – Нұсқаулық) қабысады. 2016 жылғы 12 желтоқсанда Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығы бекітілді. Аталған Нұсқаулық экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қоса алғанда, Компания қызметінің барлық аспектілерін ескереді.

Нұсқаулық Компанияның құнын арттыру жөніндегі тапсырмалар туралы ұмытпай, орнықты дамудың негізгі факторларына, тиімді басқаруға және стейкхолдерлердің мүдделеріне назар аударады.

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қазіргі уақытта әлемдік энергетика алдында энергетикалық трилемма: электр энергиясының экономикалық тұрғыдан қол жетімді болуы, қамтамасыз ету сенімділігі және экологиялық тұрақтылық құрамдастары арасындағы оңтайлы теңгерімді табу ауқымды жұмыс тұр. Оның үстіне трилемма құрамдастарын теңгерімдеу басымдығы әдетте, көбінесе мемлекеттік даму деңгейімен анықталады және дамушы елдер жағдайында электр энергиясына экономикалық тұрғыдан қолжетімділікпен дамыған елдер жағдайындағы экологиялық тұрақтылыққа қарай жылжиды.

Жаһандық энергетикалық трилемма және мемлекеттің дамуы кезіндегі императивтің ауысуы.



Әлемдік даму және энергетикалық трилемма ішінде теңгерімдеу қажеттілігі жаһандық энергетикалық трендтерді белгілейді, соның ішінде олардың ең маңызды екі тренді:

Энергияға көшу – экологиялық жаһандық арттыру:

1) Дамыған елдердегі ЖЭК үлесінің қарқынды өсуі;

2) Жекелеген өңірлерде немесе қуып жетуші экономикаларда экологиялық пен «таза көмір» технологияларын дамытуды күшейте отырып, көмір өндірісін бірқалыпты өсіру;

Аталған бағытта Самұрық-Энерго ЖЭК бойынша да, сондай-ақ «таза көмір өндіру» бойынша да энергияға көшуді қамтамасыз етуде Қазақстанның ту ұстаушысы болуы тиіс.

Санамалаған жаһандық энергетикалық трендтер, әлемдік трендтер және соның ішінде Мемлекет басшысы ұсынған бес институционалдық реформамен анықталған ел экономикасының даму трендтері сыртқы орта дамуының негізгі үрдістерін және олардың Компанияның бизнесіне тигізетін ықпалын анықтайды:

1. ҚР экономикасының өсу қарқынының төмендеуі, соның салдарынан электрді тұтыну өсімінің консервативтік болжалына көшу;
2. Ұлттық валюта бағамының әлсіреуі, ол Компанияның инвестициялық бағдарламасының қымбаттауына әкеп соғады, бірақ экспорттық бағыттарда бәсекеге қабілеттілікті елеулі түрде арттырады;
3. ҚР-да экономиканың экологиялық реттелуін күшейту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту;
4. Ұлттық экономиканың энергия сыйымдылығының азаюына қарай ұзақ мерзімді келешекте энергияға көшу үшін құзыреттерді дамыту қажеттілігі;
5. Технологиялардың қарқынды дамуы – инновациялардың талап етілетін өсімі, электр энергиясын тиімді өндіру мүмкіндігін арттыру, энергетикалық көмірді өндіру және қайта өңдеу;
6. Энергетикалық нарықтардың бірігуі – экспорттық мүмкіндіктердің өсуі және ішкі нарықта бәсекелес қысымды арттыру;
7. Бизнесінің өлеуметтік жауапкершілігін арттыру мен қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарының өсуі – қызметкерлермен және қоғаммен өзара іс-қимылды тереңдету, өнімділік пен өндіріс мәдениетін арттыру;
8. Келешекте – электр энергетикалық нарық құрылымының өзгеруі, сондай-ақ электр энергиясы мен қуат нарығын бөлу есебінен тарифті оңтайландыру.

НЕГІЗГІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Қазіргі уақытта Компанияның алдында оның ағымдағы жағдайының, сыртқы ортаның сипаттамалары мен даму үрдістерінің салдары болып табылатын бірқатар негізгі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлер тұр.

НЕГІЗГІ СЫРТҚЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

1. Электр станцияларының өндіруші жабдықтарының қатты тозуына негізделген бос қуаттардың болуы

Қазіргі уақытта ҚР-да өндіруші қуаттар көп, ол өндіруші жабдықтың айрылуы мен шектелуін азайтуға және электр станцияларының қолда бар қуатын арттыруға мүмкіндік беретін 2009–2015жж. кезеңінде «Инвестицияларға айырбасталатын тариф» бағдарламасын іске асыру есебінен пайда болды. Соған қоса, шекті тарифтерден алған оң өсері уақытша сипатқа ие, оған себепші көбісі 40 және одан көп жыл бұрын салынған электр станциялары жабдықтарының айтарлықтай тозуы болып табылады.

Осылайша, Компанияның өндіруші кәсіпорындарының келешегінде технологиялық және экономикалық аспектілер тұрғысынан бәсекеге қабілеттіліктің жоғары болуына байланысты нарыққа қатысуды арттыру бойынша үлкен резервтер бар.

2. Байланыстырушы өндірістің болуы

ҚР-дағы өндірістің маңызды бөлігі «байланыстырушыға», яғни электр энергиясын жеткізетін аффилирленген тұтынушыларға жатады. Байланыстырушы өндірістің құрамындағы энергия блоктары бос нарықта әрекет ететін электр станцияларымен салыстырғанда жүктеме деңгейінің көптігімен сипатталады және өткізудің көпідік нарығы бар. Мысал ретінде, байланыстырушы өндіріске «Еуразия тобы» ЖШС, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Арселор Миттал» АҚ, Қазмырыш, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ, «Орталық Азия отын-энергетикалық корпорациясы» АҚ, «Таразэнерго-2005» ЖШС сияқты холдингтерді жатқызуға болады. Электрді тұтынудың жалпы көлемінде (Батыс. аймағын қоспағанда) мұндай холдингтердің үлесі шамамен 50%-ды құрайды. Байланыстырушы өндірістің дамуы тұтынушылар үшін тең қолжетімділікті де, сондай-ақ Компанияның өткізуді кеңейту бойынша мүмкіндіктерін де шектейді.

Белгіленген факторлардың салдарынан электр энергиясын өндіруге-тұтынуға қатысушылар үшін бәсекелес ортаны дамыта отырып, электр энергиясы нарығының қолданыстағы моделін өзгерту бойынша алғышарттар бар.

3. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту

2013 жылғы 30 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасы 2030ж. қарай елдегі электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінде 10%-ға дейін ЖЭК үлесін болжап, ҚР-да жаңартылатын өндірістің қарқынды дамуын білдіреді. Бұл ЖЭК нарығындағы ойыншылар үшін ЖЭК объектілерін салу жөніндегі жобаларды ауқымды өрістетуді бастауға мүмкіндік берді. Ағымдағы сәтте елде жиынтық қуаты 300 МВт-ға жуық 50 ЖЭК объектісі бар.

Сонымен қатар, 2015 жылға қарай ұлттық валютаның бос құбылмалы бағамына көшу, шетелдің қатысуына тәуелділіктің зор болуына байланысты (жабдықтарды импорттау, қаржыландыру) ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыруға теріс әсер етті. Бұл фактор «жасыл экономикаға» көші жөніндегі тұжырымдаманың қауіп-қатерлеріне жетуге қауіп төндіреді.

4. Көмір сату көлемінің құлауы

ҚР-дағы Екібастұз көмірін өндіру әлеуетінің ұлғаюына және ішкі тұтынудың өсуіне қарамастан, РФ-ға жеткізілім көлемі азайтылуда. Ресей электр станцияларының Екібастұз көмірін тұтынуды Кузнецк көміріне ауыстыру және РФ-ның кейбір электр станцияларын ішінара көмірден газға көшіру экспорттық бағыттағы көмірді сату көлеміне теріс әсер етеді.

НЕГІЗГІ ІШКІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

1. Орнықты даму, инновациялылық қағидаттардың сәйкес келуін ұстануды, қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуді қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта әлемде орнықты даму қағидаттарын ұстану және қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетудің тұрақты тренді байқалады. Қазақстан Республикасының экология саласындағы халықаралық қатынастарға белсенді қатысушы ретінде өрі Самұрық-Энергоның экологиялық және әлеуметтік жауапты компаниясы ретінде қабылдаған міндеттемелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы үрдістерге барынша белсенді әрекет ету қажеттіліктерін анықтайды.

2. ҚР Үкіметінің Компанияның активтерін жекешелендіру жөніндегі жоспарларын іске асыру

Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша активтердің бір бөлігін жекешелендіру жоспарланады. Компанияның құнын сақтау үшін еділ нарықтық баға бойынша бұл активтерді сатуды қамтамасыз ететін бірқатар шараларды қабылдау қажет.

3. Компания қызметінің жалпы тиімділігін күрт арттыру қажеттігі

Компания қызметінің жалпы тиімділігі мен бизнестің қосылған экономикалық құнының өсуін арттыру қажет.

4. Барлық бизнес-бағыттар бойынша қарқынды инвестициялық бағдарламаны іске асыру салдарынан Компанияға түсетін жоғары қаржылық жүктеме

Қарыз жүктемесінің деңгейі, аз кірісті және бейінді емес активтердің болуы қызметтің барынша тартымды стратегиялық түрлерінде тоғыстырылған Компанияның инвестициялық бағдарламасын және мақсатты құрылымын қалыптастырудың өзектілігін арттырады.

Қызмет ету ортасын, ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерін талдау негізінде жасалған Компанияның SWOT-талдауы ұсынылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ жағдайының SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Өндірудің өзіндік құны төмен болып келетін энергетикалық көмірдің мол қорының болуы Қазақстан Республикасындағы қуаттардың тозуының жалпы деңгейіне қатысты тиімді энергетикалық қуаттар Мемлекет және Қор тарапынан қолдау	Белгіленген қуатты пайдаланудың коэффициентінің төмен болуы Қарыз жүктемесінің жоғары болуы Баға ұсыныстарын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Өсіп отырған сұраныс, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және келешекте – нарық моделінің өзгеруі есебінен нарық үлесінің кеңеюі Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің дамуы Нарықтың қажеттігіне сәйкес қуат балансын оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, СЭС, ЖЭК) Көмірді пайдалану бағыттарын кеңейту, оның ішінде байыту есебінен кеңейту	Байланысты өндіруді сақтау және кеңейту Өндіруші қуаттардың сұранысы мен ұсыныстарының арасындағы айырмашылықтың өсуі Экологиялық заңнаманы шамадан тыс күшейту ЕАЭО-ның бірыңғай электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша орнықты даму қағидаттарын өндіру стратегияны табысты іске асырудың және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіне сыртқы факторлардың әсер етуін мейілінше азайтудың негізін қалаушы факторы болып табылады.

2016 жылы Қоғамда Орнықты даму саласында нұсқаулық өзірленді, ол корпоративтік орталықта да, сондай-ақ ЕТҰ-да да орнықты даму процестерін жүйелендіруге бағытталды. Соған қоса, оны өзірлеуге біздің мүдделі тараптар (өнім берушілер, акционерлер, даму институттары, ҒӨҚ және басқалар) мен Директорлар кеңесінің мүшелері қатысты.

Атап айтқанда, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасымен және Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен бірнеше рет талқылаулар өткізілді, олар тәуекелдерді, сондай-ақ жал-

пы компаниялар тобын дамыту үшін мүмкіндіктерді тиісінше түсіну мақсатында орнықты даму саласында жаһандық трендтерге ерекше көңіл аударды.

Орнықты даму саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну үшін орнықты даму аспектілері бөлігінде тізілім қалыптастырылды.

Экономикалық аспект		
Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер
Электр энергиясын тұтынудың өсу үрдістерін баяулату	Макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының төмендеуі, сұраныстың нақты өсуінен артық жаңа қуаттарды өндірудің жоспарланатын жоғары қарқыны	Активтердің қалыптастырылған портфелін тиімді пайдалану
Бағалардың жаһандық құбылмалылығына қарай ресурс өндіретін салалардың дағдарысқа ұшырағыштығына байланысты экономикалық жүйенің тұрақсыздығының өсуі	Жаңа жобаларды қаржыландыруға қол жеткізуді қиындататын дағдарыстардың пайда болу ықтималдылығын арттыру	Өндіріс тиімділігін жақсарту, қолда бар активтерді жаңғырту
Энергияны үнемдеуді арттыру және экономиканың энергия тиімділігінің өсуі	Дәстүрлі өндіруден электр энергиясына деген сұранысты азайту	Көмірді «таза» көмірдің озық технологияларымен үйлестіре отырып, пайдалану
Экологиялық аспект		
Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер
Экономиканы декарбонизациялауға бағытталған тренд	Газға, СЭС-ке, АЭС-қа, ЖЭК-ке қатысты көмір өндірісінің бәсекелес ұстанымдарының нашарлауы	Жаңа жобаларды өзірлеу үшін пайдалы болатын жағдайларда қарыз алу («таза көмір», көмірді жер асты газдандыру, метан өндіру, ЖЭК өндірісін дамыту); пайдаланылатын отынның сапасын арттыру
Экологиялық заңнаманы күшейту	Зиянды заттардың шекті ұйғарынды концентрациясын қатайту; эмиссиялар үшін төлем мөлшерлемелерін арттыру; суды тұтынуға қойылған талаптарды күшейту – айналмалы сумен қамтамасыз етуге көшу, температуралық режимдерді қатайту; қалдықтарды кәдеге жаратуға жұмсалатын шығындар	«Жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту
Жергілікті қоғамдастықтардың экологиялық талаптарын арттыру	БАҚ-тың экологиялық белсенділігі, оның ішінде жеткілікті кәсіби талдау болмаған жағдайда, компанияның жағымсыз имиджін құру	«Жасыл» көшбасшы және табиғатты пайдаланудың жауапты субъектісі ретінде PR, қоғамның адалдығын арттыру
Әлеуметтік аспект		
Халық санының өсу қарқынының баяулауы	Электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынын баяулату	Мақсатты болған жағдайда экспорттық әлеуетті дамыту
Жоғары білікті мамандарға қажеттілікті арттыру	Тиісті біліктілігі бар мамандардың жеткіліксіздігі, еңбек құнын «озық» арттыру және шығындардағы ЕТҚ үлесінің өсуі	Еңбек өндірісін арттыру; өндіріс сапасын жақсарту; білім беру және мамандарды даярлау сапасын арттыру
Индустриялық сектордағы жұмыстың тартымдылығын азайту	Компаниядағы бос орындарды ауыстыру қиындығын арттыру	Кадр резервін, компанияның ішіндегі лауазымдар сабақтастығын дамыту

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Қоғам корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстанатынын көрсету үшін 2011 жылы 5 қазанда БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылды және қазіргі уақытта БҰҰ Жаһандық шартының Он қағидатын қолдайды.

2012 жылдан бастап Қоғам БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын өзгеріссіз қолдау туралы мәлімдеме ретінде қызмет ететін Қол жеткізілген прогресс және қағидаттарды іске асыру мен олардың нәтижелеріне бағытталған іс-шараларды сипаттайтын хабарламаларды таныстыра бастады.

Компания өз қызметі аясында төмендегі ұлттық және халықаралық ұйымдарға/қауымдастықтарға мүше болып табылады:



ТМД-ның Электр энергетикалық кеңесі (бұдан әрі – ТМД ЭЭК). Қадағалаушы ретінде қатысуды 2012 жылдан бастады. Атқарушы комитет ТМД-ның Электр энергетикалық кеңесінің тұрақты қызмет ететін мемлекетаралық үйлестіруші органы болып табылады. ТМД ЭЭК-ға мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін шоғырландыру, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; энергия жүйелерінің параллель жұмысын қамтамасыз ету; жалпы электр энергетикасы нарығын құру, энергетика саласында халықаралық шарттарды әзірлеуге қатысу; техникалық ережелерді әзірлеу, электр энергетикасы саласында нормативтік-құқықтық актілерді біріздендіру мен үйлестіру және т.б. процестерге қатысуға мүмкіндік береді. Компания ТМД ЭЭК өткізетін ашық отырыстарға, жұмыс топтарының отырыстарына, семинарларға қатыса алады.



Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы (бұдан әрі – ҚЭҚ). 2007 жылдан бастап мүше болып табылады. ҚЭҚ-қа мүше болу ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласында нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ ҚЭҚ қамқорлығымен өткізілетін конференцияларға, семинарларға, форумдарға және өзге шараларға қатысуға мүмкіндік береді.



KAZENERGY қауымдастығы (2008 жылдан бастап). KAZENERGY қауымдастығына мүшелік ҚР-ның инвестициялық климатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық мәселелер бойынша көмек алуға мүмкіндік береді. Қоғам KAZENERGY қауымдастығы ұйымдастыратын көптеген шараларға, соның ішінде форумдарға, Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің даму келешегі туралы ұлттық баяндамаларды басып шығаруға елеулі қаржыландыру ұсынады.



Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес (бұдан әрі – ДЭК). 2008 жылдан бастап мүшелік етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы А.М. Сәтқалиев ДЭК жанындағы ҚР Қазақстан Ұлттық комитетінің Төрағасы болып табылады. ДЭК-ке мүшелік энергетика саласында жаһандық және өңірлік сипаттағы жобалар мен мәселелер бойынша ДЭК-пен жұмыстағы мүдделі әлемнің жетекші компанияларының шектеулі санына арналған бағдарламаны білдіреді. ДЭК бағдарламасы халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін эксклюзивті шараларға және дөңгелек үстелдерге қатысуға мүмкіндік береді.



Орталық Азия Үйлестіруші Электр энергетикалық Кеңесі (бұдан әрі – ОА ҰЭК). Қадағалаушы ретінде 2014 жылдан бастап қатысты. ОА ҰЭК-ға мүшелік Орталық Азия елдерінің ара-

сындағы іскерлік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді, ОА ҰЭК өткізетін электр энергетикасы саласындағы шараларға қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ҚР ҰКП). 2013 жылдан бастап мүше. ҚР ҰКП-да мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты күшейтуге, электр энергетикасы бизнесінің, оның ішінде ҚР-дың заңнамалық базасын жетілдіру аясында тиімді дамуына ықпал етеді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау Компания дамуының орнықты даму жолындағы маңызды элементі болып табылады, ол тәуекелдерді алдын ала басқару мақсатында өз қызметін жүргізген кезде мүдделі тұлғалар пікірінің ескерілуін қарастырады.

Сондай-ақ, біз осы әлемнің бір бөлігі екенімізді және біздің қызметіміз бен шешімдеріміздің кез келген салдары Компаниямыздың периметрімен шектелмейтінін есте сақтауымыз қажет. Бұлар басқаларға да тікелей немесе жанама түрде әсер етеді. Бұның барлығы біздің күш-жігерімізді біріктіруге және Компания қызметінің әсерін сезетіндерге тыңдалу мүмкіндігін ұсынуға себеп болады.

Мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимылдың негізі Компанияға елеулі әсер тигізетін стейкхолдерлерді анықтау және стейкхолдерлердің Компанияға тәуелділік дәрежесі болып табылады.

Мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл саласындағы озық тәжірибелерге сәйкес (AA1000, GRI сериясындағы стандарттар), тиімді өзара іс-қимыл құру мақсатында «қатысу» қағидаты қолданылады. Аталған қағидат Компанияның қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде барлық мүдделі тұлғалардың мүдделерін назарға алады және ескереді. «Қатысу» қағидатының негізінде өзара іс-қимылдың негізгі үш қағидаты тұр: **«маңыздылық»** (стейкхолдерлер және ұйымдар үшін проблемалардың маңыздылығын дұрыс бағалау), **«толықтық»** (компанияның соңғы қызметінің маңыздылығын түсіну) және **«әрекет ету»** (адекватты жауап көрсету). Әрбір қағидатты қолдану ғана стейкхолдерлермен жан-жақты, өзара тиімді және тиімді өзара іс-қимылға көпірлік береді.

Қазіргі уақытта, Компанияның негізгі мүдделі тұлғалары: жергілікті халық, қызметкерлер, акционерлер және өнім берушілер болып табылады.

Компания тұрақты негізде кері байланыс алу және стейкхолдерлер үшін аса маңызды тақырыптарды қалыптастыру кезіндегі пікірлерді ескеру мақсатында стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасайды. Компания үшін, сондай-ақ стейкхолдерлер үшін де маңызды тақырыптардың шоғырландырылған тізілімі мәнділік матрицасын білдіреді.

Компанияның стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасаудан алатын нәтижелері орнықты даму саласындағы тиімді және сындарлы саясаттың іргетасы болып табылады, оның аясында Компания мүдделі тараптардың мүдделері мен Компанияның стратегиялық міндеттері арасындағы оңтайлы балансты сақтай отырып, өндіріс, экологиялық бастамалар, еңбек қауіпсіздігі саласындағы және Компанияның қатысу өңірлеріндегі экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін әлеуметтік саладағы озық тәжірибелерді ендіру арқылы орнықты даму аспектілерін кеңінен қолдануға тырысады.

Компания мен стейкхолдерлеріміз үшін маңызды тақырыптарға сүйене отырып, орнықты даму саласындағы мақсаттарды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары қалыптастырылды, ол қазіргі уақытта біздің стейкхолдерлердің талаптарына толық жауап береді және G4 ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚҚА сәйкес нәтижелілік көрсеткіштерінің тізілімін қамтиды.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯНЫҢ НАРЫҒЫ

Еліміздің металлургия, мұнай өндіру және газ сияқты негізгі салалары жоғары энергия сыйымдылығымен сипатталатындықтан, электр энергетикасы Қазақстан Республикасының экономикасы үшін ерекше маңызды болып табылады. Сәйкесінше, Қазақстанның ауыр өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру сапасы тұтынушыларды энергиямен қолайлы бағамен сенімді өрі сапалы қамтамасыз етуге тәуелді.

Қазақстанда электр энергиясын өндіру көбінесе жылу электр станцияларында жүзеге асырылады, яғни 87%, су электр станцияларының үлесіне шамамен 12%-ы келеді, ал ЖЭК үлесі болмашы ғана болып табылады, шамамен 1%-ды құрайды.

ҚР ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ НАРЫҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҮШ АЙМАҚҚА БӨЛІНЕДІ:



Қазақстан Республикасында станциялардың түрлері бойынша электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ

Электр станциялары	2015 ж.	2016 ж.	2016/2015 жж.		ҚР-дағы үлесі, %
			+/-	%	
ЖЭС, с.і.	81 371,3	82 110,4	739,1	0,9	87
ГТЭС	7 279,5	7 407,6	128,1	1,8	8
СЭС	9 250,3	11 605,9	2 355,6	25,5	12
ЖЭС	130,2	274,1	143,9	110,6	0,3
КЭС	44,8	86,1	41,3	92,0	0,1
Жиынтығы	90 796,6	94 076,5	3 279,9	3,6	

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫ КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ БӨЛШЕК СЕГМЕНТТЕРГЕ БӨЛІНГЕН

Электр энергиясын мейлінше аз – 1 МВт көлемінде сатып алумен шектелетін көтерме сегментке мына құрамдастар кіреді: қатысушылары электр энергиясын өзара келісілген талаптар бойынша сатып алатын және сататын орталықсыздандырған нарық; операторы «Қазақстан электр энергиясы мен қуат нарығының операторы» АҚ (ҚЭҚНО) болып табылатын орталықтандырылған нарық; теңгерімсіздікті күнделікті жоюға арналған теңгеруші нарық; сондай-ақ электр энергиясын жеткізуді және қуаттарды резервтеуді қоса алғандағы жүйелі қызметтер нарығы. Бөлшек сегменті электр энергиясын жекелеген тұтынушыларға жеткізетін энергия жеткізуші және энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардан тұрады.

ЭНЕРГИЯ ӨНДІРУШІ ҰЙЫМДАР



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕС ОРТА

2016 жылы электр энергиясының көтерме нарығындағы ең ірі бәсекелестер төмендегі энергия өндіруші ұйымдар болып табылды:

Бәсекелес компаниялар	2016 ж. электр энергиясын өндіру көлемі	
	млн. кВт•сағ	ҚР-дағы э/э өндірудің %-ы
«Еуразия Тобы» ЖШС	18 543,0	19,7
«Қазақмыс Энерджи» ЖШС	6 528,9	7,0
«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС	4 385,6	4,7
«Орталық-Азия Энергетикалық Корпорация» АҚ	7 036,80	7,5

Электр станцияларының ірі меншік иелері мен операторлары бойынша белгіленген қуаттар

«Самұрық-Энерго» АҚ	6 804	МВт	30,9%
«Еуразиялық топ» ЖШС	3 262	МВт	14,8%
AES	1 481	МВт	6,7%
«МАЭК Қазатомпром» ЖШС	1 330	МВт	6,0%
«Kazakhmys Energy» ЖШС	960	МВт	4,4%
Басқалар	8 218	МВт	37,3%
Барлығы			22 055 МВт

НАРЫҚ МОДЕЛІ

2015 жылғы 12 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойылды. Заңды «Бес институционалдық реформаларды іске асыру бойынша 100 нақты қадам» ұлттық жоспарының 50-інші және 52-інші қадамдарын, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі ҚР ОЭК дамуының бекітілген тұжырымдамасын іске асыру үшін Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, KAZENERGY қауымдастығының және энергетикалық кәсіпорындарының қатысуымен ҚР Энергетика министрлігі өзірледі.

2019 жылғы 1 қаңтардағы түзетулерге сәйкес, қуат нарығының қызмет етуімен Бірыңғай сатып алушы моделі өндіріледі, оның мақсаты электр энергетикасына инвестиция тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу, электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру, энергиямен қамтамасыз ету және саланың экспорттық әлеуетін дамыту сенімділігінің қажетті деңгейін ұстап тұру үшін жеткілікті көлемде жаңа өндірістік қуаттарды салу болып табылады.

Модель аясында электр энергиясын және қуатты сатудың орталықтандырылған нарықтарының (Бірыңғай сатып алушы қуат бойынша орталықтандырылған сатып алуды жүзеге асырады), теңгеруші нарықтың және өндірістер мен тұтынушылар арасында электр энергиясын

сатып алу-сатуға екі жақты келісімшарттар жасауға мүмкіндік беретін электр энергиясы саудасының орталықтандырылмаған нарығының жұмысы болжанады.

Энергия өндіретін ұйымдардың тарифтері 2 құрамдасқа бөлінеді: электр энергиясына арналған тариф және электр қуатының дайындығын қолдауға арналған тариф. Электр энергиясына арналған тарифтер айнымалы операциялық шығындардан тұрады. Электр қуатының дайындығын қолдауға арналған тарифтер инвестициялық шығындарды қамтиды. Саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, тарифтер жыл сайын түзетіледі деп жоспарланады.

Заңға сәйкес, 2016 жылы 1 қаңтарда Нарық кеңесі құрылды, ол электр энергиясы мен қуат нарығының жұмысына мониторинг жүргізеді. Нарық кеңесі «Қазақстан электр энергиясы қауымдастығы» ЗТБ белгіледі.

Заңның ережелерін іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы №682 бұйрығымен Нарық кеңесінің қызмет ету қағидаты бекітілді, оларға сәйкес Нарық кеңесі мына қызметтерді жүзеге асырады:

1. Электр энергиясы мен қуат нарығының жұмысына мониторинг жүргізеді;
2. Инвестициялық бағдарламаларды қарастырады;
3. Уәкілетті органға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
4. Уәкілетті орган белгілеген өзге қызметтерді жүзеге асырады.



ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ

2019 жылғы 1 шілдеден бастап ұлттық электр энергетикалық нарықтарды сақтай отырып, бес қатысушы елдің энергия жүйелерінің өзара тиімді ынтымақтастығын қарастыратын Еуразия экономикалық одағының (ЕАЭО) жалпы электр энергетикалық нарығы құрылды. ЕАЭО туралы шарт аясында мүше мемлекеттерді нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді одан әрі құрылымдық жақындастыру және үйлестіру болжанады. 2015 жылғы 5 мамырда Мәскеу қаласында Жоғарғы Еуразиялық Экономикалық Кеңесінің шешімімен (№ 12) ЕАЭО ЖЭН-ді қалыптастыру тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында 2016 жыл ішінде мүше мемлекеттер тиісті нормативтік құжаттарды әзірлей отырып, жалпы нарыққа қатысты іс-шаралар жоспарын қарастыратын ЕАЭО ЖЭН-ді қалыптастыру бағдарламасының жобасын әзірледі. Бекітілген ЕАЭО ЖЭН-ді қалыптастыру тұжырымдамасы мен бағдарламасы негізінде мүше мемлекеттер ЕАЭО-ның жалпы электр энергетикалық нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шартты әзірлеп, қабылдайды.

Аталған саладағы жаңа мүмкіндіктер РФ мен Белоруссияға өткізудің қосымша экспорттық нарығының пайда болуымен, сондай-ақ электр энергиясын Орталық Азиядан Еуразия Экономикалық Кеңістігі елдеріне жеткізу мүмкіндігімен байланысты.

САЛАНЫ РЕТТЕУ ОРТАСЫ

Уәкілетті орган (Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі) 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыру мақсатында:

- электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеп, бекітеді;
- электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеп, бекітеді;
- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен электр байланысы жоқ өңірлер үшін электр энергиясының көтерме нарығының қызмет етуі және оны ұйымдастыру үшін ерекшеліктерді анықтайды;
- электр энергетикасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- электр қуаттарын орналастырудың келешек сызбасын әзірлеп, бекітеді;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге қызметтерді жүзеге асырады.

Электр энергиясын жеткізу және үйлестіру жөніндегі қызметтер табиғи монополиялардың саласы болып табылады және 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-I «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ ТМРЖБҚК) болып табылады.

ҚР ҰЭМ ТМРЖБҚК 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1. Тәулік аймақтары бойынша және (немесе) тұтынушылардың электр энергиясын тұтыну көлемдеріне қарай электрмен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді саралау тәртібін бекітеді;
2. Энергияны өндіруші ұйымдармен инвестициялық шарттар жасайды;
3. Жеке тарифтерді бекітеді;
4. Электрмен қамтамасыз ету мақсатында интернет-ресурста электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың тізілімін жүргізеді, орналастырады және он күн сайын жаңартады;
5. Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың қолданыстағы заңнаманың талаптарының сақтауына бақылау жасайды және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша орындауға міндетті ұйғарымды енгізеді;
6. Өз құзыреті шегінде осы Заңмен белгіленген нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді;
7. Осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрілігі 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №994 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрілігі туралы ережесіне сәйкес, көмір саласында конкурсқа шығаруға жататын көмірсутек шикізаты, көмір және уран бар жер қойнауының учаскелері тізілімінің жобаларын әзірлейді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 15 қазандағы №67 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті көмір саласының мына функцияларын атқарады:

1. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
2. Өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттар талаптарының орындалуына мониторинг жүргізеді және бақылау жасайды;
3. Жер қойнауына мемлекеттік мониторингілеуді жүзеге асырады;
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

САУДА ҮЙІНІҢ ЖҰМЫСЫ

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ

Сауда үйі 2015 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ трансформациялау бағдарламасы аясында құрылды және ЕТҰ-ның өткізу функцияларының орталықтандырылуын (операциялық холдингке көшуін) қамтамасыз етеді. Негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- Қызметті іске асыру қызметін, трейдингті және коммерциялық оңтайландыруды орталықтандыру;
- Компанияның барлық өндіруші ЕТҰ-лары бойынша жүктемені оңтайландыру;
- Қазақстан Республикасындағы негізгі клиенттерді басқару және бәсекеге қабілетті ұсыныс құру;
- Реттегіш ортаны түзету бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу;
- Электр энергиясын және көмір өткізу нарығын талдау.

Нарық конъюнктурасы, қуат профициті нашарлаған жағдайда «Самұрық-Энерго» АҚ Сауда үйі «Самұрық-Энерго» АҚ құрылымына кіретін электр станцияларының электр энергияларын сату көлемін ұлғайту бойынша барлық мүмкін болатын шараларды ұтымды қолданады:

1. Сауда үйі Қазақстан мен көрші мемлекеттердің электр энергиясы **нарығының субъектілерімен қарым-қатынасты** тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ коммерциялық диспетчерлеуді жүзеге асырады – еншілес және тәуелді электр станциялары жүктелімдерінің мақсаттылығына сүйене отырып, Қазақстан кәсіпорындарына ЕТҰ электр энергиясын жеткізу көлемдерін үйлестіру.
2. Сауда үйі ЕТҰ электр станциялары мәлімдеген көлемді оңтайлы үйлестіре отырып, ЕТҰ-ның тәуліктік кестелерін тікелей қалыптастырады. Осының арқасында, электр энергиясы көлемін «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ қайта үйлестіру арқылы осы электр станциясы энергия блоктарының **2015 ж. – 28 рет, 2016 ж. 36 рет** жоспардан тыс. істен шығуының (мәлімденген көлемдердің төмен болуынан) алдын алды.
3. 2016 жылдың 12 айы үшін **«Самұрық-Энерго» АҚ тобы бойынша** өткен жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда электр энергиясы өндірісінің өсімі **6,4%-ды құрады** (22,5 млрд. кВт•сағ). Соған қоса, негізгі бәсекелестер бойынша аталған көрсеткіш: **«Қазақмыс Энерджи» ЖШС – 4,6%-ды, ERG – 5%-ды құрады.**

№	Атауы	2015 ж. 12 айы	2016 ж. 12 айы	Ауытқу	%
1	«Самұрық-Энерго» АҚ, барлығы:	21 141,97	22 485,1	1 343,1	6,4
	«АлЭС» АҚ	5 085,6	5 911,4	825,8	16,2
	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	666,4	905,7	239,3	35,9
	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	10 728,6	9 037,3	-1 691,3	-15,8
	«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	3 211,0	4 976,1	1 765,2	55,0
	«Шардара СЭС» АҚ	465,3	334,0	-131,2	-28,2
	«Мойнақ СЭС» АҚ	902,8	1 165,5	262,8	29,1
	«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,2	3,2	0,1	2,3
	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	79,2	151,8	72,5	91,6
2	«Қазақмыс Энерджи» ЖШС, барлығы:	6 843,0	6 528,9	-314,1	-4,6
	«Қазақмыс Энерджи» ЖШС Қарағанды ГРЭС-2	5 130,2	4 403,4	-726,8	-14,2
	«Қазақмыс Энерджи» ЖШС Балқаш ЖЭО	723,6	869,0	145,4	20,1
	«Қазақмыс Энерджи» ЖШС Жезқазған ЖЭО	989,1	1 256,5	267,4	27,0
3	ERG	19 520,6	18 543,0	-977,6	-5,0
	«Қазақстан Алюминийі» АҚ ЖЭО	2 455,1	2 493,6	38,5	1,6
	«ЕЭК» АҚ ЭС	14 668,0	13 868,9	-799,1	-5,4
	«ССТКБӨ» АҚ ЖЭО	1 434,7	1 220,4	-214,3	-14,9
	«Қазхром» ТҰК ФАЗ ЭС БСО-37	239,5	237,3	-2,2	-0,9

№	Атауы	2015 ж. 12 айы	2016 ж. 12 айы	Ауытқу	%
	«Қазхром» ТҰК ФАЗ ЭС ГТҚ	723,4	722,8	-0,6	-0,1
4	«Жамбыл ГРЭС» АҚ	2 872,8	2 466,0	-406,8	-14,2
5	«Қызылорда жылу электр орталығы» МКК ЖЭО-6	105,8	85,4	-20,4	-19,3
6	КОГТЭС ГКП «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК ЖЭОКОГ	197,1	107,5	-89,6	-45,4
7	«Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС, барлығы:	3595,0	4385,6	790,6	22,0
	«Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС ЖЭО-1	106,9	92,4	-14,5	-13,5
	«Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС ЖЭО-3	3488,2	4293,2	805,0	23,1
8	Ертіс СЭС-тері, барлығы	6 564,4	7 819,2	1 254,8	19,1
	«Қазмырыш» ЖШС Бұқтырма СЭК	2 977,4	3 708,0	730,6	24,5
	«AES Өскемен СЭС» ЖШС	1 711,9	1 881,6	169,7	9,9
	«AES Шүлбі СЭС» ЖШС	1 875,1	2 229,6	354,5	18,9
9	ОАЭК	6 529,4	7 036,8	507,4	7,8
	«Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-2	711,2	635,9	-75,3	-10,6
	«Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-3	2 942,8	3 105,7	162,9	5,5
	«Павлодарэнерго» АҚ Екібастұз ЖЭО	66,2	87,3	21,1	31,8
	«СЕВКАЗЭНЕРГО» ЖШС ППЖЭО-2	2 809,1	3 207,9	398,8	14,2

4. Сауда үйі тұрақты негізде авариялық істен шыққан қуаттарды басқа энергия көздерінен ауыстыру арқылы **энергия блоктарының авариялық тоқтауы кезеңдерінде** тұтынушыларды электрмен қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді реттейді.
5. Сауда үйінің тікелей қатысуы, нарықтағы қуат профициті шарттары бойынша икемді баға белгілеу саясатын іске асыру және өндіруші кәсіпорындар, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ бойынша жүктемені оңтайландыру кезінде «Мойнақ СЭС» АҚ **электр энергиясын салып алуға ниет білдіргендер үшін орталықтандырылған сауда-саттықтарда электр энергиясын** табысты сатады.

№	Кезең	млн. кВт•сағ
1	2014 ж.	0,379
2	2015 ж.	58,5
3	2016 ж.	3 019

2016 жылдың 12 айы үшін орталықтандырылған сауда-саттықтарда электр энергиясын сату көлемі **3 019 млн. кВт•сағ** құрады, ол өткен жылғы көрсеткіштен (58,5 млн. кВт•сағ) 51 есе артық. Сауда-саттықтар арқылы электр энергиясын жеткізушілер «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ (1 731 млн. кВт•сағ), «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (1 038 млн. кВт•сағ) және «Мойнақ СЭС» АҚ (250 млн. кВт•сағ) болып табылды.



Электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтар арқылы сату **судың босқа төгілуін азайтуға (217 млн3 су) және «МСЭС» АҚ табыстылығын арттыруға**, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ энергия блоктарын жүктеуге, ҚҚЖ мен ОАЭК тобының тұтынушыларын тартуға мүмкіндік берді. ОСС арқылы электр энергиясын жеткізу тәулік сайын жалғастырылады.

ОСС-та электр энергиясын сатып алушылар арасында – «ЭнергоКонтракт Плюс» ЖШС, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, ТОО «ХХІ» ЖШС, «Анжил» ЖШС, «Электродил» ЖШС, «Энергокомпани ПВ» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Kaz Elektro» ЖШС, «Қазэнергия орталығы» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «ЭнергоПромТехно» ЖШС, «Гарантэнерго» ЖШС, «ЭнергоКонтактПлюс» ЖШС, «Промснаб-Астана» ЖШС, «Караганда Энергосбыт» ЖШС және басқалары бар.

6. Икемді баға белгілеу саясатын іске асыра отырып, Сауда үйіне **«Самұрық-Қазына» АҚ құрылымына кіретін кәсіпорындардың** «Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергия көздерінен **электр энергиясын сатып алу көлемін арттыруға** қол жеткізді.

Осылайша, электр энергиясын сатып алу үлесі:

- **«Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ-дан** (ГРЭС-1,2) «ҚТЖ» АҚ-ның үлесі 44%-дан (2015 ж. деректер) 78%-ға (2016 ж. деректер) дейін өсті.
- **«KEGOC» АҚ** электр энергиясын толығымен «Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ-дан жоспарлы сатып алады (Ертіс СЭС каскадындағы сел мен тасқындарды қоспағанда). Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ мәлімдейтін көлемнің **100%** «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жүктелді.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК кәсіпорындары үшін жеткізілім 99,7 млн. кВт•сағ-тан (2015 ж.) 180 млн. кВт•сағ-қа (2016 ж.) немесе 80%-ға арттырылды.

7. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ көтерме нарығының барлық субъектілерімен электр энергиясын сатып алу-сатудың **188** шартын жасады (бір күн бұрын орталықтандырылған сауда-саттықтарды есептемегенде және операциялық тәулік ішінде), ол 2015 ж. қарағанда **71 шартқа артық. Шарттық көлем 26 928 млн. кВт•сағ құрайды, ол екі станцияның сату жоспарынан 11 565 млн. кВт•сағ-қа артық (15 363 млн. кВт•сағ).**
8. 2016 ж. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ **көтерме нарықтың 38 субъектісін тартты** («Транзитэнергосервис» ЖШС, «Қазэнергия орталығы» ЖШС, «Ангренсор энерго» ЖШС, «Самға Энерго» ЖШС, «Petro Group» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «ACIG» АҚ, «Энерго контракт плюс» ЖШС, «Қарағанда Энергосбыт» ЖШС, «Гарантэнерго» ЖШС, «Кызылординская РЭК» АҚ және т.б.), оларға 2,7 млрд. кВт•сағ жеткізілді.
9. 2016 ж. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ электр энергиясын жеткізуге шамамен **560 коммерциялық ұсыныс** жолдады, оның ішінде бөлшектеп сату нарығы субъектілеріне 2016 ж. 12 айы үшін ынтымақтастық мәселелері бойынша көтерме нарық тұтынушыларымен шамамен **196 кездесу** өткізілді.
10. ҚР Үкіметінің тапсырмасы бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарға электр энергиясына **жіберілу құнынан жеңілдіктерді беру** арқылы Қазақстан өндірушілеріне тікелей қолдау көрсетеді. 2016 ж. 8,175 млрд. кВт•сағ көлеміне 13 субъектімен шарт жасалды (жеңілдік мөлшері 14,8 млрд. теңге). 2016 ж. үшін аталған субъектілерге 5,2 млрд. кВт•сағ (жеңілдік мөлшері 9,3 млрд. теңге). 2010 ж. – 2016 ж. кезең үшін барлығы **33,8 млрд. тг** мөлшерінде жеңілдік берілді.
11. Сауда үйінің тікелей қатысуымен «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ **Ресей Федерациясына** электр энергиясын жеткізуге шарт жасасты, оған сәйкес 2016 жылғы 17 наурыздан бастап электр энергиясының экспорты жаңартылды. 2016 ж. **1,858 млрд. кВт•сағ** экспортталды.
12. Сауда үйінің тікелей қатысуымен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Электр станциялары» ЖАҚ арасында **Қырғызстанға** электр энергиясын экспорттауға шарт жасалды. Экспорт ағымдағы жылғы 16 сәуірде басталды. 2016 ж. сәуірден бастап маусымға дейін экспорт көлемі 133 млн. кВт•сағ құрады.
13. Қырғызстан мен Ресейге электр энергиясын экспорттаудың арқасында «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ станцияларында іске қосылмаған қуаттардың жүктемесі өсті, ол «АлЭС» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Мойнақ СЭС» АҚ өндірісі көлемдерінің артуымен қатар қолайсыз нарықтық конъюнктура және қатаң бәсекелестік шарттары бойынша 2015 ж. қарағанда сату көлемдерін сақтауға және арттыруға мүмкіндік берді.



2. АКТИВТЕРДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ





Қайрат Мақсұтов

«Самұрық-Энерго» АҚ
Экономика және қаржы
жөніндегі басқарушы директор

Бүгінгі күні «Самұрық-Энерго» АҚ халықаралық энергетикалық теңгерімге ойдағыдай кіріктірілген, энергиямен жабдықтаудың тиімділігі жоғары жүйесін құрайтын, сонымен қатар Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.

Қазіргі кезде Компанияның кейбір активтерін бәсекелес ортаға беру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны белгілі. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 «Же-кешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі – Қаулы), сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 20.01.2016 жылғы шешімімен сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының сатылатын активтері мынадай тіз-белер бойынша бөлінді:

Қоғамның №1 тізбеге енгізілген активтері:

- «Ақтөбе ЖЭО» АҚ;
- «ШҚ АЭК» (құрамында «Шығысэнерготрейд» ЖШС бар);
- «МЭБК» АҚ;
- «АЖК» АҚ;
- «АлЭС» АҚ;
- «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС;
- «Тегіс Мұнай» ЖШС (құрамында «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС бар).


Қоғамның №2 тізбеге енгізілген активтері:

- «Карагандагипрошахт и К» ЖШС;
- «Шелек-28» ЖШС

№1 тізбе – басымдық тәртібімен бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын әлеуметтік-экономикалық маңызы бар ірі активтер, оларға иелік ету және (немесе) пайдалану және (немесе) билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне есерін тигізеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КАРТАСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІ







АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ (36 ЕТҰ)





- Еншілес компаниялар
- Немере компаниялар
- СЭС компаниялары
- ЖЭК компаниялары
- Тарату компаниялары
- Өндіруші компаниялар
- Көмір компаниялары

тиесілі ұйымдардың активтерін сатудың, қайта құрылымдаудың бірыңғай қағидаларына сәйкес, №1 тізбедегі активтерді жекешелендіру тәуелсіз консультанттың ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл орайда №1 тізбенің компанияларына қатысты «Самұрық-Энерго» АҚ тәуелсіз консультант ретінде «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ны тартты, оның міндетіне активтерді жекешелендіруге байланысты барлық іс-шараларды сүйемелдеу, оның ішінде сату алдындағы диагностика, нарықтық құн бойынша талдауы/бағасы, активтерді сату шарттарына қатысты ұсынымдарды тапсыру, мәмілелер жасау жатады.

Тәуелсіз консультанттың, Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның ұсынымдарына сәйкес, «Тегіс Мұнай» ЖШС (құрамында «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС бар), «Ақтөбе ЖЭО» АҚ; «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» (құрамында «Шығысэнерготрейд» ЖШС бар); «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ компаниялары үшін ашық екі кезеңдік конкурс арқылы сату тәсілі анықталды. Осы орайда 2016 жылы қарашада Қоғам аталған компанияларды сату туралы хабарлама жариялады.

№2 тізбедегі компанияларға www.gosreestr.kz сату алаңында электронды аукцион арқылы жеңілдетілген тәртіпте бәсекелес ортаға сатуға ұсынылатын активтер жатады.

2016 жылы 30 маусымда «Караганда-гипрошахт и К» ЖШС-ға қатысу үлесін 90,0004% және «Шөлек-28» ЖШС-ға қатысу үлесін 70%-ға сату бойынша сауда-саттық ойдағыдай өтті.

2017 жылы жекешелендіру бағдарламасын іске асыруды жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ



Бұқтырма СЭС

Серік Түйтебаев

«Самұрық-Энерго» АҚ
Өндіріс және активтерді басқару
жөніндегі басқарушы директоры



Қазақстандағы ірі электр энергетикалық компаниялардың бірі бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ экологиялық аспект Компанияның орнықты дамуы үдерісінде айтарлықтай рөлге ие екенін түсінеді. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметінде маңызды рөл атқарады.

Экологиялық қауіпсіздік – «Самұрық-Энерго» АҚ құрылған күннен бастап қолдап келе жатқан негізгі қағидаттардың бірі. Өндірістік қызметті жүзеге асырған кезде біз табиғи ортаның барлық компоненттеріне тигізетін теріс әсерді мейлінше азайтуға тырыстық және тырысамыз.

Бар дағдыны және қолданылатын технологиялардың ерекшелігін, отынның қол жетімді түрлерін, климатымыздың ерекшеліктерін, сондай-ақ ынталандырушы, ал кей кезде тежеуші факторларды ескере отырып, біз компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясының бір бөлігі болып табылатын ұзақ мерзімді кешенді бағдарлама ретінде экологиялық саясатты әзірледік.

Әрине, қоршаған ортаны қорғау бағытында бірінші кезекте Қазақстанда қолданылатын заңнамалық талаптар мен нормаларды ұстанамыз, сондай-ақ дамыған елдердің неғұрлым қатаң нормативтеріне (мысалы, біз күл шығару бойынша еуропалық нормаларға сәйкес келеміз, Балқаш ЖЭС жобасы отынды пайдалану тиімділігі мен экологиялық параметрлер бойынша озық әлемдік технологияларға сәйкес келеді) сәйкес көлуге тырысамыз.

Экология саласындағы негізгі жетістіктер 2015 жылмен салыстырғанда қоршаған атмосфералық ауаға салыстырмалы көрсеткіштер бойынша эмиссиялардың 3%-ға азаюы болып табылады, бұл біз үшін энергия мен материал үнемдеуді және бірқатар табиғатты қорғау шараларын іске асыруды оңтайландырудың қисынды ері болжанатын нәтижесі болып табылады.

Компания саланы реттеу тетіктерін жетілдіру, «таза» электр энергиясының, энергия тиімділіктің, энергия мен ресурсты үнемдеудің объектілер көздерін жоспарлы салу бөлігінде жаңа технологияларды өндіру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайтуға кезең-кезеңмен қол жеткізуді жоспарлайды.

2013 жылы жылына шамамен 3,6 млн. кВт•сағ «таза» электр энергиясын өндіре отырып, Қапшағай қаласында қуаты 2 МВт бірінші өнеркәсіптік күн электр станциясын салу бойынша инновациялық жоба табысты іске асырылды. 2015 жылы 14 тамызда Ерейментау қаласы ауданында қуаты 45 МВт жел электр станциясын пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік комиссиясының актісіне қол қойылды, ол жыл сайын шамамен 170 млн. кВт•сағ электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етуден басқа, шамамен 110 мың тонна көмір жағудан сақтайды және осыған байланысты парниктік газдардың шығарындыларын азайтады.

Бұған қоса, Компания табиғатты қорғау шараларының көшенді бағдарламасын іске асырады. Екібастұз ГРЭС-1-дің және ГРЭС-2-нің барлық блоктарында электр сүзгілер орнатылды, бұл күл шығарындыларын 3 еседен аса азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді – станциялар күл тұту коэффициенттерін 99,4–99,6%-ға арттыру есебінен шығарындылар көлемін 108 мың тоннадан 38 мың тоннаға дейін азайтты. 2015 жылы «АлЭС»АҚ-ның Алматы ЖЭО-2-де күл-қожды жоюдың аралас жүйесі пайдалануға енгізілді.

Табиғатты қорғау саласында Компания қызметінің басым даму бағыттары мен мақсаттары Қоғамның ұзақ мерзімді Даму стратегиясында және Экологиялық саясатта көрсетілді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әрбір еншілес және тәуелді ұйымында уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары бар, оны орындау табиғатты арнайы пайдалануды жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.

Іс-шаралар жоспарына мына аспектілер кіреді:

- атмосфералық ауаны қорғау;
- күл үйіндісінің шаңын басу шаралары;
- су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану;
- басқару жүйелерін және озық қауіпсіз технологияларды өндіру;
- ғылыми зерттеу, іздестіру және басқа жұмыстар;
- экологиялық оқыту және насихаттау.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергияны дәстүрлі өндіруі көмір, мазут және газ сияқты отын түрлерін жағу есебінен жүзеге асырылады. 2016 жылдың қорытындылары бойынша, компаниялар тобының жалпы өндіру бойынша электр энергиясының 92,5%-ы дәстүрлі өндіру үлесінде болып келді, мұнда 2016 жылы газды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруді арттыру көзделді. «АлЭС» АҚ-ның газотурбиналық ЖЭО-1 өндіру көлемін арттырды.

Жаңартылатын энергия көздері бойынша 2016 жылы СЭС-те электр энергияын өндіру 12%-ға («Самұрық-Энерго» АҚ-ның жалпы өндіру бойынша 6,8%-ы) және ЖЭК объектілерінде 88%-ға («Самұрық-Энерго» АҚ-ның жалпы өндіру бойынша 0,7%) артты.

2016 жылы салмағы немесе көлемі бойынша жұмсалған материалдар

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Көлемі
Көмір	тонна	11 834 484
Мазут	тонна	19 894
Газ	тонна	794 806

Суды тұтыну тек қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады, яғни «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары су алуды қолда бар лицензиясына сәйкес жүзеге асырады. Су қоймаларын толықтыру, буды салқындату, күл жағажайларын суару, күл үйінділеріндегі су деңгейін сақтау үшін пайдаланылады, сондай-ақ судың салмағы су электр станцияларында энергия көзі ретінде қолданылады.

2016 жылы су көздері бойынша топтастыра отырып алынатын судың жалпы мөлшері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Көлемі
Алынатын судың жалпы көлемі	мың м³	9 671 594
беткі су объектілерінен	мың м³	9 619 606
жер астындағы су көздерінен	мың м³	6 817
басқа ұйымдардың ағын сулары	мың м³	406
Муниципалдық және сумен қамсыздандырудың басқа жүйелері	мың м³	44 765

Экологиялық қана емес, экономикалық тұрғыдан да, Компания су ресурстарын тұтынуды азайтуға тырысады, ол үшін барлық ірі кәсіпорындарда суды айналымды пайдалану жүйелері ендірілді.

2016 жылы бірнеше рет және қайта пайдаланылған судың үлесі мен жалпы көлемі

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Көлемі
Алынатын судың жалпы көлемі	мың м³	9 671 594
СЭС-те алынатын судың көлемі	мың м³	9 497 020
Бірнеше рет немесе қайта пайдаланылған судың көлемі	мың м³	2 921 806

Табиғатты қорғау шараларының көшенді бағдарламасын іске асыру 2015 жылмен салыстырғанда электр энергиясының 1 кВт•сағ-қа атмосфералық ауаға шығарылатын ластағыш заттардың салыстырмалы шығарындысының 3%-ға азаюын қамтамасыз етті.

CO және SOx салыстырмалы шығарындысы сәйкесінше 2 және 3%-ға азайды. NOx салыстырмалы шығарындылары 5%-ға жуық азайды.

Біз Екібастұз ГРЭС-1-дің және ГРЭС-2-нің барлық энергия блоктарында жаңа ұрпақтағы электр сүзгілерін, сондай-ақ «АлЭС» АҚ станцияларында сулы күлді тұту эмульгаторларын пайдалануға енгізгеннен кейін күлдің атмосфераға шығарындыларының азаюының оң қарқын алғанын байқауды жалғастырамыз. 2009 жылдан 2016 жыл аралығында күлдің жалпы шығарындылары 2015 жылмен салыстырғанда 3 еседен аса және 7%-ға азайды, оған «АлЭС» АҚ ЖЭО-1-дің газға өтуі де себеп болды.

2016 жылы атмосфераға шығарылған NOx, SO2 және басқа маңызды ластағыш заттардың шығарындылары

ЛЗ атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі
NOx	тонна	54 700
SO ₂	тонна	132 900
CO	тонна	2 800
Қатты бөлшектер	тонна	28 000
Тұрақты органикалық ластағыштар (CO3)	тонна	–
Ұшпа органикалық қосындылары (ҰОҚ)	тонна	115,4
CO ₂ *	мың тонна	26 264,4

«Самұрық-Энерго» АҚ топ компанияларының өнеркәсіптік объектілерінде табиғи объектілерге ағын суларды түсіру жүргізілмейді. Ағын суларды жинақтаушы ретінде жер астындағы суларға теріс әсерін тигізбейтіндей етіп салынған жасанды құрылыстар қолданылады.

Қоғамның ЕТҰ-ларда судың айналымды жүйелері қолданылатынын ескерсек, ағын сулардың көлемі айтарлықтай емес (алынатын сулардың көлемі 1%-дан кем). Ағын сулар жинақтаушыларға түсу алдында талап етілетін көрсеткіштерге дейін қажетті тазартудан өтеді. Ағын сулардың бір бөлігі тікелей қалалық көріз желілеріне жіберіледі, одан соң муниципалдық тазарту құрылғыларынан тазартудан өтеді.

2016 жыл ішіндегі шығарындылардың жалпы көлемі

№	Көрсеткіш	Мағынасы	Өлшем бірлігі
1	Ағын сулардың көлемі	64 842 095	м3

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде мемлекет тарапынан инспекторлық экологиялық тексерулер қарастырылды, олардың нәтижелері бойынша заңнама талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар салынуы мүмкін. 2016 жылы «Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, мұнай-газ кешенінде бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің Павлодар облысы бойынша Экология департаменті» сору құрылғыларын қайта жабдықтай отырып, ауаны тазарту жүйелерін жаңғырту бөлігінде экологиялық рұқсат беру талаптарын уақытылы орындамағаны үшін ЕГРЭС-2-ге айыппұл салды. Бұзушылық уақытылы қаржыландырудың болмауына байланысты болды, айыппұл сомасы шамамен 10,5 млн. теңгені құрады. Айыппұл белгіленген мерзімде толығымен өтелді.

Компанияның объектілеріне қатысты қаржылық емес санкциялар қолданылған жоқ, экологиялық мәселелер бойынша даулар болған емес.


Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны

№	Көрсеткіш	Мағынасы	Өлшем бірлігі	Ескертпе
1.	Елеулі айыппұлдар	10 587,442	мың теңге	2016
2.	Қаржылық емес санкциялар	0	оқиғалардың саны	Қоғамға қатысты қаржылық емес санкциялар қолданылған жоқ
3.	Дауды шешу механизмдерін пайдаланудан туындаған істер	0	мың теңге	Дауды шешу механизмдерін пайдаланудан туындаған істер жүзеге асырылған жоқ

2016 жылғы жалпы шығындар мен инвестициялар

	Өлшем бірлігі	Сомасы
Барлығы	тг	1 197 259 178
Қалдықтардың айналымымен және шығарындыларды тазартуға, сондай-ақ экологиялық зиянды жоюға байланысты шығындар	тг	825 732 793
Қоршаған ортаға және экологиялық менеджмент жүйесіне тигізетін өсердің алдын алуға арналған шығындар	тг	160 383 409
Басқалары	тг	211 142 976

Шығындар мен инвестициялар, млн. тг



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

ҚР Үкіметінің энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізетін жұмыстары аясында Қоғам 2014 жылы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын әзірледі.

Аталған бағдарламаның мақсаты инновациялық технологияларды қолдану негізінде отын-энергетикалық ресурстарды тиімді және экономикалық тұрғыдан мақсатты пайдалану бойынша шаралар әзірлеу болып табылады:

- электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын жеткізу, көмірді өндіру кезінде энергия ресурстарын тұтынуды озық әлемдік компаниялардың деңгейіне дейін азайту;
- тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз ету сенімділігін арттыру;
- электр станцияларында қуаттың ажырауын болдырмау;
- электр станцияларында отынды пайдалану тиімділігін арттыру.

2012 жылы қабылданған «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін Қоғамның барлық еншілес компанияларында Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің субъектілері болып табылатын мамандандырылған аккредиттелген ұйымдарды тарта отырып энергия аудиттері жүргізілді.

ҰЙЫМ ІШІНДЕ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

Жалпы отынды, атап айтқанда, оның түрлері бойынша тұтыну, сондай-ақ электр және жылу энергиясын тұтыну негізгі 2014 жылмен салыстырғанда азаю үрдісін көрсетіп отыр.

Ұйымның ішінде тұтыну	2014	2015	2016
Отынды жалпы тұтыну, ГДж, оның ішінде:	272 647 655	225 442 732	225 465 590
көмір	244 351 115	199 102 699	196 063 183
газ	24 743 764	23 641 748	27 328 296
мазут	2 005 872	1 325 095	803 006
бензин	290 512	267 532	255 918
дизель	1 256 393	1 105 657	1 015 186
Электр энергиясын жалпы тұтыну, млн. кВт•сағ	3 904	3 542	3 486
Жылу энергиясын жалпы тұтыну, ГДж	3 673 402	3 004 929	2 734 682
Энергияны жалпы тұтыну, ГДж	17 726 580	15 755 664	15 282 502



ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

Аталған көрсеткішті есептеу кезінде ақшалай алғанда өндірілген жылу және электр энергиясына, жеткізілген электр энергиясына, өндірілген көмірге шартты отын тоннасымен көрсетілген отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың нақты көлемі қолданылған. Есепте ұйымның ішінде тұтынылған отын, электр және жылу энергиясы есепке алынды.

Негізгі 2014 жылғы базалық көрсеткішке қарағанда 2015 жылы энергия сыйымдылығы 3 т.ш.о/млн.теңгеге, 2016 жылы 4 т.ш.о/млн.теңгеге азайды.

Энергия сыйымдылығы	2014	2015	2016
Шартты отынның тоннасы /млн. теңге	32	29	28

ЭНЕРГИЯНЫҢ ТҰТЫНУДЫ АЗАЙТУ

Негізгі 2014 жылғы базалық көрсеткішке қарағанда энергияны тұтыну 2015 жылы 49 175 839 ГДж-ға, 2016 жылы 49 626 143 ГДж-ға азайды. Энергия тұтынудың азаюы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау, сондай-ақ тұтыну нарығы көлемінің азаюына байланысты электр энергиясын өндіру көлемінің жалпы төмендеуінің нәтижесі болып табылады.

Көрсеткіш атауы	2014	2015	2016
Отынды жалпы тұтыну, ГДж	272 647 655	225 442 732	225 465 590
Энергияны жалпы тұтыну, ГДж	17 726 580	15 755 664	15 282 502
Отынды/энергияны жалпы тұтыну, ГДж	290 374 235	241 198 396	240 748 092

4. ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА



«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2016 жылғы жалпы өндіру көлемінде көмір мен газ жақпай алынған электр энергиясының таза үлесі 15,7%-ға жетті. Даму стратегиясына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ 2025 жылға қарай компания қуаттарының құрылымында 10%-ға дейін (850 МВт-тан аса) жаңартылатын энергия көздерінің үлесі бар көшбасшылық ұстанымдарға қол жеткізу бойынша өзіне мақсат қояды. Компания қоршаған ортаға тигізетін әсерін, оның ішінде баламалы энергия көздерінің үлесін арттыру арқылы тигізетін әсерін кезең-кезеңмен азайтуды көздейді. Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚҰДК) қолдауымен Ерейментау жел паркінің қуаты 95 МВт-ға дейін арттырылады. «Шардара СЭС» АҚ-ң жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Шардара СЭС» АҚ-ң жаңғырту (жоба МҮИИДБ және Индустриаландыру картасына енгізілді) станцияның өнімділігін және пайдалану қауіпсіздігін жоғарылату үшін сапалық және физикалық жағынан ескірген жабдықты ауыстыруды көздейді, бұл белгіленген қуатын 126 МВт-ға дейін арттыруға және жылына қосымша 57 млн. кВт•сағ. өндіруге мүмкіндік береді.

«Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт ЖЭС салу» жобасы жаңартылатын энергия көздері саласында қуаттарды кеңейту арқылы іске асырылады. Станция жылына 180 млн. МВтсағ. аса электр энергиясын өндіреді. Соған қоса, станцияны салу отын-энергетикалық ресурстары жалпы шығынын азайтуды, қоршаған ортаға теріс әсерді мейлінше азайтуды, сондай-ақ парниктік газдардың шығарындыларын азайтуды есепке алатын өндірілетін қуаттардың оңтайлы құрылымын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ң инвестициялық бағдарламасы өндірістік қуаттарды жаңғыртуға, қайта құруға және салуға, энергетикалық компанияларда иелік ету үлестерін сатып алуға, кеңейтуге, сондай-ақ энергиямен сенімді жабдықтауды қамтамасыз етуге, электр және жылу энергиясына мұқтаж-дықтарды қанағаттандыруға бағытталды.

2016 жыл үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық бағдарлама бойынша игеру 79 061 млн. теңгені (немесе жоспардың 86%-ын) құрады, ал жоспар бойынша – 91 825,7 млн. теңге, олардың ішінде инвестициялық жобалар бойынша игеру сомасы 41 810,1 млн. теңгеге тең (немесе жоспардың 101%-ы), ал жоспар бойынша 41 366,5 млн. теңгеге тең болып шықты.

Компанияның инвестициялық портфеліне іске асырылатын 12 жоба кіреді (оның ішінде 4 жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасы аясында іске асырылады).

Компанияның қаржылық ресурстарды тарту үшін кредит және облигация сияқты құралдарды кеңінен пайдаланады, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру үшін Республикалық бюджеттен ақшалай қаражат тартады. Соған қоса, Қоғам Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі, Еуразия Даму Банкі және т.б. сияқты қаржыландырудың ішкі, сондай-ақ сыртқы көздерін пайдаланады.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасында ІЖО-ның энергия сыйымдылығын азайту, энергия және отын-энергетикалық ресурстардың ұтымды әрі экологиялық тұрғыдан жауаптылықпен пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша міндет қойылды.

Энергия тиімділігін арттыру және декарбонизациялау мәселелері өзара тығыз байланысты. Парниктік газдар шығарындылардың азаюы энергия тиімді инновациялық технологияларды өндірудің нәтижесі болып табылады.

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ АЯСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Жалпы алғанда, жаңартылатын энергия көздерінің әлеуетін тиімді іске асыру үшін мыналар қажет:

- ЖЭК-ке қолдау көрсету туралы заңнамаларды жетілдіру;
- Қазақстан Зияткерлік Энергетикалық жүйесін құру (бұдан әрі – «ҚЗЭЖ»).

Тиімділігі жоғары және технологиялық интеллектуалды энергетикалық жүйе құру халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, қолда бар артықшылықтардан пайда алуға және барлық жаһандық қауіп-қатерлерге жауап беруге мүмкіндік береді:

- энергетикалық қауіпсіздік және резервке қою;
- тасымалдау және экспорттық әлеуетті пайдалану;
- ЖЭК әлеуетін пайдалану;
- Қазақстан Республикасының аумағын толық қамту – отын-энергетикалық ресурстардың (бұдан әрі – ОЭР) және өндіруші көздерінің өнеркәсіптен және халықтан алшақ болу мәселелерін шешу;
- қолда бар ОЭР қорларын есепке ала отырып, энергетика құрылымын оңтайландыру;
- экологиялық, энергия тиімділік.

Әлемде отынға бағаның тұрақты өсуін, экологияға жүктемені азайту жөніндегі шараларды іске асыру қажеттігін ескерсек, ЖЭК-тен электр энергиясы құнының төмендеуі, сонымен қатар дәстүрлі энергия көздерінен электр энергиясы құнының арту үрдісі байқалады. Қоғамның келешектегі жоспарларынша ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру жоспарлануда.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

«МОЙНАҚ СЭС» АҚ («САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Мойнақ СЭС» АҚ 2012 жылы пайдалануға берілді. Бестөбе су қоймасы реттегіші бар Мойнақ СЭС кешені тегеурінмен бұрылған су торабы болып табылады, Алматы қаласынан 150 км шығысқа қарай Шарын өзенінің жоғары ағынында орналасқан. Мойнақ СЭС-інің негізгі мақсаты – ҚР оңтүстік аймағындағы ең жоғары жүктемелерді жабу үшін электр энергиясының маневрлі көзі ретінде СЭС-ті пайдалану болып табылады. СЭС Алматы облысының Райымбек ауданында салынған. Мойнақ СЭС-ң белгіленген қуаты – 300 МВт, 150 МВт екі су турбинасы бар. Станцияда қолданылатын заманауи технологиялық құрылғы барынша электр энергиясын өндіру процесін автоматтандыруды және онда аварияны болдырмауды қамтамасыз етеді. Жоба бойынша су электр станциясы жылына 1 027 млн. киловатт сағат электр энергиясын өндіруі мүмкін. Электр энергиясын өндіруге су шығындаған кезде – 870,7 м³ су. Қалыпты тіреулік деңгейде (ҚТД) су қоймасының жалпы көлемі – 240 млн. м³, пайдалы көлемі – 200 млн.м³. Қуаты 300 мегаватт «Мойнақ СЭС» АҚ Қазақстандағы көлемі мен қуаты бойынша бесінші су станциясы және еліміздің бірінші өндіруші энергетикалық объектісі болып табылады.



www.moynak.kz



1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** электр энергиясын өндіру және сату
3. **Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Жылысай а/о, Мойнақ СЭС
4. **Коммерциялық тұтынушылардың саны:**
 - «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
 - «ЖетісуЭнергоТрейд» ЖШС
5. **Ұйымның энергия жеткізу тізбегі:**
Энергия көздерінен электр энергиясын жасалған шарттарға сәйкес көлемде тұтынушыларға жіберу 110 кВ желісі бойынша жүзеге асырылады.
6. **2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:**

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	300	300	300	300
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ.	577	903	1 166	906

7. **Штат саны:** 127 адам
8. **Компанияның веб-сайты:** www.moynak.kz
9. **Негізгі маңызды оқиғалар және қызмет жетістіктері мен қорытындылары:** 2016 жыл 4 739 920 млн. теңге мөлшерінде оң қаржылық нәтижемен аяқталды.
10. **Инфрақұрылымды дамыту, жаңғырту:** «Мойнақ СЭС» АҚ жұмысшы кентін жаңғырту, спортқа арналған құрылысты салу (футбол алаңы, волейболға арналған алаң).



«ШАРДАРА СЭС» АҚ [«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%]

«Шардара СЭС» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысындағы ірі энергия өндіруші ұйым болып табылады, қызметінің негізгі бағыты – электр энергиясын өндіру және оны сату. Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан Шардара су электр станциясы Арал теңізіне құятын Сырдария өзеніндегі бөгеттер каскадының соңғы бөгеті болып табылады. «Шардара СЭС» АҚ-ны салудағы мақсат – Нарын-Сырдария каскадының су-энергетикалық көшенін пайдалануға беру қызметтерін үйлестіруді күшейту, Оңтүстік Қазақстанда энергиямен жабдықтауды оңтайландыру болып табылады. Су электр станциясының қозғалатын су массасының механикалық энергиясы көптеген қосымша құрылғылармен бірге СЭС ғимараттарында орналастырылатын су турбиналары мен су генераторларының көмегімен электр энергиясына ауысады. 1967 жылы пайдалануға берілген Шардара СЭС-і іске қосылған кезде 1969 жылы су тасқыны кезінде барынша көп өндірген электр энергиясының көлемі 648,1 млн. кВт•сағ. жеткізілді. 2010 жылғы көрсеткіш бұл рекордтық көрсеткіштен асып түсті: әлі де ескі құрал-жабдықпен жұмыс істейтін Шардара СЭС станциясындағы жұмыстың ұйымдастырылуы мен «Шардара СЭС» АҚ қызметкерлерінің кәсіби шеберліктерінің арқасында 2010 жылдың соңына қарай Шардара СЭС электр энергиясын рекордтық көлемде өндірді – 670 млн. кВт•сағ.

www.sharges.kz



Қазіргі уақытта «Шардара СЭС» АҚ-да заманауи технологияларды қолдана отырып, су электр станциясының қолда бар жабдықтарын жаңғырту және қайта құру бойынша жұмыс жүргізілуде, кейін ол электр энергиясы өндіру көлемін және Компанияның табыстылығын одан әрі арттыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласы, Елмұратов көшесі, 13
3. **Коммерциялық тұтынушыларының саны:**
 - «Энергоснаб XXI» ЖШС
 - «Оңтүстік-Жарық» ЖШС
 - «Энергопоток» ЖШС
 - «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС
 - «Казсбытгрупп» ЖШС
 - «Коммуналсервис» МКК
 - «Наурыз» ӘКК
 - «Югэнергоимпульс» ЖШС

4. **Негізгі қызмет түрі:** электр энергиясын өндіру және сату

5. **Ұйымның энергия жеткізу тізбегі**

Энергия көздерінен электр энергиясын жасалған шарттарға сәйкес көлемде тұтынушыларға жіберу 110 кВ желісі бойынша жүзеге асырылады.

6. **2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:**

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	100	100	100	100
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ.	565	465	334	320

7. **Штат саны:** 158 адам

8. **Компанияның веб-сайты:** www.sharges.kz

9. **Компания тобының негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары:** 2016 жыл 1 375 900 мың теңге мөлшерінде жағымды қаржылық нәтижемен аяқталды.

10. **Инфрақұрылымды дамыту, жаңғырту:** «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасын іске асыру жүргізілуде

«БҰҚТЫРМА СЭС» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 90%)

«Бұқтырма СЭС» АҚ Зайсан көлінен шығатын Ертіс бастауынан 350 км қашықтықта, Бұқтырма өзенінің сағасынан 15 км төмен орналасқан. БСЭС бөгеті арқылы жасалған тіреу айнасының ауданы 5490 км², сыйымдылығы 49,6 млрд.м³ болатын су қоймасын құрай отырып, Зайсан көлінің табиғи деңгейін 5–6 метрге жабады.

«Бұқтырма СЭС» АҚ салу энергетика, көлік және балық шаруашылығының көптеген мәселелерін шешеді. Су электр станциясын салғаннан кейін су көлігінің жұмыс істеу жағдайлары 500 км қашықтықта терең су жолының пайда болуы және реттелген шығындарды су торабы арқылы өткізуі себебінен күрт жақсарды.

«Бұқтырма СЭС» АҚ жұмыс көлемінің меншікті шамасына, сондай-ақ электр энергиясын өндірудің құндық көрсеткіштері бөлігіне қатысты өте үнемді су электр станциясы болып табылады.

«Бұқтырма СЭС» АҚ гидротехникалық құрылғыларын салған кезде КСРО-да алғаш рет «қатты бетон» пайдаланылды, оны төсеу үшін арнайы әзірленген технология қолданылды. 2002 жылы әр түрлі 60 жерден бетон сынамалары алынып, екі тәуелсіз лабораторияға талдау жасауға жіберілді. Талдау қорытындылары бойынша нәтижелер алынды, олар бойынша құрылыс кезеңімен салыстырғанда бетонның беріктігі арттырылды. Сондай-ақ, бетонның сапасы болжатын барлық параметрлерден артық болғандықтан, 2002 жылы Бұқтырма бөгеті әлемдегі ең үздік бөгет болып танылды.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** Ұйымдық-басқарушылық және коммерциялық
3. **Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 070825, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Серебрянск қаласы, Графтио көшесі, 5.
4. **Компания тобының негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызмет қорытындылары:** 2016 жыл 2 975 136 мың теңге мөлшеріндегі жағымды қаржылық нәтижемен аяқталды.
5. **Штат саны:** 10 адам
6. **Компанияның веб-сайты:** www.bges.kz



www.bges.kz





«ШҮЛБІ ГЭС» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 92,14%)

«Шүлбі ГЭС» АҚ Семей қаласынан 70 км жоғары Ертіс өзенінің орта ағысында орналасқан. Су электр станциясының құрылысы 1976 жылы басталды, бірінші су агрегаты өнеркәсіптік пайдалануға 1987 жылғы 23 желтоқсанда берілді, алты су агрегатының соңғысы 1994 жылғы 19 желтоқсанда іске қосылды.

Су торабы құрылғыларының өткізу қабілеті судың артып кету ықтималдылығы 1% болатын су тасқыны барынша мықты 240 м қалыпты тіреулік деңгейде – 7770 м³/сек, қамтамасыз етілуі 0,01% су тасқыны барынша мықты 243 м тіреулік деңгейде – 8770 м³/сек. өткізуге есептелген.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** Ұйымдық-басқарушылық және коммерциялық
3. **Орналасқан жері:** Семей қ., Шүлбі кенті (ШГЭС). Атқарушы органдарының орналасқан жері (ӨГЭС, ШГЭС) – Өскемен қ., Қазақстан көшесі, 27.



«ӨСКЕМЕН ГЭС» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 89,99%)

Су электр станцияларының 40%-ынан астамы Қазақстан Республикасының шығысында – Ертіс өзенінде шоғырланған. Ертіс каскадының біріншісі – Өскемен ГЭС-і. Қазіргі уақытта Өскеменнің оңтүстік-шығысы маңында орналасқан станцияның белгіленген қуаты 315 МВт болатын төрт турбинасы (82,8 МВт) бар. Станцияның көп жылдық өндірісі орташа алғанда 1 580 млн. кВт•сағ. құрайды, ал су аз болған жылдары – 1 200 млн. кВт•сағ. «Өскемен ГЭС» АҚ өзінің барлық инвестициялық міндеттемелерін орындайды және негізгі құралдарды жаңғырту мен қайта құру бойынша ұзақ мерзімді бағдарламаны жоспарлы іске асырады. «Өскемен ГЭС» АҚ инвестициялық бағдарламасын іске асыру негізгі және қосалқы құрылғыларды, гидротех-

никалық құрылғылар кешенін сенімді әрі қауіпсіз пайдалануды арттыруға, сондай-ақ жұмыс параметрлерінің оңтайлы таңдауын қамтамасыз ете отырып, су агрегаттарының режимдерін тиімді басқаруын жоғарылатуға бағытталды.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** Ұйымдық-басқарушылық және коммерциялық қызмет
3. **Орналасқан жері:** Заңды мекенжайы: Өскемен қаласы, Аблакетка кенті. Атқарушы органдарының орналасқан жері: Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 27.

«ЭНЕРГИЯ СЕМИРЕЧЬЯ» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 51%)

«Энергия Семиречья» ЖШС Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт-тан 300 МВт-қа дейін жел электр станциясын (ЖЭС) салу аясындағы қызметті жүзеге асыру үшін құрылған бірлескен кәсіпорын болып табылады. Қазіргі уақытта «Энергия Семиречья» ЖШС-ның қатысушылары «Самұрық-Энерго» АҚ – 51%, ZENITH GLOBAL FZE – 49% болып табылады.

«Энергия Семиречья» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2009 жылғы 02 қарашада электр энергиясын өндіру және сату, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу, объектілерді жобалау және салу бойынша қызметтерді көрсету үшін құрылды.

Алматы облысында әлеуетті ЖЭС-терді салудың әлемдегі бірегей алаңдары бар. Бұл – Жоңғар қақпасы және Шелек дәлізі, олар жел сипаттамалары бойынша әлемде ЖЭС салудан перспективалық алаңдардың бірі болып табылады. Жоңғар қақпасындағы бос алаңдар ЖЭС-тің жалпы қуатын 1000 МВт-тан аса арттыруға мүмкіндік береді. Жел генераторларын өндірудің заманауи технологиялары айтарлықтай сапалы өнімді – өңірлік және ұлттық желілік операторлар қабылдау үшін параметрлерге сәйкес келетін электр энергиясын ала отырып, дәстүрлі энергия көздерімен салыстырғанда бәсекелес бағалар бойынша ЖЭС-терді салуға мүмкіндік береді. Алматы облысының жаңа өндіруші объектілерін, соның ішінде шағын СЭС-терді және жел электр станцияларын (ЖЭС) салу өңірдің бар энергия тапшылығын елеулі дәрежеде жабады деп күтіледі.

- 1. Негізгі өнімі:** электр энергиясы
- 2. Негізгі қызмет түрі:** жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату
- 3. Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Әл-Фараби көшесі, 75В/7-үй.
- 4. Штат саны:** 9 адам
- 5. Компанияның веб-сайты:** www.Energy7.kz



www.Energy7.kz





«SAMRUK-GREEN ENERGY» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2012 жылғы 25 қаңтарда құрылды. Электр энергиясын өндіру, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу бойынша қызмет көрсетеді. «Samruk-GreenEnergy» ЖШС-ның құрамына Қапшағай қаласында орналасқан қуаты 2 МВт күн электр станциясы кіреді. Шалғай аудандарды электр энергиясымен орталықтан тыс қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

www.samruk-green.kz



1. Негізгі өнімі: электр энергиясы

2. Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату

3. Орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев көшесі, 181 «Б», 7-қабат, № 704-офис

4. Коммерциялық тұтынушылардың саны:

«РФЦ» ЖШС толық көлемде электр энергиясын сатып алады

5. Ұйымның энергия жеткізу тізбегі:

Энергия көздерінен электр энергиясын жасалған шарттарға сәйкес көлемде тұтынушыларға жіберу 10 кВ желісі бойынша жүзеге асырылады.

6. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	2	2	2	2
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ.	0,4	3	3	3

7. Штат саны: 11 адам

8. Компанияның веб-сайты: www.samruk-green.kz

9. Негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары:

- 2016 жылғы 11 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ және «Primus Power» Америка компаниясы арасында жасалған Стратегиялық еріптестік жөніндегі келісімді іске асыру аясында. Кейін Қапшағай қаласында 2 МВт күн электр станциясында ТМД аумағында бірінші болып EnergyCell (G1) энергия жинақтаушы жүйесі іске қосылды.
- Алматы қ. техникалық ЖОО-лармен (ҚҰТУ, ЭЖАУ, ҚазҰУ) Ынтымақтастық меморандумдары жасалды, олардың аясында Серіктестік студенттер мен магистранттар үшін ақылы тағылымдамалар мен тәжірибелер өткізеді.
- 2016 жылғы 23 қарашада Қапшағай қаласының жанында қуаты 50 МВт «Солар-Парк» күн электр станциясын салу» жобасы бойынша ауданы 500 га жерге мемлекеттік акт алынды.

10. Инфрақұрылымды дамыту, жаңғырту: Қолданыстағы күн электр станциясының белгіленген қуатын арттыру. Күн электр станцияларын қалпына келтіру және оларға қызмет көрсету.

«БІРІНШІ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаны іске асыру үшін 2011 жылғы 27 маусымда тіркеу нөмірі 40481–1901-ЖШС «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС құрылды. «БЖЭС» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі электр энергиясын өндіру, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу, объектілерді жобалау және салу бойынша қызмет көрсетеді. Ол серпінді дамитын кәсіпорын болып табылады, жел электр станцияларын салу үшін құрылды. 2015 жылғы 14 тамызда «Келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, Ерейментау қаласының маңында қуаты 45 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асыру аясында 45 МВт ЖЭС Жұмыс комиссиясының актісіне қол қойылды.



www.pves.kz



1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату
3. **Орналасқан жері:** Астана қ., Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, № 12А.)
4. **Коммерциялық тұтынушылар саны:**
«РФЦ» ЖШС толық көлемде электр энергиясын сатып алады
5. **2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:**

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	45	45	45	45
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ.	–	79	152	172

6. **Штат саны:** 20 адам
7. **Компанияның веб-сайты:** www.pves.kz





www.ewp.kz



«EREYMENTAUWINDPOWER» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«EreymantauWindPower» ЖШС 2011 жылғы 24 қарашада құрылды. «EreymantauWindPower» ЖШС қызметінің негізгі бағыты – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру. Қазіргі уақытта «EreymantauWindPower» ЖШС «Ерейментау қ. маңындағы қуаты 50 МВт болатын, болашақта 300 МВт-қа дейін кеңейтілетін жел электр станциясының құрылысы» жобасын жүзеге асырумен айналысады.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату
3. **Орналасқан жері:** (01.03.2017 ж. жағдай бойынша) – Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, № 12 «А», 3-қабат
4. **Штат саны:** 16 адам
5. **Компанияның веб-сайты:** www.ewp.kz



www.kgte.kz



«КАЗГИДРОТЕХЭНЕРГО» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Әлеуметтік жауапкершілік» бағыты аясында қоршаған ортаны қорғау басымдық болып табылады («жасыл экономика» стратегиясын іске асыру), осыған байланысты «Казгидротехэнерго» ЖШС-ны сатып алу – «Самұрық-Энерго» АҚ басымдықтарының бірі. ЖШС-ның қызметі ЖЭК-ті пайдалана отырып, объектілерді, дербес техникалық құрылғыларды және ЖЭК-ті (Казгидротехэнергоның 7 шағын СЭС-ін салу жобалары) пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін олармен өзара әрекет ететін құрылғыларды жобалауға, салуға бағытталды.

«Казгидротехэнерго» ЖШС — Оңтүстік Қазақстанда жиынтық қуаты 108 МВт болатын жеті шағын СЭС-ті өзірлеумен айналысатын компания болып табылады.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату
3. **Орналасқан жері:** ҚР, Алматы қ., Достық даңғылы, 188, «Құлан» БО, 904-офис
4. **Штат саны:** 3 адам
5. **Компанияның веб-сайты:** www.kgte.kz

«ТЕПЛОЭНЕРГОМАШ» ЖШС («КАЗГИДРОТЕХЭНЕРГО» ЖШС – 95%)

«Теплоэнергомаш» ЖШС Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 12 МВт болатын екі электр станциясын салуды жоспарлайды. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ ауданындағы Шөлек өзенінде жиынтық қуаты 60,8 МВт 19–22 СЭС каскадын салуды жоспарлайды (Алматы облысы).

«Теплоэнергомаш» ЖШС-ның қатысушылары – 95% «Казгидротехэнерго» ЖШС, 5% – жеке тұлға болып табылады.

1. **Негізгі өнімі:** электр энергиясы
2. **Негізгі қызмет түрі:** Жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату
3. **Орналасқан жері:** ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13, «Нұрлы Тау» БО, 1В-п, 504-офис



5. ДАСТУРЛІ ЭНЕРГЕТИКА

Серік Түйтебаев

«Самұрық-Энерго» АҚ
Өндіріс және активтерді басқару
жөніндегі басқарушы директоры



Компания активтерінің құрамына Екібастұз ГРЭС-1 мен ГРЭС-2 станциялары сияқты аса ірі өндіруші компаниялар, сондай-ақ Алматы өңіріндегі және Ақтөбе қаласындағы жылу және электр энергияларын өндіретін ұлттық маңызға ие станциялар кіреді.

Компанияның Ұзақ мерзімді даму стратегиясы Қазақстан Республикасының экономикасын декарбонизациялау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық өзірлемелер саласындағы құзыреттің дамуымен қамтамасыз етілген технологиялық тиімділік есебінен өндіруші қуаттардың жұмысын оңтайландыру жөніндегі тапсырманың шешілуін болжайды.

Табиғи тозу мен парктік ресурстың істен шығуы негізіндегі экономикалық даму қарқынын назарға ала отырып, қазірдің өзінде электр станцияларын, оның ішінде еліміздің оңтүстігінде маневрлі электр станцияларын салу. Осылайша, Жүйелік оператордың деректеріне сәйкес, 2016 жылғы 1 қаңтарда электр станцияларының жалпы белгіленген қуатының 60%-ына 30 жылдан артық уақыт болмақ. Бұдан бөлек, ҚР Бірыңғай энергетикалық жүйесіндегі жабдықтардың белгіленген бірліктерінің жалпы санының 44% парктік ресурсын тауысты. Бес жыл ішінде жабдықтардың белгіленген бірліктерінің жалпы санының 14%-ы өзінің парктік ресурсын тауысады.

2012 жылы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президенті мен Корея Республикасы Президенті Мемлекет басшыларының қатысуымен қуаты 1 320 МВт Балқаш ЖЭС-і бірінші модулінің құрылысы басталды (жоба МҮИИДБ мен Индустрияландыру картасына енгізілді). Жобаны іске асыру жылына 10 млрд. кВт•с артық электр энергиясын өндіруге және Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуатына деген тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

ДӘСТҮРЛІ ЭНЕРГЕТИКА ЖҮЙЕСІНДЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Отын-энергетикалық кешенге сәйкес энергия тиімділігін арттырудың негізгі бағыты өз ресурсын тауысқан жаңа тиімділігі жоғары электр станцияларын және электр желілік объектілерді салу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған электр станцияларын жаңғырту және техникалық қайта жарақтау болып табылады.

Көмірді өндіру еліміздің электр энергетикасының негізін құрайды. Ашық тәсілмен өндірілетін көмірдің өзіндік құны, сондай-ақ ірі қорлар Қазақстанның электр энергетикасы үшін көмір өндіру маңызының жоғары екенін және таза көмір өндіру технологияларын дамыту қажеттілігін белгілейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның негізгі энергия өндіруші көздеріне арналған отын құрғақ салмақта құлінің көптігі 50%-ға жететін Екібастұз кен орнының көмірі болып табылады.

Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды әрі экологиялық жауапты пайдалануды қамтамасыз ету үшін «Екібастұз кен орнының №3 қыртысының жоғары күлді көмірді және жұтанған көмірді/көмірді байыту қалдықтарын жағуға арналған қазандықтар агрегаттарының от жағу құрылғыларының технологияларын әзірлеу» жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау жоспарланады.

Аталған ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мақсатында «Nazarbayev University Research and Innovation System» ЖМ аумағында ғылыми-зерттеу зертханасын құру болжанады.

Жұмыс жоғары күлді көмірді жағу бойынша эксперименттік құрылғыларды құруды көздейді. Жұмыс нәтижесі бойынша ҚҚ (қайнау қабаты) немесе АҚҚ (айналма қайнау қабаты) өнер-кәсіптік құрылғысының газды динамикалық процесінің технологиялық моделі әзірленеді және ҚҚ мен АҚҚ қазандықтары бар ЖЭС-ті салуға техникалық-экономикалық талдау жасалады.

Қайнау қабатындағы қатты отынды жағу қайнау қабатының үстіндегі газ кеңістігіне отынды жақпай шығу арқылы және себепсіз қызған түтін газдарымен маңызды жылу мөлшерін алып кетпей отынды толық жағуға мүмкіндік береді деп болжанады. Жұмыстың нәтижесі болып көмірді дәстүрлі жағумен салыстырғанда отын шығындарының және атмосфераға зиянды шығарындылардың айтарлықтай азаюы күтіледі. Іске асыру кезеңі 2016–2019 жж. болып есептелген.

2016 жылы мына жобаларды іске асыру аяқталды

- Мамырда «Ақтөбе ЖЭО-ны қайта құру және жаңғырту» жобасын іске асыру аяқталды. Жоба белгіленген қуатты арттыруға және ЖЭО-ның белгіленген қуатын 118 МВт-ға дейін арттыра отырып, өз ресурсын тауысқан қуаты 14 МВт турбинаны қуаты 30 МВт жаңа турбинаға ауыстыру арқылы Ақтөбе облысында тұтынушыларды электрмен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруға бағытталды.
- Қыркүйекте Алматы ЖЭО-2-нің №8 станциясының қазандық агрегатын қайта құру аяқталды. Жоба жылулық жүктемелердің болжанатын өсімін жабуға, «Универсиада-2017» объектілерін жылумен қамтамасыз етуге және белгіленген жылу қуатын 1414 Гкал/сағ. дейін, Алматы ЖЭО-2 электр энергиясын өндіруді 450 млн. кВт•сағ. дейін арттыруға бағытталған.

- Қарашада ескірген жабдықтарды (сөндіргіштер, трансформаторлар, ажыратқыштар) ауыстыру арқылы сенімділікті арттыру мақсатында Екібастұз ГРЭС-1 АТҚ-500-ді жаңғырту аяқталды.

«№3 энергия блогын сала отырып, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ кеңейту және қайта құру»

№3 энергия блогын сала отырып, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ кеңейту және қайта құру жобасы (жоба МИИДБ-ға және Индустрияландыру картасына енгізілді) станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-ға және электр энергиясының өндірісін жылына қосымша шамамен 4,8 млрд. кВт•сағ дейін арттыруды болжайды.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жаңғырту және қуатын кеңейту»

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жаңғырту және қуатын кеңейту жобасы (жоба МИИДБ-ға және Индустрияландыру картасына енгізілді) «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС №8, №2 және №1 блоктарын қалпына келтіруді және тиісінше, станцияның қолда бар қуатын 1 500 МВт-ға дейін арттыруды болжайды. №8 блоқты қалпына келтіру 2012 жылы аяқталды. №2 блоқты қалпына келтіру 2014 жылы аяқталды.

Осы жобалар Үкімет 2009 жылы қабылдаған және қажетті орнықтылық қорын құруды қамтамасыз еткен шекті тарифтер бағдарламасының әрекетін іс жүзінде аяқтайды.

6 жыл ішінде белгіленген және қолда бар қуаттар арасындағы айырмашылық 64%-дан артық немесе 1 584 МВт-ға азайды (2 462-МВт-дан 878 МВт-ға дейін). Холдингтің өндіруші кәсіпорындарын жаңғыртудың экологиялық есері күл шығарындылардың үш есе – жылына 108 мың таннадан 36 мың тоннаға дейін азаюынан көрінеді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

«Б. НҰРЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-1» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Павлодар облысы Екібастұз қаласынан солтүстікке қарай 16 шақырым жерде Жыңғылды өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан қуаты 4 000 МВт жылу электр станциясы. Компания Қазақстан Республикасының аумағындағы қатты отынмен жұмыс жасайтын ең ірі жылу электр станциясы және өңірдегі негізгі энергия өндіруші кәсіпорын болып табылады.

Қазақстандағы аса ірі электр станциясы бола отырып, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС сонымен қатар әлемдегі ағымдағы қолда бар қуаты 3 500 МВт болатын аса ірі көмір электр станциясы болып табылады. Қазіргі кезде сегіз энергия блогының бесеуі тұрақты жұмыс істейді



www.gres1.kz



және 2500 МВт-ға дейін электр энергиясын өндіре алады. Станцияда өндірілетін электр энергиясының 20%-ға жуығы Ресейге жеткізіледі, қалған бөлігі Қазақстанның энергетикалық нарығына бөлінеді.

1. Негізгі өнім: электр энергиясы

2. Негізгі тұтынушылар:

- «Богатырь Көмір» ЖШС,
- «Энергопоток» ЖШС,
- «Оңтүстік Жарық» ЖШС,
- «Алматыэнергосбыт» ЖШС,
- «Теміржолэнерго» ЖШС,
- «Қазфосфат» ЖШС,
- «Жетісу Энерготрейд» ЖШС,
- «Tau-Ken Temir» ЖШС,
- «Қазминералз Бозшаколь» ЖШС,
- «KEGOC» АҚ

3. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	4 000	4 000	4 000	4 000
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ	14 096	10 729	9 037	11 138

Жоспармен салыстырғанда, 2016 жылғы 12 ай ішінде электр энергиясын өндіру 19%-ға азайды (2 137 685 мың кВт•сағ) және ішкі нарықта коммерциялық сұраныстың төмендеуі нәтижесінде 9 037 315 мың кВт•сағ құрады. Қырғызстанға экспорттау үшін электр энергиясын сату жоспарда қарастырылмаған және республиканың ішінде сатудың азаюын ішінара өтейді (электр энергиясын Қырғызстанға жеткізу 2016 ж. екінші тоқсанында жүзеге асырылды).

- 2016 ж. 12 ай үшін салық салғанға дейінгі пайда 7 193 737 теңгені (жоспардың 38%-ы) құрады. Ағымдағы есептік кезең үшін EBITDA бойынша нақты көрсеткіш 34 138 188 мың теңгеге (жоспардың 71%-ы) тең.
- Дамуға арналған жалпы шығындар (инвестициялар) – 2016 ж. қаңтар-желтоқсан айлары ішінде нақты қаржыландыру 31 185 183 мың теңгені құрады. Аталған құралдар станцияның жобалық қуатын қалпына келтіру жөніндегі жобаны қаржыландыруға, сондай-ақ қолда бар жабдықтарға жоспарлы күрделі жөндеулерді жүргізуге бағытталған.

4. Штаттық саны: 1404 адам

5. Компанияның веб-сайты: www.gres1.kz

6. Негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызмет қорытындылары:

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша «Парыз» республикалық конкурсына қатысты. Республиканың «Үздік ұжымдық шарт» конкурсына қатысуға өтініш берген 89 кәсіпорыннан «Болат Нұржанов атындағы ГРЭС-1» ЖШС ірі кәсіпкерлік саласында «Үздік ұжымдық шарт» номинациясының күміс жүлдегері болды.

«ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-2 СТАНЦИЯСЫ» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 50%, «ИНТЕР РАО» ЖАҚ – 50%)

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – Қазақстан-Ресей бірлескен энергетикалық кәсіпорны, ол Ресей және Қазақстанның энергетикалық нарықтарының ірі қатысушылары – әрқайсысына 50% акциядан тиесілі «ИНТЕР РАО ЕЭС» ААҚ (Ресей) мен «Самұрық-Энерго» АҚ (Қазақстан) мүдделерін білдіреді. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – Екібастұз қаласындағы жылу электр станциясы. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ белгіленген қуаты – 1000 МВт, күлі көп Екібастұз көмірінен екі энергия блогы бойынша әрқайсысы 500 МВт электр энергиясын өндіреді. Оның екі энергия блогы қазіргі кезде республика бойынша өндірілетін барлық электр энергиясының шамамен 12%-ға жуығын өндіреді. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ түтін шығатын мұржасы әлемдегі ең биік түтін мұржасы болып табылады, оның биіктігі 420 метрге аз-ақ жетпейді. 2007–2009 жылдары «Альстом» фирмасының тиімділігі жоғары электр сүзгілерін орнатты. Бұл станцияның атмосфераға шығарылатын шығарындыларын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, Павлодар облысы өңіріндегі экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартты.



www.gres2.kz



1. **Негізгі өнім:** электр энергиясы
2. **Негізгі тұтынушылар:** «Теміржолэнерго» ЖШС, «Интер РАО» ЖАҚ, «Алматы Энерго Сбыт» ЖШС
3. **2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:**

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 000	1 000	1 000	1 000
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ	4 755	3 211	4 976	5 459

2016 жылы жоспарда 4945 млн. кВт•сағ. болғанда, 4976 млн. кВт•сағ электр энергиясы өндірілді, жоспар 101%-ға орындалды.

4. **Штат саны:** 1505 адам
5. **Компанияның веб-сайты:** www.gres2.kz
6. **Негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары.**
Ұжымдағы әлеуметтік жағдайды мониторингілеу нәтижесі бойынша алдыңғы кезеңмен салыстырғанда әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 4%-ға артты.
2016 жылғы 17 наурыздан бастап «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекарасына дейін DAF жағдайында «Интер РАО» ЖАҚ электр энергиясының сатылуын жүзеге асырады. 2016 жылы Ресей Федерациясына шығарылған экспорттың көлемі 1 858 млн. кВт•сағ құрады.


www.aktobetec.kz


мұнай газы.

«АҚТӨБЕ ЖЭО» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ Ақтөбе облысындағы жылу және электр энергиясын өндіретін ірі табиғи монополия және Ақтөбе қаласындағы халықты орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етудің жалғыз көзі болып табылады. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ қызметінің негізгі бағыттары сапалы жылу және электр энергиясын өндіру арқылы жоғары технологиялық энергетикалық өндіріс құру болып табылады. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ міндеті энергия өндірген кезде табиғатқа ұқыптылықпен қарауды және барынша тиімділікті қамтамасыз етуді ескере отырып, тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен үздіктіс жабдықтау болып табылады. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ негізгі өндірістік үдерістер отын энергиясын жылу энергиясына (қазандықтарда отынды жағу) айналдыру болып табылады. Отынның негізгі түрі — табиғи газ бен ілеспе

1. Негізгі өнім: жылу және электр энергиясы

2. Коммерциялық тұтынушылардың дербес шоттарының саны:

- «Трансэнерго» АҚ
- «АЗХС» АҚ
- «Қазхром» ТҰҚ» АҚ
- «Лотос-Ақтөбе» ЖШС
- «Гоар» ЖШС
- «Завод ЖБИ-25» ЖШС
- «АС Газ Логистик» ЖШС
- «Стройдеталь» ЖШС
- «Актобе Строй Комбинат» ЖШС
- «Производственное объединение «КСМ» ЖШС
- «Ақтөбеенергоснаб» ЖШС
- «Энергосистема» ЖШС
- «Ақбұлақ» АҚ
- «Трансэнерго» АҚ.

3. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 болжам
Белгіленген электр қуаты, МВт	88	88	118	118
Белгіленген жылу қуаты, Гкал/ч	878	878	984	984
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ	667	666	906	900
Жылуды бөлу, мың Гкал	1 868	1 795	1 763	1 813

- өндірілген жылу энергиясы – 1 763 478 Гкал, олардың іске асырылғаны – 1 757 142 Гкал, жоспарда – 1 827 072 Гкал, азаю 2015–2016жж. және 2016–2017жж. жылыту маусымдарында температураның төмендеуіне байланысты.
- өндірілген электр энергиясы – 905 708 мың кВт•сағ, олардың сатылғаны – 781 707 мың кВт•сағ, жоспар – 745 642 мың кВт•сағ, артуы ТГ-3-ті конденсациялық режимде енгізуге байланысты

Бекітілген тарифтер бойынша тауарлық өнімнің сатылған көлемі және өзге табыстар негізінде жалпы табыс 8 410 978 мың теңгені құрады, ол жоспарда 8 958 346 мың теңге, азаю негізінде Уәкілетті органға мәлімдеген тарифтер бойынша есептелген жылу энергиясынан алған жоспарлық табыс есебінен болды.

Жоспарда 8 152 226 мың теңге болғанда КТС-ны ескере отырып, нақты өндірілген шығындар 8 014 355 мың теңгені құрады. Азаю негізінде сумен жабдықтау мен жөндеуге нақты өндірілген шығындар есебінен болды.

2016 жылдың қорытынды пайдасы 396 622 мың теңгені құрады, ал жоспар бойынша – 806 120 мың теңге. Азаю жағына өзгеруі жылу энергиясынан толық алынбаған кіріс негізінде болды.

4. Штаттық саны – 642 адам

5. Компанияның веб-сайты: www.aktobetec.kz

6. Компания тобының негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары: «ТГ–3 ауыстыру» ірі инвестициялық жобасы аяқталды. Турбиналық агрегат 2016 жылғы наурызда пайдалануға енгізілді. №3 станцияның турбиналық агрегатын іске қосу электр энергиясының белгіленген қуатын 118 МВт-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

«АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Алматы Электр Станциялары» акционерлік қоғамы – Алматы қаласы мен Алматы облысында жылу мен электр энергиясын өндіру қызметін жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйым. «АлЭС» АҚ Алматы өңірінің тұтынушыларын 70% электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етеді, электр энергиясын өндіру бойынша басым жағдайды иеленетін нарық субъектісі болып табылады. Қазіргі кезде «Алматы жылу желілері» ЖШС-ның жалпы ұзындығы 854,906 км магистральды, таратушы және орамшылқ желілері бар, жылу беру аймағы қаланың 128952 м² құрайтын аумағын алып жатыр. «Алматы жылу желілері» ЖШС – Қазақстанның оңтүстік астанасының негізгі тіршілік көзі болып табылатын қуатты жылу шаруашылығы болып табылады, ол тұрғын үйлерге, қоғамдық, мәдени-тұрмыстық және басқа мекемелерге жайлы жағдай туғызады. «Алматы жылу желілерінің» қызмет сапасын арттыру және тұтынушыға тұрақты бағдар ұстау бойынша белсенді саясаты соңғы бес жылда қаладағы жылу коммуникациялары тозуының 12,3%-ға азаюына алып келді.



www.ales.kz



1. Негізгі өнімі: жылу және электр энергиясы

2. Коммерциялық тұтынушылардың дербес шоттарының саны:

- «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
- «КазФерроСталь» ЖШС
- «Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Алматы энергиямен жабдықтау дистанциясы
- «Kaz Electro» ЖШС
- «Алматы Жылу Желілері» ЖШС
- «INTA 2006» ЖШС
- «Қуат» ЖШС
- «Асыл Тас» ҚК» ЖШС

- «ГРЭС» жылу кешені» ЖШС
- «Шолпанбекова К.И.» ШҚ
- «Тепловые сети» ЖШС
- «Волна» ЖШС

3. 2016 жылғы өндірістік қызметінің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 238,9	1 238,9	1 238,9	1 238,9
Белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ	3 814	3 814	3 814	4 049
Электр энергиясын өндіру, млн. кВт•сағ	5 036	5 086	5 911	5 130
Жылуды бөлу, мың Гкал	5 580	5 031	4 971	5 333

Есептік кезеңдегі негізгі қызметтен түскен кірістер 60,7 млрд.теңгені құрады, ол бекітілген жоспарда – 53,2 млрд. теңге. Жоспар 114%-ға орындалды.

Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу есебінен бекітілген жоспармен салыстырғанда электр энергиясын іске асыру көлемі 1 032 млн. кВт•сағ-қа өсті, осының нәтижесінде электр энергиясын өндіруден түскен кіріс 8,9 млрд. теңгеге өсті.

4. Штат саны: 3 209 адам

5. Компанияның веб-сайты: www.ales.kz

6. Компаниялар тобының негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары

2016 жыл оң қаржылық нәтижемен аяқталды, бұл ұжымның тәртіпке келтірілген жұмысы және Қоғамның энергия тиімділігін арттыру бойынша техникалық шаралар кешенін жүргізудің арқасында мүмкін болды, ол «АлЭС» бойынша электр энергиясын өндіру көлемін 991 млн. кВт•сағ-қа немесе бекітілген жоспардан 20%-ға арттыруға мүмкіндік берді. 2016 жылғы 21 қыркүйекте Алматы ЖЭО-2-ні қайта құру және кеңейту аясында №8 қазандық агрегатын іске қосу рәсімі өткізілді, ол белгіленген жылу қуатының 1 176 Гкал/сағ-тан 1 414 Гкал/сағ-қа дейін 238 Гкал-ға арттыруға өкеп соқты.



«БАЛҚАШ ЖЭС» АҚ (САЛЫНУ БАРЫСЫНДА) («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 50% – 1 АКЦИЯ, SAMSUNG C&T CORPORATION 50% +1 АКЦИЯ)

Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес, 2007 жылы қуатын 4 000 МВт-ға дейін ұлғайту мүмкіндігімен 3 000 МВт-ға дейін Балқаш ЖЭС-ін салу (Жоба) туралы шешім қабылданды. «Самұрық-Энерго» АҚ Балқаш ЖЭС-ін салуға арналған алаң Оңтүстік Қазақстан МАЭС-ін (ОҚМАЭС) салу жоспарланған Балқаш қаласынан оңтүстікке қарай 200 шақырым жерде, Алматы облысының Үлкен селосының аумағында. Балқаш ЖЭС-ін ҚР-ң Оңтүстік аймағындағы халықтың 40%-дан астамы тұратын өңірге электр энергиясы мен қуат тапшылығын жабу мақсатында салынып отыр.



«Балқаш ЖЭС» АҚ-ның акционерлері мыналар болып табылады:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ–50% орналастырылған акциялардың жалпы санынан минус 1 акция;
2. Samsung C&T Corporation (Оңтүстік Корея) – 50% орналастырылған акциялардың жалпы санына плюс 1 акция

Жоба бойынша ҚР-ғы электр энергиясының тапшылығын жабу мақсатында жылына 10,5 млрд. кВт•с электр энергиясын өндіру арқылы қуаты 1 320 МВт болатын екі блокты модульдің құрылысы жүріп жатыр. Іске асыру мерзімі: 2010–2022 жж.

1. Штат саны: 43 адам



6. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТАРАТУ



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның құрамына Алматы, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарына электр энергиясын жеткізетін, тарататын және жабдықтайтын ірі кәсіпорындар, табиғи монополиялар субъектілері кіреді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Жобаларды іске асыру аясында электр желілерінде инновациялық технологиялар, жабдықтар және материалдар қолданылады:

- жарылыстар мен өрттердің алдын алу жабдықтарымен жарақтандырылған электр энергиясын аз шығындайтын жаңа буынның күштік трансформаторлары;
- орналасқан алаңда өрт туындау ықтималдығы мен пайдалану шығыстарын айтарлықтай азайтатын 110–220 кВ (ЭКТҚ) элегазды оқшаулағышы бар кешенді тарату құрылғысы;
- заманауи микропроцессорлық техниканы қолдану негізінде орындалған релелік қорғаныс автоматика және телемеханика құрылғысы;
- авариялық жағдайларды тұрақтандыру мен жоюға, электр желілеріндегі жедел аудару өндірісіне жұмсалатын уақытты қысқартуға мүмкіндік беретін ақпаратты басқару, жинау және өңдеу (SCADA) жүйелері тұтынушыларды қосу бойынша жедел шығу бригадаларының жергілікті жерлерге шығуына жұмсалатын шығындарды азайтады;
- электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері (ЭЭКЕАЖ);
- полиэтиленнен тігілген оқшаулағышы бар, сенімді жұмыс істеуімен, жоғары өткізу қабілетімен, шығынының аздығымен, қауіпсіздігімен және пайдалану шығындарының аздығымен ерекшеленетін 35–110–220 кВ кабельдік желілер;
- коммерциялық шығасылар мен пайдалану шығындарын азайтуға ықпал ӘЖ–0,4 кВ өзін көтеретін оқшауланған сымдар (ӨКОС);
- өрт қауіпсіздігін арттыру және эксплуатациялық шығындарды азайту мақсатындағы 6–10 кВ вакуумдық ажыратқыштар;
- өткізгіштік қабілетін арттыру мақсатында ӘЖ–110 кВ үшін композитті материалдан жасалған сымдар;

Жинақтай келгенде бұл іс-шаралардың барлығы жаңа буынның (SmartGrid) жоғары интеграцияланған интеллектуалдық жүйе құраушы және таратушы электр желілерін кезең-кезеңмен өндіруге, электр желілерін серпінді басқаруға, қауіпсіздікті арттыруға және шығындарды үнемдеуге ықпал етеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАЛАРЫ

«110/10 кВ Түрксіб» ҚС салу»

Алматы қ. солтүстік бөлігінің өсіп отырған жүктемесін электрмен сенімді әрі үздіксіз жабдықтау үшін трансформаторлық қуаты 80 МВА болатын 110/10 кВ «Түрксіб» қосалқы станциясын салу жобасы іске асырылуда.

«Қарасай ауданында іргелес жатқан 35/10кВ ҚС-ның жүктемесін ауыстыра отырып, 110/10кВ Шамалған ҚС» (Үшқоңыр) және «110/10кВ «Шамалған станциясы» ҚС салу арқылы электр желілерін дамыту»

Жоба Алматы облысы Қарасай және Жамбыл аудандарының тұтынушыларын электрмен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруды, сондай-ақ электр желілеріндегі электр энергиясын шығынын азайтуды көздейді.

220 кВ Горный Гигант ҚС-ның жүктемесін кейіннен Горный Гигант ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ Ерменсай ҚС-ға ауыстыру

Жоба тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында іске асырылуда.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ



www.azhk.kz



«АЛАТАУ ЖАРЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 81,58%)

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген ең ірі энергетикалық жүйе болып табылады. «АЖК» АҚ Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындарына электр энергиясын жеткізумен және таратумен айналысады. Қазіргі кезде осы өлкенің барлық халқы – 2,5 миллион адам электр энергиясын пайдаланады. Аумағы бойынша Алматы облысында орналасқан, Балқаш көлінің жағалауынан ҚХР-мен шекараға дейін созылып жатыр. Қызмет көрсетілетін аумақтың алаңы – 102 232 шаршы км.

1. Негізгі қызмет түрі: электр энергиясын жеткізу және тарату

2. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ, Манас көшесі, 24 «б»-үй

3. Ірі тұтынушылар тізбесі:

- | | |
|--------------------------|----------------------|
| – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | – «МаА» АҚ |
| – «Kaz Electro» ЖШС | – «КазФерроСталь» АҚ |
| – «Су желісі» ШЖҚ МКК | – АМЭС АО «KEGOC» |
| – «Бастау» ШЖҚ МКК | – «МСЭС» АҚ |
| – «Тоспа Су» ШЖҚ МКК | – «ҚТЖ» ҰК» АҚ |
| – «АлЭС» АҚ | |

4. Ұйымдардың жеткізілім тізбегі:

Электр энергиясын ЭӨҰ-дан түпкі тұтынушыға дейін жеткізу

5. Негізгі маңызды оқиғалары мен жетістіктері:

Жұмыс істеп тұрған 6кВ 22А, 50А, 100А ҚС-ны «Алмалы» және жаңадан салынған «Медеу» мен «Шымбұлақ» ҚС ЭЖЖ-10 кВ 150А ҚС-дан 10кВ кернеуге ауыстылды, №19А ҚС-дан жаңадан салынған «Мамыр» ҚС-ға жүктеме ауыстырылды, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған №4А ҚС-ның жүктемесінің бір бөлігін жаңадан салынған 110/10–10 кВ «Алатау» ҚС-ға ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Жобаларды іске асырудың тиімділігі қос трансформациядан құтылу және «АЖК» АҚ электр желілеріндегі шығыстарды азайту, сондай-ақ 35кВ кернеу сыныбын жою арқылы 10кВ тарату желілерінің өткізгіштік қабілетін арттыру, 6кВ электр желілерін 10кВ жоғары кернеуге ауыстыру болып табылады.

6. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Электр энергиясын жеткізу, млн. кВт•сағ.	6 235	6 165	6 252	6 257

7. Штат саны: 3939 адам**8. Компанияның веб-сайты:** www.azhk.kz

9. Инфрақұрылымды дамыту, жаңғырту: 2016 жылы жалпы ұзындығы 383,84 км. желі қосымша 138 дана ТҚС-ны ауыстыра және орната отырып, қайта құрылды. Олардың ішінде: Алматы қ. бойынша: – 220,3 км желі және 82 дана ТҚС, Алматы облысы бойынша 163,54 км желі және 56 дана ТҚС. ЭЭКЕЖ-нің орталық және жоғарғы деңгейлері өнеркәсіптік пайдалануға берілді, орнатылған ЕҚ 13 982 дананы (жоба басталғаннан бері барлығы – 91 578 дананы) құрады.





www.mrek.kz



«МАҢҒЫСТАУ ЭЛЕКТР ТОРАПТЫҚ БӨЛУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 75% + 1 АКЦИЯ)

«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ – Қазақстанның ба-
тыс. өңіріндегі ірі кәсіпорындардың бірі, ол Маңғыстау облысындағы
электр энергиясын жеткізу мен тарату қызметін көрсету нарығында
басым жағдайға ие. «МЭБК» АҚ желілері бойынша тасымалданатын
электр энергиясының тоқсан пайызын өңірдің аса ірі мұнай өндіруші
компаниялары тұтынады. «МЭБК» АҚ табиғи монополиялар субъек-
тісі болып табылады, ол шарт негізінде Маңғыстау облысының (Ақтау
қ. басқа) өнеркәсіптік, әлеуметтік объектілері мен халқына өзіне ти-
есілі электр желілері бойынша «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС өн-
діретін электр энергиясын жеткізу, таратуды жүзеге асырады.

1. Негізгі қызмет түрі: электр энергиясын жеткізу және тарату

2. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау

облысы, Ақтау қ., құс фабрикасы ауданы

3. Ірі тұтынушылардың тізбесі:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ
- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
- «Қаражанбасмұнай» АҚ
- «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС
- «ҚазТрансОйл» АҚ БФ
- «Buzachi Operating Ltd» (Бузачи Оперейтинг Лтд) компаниясының филиалы
- «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ
- «Қарақұдықмұнай» ЖШС

4. Ұйымның энергия жеткізу тізбегі:

Электр энергиясын ЭЖҰ-дан түпкілікті тұтынушыға дейін жеткізу.

5. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Электр энергиясын жеткізу, млн. кВт•сағ.	2 718	2 518	2 490	2 554

6. Штат саны: 667 адам

7. Компанияның веб-сайты: www.mrek.kz

8. Инфрақұрылымды дамыту, жаңғырту: 2016 жылы 8 сәуірде жаңа «Өңірлік диспетчерлік орталықтың» жұмысы таныстырылды, ол Маңғыстау облысының (Ақтау қаласынан басқа) бүкіл энергетикалық кешенін неғұрлым тиімді басқаруды және оның барынша дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін болады.

«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ желілерінің ұзындығы 34 552,14 км. құрайды. Қызмет көрсететін аумағының алаңы – 283 300 шаршы километр. Компания Шығыс Қазақстан облысының 15 ауданына, 10 қаласына, 872 кент пен ауылына электр энергиясын жеткізеді, Шығыс Қазақстан облысында электр энергиясын жеткізу мен тарату бойынша аса ірі табиғи монополия субъектісі болып табылады.



www.ekrec.kz



1. **Негізгі қызмет түрі:** электр энергиясын жеткізу және тарату
2. **Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 070000, Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 10-үй
3. **Ұйымның ірі тұтынушыларының тізбесі:**
 - «Шығысэнерготрейд» ЖШС
 - «Өзен» ЖШС
 - «ӨТМК» АҚ
 - «Теміржолэнерго» ЖШС

4. **Ұйымның энергия жеткізу тізбегі:**

Электр энергиясын ЭЖҰ-дан түпкілікті тұтынушыға дейін жеткізу.

5. **Негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары:**

Кәсіпорынды дамыту мақсатында 2016 жылы «ШҚ АЭК» АҚ-да инвестициялық бағдарлама аясында 3 027,9 млн. теңге сомаға жұмыстар сатылды. Аталған қаражат желілер мен электр жабдықтарын салуға, жаңғыртуға, қайта құруға және жөндеуге жұмсалды. Инвестициялық бағдарламаның арқасында компания сонымен қатар электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін ендіруде, сондай-ақ өдеттегі жалаң сымды айырылған өзін көтеруші электр сымна ауыстыруды енгізуде. Аталған шаралардың барлығы тұтынушылар үшін қолайлы жағдай туғызға тікелей байланысты болып келетін энергиямен қамтамасыз ету сапасын арттырады.

6. **2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:**

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Электр энергиясын жеткізу, млн. кВт•сағ.	3 391	3 431	3 375	3 566

7. **Штат саны:** 3 129 адам

8. **Компанияның веб-сайты:** www.ekrec.kz

9. **Инфрақұрылымды дамыту, жаңғырту:** 2016 жылы 64 ҚС-ның жабдықтарын жаңғырту және қайта құру бойынша жұмыстар атқарылды, ЭЭКЕЖ-нің кіріктірілген 4 деңгейлі жүйесі өзірленіп, енгізілді, орнатылған ІҚҚ саны 33 433 дананы құрады.



www.esalmaty.kz



«АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС («САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ – 100%)

«Алматыэнергосбыт» ЖШС – Алматы мен Алматы облысының энергетикалық кешенінің бір бөлігі. Бұл ұйымның міндетіне Алматы қ. мен Алматы облысына түрлі энергия өндірушілерден электр энергиясын жеткізу, шарт жасау, тұтынушыларға электр энергиясын сату кіреді. Алматы қ. мен Алматы облысының 2,6 миллион тұрғыны мен 24000 кәсіпорнын электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

1. Негізгі қызмет түрі: энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алу және оны жекелеген тұтынушыларға сату

2. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Алмалы ауданы, Әйтеке би көшесі, 172/173-үй

3. Коммерциялық тұтынушылар саны:

Тұтынушылардың жалпы саны – 781 734

4. Ұйымның энергия жеткізу тізбегі:

ЭӨҰ-дан электр энергиясын сатып алу және оны түпкілікті тұтынушыға сату

5. Компаниялар тобының негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары:

2016 жыл 856 698 мың теңге – жағымды қаржылық нәтижемен аяқталды.

6. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Электр энергиясын сату, млн. кВт•сағ	5 946	5 771	5 767	5789

7. Штат саны: 530 адам

8. Компанияның веб-сайты: www.esalmaty.kz



«ШЫҒЫСЭНЕРГОТРЕЙД» ЖШС («ШҚ АЭК» АҚ – 100%)

«Шығыс Қазақстан Аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-ның еншілес кәсіпорны «Шығысэнерготрейд» ЖШС Шығыс Қазақстан облысының тұтынушыларына 283 300 км² жерге 498 271-ден астам электр энергиясын жеткізуші болып табылады. Қазіргі кезде компания Шығыс Қазақстан аумағындағы 10 қаланы, 15 ауданды, 30 көнтті және 870 басқа да елді мекенді электр энергиясымен жабдықтайды, оның үлесі 43%-ды құрайды.



www.shygys.kz



1. **Негізгі қызмет түрі:** энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу және оны жекелеген тұтынушыларға сату
2. **Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ворошилов көш., 156
3. **Коммерциялық тұтынушылардың жеке шоттарының саны:**
Жалпы тұтынушылар саны – 498 275
Ұйымның энергия жеткізу тізбегі
ЭӨҰ-дан электр энергиясын сатып алу және оны түпкілікті тұтынушыға сату.

4. **Негізгі маңызды оқиғалары, жетістіктері және қызметінің қорытындылары:**
1С 8.3 платформасына көшу, электронды шот-фактуралармен жұмыс жөніндегі мемлекеттік салық органдарының порталдарымен есепке алу жүйелерін интеграциялау, www.shygys.kz сайтындағы «Жеке кабинет», Android и iOS базасында ұялы құрылғылар үшін «Жеке кабинет» жаңартылды.

6. 2016 жылғы өндірістік қызметтің қорытындылары:

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Электр энергиясын сату, млн. кВт•сағ	2 707	2 643	2 671	2 629

7. **Штат саны:** 242 адам

8. **Компанияның веб-сайты:** www.shygys.kz



7. КӨМІР ӨНДІРУ




Қазақстанның көмір өнеркәсібі мемлекет экономикасының ірі саласының бірі болып табылады. Қазақстан көмір қорлары бойынша Қытайдан, АҚШ-тан, Ресейден, Австралиядан, Үндістаннан, БАӘ-ден, Украинадан ғана кейін қалып, көшбасшы елдердің ондығына кіреді. Мемлекеттік баланста 49 көн орны бойынша қорлар есепке алынды, ол 33,6 млрд.тоннаны құрайды, оның ішінде тас көмір – 21,5 млрд. тонна, қоңыр көмір – 12,1 млрд.тонна. Көмір кенішінің көп бөлігі Орталық (Қарағанды және Екібастұз көмір алабы, сондай-ақ Шұбаркөл кеніші) және Солтүстік Қазақстанда (Торғай көмір алабы).

Қазақстан Республикасы әлемдік нарықтағы ірі көмір өндірушілердің ондығына кіреді, ал ТМД елдері арасында қорлар бойынша үшінші орын, көмір өндіру бойынша – екінші және халықтың жан басына шаққанда көмір өндіру бойынша бірінші орын алады.

2016 жылғы жағдай бойынша, BP Statistical Review of World Energy деректеріне сәйкес, Қазақстан дәлелденген көмір қорларының көлемі бойынша әлемде сегізінші орын алады (33,6 млрд. тонна немесе жалпы әлемдік қордың 3,8%-ы).

Дәлелденген көмір қорларының көлемі, млрд. тонна




Рейтинг	Мемлекеттердің атауы	Дәлелденген көмір қорларының көлемі, млрд. тонна	Әлемдегі үлесі
1	АҚШ	237,3	26,6%
2	Ресей	157,0	17,6%
3	Қытай	114,5	12,8%
4	Австралия	76,4	8,6%
5	Үндістан	60,6	6,8%
6	Германия	40,5	4,5%
7	Украина	33,8	3,8%
8	Қазақстан	33,6	3,8%
9	БАӘ	30,1	3,4%
10	Индонезия	28,0	3,1%
	Басқалар	79,7	9,0%
	Барлығы	891,5	100%

Қазіргі заманда республиканың көмір саласы Қазақстандағы электр энергиясы өндірісінің 74%, кокс химиялық өндірісін жүз пайыз тиеуді қамтамасыз етеді, коммуналдық-тұрмыстық сектордың және халықтың отынға мұқтаждығын толық қанағаттандырады.

Қазақстан Республикасында көмір өндірісінде 2013 жылдан бері қарайғы кезеңде жылына 5%-ға дейін көмір өндіру қарқынының азаюы байқалады. KAZENERGY–2015 Ұлттық баяндамасына сәйкес, 2020 жылдан кейін көмірді басқа энергия көздерімен (табиғи газ бен атом қуаттарымен) ішінара ығыстыру болжанады. 2030 жылға қарай энергетикадағы көмір үлесінің 50%-ға дейін (қазіргі 66%-дан) және 2040 жылы шамамен 40%-ға дейін азаяды деп болжануда.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша, 2016 жылы көмір өндіру көлемі **98,0 млн. тонна** (жоспарға 96,5%) құрайды. Мұнда, ішкі нарықта 71,8 млн. тонна, экспортқа – 26,2 млн. тонна жеткізілді (2015 жылға 90%). 2017 жылғы жоспар бойынша – **100,0 млн. тонна**, олардың ішінде экспортқа – 30 млн. тонна, ішкі нарыққа – 70 млн. тонна.

Көмір өндіру, млн. тонна



Жедел деректер бойынша, 2016 жылы көмір экспорты **26,2 млн. тоннаны** құрады, бұл 2015 жылға қарағанда **3,0 млн. тоннаға** (29,2 млн. тонна) аз.

«Жасыл» экономикаға көшудің әлемдік үрдістері қатты отынды тұтыну көлеміне әсер етеді.

Қазіргі уақытта елімізде көмір өндіру ішкі нарықтағы сұраныстан елеулі түрде артық. Оның сыйымдылығын арттыруды ұзақ мерзімді келешекте жаңа электр станцияларын іске қосу есебінен ғана болжамдауға болады.

Әлемдік трендтерді, сондай-ақ Қазақстанның жасыл экономикаға көшуін есепке ала отырып, **көмір химиясын** дамытуға өткір қажеттілік туындады. Бұл бағыт

өнімді тұтыну қасиеттерінің сапалы өзгерістерін, сәйкесінше, оның нарықтық құнын арттыруды қамтамасыз етуі мүмкін, ал ең бастысы – энергетикалық көмір нарығының шегінен шығуына мүмкіндік береді.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӨМІРДІ ЭКСПОРТТАУ

Энергетикалық көмірді Ресейге экспорттау Қазақстаннан шығатын жиынтық экспорттың негізгі үлесін (жиынтық 26,2 млн. тоннадан 84%-ы) құрайды. Ресей Федерациясында қазақстандық көмірге арнап жобаланған электр станциялары негізгі сұранысты қамтамасыз етеді. Қазақстанның көмір импортының көлемі Ресейдегі көмірді жалпы тұтыну көлеміне тәуелді, алайда, оны Ресейдің көмір өндірісінде пайдалану үлесі соңғы кездері азайып келеді және шамамен 20%-ды құрайды.

	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Өндіру	110,1	114,3	112,8	107,6	102,2	98,0
Көмірді экспорттау	33,6	32,8	32,9	30,4	29,2	26,2
соның ішінде,						
Ресей Федерациясы	29,8	29,4	27,7	24,4	22,0	22,0
РФ-ның электр станцияларына	27,7	27,6	24,9	21,1	19,0	

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының 12 электр станциясына көмір жеткізетін көмір өндіретін компанияларының тізімі:

1. «Богатырь Көмір» ЖШС (көмір маркасы КАТ);
2. «ЕЭК» АҚ (көмір маркасы КАТ);
3. «Ангренсор-Энерго» ЖШС (көмір маркасы КАТ);
4. «Майкубен-Вест» ЖШС (көмір маркасы ҚЗ, Ұ);
5. «Оң-Олжа» ЖШС (көмір маркасы ҚЗ).

Ресей Федерациясының энергетикасын дамыту дегеніміз Урал электр станцияларындағы тұтынатын көмірді Екібастұз көмірінен Кузнецк көміріне кезең-кезеңімен көшіру болып табылады. Ресей бағытына Екібастұз көмірін жеткізу бойынша экспорттық көлемді арттыруға басымдық беріліп отырған жоқ, өйткені РФ Үкіметінің өкімі бойынша, Ресей өнеркәсібін дамытудың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарламаға сәйкес, РФ электр станцияларындағы тұтынылатын көмірді Қазақстан (Екібастұз) көмірінен Кузнецк көміріне ауыстыру және Ресейдің жекелеген электр станцияларын газға көшіру қарастырылады.

2016 жылғы 4 ақпанда ҚР Энергетика министрлігі мен РФ Энергетика министрлігінің арасында Ресейдің Электр өндіруші кәсіпорындардың Қазақстан көмірін тұтынудың 2016–2022 жылдарға арналған индикативтік болжамына қол қойылды. Аталған болжамға сәйкес, 2016 жылы Ресейге көмір экспорттау шамамен 22,0 млн. тонна, 2017 жылы – шамамен 19,8 млн., 2018 жылы – 20,8 млн., 2019 жылы – 20,7 млн., 2020 жылы – 20,2 млн., 2021 жылы – 21,0 млн., 2022 жылы – 20,5 млн. тоннаны құрайды.

Ресейдің өндіруші компанияларының жоспарларына сәйкес, орта мерзімді келешекте Қазақстанның көмірмен жұмыс істейтін қуаттарын ішінара азайту жоспарланды. Көптеген электр станциялары 40 жылдан аса жұмыс істеп келеді, ал 2030 жылы ол 60–80 жылдарға жетеді, сондықтан олардың қуаттары ішінара пайдаланудан шығарылуы мүмкін.

2016 жылғы тұтыну көлемін мәлімделген көлемнен азайтқан РФ электр станциялары:

1. Рефтинск ГРЭС-і (–337,0 мың тонна);
2. Троицк ГРЭС-і (–30,0 мың тонна);
3. Серов ГРЭС-і (–315,0 мың тонна);
4. Омбы ЖЭО–4,5 (–1 038,5 мың тонна);
5. Оңтүстік-Урал ГРЭС-і (–581,2 мың тонна)

2013 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 2014 жылдың 12 айы үшін РФ-ға көмір экспорттау 3,8 млн. тоннаға азайды.

САЛАНЫҢ РЕТТЕУ ОРТАСЫ

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2004 жылғы 9 шілдедегі №588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде уәкілетті орган атынан электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асырады. Электр энергиясын өндіру секторы аталған заңнамалық актімен реттеледі.

Электр энергиясын жеткізу және үйлестіру бойынша қызметтер табиғи монополиялар саласы болып табылады және «Табиғи монополиялар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі №272-I Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Табиғи монополиялар саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2014 жылғы 15 қазандағы №67 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті көмір саласында:

1. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалануға мемлекеттік бақылау жасау;
2. Өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт талаптарын орындауына мониторинг жүргізу мен бақылау;
3. Жер қойнауына мемлекеттік мониторинг жүргізу;
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

КӨМІР ӨНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қазақстанның электр энергетикасы үшін көмір өндіру маңызының жоғары болуы таза көмір технологияларын дамыту қажеттігін айқындайды.

Будың тым шамадан тыс қауіпті параметрлері

Көмір энергетикасындағы негізгі үрдіс будың жоғары шамадан тыс. қауіпті және тым шамадан тыс. қауіпті параметрлеріне көшу болып табылады. Бұл энергетикалық құрылғының пайдалы өсер коэффициентінің (ПӨК) өсуін қамтамасыз етеді, ол өз кезегінде отын шығынының, сәйкесінше қоршаған ортаға шығарындылардың азаюына әкеп соғады. Дәстүрлі параметрлері 38–39% болса, мұндай энергетикалық құрылғылардың ПӨК-і 41–45%-ға дейін жетеді.

Айналма қайнау қабатындағы жағу (АҚҚ)

АҚҚ технологиясы қазандық оттығындағы төмен температура есебінен азот тотықтарының шығарындыларын азайта отырып, сапасы төмен көмірді, күлі көп көмірді тиімді жағуға мүмкіндік береді.

Бу-газды цикл

Заманауи бу-газды құрылғыларда шамамен 55–60% ПӘК бар. Одан үлкен тиімділік ЖЭО-БГҚ-ларда, сондай-ақ көдеге жаратушы су жылытатын қазандықтары бар ГТҚ-ларда бар. Тиімділігінің жоғары болуы CO₂-нің төмен үлестік шығарындыларна байланысты. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның келешек жоспарларында көдеге жаратушы су жылытатын қазандықтары бар газ-турбиналық құрылғыларды салу бар.

Көмірқышқыл газын тұту және сақтау (КТС)

Әлемде КТС технологиялары негізгі үш бағыт бойынша дамиды:

- CO₂-ні жаққанға дейін тұту,
- CO₂-ні жаққаннан кейін тұту (табиғи резервуарларға мұнайлы қабаттарды айдау, жасыл өсімдіктерді фотосинтездеу процесінде тұту),
- көмірді оттекті жағу.

Қазіргі уақытта аталған технологиялар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтан өту сатысында. Кең ауқымды қолдану қаржылық және техникалық тәуекелдерге байланысты.

«БОГАТЫРЬ КӨМІР» ЖШС

Қазақстанда энергетикалық көмірдің нарығы біршама фрагменттелген – жиынтық өндірудің шамамен 36% қамтамасыз ететін ірі ойыншы «Богатырь Көмір» ЖШС болып табылады. Негізгі өнім ашық төсілмен өндірілетін «Богатырь Көмірдің» көмірі болып табылады. Оның маркасы КАТ (кокстық, аз жентектелетін, төмен метаморфты) және Қазақстан мен Ресейдің жылу электр станцияларын күл тәрізді жағуға арналған, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар үшін ішінара пайдаланады (ҚР СТ 1383–2005).

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы **«Forum Muider B.V.»** компаниясы болып табылады, ол Нидерландта тіркелген «Самұрық-Энерго» АҚ мен РУСАЛ бірлескен компаниясының 50% / 50% тең иелік ету үлесі бар бірлескен кәсіпорын және холдингтік компания болып табылады.

1. Ұйымның көмір жеткізу тізбегі

Өндірілетін энергетикалық көмірдің негізгі үлесі Қазақстан Республикасы энергетика саласының мұқтаждарына және экспортқа (сәйкесінше, 51% және 31%), қалған көлемдері – халықтың коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждары мен өнеркәсіптік кәсіпорындарға (сәйкесінше, 13% және 5%) жұмсалады.

2. Қазақстандағы коммерциялық тұтынушылардың дербес шоттарының саны:

- «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
- «АлЭС» АҚ
- «Астана-Энергия» АҚ
- «СевКазЭнерго» АҚ
- «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС
- «Көкшетау Жылу» ШЖҚ ҚМК
- «Павлодарэнерго» АҚ ПЖЭО-2,3
- «Павлодарэнерго» АҚ ЕЖЭО
- «Bassel Group LLS» ЖШС
- «Степногорск ЖЭО» ЖШС
- «Bassel Group LLS» ЖШС

Ресейде:

- Рефтинск ГРЭС-і – «Энел ОГК-5» ААҚ филиалы
- Троицк ГРЭС-і – «ОГК-2» ААҚ филиалы
- Серов ГРЭС-і – «ОГК-2» ААҚ филиалы

- РҚ-дағы тұтынушыларға «Богатырь Көмір» ЖШС көмірді дербес сатады.
- РФ-ға «Ресурсэнергоуголь» ЖШҚ арқылы.

3. Компанияның жиынтық өнеркәсіптік қорлары шамамен 3 млрд. тонна көмірді құрайды.

Көрсеткіш	2014 нақты	2015 нақты	2016 нақты	2017 болжал
Көмірді өндіру (млн.тонна)	38,0	34,5	35,1	33,9

2016 жылғы 12 ай ішінде «Богатырь Көмір» ЖШС 35,1 млн. тонна көмірді өндірді (жоспардағы көрсеткіштер 7,8%-ға арттырылды), тұтынушыларға 35,08 млн. тонна жіберілді (сату бойынша жоспардағы көрсеткіштер 7,8%-ға арттырылды).

4. **Штатық саны:** 6 843 адам
5. **Компанияның веб-сайты:** www.bogatyr.kz

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның 2016 жылғы көмір сату жоспарын орындауы

Тұтынушының атауы	Жыл				
	2015	2016		2015 ж.	2016 ж.
	нақты	жоспар	нақты	%-ы	%-ы
«АлЭС» АҚ	3 081	2 900	2 964	96,2%	102,2%
«Қарағанды Энергоорталық» ЖШС	3 159	3 000	3 219	101,9%	107,3%
«Астана-Энергия» АҚ	2 935	2 800	2 923	99,6%	104,4%
«Павлодарэнерго» АҚ ПЖЭО-2, 3			2 409		
«Степногорск ЖЭО» ЖШС	971	850	952	98,1%	112,0%
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	6 799	7 000	5 557	81,7%	79,4%
«Екібастұз ГРЭС-2 станция» АҚ	1 712	2 500	2 961	172,9%	118,4%
«Bassel Group LLS» ЖШС	391	300	535	136,8%	178,3%
«СевКазЭнерго» АҚ	2 441	2 400	2 668	109,3%	111,2%
«Павлодарэнерго» АҚ ЕЖЭО	496	500	474	95,5%	94,8%
«Көкшетау Жылу» ШЖҚ ҚМК	267	250	263	98,5%	105,2%
Коммуналдық-тұрмыстық	1 083	800	929	85,8%	116,1%
Қазақстан:	23 335	23 300	25 854	110,8%	111,0%
Рефтинск ГРЭС-і, ОГК-5	8 549	8 000	8 337	97,5%	104,2%
Верхнетагил ГРЭС-сі, ОГК-1	615	0			
Серов ГРЭС-і, ОГК-2	757	600	285	37,6%	47,5%
Троицк ГРЭС-і, ОГК-2	528	600	569	107,8%	94,8%
Курган ЖЭО	138	0	37	26,9%	
Ресей:	10 587	9 200	9 228	87,2%	100,3%
БАРЛЫҒЫ:	33 923	32 500	35 082	103,4%	107,9%





8. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАСАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ



Шардара СЭС



Қайрат Мақсұтов

«Самұрық-Энерго» АҚ
Экономика және қаржы
жөніндегі басқарушы директоры

Қоғамның 2016 жылғы электр энергетикасы және көмір саласындағы қызметі бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

Шоғырлану бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті әзірлеген кезде бірыңғай тәсілді қолдану мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Соған қоса, қолданыстағы есептік саясатқа сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы баға бойынша, яғни қайта бағалауды есепке алмай жүргізіледі.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, шоғырландырылған баланста үлестік қатысу тәсілін қолданған кезде «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелік ету үлесі 50% – ды құрайтын «ЕГРЭС-2 ст.» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымдары жойылды. Бұған қоса, үлестік табысты 49,99% иелік ету үлесі бойынша «Балқаш ЖЭС» АҚ қауымдасқан компаниясының қаржылық нәтижесі көрсетіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастырған кезде аталған компаниялар бойынша табыс үлесі «үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын ұйымдардың табыс/шығын үлесі» бабында көрсетіледі.

2016 жылға арналған бекітілген Даму жоспарына сәйкес, жекешелендіруге жататын активтер – «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ, «Шығысэнергострейд» ЖШС, «МЭБК» АҚ, «ТМ» ЖШС, «ММ» ЖШС негізгі қызмет бөлігінде ескерілді.

2016 жылы 23 қарашада Қоғамның Директорлар кеңесі Үкіметтің активтерді жекешелендіру туралы қаулысына сәйкес, бірқатар еншілес ұйымдарды жекешелендіру жөніндегі жоспарын мақұлдады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, барлық активтер мен «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ, «Шығысэнергострейд» ЖШС, «МЭБК» АҚ, «ТМ» ЖШС, «ММ» ЖШС істен шыққан топқа енгізілді.

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015	2016	2017	2018
		нақты	нақты	болжал	болжал
Таза табыс	млрд. теңге	-77,83	17,76	10,39	19,32
Бағам айырмашылығын есепке алмағандағы таза табыс *	млрд. теңге	29,01			
EBITDA	млн. теңге	76 496	71 581	74 171	97 603
EBITDA Margin	%	42%	39%	36%	39%

* Шығындардың әсерін есепке алмағандағы бағам айырмасы бойынша қорытынды пайда.

Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесінде 2015 жылғы нақты шығын (-77,8) млрд. теңге болған жағдайда компания есептік кезеңде 17,8 млрд. теңге **мөлшерінде пайда** тапты.

2015 жылы теңгенің айырбас бағамының төмендеу себебінен 106,9 млрд. теңге сомасында бағам айырмасы бойынша шығыстар көрсетілді, соның ішінде: 85,8 млрд.теңге – Корпоративтік орталық (Қоғам) және «Мойнақ СЭС» АҚ валюталық заемдары бойынша және үлестік компаниялар «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша 21,1 млрд. теңге


Бағам айырмасы бойынша шығындардың әсерін есепке алмағанда, 2015 жылдың нәтижесімен салыстырғанда азаю экономикадағы дағдарыс құбылысына байланысты іске асыру көлемі мен тарифтердің төмендеуіне байланысты «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның операциялық табыстың төмендеуіне негізделді. Бекітілген Даму жоспарына сәйкес, 2017 жылғы табыс 10,39 млрд. теңге мөлшерінде, 2018 жылы 19,32 млрд. теңге деңгейінде жоспарланады.

Компанияның 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарында мына активтерді – «Тегис Мунай» ЖШС, «Мангышлак Мунай» ЖШС, «ШҚ АЭК» АҚ, «Шығысэнерготрейд» АҚ, «МЭБК» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ны сату қарастырылды, 2017 жылғы болжалда тоқтатылған қызметке жатқызылды, «АЖК» АҚ-ны, «АлЭС» АҚ-ны, «Алматыэнергосбыт» ЖШС-ны 2019 жылы сату қарастырылды.

2015 жылы 76,5 млрд. теңге болған жағдайда 2016 жылы **EBITDA** көрсеткіші 71,6 млрд. теңгені құрады. Сату көлемі мен тарифтердің азаюы «ГРЭС-1» ЖШС-ның 2016 жылғы операциялық табысына теріс әсер етті, бұл EBITDA көрсеткішіне ықпал етті. 2017 жылғы болжамды көрсеткіш 74,1 млрд. теңге деңгейіне дейін теңеледі, оның өсімі негізінде 2016 жылмен салыстырғанда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның электр энергиясын сату көлемінің артуына байланысты. 2018 жылғы болжалда экспорт әлеуетінің есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның сату көлемін одан өрі ұлғайту жоспарланады.


EBITDA margin көрсеткішінде 2016 жылға қарай **шамалы төмендеу** (39%) және жылдар бойынша одан өрі кезең-кезеңімен түзелу **үрдісі бар**.

Бизнес сегменттері бойынша операциялық пайда



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2016 жылғы «Самұрық-Энерго» АҚ э/э жалпы өндіру үлесі




2016 жылғы ҚР электр энергиясының жалпы өндірісінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның үлесі 24%-ды құрады, 2015 жылмен салыстырғанда үлес 1%-ға өсті.

Өндірістік НҚК (өндірушілер бөлігінде)


ЕТҰ атауы	2015 ж.	2016 ж.	2016 жылдан 2015 жылға аутқуы	2017 ж. (болжам)	2018 ж. (болжам)
Электр энергияны өндіру көлемі, млн.кВт•сағ					
«АлЭС» АҚ	5 086	5 911	116%	5 130	5 130
«Актобе ЖЭО» АҚ	666	906	136%	900	
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	10 729	9 037	84%	11 138	14 700
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	3 211	4 976	155%	5 459	5 100
«ЖГРЭС» АҚ (активті сату сәтіне дейінгі факт – 2015 ж. 15 мамырға дейін)	1 176		0%		
«Шардара СЭС» АҚ	465	334	72%	320	378
«Мойнақ СЭС» АҚ	903	1 166	129%	906	906
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,2	3,2	101%	3,3	3,2
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	79	152	192%	172	172
Жиынтығы	22 318	22 485	101%	24 029	26 389
Электр энергиясын тарату көлемдері, млн. кВт•сағ					
«АЖК» АҚ	6 165	6 252	101%	6 257	6 889
«ШҚ АЭК» АҚ	3 431	3 375	98%	3 566	
«МАЭК» АҚ	2 518	2 490	99%	2 554	
Жиынтығы	12 114	12 118	100%	12 377	6 889
Электр энергиясын сату көлемдері, млн. кВт•сағ					
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	5 771	5 767	100%	5 789	6 410
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	2 643	2 671	101%	2 629	
Жиынтығы	8 414	8 438	100%	8 418	6 410
Жылу энергиясын өндіру көлемдері, мың Гкал					
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 031	4 971	99%	5 333	5 333
«Актобе ТЭЦ» АҚ	1 795	1 763	98%	1 815	
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	81	71	87%	76	76
«ЖГРЭС» АҚ (активті сату сәтіне дейінгі факт – 2015 ж. 15 мамырға дейін)	5,3		0%		
Жиынтығы	6 913	6 805	98%	7 223	5 409
Көмірді сату көлемдері, млн. тонна	33,9	35,1	103%	33,9	36,1

2016 жылғы **электр энергиясын өндіру көлемі** 2015 жылға қарағанда 1%-ға ұлғайды («ЖГРЭС» АҚ энергия өндіру көлемін ескере отырып). Энергия өндіру көлемінің ұлғаюы негізінде «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның 1 859 млн. кВт•сағ көлемінде электр энергиясын Ресейге экспорттауы нәтижесінде, сондай-ақ су ағынының өсуі есебінен «Мойнақ СЭС» АҚ мен «Қапшағай СЭС» АҚ-ның, «АлЭС» АҚ-ның 1 128 млн. кВт•сағ-қа өндіріс көлемін арттыру есебінен болды.

ЖЭС-те, ЖЭО-да э.э. өндіру көлемі (млн.кВт•сағ)



СЭС, ЖЭС, КЭС-да э.э. өндіру көлемі (млн.кВт•сағ)



■ 2015 ■ 2016

ӨЗГЕ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

БҚПК (белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті)

Белгіленген қуаты №3 турбиналық генераторды іске қосу есебінен ұлғайған Ақтобе ЖЭО-ны қоспағанда, 2016 жылы барлық энергия өндіруші станциялар бойынша белгіленген қуат 2015 жылғы деңгейде болды.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС БҚПК-ның төмендеуі

ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұтыну экономикасындағы дағдарыстық құбылыстарға, 2016 жылы су ағынының ауытқымалы өсуімен байланысты неғұрлым тарифі төмен энергия көздерінен (СЭС) электр энергиясын сатып алуға байланысты.

БҚПК-ның төмендеуіне қарамастан «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС энергия блоктарының оңтайлы режимде жұмыс істеуі, ЖҚҚ-ны неғұрлым жоғары деңгейде пайдалану есебінен **ШОУШ-ны** 371 г/кВт•сағ-тан 370 г/кВт•сағ-қа дейін **азайтуға** қол жетті.


«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ БҚПК-ның өсуі

э/энергиясын экспортқа сатудың ұлғаюына байланысты. **ШОУШ** БҚПК-ның өсуі есебінен 394 г/кВт•сағ-тан 393 г/кВт•сағ-қа дейін **азайды**.

«АлЭС» АҚ БҚПК-ның өсуі

су ағынының ұлғаюына байланысты Қапшағай СЭС-і өндірісінің ұлғаюына байланысты. ШОУШ-тың төмендеуі электр энергиясын босатуға арналған отынның

Белгіленген қуат (МВт)


■ 2015 ж. белгіленген қуаты
■ 2016 ж. белгіленген қуаты

үлестік шығыны неғұрлым төмен ЖЭС электр энергиясының өндірісінде ЖЭО-2 үлесін арттыруға байланысты.

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ БҚПК-ның өсуі №3 турбиналық генератордың іске қосылуына байланысты.


ШОУШ-тың ұлғаюы №3 турбиналық генератордың конденсаттық режимде жұмыс істеуіне байланысты.

Белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті (%)




■ 2015 ■ 2016

Электр энергиясын босатуға арналған шартты отынның үлестік шығыны (г/кВт•сағ)



2016 жылы **жылу энергиясын өндіру көлемінің** 2%-ға (108 мың Гкал-ға) төмендеуі климаттық температурамен салыстырғанда сыртқы ауа температурасының неғұрлым жоғары болуына байланысты жылыту жүктемесінің азаюына байланысты.

Жылу энергиясын өндіру көлемінің өзгеру динамикасы, мың Гкал




■ 2015 ■ 2016

Электр энергиясын босату көлемі – 12 117,6 млн. кВт•сағ құрады, ол 12 113,6 млн. теңге 2015 ж. көлемінің деңгейіне қарағанда болмашы өскен (4 млн. кВт•сағ-қа өсті).


Желілердегі шығындар «АЖК» АҚ мен «МЭБК» АҚ желілерді және ЭКЕАЖ-ды, тиісінше 0,8%-ға және 0,2%-ға жаңғырту жөніндегі шараларды жүргізу есебінен төмендейді. Алайда босату көлемінің 56 млн. кВт•сағ-қа төмендеуі есебінен «ШҚ АЭК» АҚ шығындар 0,7%-ға арттырылды. Жалпы алғанда, барлық АЭК бойынша шығындардың деңгейі ҚР ТМРК белгілеген нормативтен төмен.

2016 жылғы қорытынды бойынша электр жеткізу желілерінің созылымы 69 203 км құрады, бұл ұқсас кезеңнен 0,4%-ға немесе 240 км-ға жоғары.

*Электр энергиясын тарату көлемі (млн.кВт•сағ)
және желілердегі шығындар (в%)*



Электр жеткізу желілерінің ұзындығы (км)



Желілер созылымының ұлғаюы негізінде «АЖК» АҚ есебінен болды, олар:

- 2016 жылға арналған инвестициялық бағдарламаны іске асыру;
- бар желілерді қайта құру;
- басқа ұйымдардың электр желілерін «АЖК» АҚ балансына қабылдау;

Есептік кезеңдегі ЭЖҰ-да электр энергиясын **сатудың жалпы көлемі** 8 438 млн. кВт•сағ құрады, ол іс жүзінде 2015 ж. деңгейге тең (0,3%-ға өсті).

Тұтынушылар санының артуына қарамастан, тұтыну көлемі төмендегі себептер бойынша елеулі өзгеріссіз қалды:


«АлматыЭнергосбыт» ЖШС – 2015 жылғы нақты көрсеткіштермен салыстырғанда өнеркәсіп санаты бойынша 2016 жылғы азаю 2,7% немесе 21,97 млн. кВт•сағ құрады, ол өнеркәсіп және өзге қызмет салаларында өндірістің өсу қарқынының баяулауы; орташа айлық температураның жоғарылауы және тұтынушылардың басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымның қызметіне өтуі есебінен болды. Аталған төмендеу «халық» санаты бойынша өсімімен өтеледі, 2015 ж. қарағанда 2016 ж. нақты өсім 1,4% немесе 26,9 млн. кВт•сағ құрады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС – тұтыну көлемінің төмендеуі негізінде бюджеттік және құрылыс саласындағы заңды тұлғаларға қатысты.

Атауы	2015 жыл	2016 жыл	Ауытқу	%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС				
Тұтынушылар саны, о.і.:	765 373	781 734	16 361	2%
Халық	737 813	752 711	14 898	2%
Заңды тұлғалар	27 560	29 023	1 463	5%
Сату көлемі, млн. кВт•сағ	5 771	5 767	–4	0%

Атауы	2015 жыл	2016 жыл	Ауытқу	%
«ШығысЭнергоТрейд» ЖШС				
Тұтынушылар саны, о.і.:	496 147	498 271	2 124	0%
Халық	475 633	477 677	2 044	0%
Заңды тұлғалар	20 514	20 594	80	0%
Сату көлемі, млн. кВт•сағ	2 643	2 671	28	1%

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірінің сату (мың тонна)



Көмір сату көлемінің 3%-ға (немесе 1,2 млн.тоннаға) өсуі Ресей тұтынушыларының, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ сұранысының артуына негізделген.

2016 жылғы аршу коэффициенті 0,696 м³/тонна, бұл ретте осыған ұқсас кезеңде – 0,700 м³/тонна.

Алдағы кезеңге болжал:

2017–2018 жылдарға болжанған электр энергиясын өндіру көлемінің 2016 жылдың фактісіне қатысты кезең-кезеңмен өсуі арқылы болжанады. 2017 жылғы электр энергиясын өндіру көлемінің 1 544 млн. кВт•сағ-қа өсуі негізінде «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ мен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС станцияларының экспорттық әлеуеті есебінен жоспарланады.

2018 жылғы болжалда электр энергиясын өндіру көлемі 2017 жылғы жоспарға қарағанда 10%-ға немесе 2 360 млн. кВт•сағ-қа арттырылады.

2017 жылғы жоспарда жылу энергиясын өндіру көлемі негізінде «Алматы электр станциялары» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру көлемін арттыру және «Ақтөбе ЖЭО» АҚ активін сатумен байланысты 2017 жылғы жоспарға қарағанда 25%-ға азаю есебінен 2016 жылдың деректеріне қарағанда 6%-ға өсіру жоспарланады.

2017 жылы электр энергиясын босату және тарату көлемі бойынша «МЭБК» АҚ мен «ШҚ АЭК» АҚ тұтынушылар өтінімдерінің артуы есебінен өсу және 2018 жылы аталған активтерді сатумен байланысты азаю болжанады.

2017 жылғы болжамда электр энергиясын сату көлемі 2016 жылғы факті деңгейінде болжанады. 2018 жылғы болжамда электр энергиясын сату көлемі «ШығысЭнерготрейд» ЖШС активін сатумен байланысты 2 009 млн. кВт•сағ-қа немесе 24%-ға азаюы болжалады.

2018 жылғы болжамда көмірді сату көлемі 2016 жылға қарағанда 1,2 млн. тоннаға төмендейді немесе 3%-ға төмен.

2018 жылғы болжамда көмірді сату көлемі 2017 жылға қарағанда 6%-ға немесе 2,2 млн. тоннаға өседі. 2017–2018 жылдарға арналған көмірді өндіру және іске асыру көлемі ҚР мен РФ электр энергиясын өндірудің болжалды көлемін ескере отырып қарастырылды.

ШЫҒЫНДАРДЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниясының құнын арттыру әлеуетін анықтау жөніндегі шараларды іске асыру аясында «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп шығындарды оңтайландыру бойынша 10 бастама өзірленді. 2017–2021жж. арналған бекітілген Даму жоспарында 102,8 млрд. теңге сомасына төмендегі бастамалардың орындалуы қарастырылды, соның ішінде:

- 19,1 млрд. теңге сомасына технологиялық мұқтаждарға арналған отынның, судың үлестік шығындарын қысқарту;
- 4,2 млрд. теңге сомасына ОЭР-энергиясын үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру;
- 2,5 млрд. теңге сомасына ағымдағы жөндеулерге арналған шығындарды оңтайландыру;
- 1,2 млрд. теңге сомасына әкімшілік шығындарды оңтайландыру;
- 49,2 млрд. теңге сомасына өндірістік активтерді жұмыс күйінде қолдауға арналған күрделі шығындарын оңтайландыру;
- «Шоғырландырылған жоспарлау жүйесі» жобасын іске асыру кезінде 10,1 млрд. теңге сомасына ағымдағы шығындарды оңтайландыру;
- «Жобаларды басқарудың бірыңғай жүйесі» жобасын іске асыру кезінде 8,4 млрд. теңге сомасына ағымдағы шығындарды оңтайландыру;
- «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқарудың жаңа моделін өндіру» жобасы нәтижесінде 8,1 млрд. теңге сомасына ағымдағы шығындарды оңтайландыру.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

№ р/с	Көрсеткіш, млн. теңге	2015 ¹	2016	2017 (болжал)	2018 (болжал)
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден алған табыс	183 822	181 310	204 388	249 871
1.1.	Электр энергиясын өндіруден	127 828	124 085	133 367	164 936
1.2.	Энергия жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатудан	88 215	90 284	94 392	106 363
1.3.	Жылу энергиясын өндіруден	13 659	13 991	17 161	18 833
1.4.	Электр энергиясын жіберу және таратудан	32 095	33 448	36 477	41 609
1.5.	Химиялық тазартылған суды сатудан	1 671	1 662	1 671	1 693
1.6.	Құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстарынан	0	0	0	0
1.7.	Жалға беруден	2 565	3 504	3 536	3 535
1.8.	Басқалардан	950	778	763	931
2	Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	128 695	136 127	157 070	180 252
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	83 000	91 658	99 437	111 506
2.2.	Энергия жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатудың өзіндік құны	88 066	88 644	93 304	105 285
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	13 430	13 699	16 674	17 973
2.4.	Электр энергиясын жіберудің өзіндік құны	25 375	26 506	28 812	31 650
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны	1 645	1 614	1 666	1 703
15	Топтың акционерлеріне тиесілі қорытынды табыс	-77 835	17 759	10 393	19 321

№ р/с	Көрсеткіш, млн. теңге	2015 ¹	2016	2017 (болжал)	2018 (болжал)
2.6.	Құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстарының өзіндік құны	0	0	0	0
2.7.	Негізгі қызметтің өзге түрлерінің өзіндік құны	111	215	10	11
	Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясы	35 290	41 053	43 144	45 089
3	Жалпы табыс	55 127	45 184	47 318	69 619
4	Қаржыландырудан алған табыстар ³	2 876	3 396	0	1
5	Өзге табыстар ²	3 703	6 061	459	460
6	Өнімді сатуға және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	2 919	3 017	4 550	5 984
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар	12 199	12 826	12 824	12 216
8	Қаржыландыруға арналған шығыстар ⁴	22 164	19 218	25 791	25 699
10	Игерілмеген қызметтен болған өзге шығыстар ²	93 088	2 056	176	415
11	Үлестік қатысу тәсілі бойынша ескерілетін ұйымдардың табыс/шығыс үлесі	-10 173	4 895	3 610	3 356
12	Тоқтатылған қызметтен алған табыс (шығыс)	5 975	2 494	7 337	0
13	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	4 583	6 521	4 750	9 569
14	Азшылықтың үлесі	390	632	240	232
15	Топтың акционерлеріне тиесілі қорытынды табыс	-77 835	17 759	10 393	19 321

¹ Салыстырмалы ақпарат нәтижелерді тоқтатылған қызметке бүтіндей өзгерту үшін қайта саналды

² 2015 ж. аудиторлық есепте өзге табыстардан «құнсызданудан болған шығында қалпына келтіруден» болған табыс бөлек белгіленді және өзге шығындардан «құнсызданудан болған шығындар» деген бөлек жолға құнсызданудан болған шығын бөлек белгіленді (НЕТТО)

³ Аудиторлық есепте 2016 ж. бағам айырмашылығының салыдосы «қаржылық табыстар» таруында көрсетілген

⁴ 2015 ж. аудиторлық есепте бағам айырмашылығынан болған шығын «қаржылық шығыстар» бабында көрсетілді


Ескертпе: Қызмет түрлері бойынша табыстар мен өзіндік құнды алып тастауды есептемей берілді

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша **өнімді сату мен қызмет көрсетуден алған табыс** 181 310 млн. теңгені құрады. Өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1,2%-ға төмендеу негізінде электр энергиясын алған табыстың төмендеуіне байланысты.


Табыстардың қомақты үлесі энергия өндіруші компаниялардың электр энергиясын сатудан алған табыстары есебінен қалыптастырылды, олардың 2016 жылғы өндіру көлемі 22,5 млрд. кВт•сағ-тан аса көлемді құрады.

Сондай-ақ, табыс бойынша қомақты үлесті 2016 жылғы өндіру көлемі 8,4 млрд. кВт•сағ-тан аса құраған энергия өндіруші компаниялардың электр энергиясын сатудан және 12,1 млрд. кВт•сағ мөлшерінде электр энергиясын босату мен тарату қызметін көрсетуден алынған табыстар құрайды.

Шоғырландырылған түсім, млн. теңге



Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2016 жылғы табыстың құрылымы



Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2016 жылғы табыстың құрылымы

Келешек кезеңге болжал: 2017 жылғы болжалда сатудан алынған табыс электр энергиясын өндіру, босату және жылу энергиясын өндіру көлемінің өсуіне байланысты 206 жылға қарағанда 13%-ға ұлғайып, 204 388 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды.

Өндірушілер бойынша бөлгендегі өнімді сату мен қызмет көрсетуден түскен табыс

Көрсеткіш, млн. теңге	2015 нақты	2016 нақты	2017 (болжам)	2018 (болжам)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс	183 822	181 310	204 388	249 871
«Самұрық-Энерго» АҚ	16 040	8 417	29 937	34 859
«Green Energy» ЖШС	109	113	116	121
«Бұқтырма СЭС» АҚ	2 564	3 503	3 536	3 535
«Шардара СЭС» АҚ	2 085	3 157	2 988	3 528
АО «Мойнакская ГЭС»	8 023	9 919	8 669	8 678
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	88 215	90 284	94 392	106 363
«АЖК» АҚ	32 662	33 848	36 709	41 965
«АлЭС» АҚ	53 175	60 761	56 552	58 233
«ЕГРЭС-1» ЖШС	78 249	62 729	79 905	110 687
«БЖЭС» ЖШС	1 741	3 435	4 500	4 790
«Қарағандыгипрошахт и К» ЖШС	160	0	0	0
Energy Solution center		334	0	0
Ішкі топтық айналымдар (элиминацияланған)	-99 201	-95 190	-112 915	-122 889

Қоғамның негізгі қызметінен түскен табыстың негізгі үлесі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға тиесілі. Сонымен қатар, табысты шоғырландырылған кезде жалпы сомадан негізінде энергия өткізуші компаниялар бойынша топшылық айналымдар алынып тасталады.

Өнімнің өзіндік құны және қызмет көрсету

Көрсеткіш, млн. теңге	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар	2018 жоспар
Отын	32 906	31 524	38 244	42 838
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық активтердің амортизациясы	35 290	41 053	43 144	45 089
Еңбекақы төлеу және оған қатысты шығындар	20 377	22 334	20 110	21 234
Сатып алынған электр энергиясының құны	5 349	4 822	10 164	17 094
Электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет және басқа қызметтер	9 158	10 051	9 247	12 178
Жөндеу және күтіп ұстау	4 835	3 951	6 776	8 922
Табыс салығынан басқа салықтар	5 770	5 955	9 515	11 039
Технологиялық мұқтаждық үшін су	3 933	3 835	4 438	4 898
Материалдар	4 414	4 843	1 015	1 278
Сыртқы ұйымдардың қызметі	3 970	4 896	10 806	11 525
Өзге	2 693	2 863	3 612	4 156
БАРЛЫҒЫ	128 695	136 127	157 070	180 252

2016 жылдың қорытындысы бойынша өзіндік құн 136 127 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылдың көрсеткішінен 6%-ға жоғары. Алайда 2016 жыл үшін бақыланатын шығыстарды есепке алмағанда (амортизация мен салықтар) өзіндік құн 86 944 млн. теңгені құрады, алдыңғы жылға қарағанда 1 172 млн. теңгеге немесе 1%-ға болмашы өскен.

Негізгі өзгерістер мынадай шығын түрлері бойынша болды:

Отын, ЖЖМ, энергия:

Отынға жұмсалған шығынның азаюы сұраныстың төмендеуіне орай «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС өндіру көлемінің (-2 035) млн. теңгеге (немесе 2016 жылғы фактімен салыстырғанда 16%-ға) кемуіне байланысты. Сонымен қатар бұл азаю «АлЭС» АҚ энергия өндіру көлемінің Қапшағай СЭС есебінен өскенін есепке алғанда, АЭС пен АлЭС арасындағы ТА-ның артуына байланысты (-2 073 млн. теңге). Оның үстіне ЖЭК-тен алынатын электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар (+919) млн. теңге) өсуде. Газға, көмір мен тасымалдауға бағаның өсуі «АлЭС» АҚ отынға жұмсаған шығынының (+1 015) млн. теңгеге өсуіне алып келді.

Жөндеу жұмыстары:

Жөндеу жұмыстарына қатысты нақты мұқтаждықты зерттеуге, соған сәйкес, жөндеу жұмыстарын өткізу кестесін оңға қарай жылжыта отырып өзгертуге байланысты жөндеу жұмыстарының азаюы («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «АлЭС» АҚ).

Жеткізуге және сатуға байланысты көрсетілетін қызметтер: «KEGOK» АҚ көрсететін қызметтер бойынша шығындардың көбеюі тарифтердің жыл сайын өсуіне (тарифтің өсуін 7%-ға жеткізу бойынша қызмет, тарифтің өсуін 27%-ға диспетчерлеу бойынша қызмет), сондай-ақ 2016 жылы су қоймасында судың көп болуынан «АлЭС» АҚ Қапшағай ГЭС энергия өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты (қалған ЖЭО-ларда өндірген кезде «KEGOK» АҚ қызметі түпкілікті тұтынушыға қосылмайды).

Өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығындар:

Ұлғаю ЕТҰ ұжымдық шартына сәйкес жыл сайынғы индекске байланысты.

Өндірістік сипаттағы басқа жұмыстар, қызметтер және жалға алу:

«БЖЭС» ЖШС-ның 2016 жылы «Ерейментау 1 ЖЭС» ҚС-220/35 кВ қосалқы станциясына техникалық қызмет көрсету шартын жасауына байланысты «Өндірістік жабдықтарға техникалық қызмет көрсету қызметі» бабы бойынша өсім.

Өзге:

Регенератордың сүзгілеріндегі материалдарды ауыстыруға байланысты «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша шикізат пен материалдарға (хим. реагенттер мен дабыл) жұмсалатын шығынның ұлғаюы. Сонымен қатар 2015 жылмен салыстырғанда сатып алатын қызметтер мен материалдар қымбаттады.

Алдағы кезеңге жасалған болжам:

2017 жылға жасалған болжам бойынша сатылған өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны 20 943 млн. теңгеге (15%) артады. Негізгі өсім отынға жұмсалатын шығынның өсуіне, электр энергиясын өндіру көлемінің өсуіне, сатып алатын отынға бағаның жыл сайын өсуіне, активтерді жаңғыртуға байланысты амортизацияға және ЖЭК-тен сатып алынатын электр энергиясына байланысты. Сонымен қатар өсім құнсыздану коэффициентін және сыртқы ұйымдар көрсететін қызметтерге бағаның артуын ескере отырып, персоналдың жалақысының жыл сайын өсуіне байланысты. 2018 жылға арналған болжамда өзіндік құн бойынша шығыстар сонымен бірге жоғарыда аталған себептерге байланысты артады.


Сатуға жұмсалған шығыстар

Көрсеткіш, млн. теңге	2015	2016	2017 (болжам)	2018 (болжам)
Сату процесіне байланысты персоналдың еңбегіне ақы төлеу мен оған берілетін әлеуметтік төлемдерге жұмсалатын шығыстар	12	13	13	14
Табыс салығынан басқа салықтар	1	1	2	2
Сатуға байланысты басқа жұмыстар мен қызметтер	2 906	3 003	4 536	5 969
Сату бойынша өзге шығыстар	0,03	0,04	0,05	0,05
Барлығы	2 919	3 017	4 550	5 984

2016 жылдың қорытындысы бойынша сатуға жұмсалған шығыстар Қырғызстанға «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын экспорттауға байланысты 98 млн. теңгеге өсті.

2017 жылға арналған болжамда сатуға жұмсалған шығыстардың өсімі 2016 жылдың фактісімен салыстырғанда 51%-ды құрайды, мұнда айтарлықтай едәуір өсімнің болуы электр

Негізгі қызмет түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы



- Отын, ЖЖМ, энергия
- Басқа да өндірістік тұрғыдағы жалдау және жұмыстар мен қызметтер
- Жіберу мен сатуға байланысты қызметтер
- НҚ мен МЕА шегерімі
- Салықтар мен Бюджетке тиесілі басқа да төлемдер
- Өндірістік қызметтердің ЖТҚ
- Жөндеу жұмыстары
- Басқалары

энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына және Қырғызстанға электр энергиясын экспорттауға қатысты «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның электр энергиясын өндірістік тұтынуды төңгерімдеуді ұйымдастыру және диспетчерлеу жөніндегі қызметке жұмсалатын шығындардың артуына байланысты.

Әкімшілік шығыстар

Көрсеткіш, млн. теңге	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар	2018 жоспар
Еңбекке ақы төлеу және оған байланысты шығыстар	4 300	4 712	5 004	5 291
Консультациялық және өзге кәсіби қызметтер	1 019	1 615	1 323	779
Табыс салығынан басқа салықтар	893	1 024	725	784
Жалға алу бойынша шығыстар	653	628	479	290
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы	1 196	1 187	1 083	1 095
Іссапар және өкілдік шығыстары	245	221	248	262
Банктің қызметі	190	185	135	142
Байланысқа жұмсалған шығыстар	115	119	160	170
Өзге	3 588	3 134	3 666	3 402
Барлығы	12 199	12 826	12 824	12 216

2016 жылдың қорытындысы бойынша әкімшілік шығыстар 12 826 млн. теңгені құрады, яғни 2015 жылдың фактісінен 628 млн. теңгеге немесе 5%-ға артық, бұл ЕТҰ ұжымдық шартына сәйкес, жыл сайынғы жалақыны индекстеумен, сонымен бірге трансформациялау жобасына қатысты 2016 жылғы консультациялық шығыстардың артуына байланысты.

Алдағы кезеңге болжам:

2017 жылдың болжамында әкімшілік шығыстар 2016 жылдың деңгейінде сақталып, 12 824 млн. теңгені құрайды.

2018 жылдың болжамында әкімшілік шығыстар сатуға арналған активтерді алып тастау арқылы азаяды.

Қаржылық шығыстар

Көрсеткіш, млн. теңге	2015	2016	2017 (болжам)	2018 (болжам)
Қарыздар бойынша сыйақыға жұмсалған шығыстар ¹	22 165	19 218	25 791	25 699

¹ 2015 ж. аудиторлық есепте қаржылық шығыстар бағам айырмашылығынан шеккен зиянмен бірге көрсетілді.

2016 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 19 218 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылғы нақты мәннен төмен. Ол негізінен 31.12.15 ж. жағдай бойынша ұлттық валютаның 340,01 теңге/АҚШ долларынан 31.12.16 ж. жағдай бойынша 333,29 теңге/АҚШ долларына тұрақталуы есебінен КО мен «Мойнақ СЭС» АҚ бойынша төмендеді.

Алдағы кезеңге болжам:

2017 жылға дейінгі болжамда қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар ұлттық валютадағы қарызға валюталық қарызды қайта қаржыландыруды ескере отырып, КО-ның облигациялық қарызы бойынша (АҚШ долларымен) пайыздық мөлшерлеменің ұлғаюын есепке ала отырып, өсуде.

Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес

Көрсеткіш, млн. теңге	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар	2018 жоспар
Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	-10 173	4 895	3 610	3 356
Forum Muider	5 058	6 020	5 051	6 497
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	-12 768	788	-1 442	-3 141
«Балқаш ЖЭС» АҚ	-2 463	-1 913	0	0

2016 ж. үлестік табыс осы кезеңге қатысты 15 068 млн. теңгеге көбейе отырып, 4 895 млн. теңгені құрады.

Негізгі өзгерістер мына активтер бойынша болды:


«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – өткен жылмен салыстырғанда табыстың 13 553 млн. теңгеге артуы мына факторларға байланысты:

- РФ-ға экспорттаумен байланысты электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюы есебінен табыстың 7 480 млн. теңгеге өсуі және РФ-ға электр энергиясын экспорттаумен байланысты тарифтің төмен болуын есепке алғанда, орташа тарифтің 4 671 млн. теңгеге төмендеуі есебінен табыстың азаюы арқылы негізгі қызметтен түсетін табыстың 2 809 млн. теңгеге өсуі;
- 2015 жылы «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру» жобасы бойынша кредиттік келісімге сәйкес, 18 883 млн. теңге мөлшерінде жағымсыз бағамдық айырмашылықты көрсетуі.

Forum Muider компаниясы – 961 млн. теңгеге ұлғаю негізінен 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда бағам айырмашылығынан залалдың, өділ құнға дейін бағалау үшін қаржыландыру мен амортизацияны азайтуға шығыстардың азаюының (шоғырландыру деңгейіндегі түзету) болмауына байланысты.

«Балқаш ЖЭС» АҚ –2016 ж. оң бағамдық айырмашылыққа байланысты «БЖЭС» АҚ залалының 551 млн. теңгеге азаюы.

2017–2018 жылдарға арналған жоспарда компанияның үлестік өдіс бойынша есептелетін табысының азаюы негізінен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ бойынша қаржыландыруға жұмсалатын шығыстардың өсуіне байланысты.

Үлестік пайданың арту динамикасы, млн. теңге

Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)

Көрсеткіш, млн. теңге	2015 нақты	2016 нақты	2017 жоспар
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда	5 975	2 494	7 337
«МЭБК» АҚ	978	1 533	862
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	348	397	391
«Шығыс-Қазақстан АЭК» АҚ	1 965	1 502	1 509
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	169	-941	1 669
«Тегис-Мунай» ЖШС	-201	-28	-28
«Мангышлак Мунай» ЖШС	-22	-187	-157
ЖГРЭС-ті сатудан түскен пайда	2 469	0	0
Топишілік айналымдар (элиминацияланғандар)	267	218	3 091

2016 жылы жылдың қорытындысы бойынша тоқтатылған қызметтен түскен пайданың ішінде сатуға арналған активтер, оның ішінде «Тегис Мунай» ЖШС, «Мангышлак Мунай» ЖШС, «ШҚ АЭК» АҚ, «Шығысэнерготрейд» ЖШС, «МЭБК» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ танылды. Салыстыру мақсатында 2015 жыл сатуға арналған активтер ретінде осы активтердің жіктелімін ескере отырып, ретроспективті түрде қайта есептелді. 2016 жылы пайданың азаюы 2015 жылы «ЖГР-ЭС» ЖШС-ны сатудан түскен 2 469 млн.теңге пайданы көрсетуге, сонымен қатар 2016 жылы тариф деңгейінің жеткіліксіздігіне байланысты «Шығысэнерготрейд» ЖШС бойынша пайданың 1 110 млн.теңгеге азаюына байланысты. 2017 жылы пайданың өсуі тарифті 12,151 теңге/кВт•сағ. дейін өсіруді жоспарлауға байланысты «Шығысэнерготрейд» ЖШС бойынша пайданың 2 610 млн.теңгеге өсуіне, сондай-ақ тоқтатылған пайдаға сатуға арналған активтердің амортизациясын қосуға қатысты болды.

ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Сыртқы кредиторлардың ковенантының орындалуы

Ковенант	Норматив	2016 ж. нақты	Ауытқу	Ескертпе
Қарыз/EBITDA (ЕБPP)	4,5-тен аспайды	5,4	0,90	Белгіленген шектелім артып кеткен, алайда Қоғам ЕҚДБ-дан аталған ковенант бойынша 2016 жылға келісім-хат (waiver) алды.
EBITDA/Пайыз (ЕҚДБ ШарСЭС)	кемінде 3	3,77	0,77	сақталады
Қарыз/Меншікті капитал (ҚДБ)	1-ден аспайды	0,75	0,25	сақталады
Шоғырландырылған түзетілген EBITDA/Таза шоғырландырылған қаржылық төлемдер (еуробондтар)	кемінде 3	5,05	2,05	сақталады

Атауы	2015	2016	2017 (болжам)	2018 (болжам)
Қарыз/EBITDA	5,26	5,41	4,78	3,35
Қарыз/Меншікті капитал	0,83	0,75	0,68	0,69
Ағымдағы өтімділік	1,39	0,66	1,56	0,76

Жалпы алғанда, негізгі қаржылық және өндірістік көрсеткіштердің өзгеруі өтімділік пен қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіштеріне былайша әсер етті.

2016 жылғы **Қарыз/EBITDA** көрсеткіші 5,41-ді құрады, бұл Қоғам тең қарызгер болып табылатын «Шардара СЭС» АҚ жасалған Кредиттік шарт аясында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі белгілеген ковенанттың 4,5-тен аспайтын мөлшерге артып кетуі болып табылады.

2016 жылы ковенантты сақтау жөніндегі іс-шаралар аясында Қоғамның ЕҚДБ-мен жүргізген бірнеше келіссөздерінен кейін шектік мәні көрсетілмей бірінші жартыжылдыққа және 2016 жылдың аяғына Қарыз/EBITDA ковенанты бойынша белгіленген мәнді арттыруға келісім хат (waiver) алынды.

Экономикалық жағдай тұрақсыз және қаржы нарығы құбылмалы болып тұрған кезеңде қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мен Қоғам ковенантын сақтау мақсатында Қоғам 2016 жыл бойында тұрақты негізде топ бойынша қорландыруды тартуға мониторинг жүргізді. Алдын ала жасалған іс-шаралар нәтижесінде Қоғам қаржылық ковенанттың сақталуын, қарыздық жүктеменің азаюын және қаржылық тұрақтылықты жақсартуды қамтамасыз ете алды.

2017 жылға арналған **Қарыз/ EBITDA** көрсеткіші 4,78 мөлшерінде жоспарлануда. Көрсеткіштің өзгеруі **EBITDA** көрсеткішінің өзгеруі 2016 жылмен салыстырғанда 3,6%-ға ұлғаюымен және қарыздың 8,5%-ға азаюымен байланысты. 2018 ж. бұл көрсеткіш еуробондтарды өтеуге байланысты 3,35-ке дейін жақсарады.

2016 жылы **Қаржылық левередж (Қарыз/Жеке капитал)** көрсеткіші 0,75-ті құрады, осы кезеңдегі фактімен салыстырғанда көрсеткіштің азаюы (0,08-ге) меншікті капиталдың 34 076 млн. теңгеге ұлғаюына байланысты 2016 ж. 17 759 млн. теңге мөлшеріндегі пайданың есебінен бөлінбеген пайданың артуына және қысқа мерзімді қарыздар бойынша негізгі қарызды төлеу және АҚШ доллары бағамының төмендеуі есебінен еурооблигациялар бойынша негізгі қарыздың азайту және «МЭБК» АҚ АҚШ доллары бағамының төмендеуі, сондай-ақ негізгі қарызды жабу арқылы қарыз капиталының Корпоративтік орталық бойынша 15 101 млн. теңгеге азаюына байланысты.

2017 ж. бұл көрсеткішті 0,68-ге жақсарту жоспарлануда, ал 2018 жылдың соңында көрсеткішті 0,69-ға дейін көбейту болжанады, бұл активтерді сатуға байланысты меншікті капиталдың азаюына себепші болды.

2016 жылғы **ағымдағы өтімділіктің** көрсеткіші ұқсас кезеңмен салыстырғанда 0,66-ға азайғаны байқалады, еурооблигациялар бойынша ұзақ мерзімді заемның ағымдағы бөлігін қысқа мерзімді міндеттемелерге жатқызуға байланысты 2018 жылға дейін бұл көрсеткіш 0,76-ға дейін жақсарады.



«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржылық тұрақтылықты жақсарту үшін қолданатын шаралары

- Активтерді жекешелендіру аясында сатылатын қарызды істен шығару – 2017 жылдың 1–3-тоқсаны;
- Кредиттік мекемелердің еурооблигацияларын қайта қаржыландыру үшін қосымша қорландыруды тарту – 2017 жылдың 1–3-тоқсаны;
- Қоғамның 2017 жылға Қарыз/EBITDA, EBITDA/Пайыздар ковенанты бойынша Еуропа қайта құру және даму банкінен келісім-хат (waiver) алуы – 2017 жылдың 3–4-тоқсанынан бұрын емес;
- Қоғамның еурооблигацияларын өтеу – 2017 жылдың 4-тоқсаны;
- IPO есебінен қаражат тарту және 2019–2020 жж. берешекті өтеу;
- 2017–2021жж. Инвестициялар мен ағымдағы шығыстарды азайту

Аталған іс-шаралар жалпы алғанда, Компанияның қаржылық ковенанты мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НҚК ОРЫНДАЛУЫ

НҚК атауы	Өлшем бірлігі	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
		Нақты *	Нақты	Жоспар	Жоспар
Қаржылық көрсеткіштер					
Таза пайда	млн. теңге	−77 835	17 759	10 393	19 321
Қарыз/EBITDA	5,0-тен аспайды	5,26	5,41	4,78	3,35
Қарыз/Меншікті капитал	не более 0,75	0,83	0,75	0,68	0,69
EBITDA	млн. теңге	76 496	71 581	74 171	97 603
Дивидендтер төлеу үшін бос қаражат	млн. теңге		24 201	24 232	57 793
Әлеуметтік көрсеткіштер					
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	72	72		

* 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ШҚАЭК, ШЭТ, МЭБК, Ақтөбе ЖЭО, Тегис-Мунай, Мангышлак-Мунайдың барлық активтері мен міндеттемелері сатуға арналған істен шығару тобына енгізілді, сондықтан салыстырып талдау үшін 2015 жыл қайта саналып, ағымдағы жылдың ақпаратына сәйкес берілді.

Алдыңғы 2015 жылы нақты залал (-77 835) млн. теңге болғанда, **таза пайданың** стратегиялық көрсеткіші 2016 жылы 17 759 млн. теңгені құрады, ауытқу 2015 жылы шығыстардың айырбас бағамындағы айырмашылық бойынша 106,9 млрд. теңге сапада көрсетілуіне байланысты. Бағам айырмасы бойынша шығыстардың әсерін есепке алмағанда 2016 жылы таза пайданың төмендеуі экономикадағы дағдарысты құбылыстарға орай «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дағы сату мен тариф көлемінің азаюына байланысты. 2017 жылы таза пайда 10 393 млн. теңгеге жоспарланып отыр, мұндағы азаю «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның экспортқа сатылатын электр энергиясын жеткізу қызметіне жұмсалған шығыстарының өсуімен, сондай-ақ КО-ның облигациялық қарызын қайта қаржыландыруға жұмсалған шығындардың өсуімен түсіндіріледі. 2018 жылы таза пайда 19 321 млн. теңгеге ұлғаяды деп болжануда.

Қарыз/ EBITDA көрсеткіші 2016 жылдың фактісі бойынша 5,41-ді құрады, ол 2015 жылы 5,26 болды, 3%-ға артты. Көрсеткіштің нашарлауы негізінен қарыз 4%-ға азайған кезде ГРЭС-1 бойынша электр энергиясын сату көлемінің азаюы есебінен EBITDA-ның 6%-ға төмендеуімен байланысты. 2018 ж. қарай көрсеткіш электр энергиясын сату көлемінің ұлғаюы есебінен жыл сайынғы қарызды өтеу мен EBITDA-ның өсуіне байланысты 3,35-ке дейін жақсарады.

Қарыз/СК көрсеткіші 2016 жылы 0,75-ті құрады, 2015 жылы ол 0,83-ті құраған. Көрсеткіштің өзгеруі негізінен валюталық қарыздар құнының (доллар/теңге бағамының төмендеуі) азаюы, сондай-ақ қарыздар бойынша негізгі қарызды өтеу есебінен қарыздардың көмуіне байланысты. 2017–2018 жылдарға арналған жоспарда Қарыз/СК көрсеткіші қарыздарды жыл сайын өтеуге байланысты 0,68–0,69-ды құрайды.

«Дамуға және дивидендтерге арналған бос қаражат» көрсеткіші компанияның жаңа жобаларға инвестиция салу, сондай-ақ акционерлерге дивиденд төлеу үшін меншікті ақшалай қаражатының болу деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіш 2016 жылы 24 201 млн.теңгені құрады, 2017 жылдың болжамында 2016 жылдың деңгейінде қалады. 2018 жылы көрсеткіш 57 793 млн.теңгеге дейін жақсарады деп болжануда, бұл электр энергиясын өндіру көлемінің өсуі, сондай-ақ 2017 жылы жоспарланып

отырған Қоғамның бірнеше еншілес компанияларын сату арқылы активтерді ұстап тұруға арналған инвестицияларды азайту есебінен операциялық ағындардың артуына байланысты.

«Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі» көрсеткіші қызметкерлерден алынған әлеуметтік сауалдаманың нәтижелері мен компанияның әлеуметтік көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау негізінде анықталады, зерттеу жүргізу кезінде сауалнама жүргізіледі. Әлеуметтік тұрақтылық индексі Әлеуметтік көңіл-күй индексі мен Әлеуметтік даму индексінің орташа арифметикалық орта мәні ретінде анықталады.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі «Самұрық-Қазына» АҚ үшін стратегиялық НҚК болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша рейтинг 2013 жылы 63% (орта деңгей) мөлшерінде, 2014 жылы – 69% (ортадан жоғары), 2015 жылы – 72% (ортадан жоғары) мөлшерінде белгіленді, 2016 жылы көрсеткіш 2015 жылдың деңгейінде 72% мөлшерінде қалды.

ТАРИФТІК САЯСАТ

Тарифтік реттеу энергетикалық компаниялар қызметінің түрлеріне қарай ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

Есепті кезеңде мынадай тарифтер қолданылды:

- **энергия өндіруші** ұйымдар (ЭӨҰ) үшін 2016–2018жж. кезеңде тарифтер 2015 ж. шекті тарифтер деңгейінде сақталды. ЭӨҰ үшін қуат нарығын енгізудің болжамды мерзімі 2016 жылдан 2019 жылға (Энергетика министрінің 30.11.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістер енгізілген 27.02.2015 ж. №160 бұйрығымен) ауыстырылды. 2019–2025жж. кезеңге электр энергиясына және электр қуатын дайындықта ұстап тұру қызметіне шекті тарифтер (Энергетика министрінің 30.11.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістер енгізілген 03.07.2015 ж. №465 бұйрығымен) бекітілді. Есепті кезеңде инвестициялық бағдарламаның өзгеруіне және станцияны жаңғыртуға байланысты тарифтер 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіле отырып, «Мойнақ СЭС» АҚ үшін жеке тариф 9,50 теңге/кВт•сағ. деңгейіне ұлғайтылып, «Шардара СЭС» АҚ үшін жеке тариф 9,50 теңге деңгейінде бекітілді.

Электр энергиясын өндіруге белгіленген орташа тарифтер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015 ж. нақты	2016 ж. нақты	Жоспар 2017ж.	Жоспар 2018ж.
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/кВт•с	7,73	7,33	7,51	7,85
«Екібастұз ГРЭС-2» ЖШС	теңге/кВт•с	8,66	6,68	7,23	7,18
«АлЭС» АҚ	теңге/кВт•с	8,60	8,60	8,60	8,60
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	теңге/кВт•с	7,29	7,30	7,30	7,30
«Шардара СЭС» АҚ	теңге/кВт•с	4,50	9,50	9,50	9,50
«Мойнақ ГЭС» АҚ	теңге/кВт•с	8,74	8,25	9,50	9,50
«ЖГРЭС» АҚ	теңге/кВт•с	8,70			
«Samruk-Green Energy» ЖШС	теңге/кВт•с	34,61	36,13	37,03	39,25
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	теңге/кВт•с	22,68	22,68	24,27	25,72

- **жылу электр энергиясын өндіретін** энергия өндіруші ұйымдар заңнама талаптарын орындау мақсатында «Ақтөбе ЖЭО» АҚ үшін 01.04.2016 жылдан 2020ж. дейінгі кезеңде қолданысқа енгізе отырып, ұзақ мерзімді шекті тарифтерді бекітті. «АлЭС» АҚ үшін есепті кезеңде стратегиялық тауар – газ бен оны тасымалдауға бағаның өсуіне байланысты ЧРМ ретінде тарифтер бекітіл-

ді, сонымен қатар 01.04.2017 ж. бастап 2021 жж. дейінгі кезеңде қолданысқа енгізіле отырып, ұзақ мерзімді шекті тарифтер бекітілді. Ұзақ мерзімді шекті тарифтер тарифке инвестициялық құрамдастарды қосу арқылы бекітілді.

Жылу энергиясын өндіру үшін бекітілген тарифтер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015 ж. нақты	2016 ж. нақты	Жоспар 2017 ж.	Жоспар 2018 ж.
«АлЭС» АҚ	теңге/кВт•с	2 732	2 872	3 539	3 767
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	теңге/кВт•с	1 167	1 532	1 959	2 212
«Екібастұз ГРЭС-2» ЖШС	теңге/кВт•с	686	683	708	708
«ЖГРЭС» АҚ	теңге/кВт•с	1 050			

- өңірлік **энергия жеткізуші компаниялар** (АЭК-тер) үшін 2016 жылы ұсынылған тарифтік сметалар негізінде 2020 жылға дейінгі кезеңге шекті ұзақ мерзімді тарифтер бекітілді. Тарифтерге желілік компанияларға арналған инвестициялық бағдарламалар да енеді.

Электр энергиясын жеткізу қызметіне белгіленген тарифтер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015 ж. нақты	2016 ж. нақты	Жоспар 2017 ж.	Жоспар 2018 ж.
«АЖК» АҚ	теңге/кВт•с	5,21	5,35	5,83	6,04
«ШҚ АЭК» АҚ	теңге/кВт•с	3,26	3,76	3,82	4,00
«МЭБК» АҚ	теңге/кВт•с	3,57	4,16	4,50	4,40

- **энергиямен жабдықтаушы ұйымдар** (ЭЖҰ) үшін есепті кезеңде тарифтер ТМРЖБҚҚ-мен келісілді.

ЭЖҰ-ның электр энергиясын сатуға белгіленген тарифтер

Атауы	Өлшем бірлігі	2015 ж. нақты	2016 ж. нақты	Жоспар 2017 ж.	Жоспар 2018 ж.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	теңге/кВт•с	15,29	15,66	16,36	16,59
«ШығысЭнергоТрейд» ЖШС	теңге/кВт•с	10,49	10,48	11,11	11,84

ЖАНАМА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

2016 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру саласындағы өнімділік 2015 жылмен салыстырғанда 2,3%-ға артып, адам басына 3 267 мың кВт•с құрады, бұл электр энергиясын өндіру көлемінің өсуіне байланысты. 2017 жылы көрсеткішті адам басына 3 345 мың кВт•с, 2018 жылы адам басына 4 110 мың кВт•с ұлғайту жоспарланып отыр. 2016 жылы электр энергиясын жеткізу бойынша еңбек өнімділігі 2015 жылдың көлемінде – адам басына 1 602 мың кВт•с деңгейінде қалды, ал 2017 жылы адам басына 1 600 мың кВт•с болжанып отыр, 2018 жылы көрсеткішті арттыру 9,3%-ға жоспарланды.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2015	2016	2017 жоспар	2018 жоспар
Көмір өндіру бойынша еңбек өнімділігі	тонна/адам	5 117	5 592	5 731	5 209
Электр энергиясын өндіру бойынша еңбек өнімділігі	мың кВт•с/адам	3 191	3 267	3 345	4 110
Электр энергиясын жеткізу бойынша еңбек өнімділігі	мың кВт•с/адам	1 601	1 602	1 600	1 749

9. БИЗНЕСІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ — ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАҒЫТ ҰСТАУ!





Алексей Огай

«Самұрық-Энерго» АҚ
Бизнесті трансформациялау
жөніндегі басқарушы директоры

Қазіргі нарық құбылмалы, ол бизнес үшін жаңа мақсаттар туғызады. Компанияның міндеті – қызмет ету нарығында ұзақ мерзімді трендтерді дер кезінде пайдаланып қалу және Компанияның бәсекеге қабілеттілігі мен құнын арттыруға бағытталған шараларды қабылдау.

«Самұрық-Энерго» АҚ үшін есепті жыл ең үздік халықаралық басқару тәжірибесі негізінде жаңарған Компанияның контурларын анықтау жылы болды. Негізгі бағыттар:

- Компанияның операциялық тиімділігін жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру;
- бейінді бизнеске, стратегиялық активтерге шоғырлану, бейінді емес активтерден құтылу;
- Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру, экономиканың дәстүрлі салалары үшін жаңа мүмкіндіктерді іске асыру;
- орнықты даму және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі.


«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жаңа операциялық моделі еншілес ұйымдарды белсенді басқару және оларды операцияларға қатыстыру тетіктерін ендіруге бағытталған. Трансформациялау бағдарламасын іске асырудағы негізгі буын адамдар болып табылады.

Біз бизнес-процестерді барынша қысқартуға, стандарттауға және «түзетуге», қайталау мен төрешілдікті жоюға, барлық деңгейдегі менеджментті тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін сенімді өрі уақытылы ақпаратпен қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бизнес-процестердің тиімділігін арттыру құралдарының бірі оларды автоматтандыру болып табылады. Осы мақсатта кезең-кезеңмен Компанияның сандық энергетикалық платформасын құруға бағытталған жаңа АТ-стратегия тұжырымдалды.

Трансформациялау бағдарламасы айналымға енді, енді практикалық кезеңге көшуде. Трансформациялау бағдарламасының жобаларын іске асырудан алынатын пайда мен оның әсері таяу жылдардың өзінде-ақ Компанияның инвестициялық және операциялық қызметінің тиімділігіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Әр қызметкердің кәсібилігі мен қатыстырылуы Компанияның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиялық мақсаттарды орындауға мүмкіндік беретініне нық сенімдімін.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

Акционердің «Самұрық-Энерго» АҚ-ның алдына қойған 2016 жылға арналған міндеттері Трансформациялау бағдарламасы аясында ойдағыдай орындалды.



НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

БН-1 Референттік модельдер алынды және оларды бейімдеу басталды. БН-2 Компанияның деректерін басқару офисі құрылды.	БН-3 Демәушілік қызметінің жаңартылған моделі ендірілді.	БН-4 Қордың референттік модельдерін бейімдеу ақталды. БН-5 Басқару тәжірибелердің мақсаттарын әзірлеу ақталды.	БН-6 Сатып алудың жаңа моделін іске қосу. БН-8 Кәсіпорынның І-көзекті бірінші анықтамалары жасалды (материалдар, қызметтер, жеткізушілер, клиенттер).	БН-9 Мақсатты ұйымдық құрылымға және жаңа операциялық модельге көшу ақталды.	БН-10 Сатып алуды категориялық басқару ендірілді. БН-11 Жобаларды басқару жүйесі бойынша пилоттық жобаны өндіру ақталды.	БН-12 Өндірістік-қаржылық модельдеу жүйесі ендірілді (МСТ). БН-13 АТ сервистерінің ІІ-көзекті операторға көшу ақталды. БН-14 БЖ-ны лицензиямен қамтамасыз ету бойынша сервистік модельге көшу.	БН-15 НҚҚ ағашы негізінде 2017 жылға арналған бюджет қалыптастырылды.	БН-16 Жобаларды басқару жүйесіне диагностика жасау және оны әзірлеу ақталды (ЖББЖ). БН-17 Кәсіпорынның ІІ-көзекті бірінші анықтамалары жасалды (мақалалар, банк шоттары, шығын түрлері, персонал, жөндеу объектілері және т.б.)	БН-18 Автоматтандырылған корпоративтік процестер ендірілді. БН-19 Меритократия қағидатын ендіру жөніндегі ІІ-шаралар жоспарын орындау. БН-20 Заңды тұлғаларды қысқарту ақталды (№2 тәббе бойынша - 10 компания)
--	--	---	--	--	---	--	---	--	---


КОМПАНИЯЛАР ҮШІН ПАЙДА

БН-1 Қордың талаптарымен толық синхрондау. Әзірлеуге арналған уақыт пен бюджетті 50%-ға үнемдеу (200-250 млн. теңгеге дейін). БН-2 Деректерді басқару жөніндегі сараптаманы күшейту үшін құрырға орталық құру және бизнес-процестерді оңтайландыруға қажетті сапалы деректерді әзірлеу үшін жауапкершілікті анықтау.	БН-3 Демәушілік қорда көрсетуге төлемдерді азайту есебінен үнемдеу.	БН-4 Компанияның мақсатты операциялық моделі мен бизнес-процестері озық тәжірибелерге қарап жасалған эталондық тәжірибелерде негізделді. БН-5 Мақсатты операциялық модельді өндіру үшін корпоративтік мәдениеттің құлбалары белгіленді.	БН-6 Сатып алудың тиімділігін арттыру. Бақылау мен мөлдірлікті қамтамасыз ету. Жеткізушілерді құру және дамыту. Сатып алуды орталықтандыру. БН-7 4 млрд. дейін бір жолғы төлемдер. БН-8 Ақпараттық жүйелерден алынатын ақпараттың сапасын арттыру, логистика бизнес-процестерінің мөлдірлігін және клиенттермен өзара іс-қимылды басқаруды арттыру.	БН-9 Басқарудың жеңілдетілген деңгейлері.	БН-10 Жеткізуді басқарудың барлық тәбесін, сондай-ақ онымен өзара байланысты процестерді арттыру. БН-11 Жобаларды іске асырудың басқарушылығын арттыру.	БН-12 Өндірістік-қаржылық көрсеткіштерді болжауды нақтылығын арттыру. БН-13 АТ инфрақұрылымды пайдалануға арналған шығындарды қысқарту. БН-14 Бағдарламалық жасақтаманы лицензиялауға арналған шығындарды оңтайландыру.	БН-15 Бюджеттің Қор компаниялар тобында қабылданған жаңа бастамаларға сәйкес болу.	БН-16 Жобаларды іске асырудың басқарушылығын арттыру. Жобалардың басқарудың бірінші тәсілі. БН-17 Белгіленген мерзімде жаңа ақпараттық жүйелердің іске қосылуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік процестердің автоматтандырылған үлгілерін жеткілікті кәлемде және сапалы деректермен толтыру.	БН-18 Біріктірілген ақпараттық ортаны құру жолымен корпоративтік процестерді тиімді арттыру. БН-19 Компанияның басқару сапасын арттыру. БН-20 Басқарудың жеңілдетілген құрылымы.
---	---	--	--	---	--	---	--	--	--

- Жасыл түспен Қор тарапынан қадағаланатын міндеттер белгіленген
- Қара түспен Компания тарапынан қадағаланатын міндеттер белгіленген
- БН – бақылау нүктесі


БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТЫ МОДЕЛІН ӨЗІРЛЕУ

Есепті жылы «Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық холдингтен бірте-бірте операциялық холдингке көшуін білдіретін жаңа операциялық моделі бекітілді. Компанияның активтерін сату (жекешелендіру) бағдарламасы аяқталған соң, операциялық басқаруға активтерді иеленудің мақсатты үлесін ескере отырып, операциялық басқару үшін 3 активті – «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Мойнақ ЖЭО» АҚ және «Шардара ГЭС» АҚ анықтады.



КОРПОРАТИВТІК ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТТЫ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ

2016 жылы күзде Корпоративтік орталықтың жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді. Жаңа ұйымдық құрылымда әзірленген мақсатты бизнес-үдерістерге сәйкес қызметтің барлық бағыттарының, атап айтқанда, коммерциялық функцияларды орталықтандыру, жобалық басқару функцияларын күшейту, өндіріс пен жөндеулерді басқару процесін өзгерту бағыттарының құзыреттері күшейтілді. Жаңа ұйымдық құрылымға көшу талаптарының бірі кадрларды іріктеу мен жайғастырудың меритократия қағидатына (Job matching) негізделген бірыңғай ұстанымын ендіру болып табылады.



ТИІМДІЛІКТІ ЖӘНЕ НҚК-НІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

2016 жылы Тиімділікті және НҚК-ні басқару процесі әзірленді. 1-деңгейдегі НҚК анықталып, құн ағашы әзірленді, ҚНҚ-ні каскадтау жүзеге асырылды. 2017 жылға арналған НҚК ағашы Компанияның бекітілген Бизнес-жоспарына сәйкес санға аударылды.



БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕР МЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН РЕИНЖЕНИРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ

Есепті кезең ішінде Компанияда процестер картасының процестік моделі әзірленіп, ол ARIS жүйесінде жобаланып, 800 процесс келісілді. Процестерді әзірлеген кезде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік процестер бойынша референстік модельдері негізге алынды.




«ЖЫЛДАМ ЖЕҢІСТЕРДІ» ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2016 жылы «Energy Solutions center» ЖШС құрылды, оған Компания тобының барлық аутсорсингтік функциялары, соның ішінде Мәліметтеді басқару кеңсесі және АТ техникалық қолдау тапсырылды.

«Жобалардан кейін тауар-материалдық құндылықтардың қалдықтарын босату». Түгендеу нәтижелері бойынша 7,456 млрд. теңгеге ТМҚ қалдықтары анықталды. 2015–2016 жылдары олар операциялық қызметке пайдаланылып, 4,9 млрд. теңгеге ТМҚ кәдеге жаратылды.


«Кәсіпорынның I кезектегі бірыңғай анықтамалықтарын жасау (материалдар, қызметтер, өнім берушілер, клиенттер)». Бастапқы 217 000 жазбаны өңдеу арқылы 87 000 бірегей жазбадан тұратын бірыңғай анықтамалық жасалды.

«Жоспарлаудың кіріктірілген жүйесі» арнайы жобасы бойынша алғашқы нәтижелер. Бұл орта мерзімге мақсаттарды қою мен Компанияның өндірістік, экономикалық, технологиялық және қаржылық көрсеткіштерін теңдестіру мен Компания дамуының ең оңтайлы сценариін іздеуге жоспарлау мен моделдеудің жүйесі болып табылады. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС базасында прототип әзірленіп, бұны қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті деректер мен алгоритмдерді дайындау жұмыстар орындалды.



2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

12 корпоративтік референстік, 4 салалық бизнес-процессті және Жобалар портфелі Трансформациялау бағдарламасы «Жоспарлау» 2-ші кезеңінің негізгі нәтижесі болып табылады.



ДЕМЕУШІЛЕР

Жобалар портфелін ойдағыдай іске асыру және әр жобаға жауапкершілік бекіту үшін Компания басшыларының арасынан Демеуші белгіленді.



**МОЛДАБАЕВ
ҚАНЫШ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ**

- Тиімділікті стратегиялық жоспарлау және басқарудың жаңа моделдерін енгізу
- Портфельді басқару
- Трейдингтің жаңа үрдістерін енгізу мен сату үрдістерін дамыту



**МАҚСҰТОВ
ҚАЙРАТ БЕРІКҰЛЫ**

- Қаржылық және басқарушылық есептерді шоғырландыру
- Корпоративтік қаржының жаңа моделін енгізу
- Тиімділікті стратегиялық жоспарлау және басқарудың жаңа моделдерін енгізу



**ТҮЙТЕБАЕВ
СЕРІК СҮЙІНБЕКҰЛЫ**

- Доспарлаудың біріктірілген жүйесі
- Техникалық өызмет пен жөндеу
- Идеялар, білім мен инновацияның жаңа үрдістерін енгізу
- Кешенді қауіпсіздікті басқару бойынша жаңа моделді енгізу



**СӘТҚАЛИЕВ
АЛМАСАДАМ МАЙДАНҰЛЫ**



**АБДІҒҰЛОВ
МҰРАТ КЕҢЕСҰЛЫ**

- Категориялық сатып алуды басқару

**ӘБІЛҚАСЫМОВ
АЛМАЗ ЕРАСЫЛҰЛЫ**


- Кадрларды басқарудың жаңа моделін енгізу



**ОГАЙ
АЛЕКСЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ**

- Мақсатты (негізгі) үрдістерді енгізу
- IT басқарудың жаңа моделін енгізу
- ақпараттық қауіпсіздікті басқару мен қамтамасыз етуді енгізу (АҚБ мен Қ)
- мақсаттық ұйымдастырушылық жүйеге көшу
- тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу
- мәліметтерді басқарудың жаңа моделін енгізу

10. САТЫП АЛУЛАР ЖӘНЕ ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ



Мұрат Әбдіғұлов

«Самұрық-Энерго» АҚ
Қамтамасыз ету жөніндегі
басқарушы директор



Материалдық ресурстармен қамтамасыз ету құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қажеттілікке сүйене отырып өзірлеген өтінімдері бойынша Қоғамның Даму жоспары негізінде жүзеге асырылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы қалыптасқан сатып алу рәсімдері «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 ж. 28 қаңтардағы №126 шешімімен бекітілген «Самұрық – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидасына (бұдан әрі – Қордың Сатып алу қағидасы) сәйкес жүргізіледі.

Қордың Сатып алу қағидасына сәйкес, сатып алу рәсімдері <http://tender.sk.kz> веб-сайтында орналастырылған электронды сатып алудың ақпараттық жүйесінде өткізіледі. Өнім берушіні таңдау өткізілген тендер, баға ұсыныстары мен бір көзден сұрау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесіне мониторинг жүргізу Қордың уәкілетті органының <http://www.kmks.kz> веб-сайтындағы сатып алу мәселелеріне арналған «Сатып алудағы қазақстандық қамту мониторингі картасы» порталында жүзеге асырылады.

Өнім берушілер нарығы мен тауарлардың бағаларын зерттеу аясында Қоғам «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы үшін Бағалар каталогын өзірледі, ол мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы сатып алатын тауарлардың объективті нарықтық құнын анықтау;
2. Жоспарланатын шығыстарды оңтайландыру;
3. «Самұрық-Қазына» АҚ форматына сәйкес, ТЖҚ БНА кодтарын сәйкестендіру және стандарттау;
4. Өнім берушілердің деректер базасы құрылды;
5. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық тобы үшін импортталатын тауарлардың тізбесі жасалды (валюта бағамы ауытқыған кезде бағаларды түзету мерзімдерін азайту үшін).



Аталған жоба сатып алынатын тауарларға құндық диапазондар бойынша тәуелсіз баға берді. Сатып алынатын тауарларды құрылымдап топтау ұқсас тауарлар мен оларды өзара алмастыру құнын талдауға мүмкіндік берді. Аумақтық біріктіру тауарлар партиясының құнын азайтуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде жоба сатып алынатын тауарларға құнды азайту немесе нарықтық конъюнктура ұсыну түрінде экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Өндірушілердің ішкі нарығын дамыту мақсатында Қоғам өнім берушілердің міндетіне жергілікті қамту бойынша есептілікті тапсыруды міндеттеуді жалғастырып келеді, сол арқылы жергілікті қамту үлесіне мониторинг жүргізеді және отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетеді.

2014-2016 жж. сатып алудағы жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн. теңге

	2014 фактісі			2015 фактісі			2016 фактісі		
	Нақты орындалған ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ сомасы	% ЖҚ	Нақты орындалған ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ сомасы	% ЖҚ	Нақты орындалған ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ сомасы	% ЖҚ
Тауарлар	157 966,73	125 853,12	80%	134 371,84	112 279,78	84%	118 986,63	109 439,26	92%
Жұмыстар	99 769,40	49 652,59	50%	99 091,02	37 149,45	37%	90 117,93	37 815,31	42%
Қызметтер	99 018,10	97 399,44	98%	92 663,07	91 230,50	98%	92 910,12	90 793,51	98%
барлығы	356 754,23	272 905,15	76%	326 125,92	240 659,73	74%	302 014,67	238 048,07	79%

Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы мынадай өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттарды жасасты «Семей май зауыты» ЖШС, «Павлодар құбыр арматура зауыты» ЖШС, «Тыныс» АҚ, «HighIndustrialLubricants&LiquidsCorporation (HILL) ЖШС, «ҚАЗЭЛЕКТРОМАШ» ЖШС, «Kazcentrelectroprovod» ЖШС (Қазорталықэлектрқұбыры), «Жарық» электр механикалық зауыты» ЖШС, «АТИ-ҚАЗАҚСТАН» ЖШС, «KagazShahary SEZ» ЖШС, DOC Co.LTD, «Қазэ-нергокабель» АҚ, «НУР-СТРОЙ ЛТД» ЖШС, «ЭКОпром Павлодар» ЖШС, «ZhersuMetal» АҚ, «ЭнергоПромСтройсервис» ЖШС, «ЭнергоПромСтройсервис» ЖШС, «Семей аяқ киім фабрикасы» ЖШС, «Кентау трансформатор зауыты» ЖШС, «Азия Пром Инвест» ЖШС, «Графика-М» ЖШС, «СЕМЕЙ МЕТИЗ ЗАУЫТЫ» ЖШС, сонымен қатар «Қазақ саңылаулар қоғамының Атырау оқу-өндірістік кәсіпорны» мекемесі.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Ұзақ мерзімді сатып алулар көлемі	Млрд. теңге	99	465	73
оның ішінде тауар бағыты		40	231,345	2,176
оның ішінде ОТӨ-ден сатып алу		11	231,321	2,154
Жылдық сатып алу жоспары		277	213	178
оның ішінде тауар бағыты		152	121	93
оның ішінде ОТӨ-ден сатып алу		134	102	71

Қоғам қызметінің ерекшелігіне сәйкес, сатып алудың едәуір көлемін холдингішілік сатып алулар құрайды, олар мына бағыттар бойынша: электр энергиясы, көмір, жағар-жанар май материалдары, электр энергиясын жеткізу, тарату және теңгерімдеу бойынша қызмет (2014 жылы – сатып алудың жалпы көлемінің 45%-ы, сәйкесінше 2015 жылы – 46% және 2016 жылы – 37%).

Тауарларды сатып алу DDP жағдайында жүзеге асырылады, яғни өнім беруші сатып алушының еліндегі көрсетілген орынға жеткізу жауапкершілігін алады. Барлық төуекелдер, импорттау кезінде төленетін баж бен басқа төлемдерді қоса алғанда, жүкті жеткізу бойынша шығындарға (салықтар, баж және т.б.), оның ішінде кедендік тазалауға да өнім беруші жауапты болады.

Қоғамның сатып алу қызметін оңтайландыру мақсатында «Категориялық сатып алуды басқару» жобасы іске асырылады.

«Категориялық сатып алуды басқару» жобасының мәні сатып алатын техникалық және өзге қасиеттері бойынша ұқсас материалдарды бір санатқа біріктіруден тұрады. Санаттарды басқару қосымша құндылықтарды іздеуден, экономикалық тиімділікті арттырудан, иелік етудің жиынтық құнын бағалаудан, жеткізілімнің барлық тізбегі бойынша шығындарды азайтудан тұрады. Енгізілетін өзгерістер сатып алу бағаларын азайтуға, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыруға, жергілікті өндірушілерді дамытуға, қоймалардағы қалдықтар мен көлік шығыстарын азайтуға ықпал етеді.

2016 жылдың қорытындылары бойынша сатып алатын санаттық топ құрылды, ол аталған құралды сыртқы консалтингті тарта отырып, «ЖЖМ» пилоттық санаты мысалында пайдаланды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша сатып алатын санаттық топ «ЖЖМ» стратегиясын өзірледі.

Бұдан бөлек, 2017 жылы Компанияның Санаттар тізбесінде бекітілген екінші және үшінші толқындағы сатып алатын санаттық стратегияларды өзірлеу жоспарлануда.

Санаттар тізбесі түсімді қалыптастыратын түпкілікті өнімді өндіру үшін шығындар көлемін және тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің маңыздылығын талдау негізінде қалыптастырылады.

Жалпы алғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сатып алу қызметін оңтайландыру, жергілікті өндірушілерді дамыту және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті іс-шаралар жүргізіледі.

11. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Шүлбі СЭС

АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының 100% акциясы (5,601,687 дана) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі.

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қор 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған коммерциялық құрылым – инвестициялық холдинг болып табылады, оның миссиясы портфельдік компаниялардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және орнықты даму үшін оларды тиімді басқару арқылы, сондай-ақ ұлттық экономиканың басым секторларын дамытуға каталитикалық инвестицияларды жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын көтеру және ұлттық экономиканы жаңғыртуға қолдау көрсету болып табылады.



www.sk.kz



Қор акционердің функцияларын іске асыру, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы Жарғы мен Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тәртіпте Компанияны басқаруға қатысады. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы Компанияның Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдері арқылы жеткізіледі. Жалғыз акционер жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасына акционердің алдағы қаржылық жылға арналған болжамдарын жолдайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылық жасауды қамтамасыз етеді және Компанияның атқарушы органының қызметіне бақылау жасайды. Директорлар кеңесі акционердің алдында «Самұрық-Энерго» АҚ бүкіл компаниялар тобын тиімді басқаруға, ұзақ мерзімді құнын өсуіне, орнықты дамуына және жұмыс істеуіне жауап береді, топты басқарумен байланысты шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесі өз функцияларын Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес атқарады.

Қоғамның Директорлар кеңесі жеті директордан тұрады. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы/Жалғыз акционер сайлайды.

2016 жыл 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы:

- Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы
- Спицын Анатолий Тихонович
- Андреас Сторзел
- Лука Сутера
- Сәтқалиев Алмасадам Майданович

2017 жылғы 28 қаңтарда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№03/17 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамына төмендегілер тағайындалды:

- Рахметов Нұрлан Құсайынұлы
- Хоакин Галиндо Велес



Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 24.05.1970 ж.

Бірінші сайланған уақыты: 8 мамыр 2012 жыл

Қайта сайланған уақыты: 05 шілде 2016 жыл

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иеленбейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, республиканың электр энергетикасы саласы кәсіпорындарын басқару бойынша көп жылдық тәжірибесі бар.

1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген, физик.

2004 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін бітірген, инженер-электрик.

2016 ж. Назарбаев Университеті Жоғары бизнес мектебін Executive MBA бағдарламасы бойынша бітірген.

2012 жылғы қаңтардан – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры.

2014 жылдан – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі бас директоры.

2003 жылы Талдықорған қаласының мәслихат депутаты болып сайланған, «ҚР электр энергетикасы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің грамотасымен, «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі» төсбелгісімен, «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Қоса атқаратын жұмысы және ДҚ-ге мүшелік бойынша жұмысы:

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
- «Қазатомөнеркәсіп» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі



Рахметов Нұрлан Құсайынұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүдделерін қорғаушы өкіл

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 24.09.1965 ж.

Бірінші сайланған уақыты: 28.01.2017

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иеленбейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ ҚР Үкіметімен өзара іс-қимыл жөніндегі Басқарушы директор, республиканың жетекші компанияларының қаржысын басқару бойынша көп жылдық тәжірибесі бар, ҚР мемлекеттік кіріс вице-министрі, ҚР қаржы вице-министрі лауазымдарын атқарған.

1987 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. Физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Global Executive MBA (IE Business School, Madrid) дипломының иегері.

2008 жылғы қарашадан – «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры.

2011 жылғы мамырдан 2014 жылғы наурызға дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2014 жылғы наурыздан 2016 жылғы қаңтарға дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ қаржы директоры – Басқарма мүшесі.

2016 жылғы қаңтардан – ҚР Үкіметімен өзара іс-қимыл жөніндегі басқарушы директор.

Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік бойынша жұмысы: 2012ж. қазаннан 2016 ж. наурызға дейін «Қазмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



Лука Сутера

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Италия Республикасы

Туған жылы: 07.07.1971 ж.

Бірінші сайланған уақыты: 08 мамыр 2012 жыл

Аға тәуелсіз директор болып сайланған уақыты: 14.10. 2016 ж. бастап.

Қайта сайланған уақыты: 05 шілде 2016 жыл

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иеленбейді

Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Қаржы жөніндегі топтың вице-президенті, Nebras Power Басқарма мүшесі (Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы), энергетика секторындағы экономика мен қаржы саласында 19 жыл жұмыс өтілі бар.

L. Bocconi (г. Милан) университетінде Бизнес Экономикада Қаржы мамандығы бойынша магистр дәрежесін, сонымен қатар I.E. Business School (г. Мадрид) мектебінде Global Executive MBA дәрежесін алған.

Лука Сутера CPA (Certified Public Accountant) халықаралық сертификатына ие, сонымен қатар Британ Директорлар институты (Chartered Director IoD) берген директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған халықаралық сертификаты бар.

2015 жылғы тамыздан бастап Group Chief Financial Officer Nebras Power мүшесі, Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы. Компанияның негізгі қызметі – электр энергетикалық активтерге инвестиция салу және жаһандық деңгейде басқару.

2011 жылғы наурыздан 2015 жылғы шілдеге дейін Сутера мырза Абу Даби (TAQA) мемлекеттік энергетикалық компаниясының электр энергетикалық дивизионының Group Vice President and Chief Financial Officer қызметін атқарды. TAQA – жаһандық энергетикалық компания. TAQA компаниясының негізгі қызметі екі бизнес-бағыттан тұрады:

- Таяу Шығыста, Солтүстік Америкада, Солтүстік Еуропада мұнай мен газды барлау және өндіру.
- Таяу Шығыста, Солтүстік және Батыс. Африкада, Үндістанда және АҚШ-та электр энергиясын өндіру, жалпы белгіленген қуаты 17 500 мегаватты құрайды.

Сонымен қатар, Сутера мырза өзінің мансаптық өсу кезеңінде Еуропаның, Ресейдің, Африка мен Үндістанның бірнеше электр энергетикалық компанияларында директорлар кеңесінің мүшесі болып қызмет атқарды.

2011 жылғы сәуірден бері Лука Сутера мырза Ресей Тәуелсіз директорлар қауымдастығының мүшесі болып табылады.

2014 жылғы сәуірден Лука Сутера Британ Директорлар институтының (IoD) мүшесі болып табылады.



Спицын Анатолий Тихонович

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Ресей Федеративтік Республикасы

Туған жылы: 24 мамыр 1939 ж.

Бірінші сайланған уақыты: 08 мамыр 2012 жыл

Қайта сайланған уақыты: 05 шілде 2016 жыл

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, Халықаралық инвестициялар академиясының бірінші вице-президенті, ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерін стратегиялық зерттеу институтының директоры, «KEGOC» АҚ Тәуелсіз директоры.

Экономика, қаржы және басқару саласында 33 жыл жұмыс өтілі бар.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖФА) толық мүшесі, КСРО және РФ архитекторлар одағының мүшесі.

Қазақстан Республикасының еңбегі сіңірген энергетигі, КСРО және Ресей Федерациясы Архитекторлар одағының мүшесі, III Астана халықаралық экономикалық форумының үздік зерттеуі конкурсының жеңімпазы. Еуразия ғалымдар клубының, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының, Қазақ Ұлттық университетінің құрметті профессоры.

170-тен астам ғылыми жарияланымның, 12 жеке және 14 ұжымдық монографияның авторы.

Қазіргі кезде РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы экономика және қаржы қоғамдық секторының профессоры, Еуразия Экономикалық Қоғамдастығы Интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеулер институтының директоры.

Үш мәрте Еңбек қызыл ту орденімен (1976, 1981, 1986 жж.), ҚР «Достық» («Достық») (2014 ж.) орденімен, «Профессионал России» орденімен, РЖФА «Рыцарь науки и искусства» орденімен, В.В.Леонтьев атындағы «Экономикада жеткен жетістіктері үшін» құрмет медалімен, 7 мемлекеттік және 12 қоғамдық медальмен марапатталған.



Андреас Сторзел

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Германия Федеративтік Республикасы

Туған жылы: 12 қазан 1963 ж.

Бірінші сайланған күні: 05 шілде 2016 жыл

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі.

RWE New Energy бас атқарушы директоры, БАӘ, Дубай. ЖЭК сарапшысы болып табылады, Еуропа электр энергетикалық компанияларын басқару бойынша көп жылдық тәжірибесі бар, стратегиялық жобаларды басқарған, басқару мәселелері бойынша консультант қызметін атқарды.

Іскерлік өкімшілік ету магистрі дәрежесі бар, Open University, Ньюкасл-апон-Тайн, Ұлыбритания, геофизика саласындағы философия докторы (Ph.D.) АҚШ, Ларами, Вайоминг штатының университеті, геофизика саласындағы маман, Гете университеті, Майндағы Франкфурт, Германия.

2014 жылдан бастап қазіргі кезге дейін – бас директор, RWE New Energy Ltd, Дубай, БАӘ

2012 жылдан 2014 жылға дейін бас директор, RWE Middle East Ltd, Дубай, БАӘ.



Хоакин Галиндо Велез

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Испания корольдігі

Туған жылы: 1957 ж.

Бірінші рет сайланған уақыты: 28 қаңтар 2017 жыл

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Қызметін Аргентина, Бразилия, Колумбия, Чили және Перуде жүзеге асыратын Латын Америкасындағы жетекші бас компанияның (16,000 МВт) бас атқарушы директоры.

Севилья Инженерлік мектебін бітірген – өнеркәсіптік инженер, Мадрид қаласындағы «UNED» университетінде бизнес және экономика саласындағы бакалавр дәрежесін, сонымен қатар қаласындағы Деусто (Deusto Business School), Бильбао қ.бизнес мектебінде MBA дәрежесін алған.

2006–2008 жж. Италиядағы жалпы қуаты 7000 МВт СЭС, көмір және газ электр станцияларын басқаратын 3-электр энергетикалық компаниясының бас атқарушы директоры.

2004–2006 жж. Франциядағы көмір электр станцияларына иелік ететін екінші электр компаниясының (3,000 МВт) бас атқарушы директоры.



Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 31 қазан 1970 ж.

Бірінші сайланған жылы: 08 мамыр 2012 жыл

Қайта сайланған жылы: 05 шілде 2016 жыл

Компанияның, сондай-ақ компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғамның Басқарма Төрағасы. Қазақстанның энергетика саласындағы компанияларда 24 жыл басшылық қызметтер атқарған.

1992 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген, механик, қолданбалы-математик. Экономика ғылымдарының докторы. ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі.

2013 жылы РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының Мемлекеттік қызмет және басқару халықаралық институтын бітірді, экономика магистрі.

2014 жылы Назарбаев Университеті Жоғары бизнес мектебін Executive MBA бағдарламасы бойынша бітірді.

2016 жылы Стэнфорд университеті Жоғары бизнес мектебін Stanford Executive Program (Басқарушы кадрларға арналған Стэнфорд бағдарламасы) бағдарламасы бойынша аяқтады.

2011 жылғы маусымнан – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры.

2012 жылғы қаңтардан – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА ІРІКТЕУ ӨЛШЕМДЕРІ

Қазіргі кезде Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидасы қолданыста, бұл құжатқа сәйкес Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде компания мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын және барлық акционерлерге әділ көзқарас пен тұрақты даму қағидаттарын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына мыналар кіреді:

- Экономика, қаржы және аудит саласындағы сарапшылар – Лука Сутера, Н.К.Рахметов;
- ЖЭК саласындағы сарапшы – Андреас Сторзел;
- Өндіру және жобалау саласындағы сарапшы – Хоакин Галиндо Велес
- Тұрақты даму саласындағы сарапшы – Басқарма Төрағасы Алмасадам Майданұлы Сәтқалиев, Адам ресурстарын басқару департаменті мен демеушілік және қайырымдылыққа қатысты аспектілерді қадағалайды.

Компанияның тәуелсіз директорлары есептік кезеңде тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келді.

Директорлар кеңесі отырыстарының саны

	2016	2015	2014
Отырыстар саны	11	8	11
Тікелей	7	8	9
Сырттай	4	0	2

Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы	100%	100%	100%
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	100%	100%	100%
Лука Сутера	100%	100%	100%
Спицын Анатолий Тихонович	100%	100%	100%
Андреас Сторзел	100%		

2016 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 11 отырыс өткізді, олардың 7-еуі тікелей нысанда, 4-еуі сырттай нысанда. Отырыс аясында 165 мәселе қаралды.

Атап айтқанда, мынадай мәселелер қаралды:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 «Жөкешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы.
2. Компанияның Жарғысына енгізілетін өзгерістерді алдын ала келісу туралы.
3. Компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидасын бекіту туралы.
4. Компанияның тәуекелдерді хеджирлеу қағидасын бекіту туралы.
5. Компанияның 2015–2025 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асырудың Жол картасын өзектендіру және Қоғамның 2016 жылға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асырудың Жол картасын бекіту туралы;
6. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды іске асыру тиімділігін бағалау.

7. Қоғамның Бизнесіні трансформациялау бағдарламасын іске асырудың ағымдағы жай-күйін қарау туралы.
8. Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін жаңа редакциядағы Қызметке кірісу бағдарламасын бекіту туралы.
9. Қоғамның жаңа редакциядағы Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясатын бекіту туралы.
10. Қоғамның 2017–2022 жылдарға арналған Даму жоспарын бекіту туралы.
11. Қоғамның жаңа редакциядағы Экологиялық саясатын бекіту туралы.
12. Қоғамның CEO-1 деңгейіндегі басшылардың (үміткерлердің) жаңа ұйымдық құрылымның (Job matching) лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне бағалау өткізу туралы.
13. Басқарма мүшелерінің лауазымдарының (Job description) сипаттамаларын, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Қоғамның Корпоративтік хатшысының лауазымдары мен лауазымдық жалақыларының сызбаларын бекіту туралы.
14. Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бекіту туралы.
15. Аға тәуелсіз директорды сайлау туралы.
16. Сыртқы сарапшының («ARG Group» ЖШС) Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізуі туралы, нәтижесінде Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері мен Басқарма Төрағасы сыйақы алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің әрбір тікелей отырысына комитет мүшесі ретінде қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директор ауырып қалу, демалыста, іссапарда болу себебінен тікелей отырыстарға қатыспай қалған кездерін қоспағанда, есепті кезеңде Директорлар кеңесінің өткізілген барлық тікелей және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда тіркелген сыйақы төленбейді.

Тәуелсіз директордың Қоғамның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілген отырыстарына барумен байланысты (жол жүру, тұру, тәуліктік шығыстар) шығыстары өтеледі.

Тәуелсіз директорларға 2016 жылы төленген сыйақы (31.12.2016 ж. жағдай бойынша)

	Жылдық тіркелген сыйақы	Тікелей отырыстарға қатысқаны үшін сыйақы	Барлығы
Storzel Andreas	8 284 849	2 777 417	11 062 266
Sutera Luca	14 347 201	9 607 877	23 955 078
Спицын Анатолий Тихонович	14 347 201	9 607 877	23 955 078

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің жұмысына қолдау көрсету мақсатында Компанияда міндеттеріне өздерінің қызметтік міндеттері аясында белгілі бір сұрақтар бойынша мәселелерді қарастыру және ұсыныстар өзірлеу кіретін мынадай комитеттер құрылды:

- Аудит комитеті;
- Тағайындаулар және сыйақы комитет;
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес, әрбір комитет Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде атқарған жұмысы туралы есеп ұсынады.

Комитеттер бойынша отырыстарда қаралған мәселелер саны

	2016	2015	2014
Аудит комитет	43	33	47
Тағайындаулар және сыйақы комитет	37	28	32
Стратегиялық жоспарлау комитет	19	15	15

Аудит комитет

Аудит бойынша комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ішкі және сыртқы аудит, ішкі бақылау жүйесі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі мәселелері бойынша ұсыныстарды талдау мен өзірлеу үшін құрылды.

Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті мына құрамда құрылды:

- Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, Аудит комитетінің төрағасы;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Аудит комитеті мен Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің мүшесі.

Аудит комитеті отырыстарының саны

	2016	2015	2014
Отырыс саны	8	10	10
Тікелей нысанда	8	10	10
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%

Аудит бойынша комитеттің отырыстарында қарастырылған негізгі мәселелер:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебіндегі елеулі түзетулерді талқылау туралы.
2. «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы аудиторының 2016–2018 жылдарға арналған ұсынымдары туралы.
3. «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы аудиторының тәуелсіздігі мен объективтілігін бағалау.
4. «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы.

5. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тәуекелдерді хеджирлеу жөніндегі қағидаттарын мақұлдау туралы.
6. «Самұрық-Энерго» АҚ-да болжанатын бұзушылықтар туралы хабардар ету саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау туралы.
7. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жаңа редакциядағы Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатын алдын ала мақұлдау туралы.
8. «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының жаңа редакциядағы 2014–2020 жылдарға арналған бухгалтерлік персоналды дамыту бағдарламасын алдын ала бекіту туралы.
9. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ны қаржылық консультант рөлінде тартуды алдын ала мақұлдау туралы.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы бойынша комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады және Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау бойынша ұсыныстар беру, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне және корпоративтік хатшыға еңбекақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен талаптарын, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне және корпоративтік хатшыға біліктілік талаптарын белгілеу үшін құрылды.

Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитеті мына құрамда құрылды:

- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі.
- Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны

	2016	2015	2014
Отырыс саны	11	9	9
Тікелей нысанда	11	9	9
Сырттай насанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің отырыстарында қарастырылған негізгі мәселелер:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының кейбір мәселелері туралы.
2. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және Корпоративтік хатшының қызметтік жалақыларының кестесін бекіту туралы.
3. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі Басшысының және Корпоративтік хатшысының 2016 жылға арналған ынталандырушы НҚК-ларын қарастыру туралы.
4. «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстар беру туралы.
5. Қоғамның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясатының тиімділігін бағалау нәтижелерін қарастыру.

6. Қоғамның CEO–1 деңгейдегі басшыларының (үміткерлерінің) жаңа ұйымдық құрылымның (Job matching) лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келу бағасын алдын ала қарастыру туралы.
7. Басқарма мүшелері лауазымдарының (Job description) сипаттамаларын, Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Корпоративтік хатшының лауазымын бағалау және қызметтік жалақысының кестесін алдын ала қарастыру туралы.
8. Қоғамның 2016 жылға арналған негізгі лауазымдарына сабақтастықты жоспарлау процесінің тиімділігін бағалау.
9. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясатының тиімділігін бағалау нәтижелерін қарастыру.
10. Жалғыз акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары бойынша алдын ала ұсыныстар беру туралы.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау бойынша комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады және Қоғам қызметінің стратегиялық мәселелері бойынша ұсыныстар беру үшін құрылды.

Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау комитеті мына құрамда құрылды:

- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы.
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны

	2014	2015	2016
Отырыс саны	8	9	6
Тікелей нысанда	8	9	6
Сырттай насанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%

Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырысында қарастырылған негізгі мәселелер:

1. Қоғамның жаңа редакциядағы 2015–2025 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Жол картасын және Қоғамның 2016 жылға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Жол картасын алдын ала қарастыру туралы.
2. «Кеңсу өзенінің науасын Мойнақ СЭС-інің Бестөбе су қоймасына көшіру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінің нәтижелерін мақұлдау туралы.
3. «Келешекте қуатын 300 МВт-ға кеңейте отырып, Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету енгізу туралы.
4. «Кейіннен ҚС-131А-ны бөлшектей отырып, «Горный Гигант» ҚС-220/110/10кВ №131А жүктемесін 110кВ желілері бойынша «Еременсай» ҚС-220/110/10кВ №160А аудару» жобасының инвестициялық кезеңін іске асыруды мақұлдау туралы.
5. «Екібастұз ГРЭС-1 жаңғырту және қайта құру. №1 блокты қалпына келтіру» жобасын іске асыру мерзімін көшіруді мақұлдау туралы.
6. Қоғамның орнықты даму саласындағы Нұсқаулығын алдын ала қарастыру туралы.

2016 ЖЫЛЫ «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№ Ко-декстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
------------------------	---	---	---

1-тарау. Үкімет – Қордың акционері ретінде

2	Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады. Қор мен ұйымдардың негізгі стратегиялық тапсырма – бұл ұзақ мерзімді құнның өсімі және Қор мен ұйымдардың орнықты дамуы, ол Қор мен компаниялардың даму стратегиясында көрсетіледі. Барлық қабылданатын шешімдер мен әрекеттер даму стратегиясына сәйкес келуі тиіс. Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтер құрылымының және оның ұйымдық-құқықтық нысандарды барынша жеңілдетуге тырысуы тиіс. Ұйымдар өз қызметін өзінің негізгі (кәсіптік) қызметі аясында жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға аталған нарықта бәсекенің болмау немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнестің дамуына себептесу шарты арқылы рұқсат беріледі. Қор ұйымдарында акциялардың (қатысу үлестерінің) бақылау топтамасының болуы мен сақталуы ұсынылады.	Ішінара сақталады	2015 жылғы 15 қазанда Директорлар кеңесі 2025 жылға дейінгі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Ұзақ мерзімді даму стратегиясын бекітті, оның стратегиялық мақсаттары мыналар болып табылады: қатысу нарықтарында энегия ресурстарын сенімді және бәсекеге қабілетті жеткізілуін қамтамасыз ету; бизнестің, орнықты дамудың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету; акционерлік капиталды арттыру. Барлық қабылданатын шешімдер мен әрекеттер Стратегияға сәйкес келеді. Стратегияның іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Компанияның Директорлар кеңесі және Басқарма стратегиялық сессияларды өткізеді, олардың барысында қызметтің негізгі міндеттері, мақсаттары, проблемалық мәселелер, тәуекелдер, түзету шаралары талқыланады. Компанияның инвестициялық қызметі Стратегияны іске асыру аясында жүзеге асырылады. Қоғамның компаниялар тобына өртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ЕТҰ-лар және акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кіреді. Кодексте «Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиім. Қор мен компаниялар өз активтері мен олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының құрылымын мейлінше жеңілдетуге тырысуы тиіс» ұсынылады. Акционерлік қоғамдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қайта ұйымдастыру бөлігінде Қоғам активтерінің оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету және олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары жөнінде: аталған кезеңде Қоғам 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес 5 акционерлік қоғамды іске асырады; «Өскемен ГЭС» АҚ, «Шүлбі ГЭС» АҚ және «Бұқтырма СЭС» АҚ өндірістік қызметті жүзеге асырмайды; «Мойнақ СЭС» АҚ-да және «Шардара СЭС» АҚ-да инвестициялық жобаларды іске асыру аясында тартылған ұзақ мерзімді кредиттік шарттар бар, ұйымдық-құқықтық нысанын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге (бұдан әрі – ЖШС) ауыстыру мерзімінен бұрын талап өтуді ұсыну тәуекелінің туындауына, бірінші дәрежелі мемлекеттік кепілдерден айырылу мүмкіндігіне әкеп соғуы мүмкін, ол қарызға алу құнының қымбаттауына, қолданыстағы ковенант топтамасының және кредиттің өзге де шарттарының қатаюына және қолданыстағы кредиттік және кепілдік құжаттаманы қайта бекіту аясында консультанттарды тартуға арналған қосымша шығындардың туындауына әкеп соғуы мүмкін. Осыған байланысты аталған компаниялардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын ЖШС-ға ауыстыруды кредиторлармен келісу қарыз портфелін оңтайландырғаннан кейін немесе бар заемдарды толық өтегеннен кейін жөнді болып табылады. Ұзақ мерзімді стратегияға сәйкес, Қоғам өз қызметін өзінің негізгі (кәсіптік) қызметі аясында жүзеге асырады, қызметтің негізгі түрлерін дамыту бірлескен кәсіпорындар нысанында жоспарланады.
---	--	-------------------	--

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
5	Үкімет Қорға және ұйымдарға толық операциялық дербестік береді және заңдармен, актілермен және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларымен көзделген жағдайларды қоспағанда Үкімет пен мемлекеттік органдардың тарапынан Қор мен ұйымдардың операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді. Қор Басқармасы, Қор басқармасының төрағасы, ұйымдардың органдары өз құзыреті шегінде шешімдерді қабылдау және кез келген қызметтерді жүзеге асыру кезінде толығымен дербес және тәуелсіз болып табылады.	Сақталады	2016 жылы Қоғам мемлекеттік органдардан 637 хатты қабылдады, бірақ Үкімет пен мемлекеттік органдары тарапынан Қоғамның операциялық қызметіне тікелей араласу фактілері болған жоқ. Директорлар кеңесі мен Басқарма стратегиялық мәселелер және операциялық қызмет мәселелері жөніндегі барлық шешімдерді мемлекеттік бағдарламалық және нормативтік құжаттарды ескере отырып дербес қабылдады.
8	Қордың немесе ұйымның инвестициялық қызметі Қордың немесе ұйымның стратегиясына сәйкес нарықтық қағидаларда жүзеге асырылады және активтер құнының өсуі мен оңтайлы құрылымына бағытталған. Жалғыз акционер ретінде Үкіметтің пайдасына таза табысты үйлестіру рәсімделген және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады. Қордың немесе ұйымның тиімділігі төмен және әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру жағдайлары бұндай жобаларды қаржыландыру көздері көрсетіле отырып, Қордың немесе ұйымның жылдық есебінде ашылуы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Даму стратегиясы Мемлекет экономикасында Компанияның миссиясын орындауы үшін іске асырылатын инвестициялық жобалардың портфелін қамтиды. Компанияның инвестициялық қызметі туралы ақпарат Жылдық есептерде егжей-тегжейлі баяндалады.
14	Қор мен ұйымдар жоғары этикалық стандарттарды қолдауға және Қор мен ұйымдардың барлық қызметкерлері мен серіктестерінің осы стандарттарды тұрақты қолдануын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді ендіруге тиіс. Болжанатын бұзушылықтар туралы хабарламалар Қордың немесе ұйымның АҚ-ға немесе Директорлар кеңесіне тікелей жолдануы тиіс. Қауіпсіздік қызметін қоса алғандағы атқарушы орган және барлық басқа да құрылымдық бөлімшелер ІАҚ-ға және Директорлар кеңесінің болжанатын бұзушылықтар туралы хабарламалардың жолдауына бөгет жасамауға тиіс.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің 31.03.2017 ж. шешімімен Қоғамның компаниялар тобы үшін бірыңғай корпоративтік стандарт ретінде Корпоративтік іскерлік этика кодексі бекітілген, онда өзара іс-қимылдардың негізгі салаларын реттейтін барлық мүдделі тараптардың мінез-құлқының жоғары этикалық нормалары мен стандарттары белгіленген. «Самұрық-Энерго» АҚ командасының барлық мүшелері (лауазымды тұлғалары және қызметкерлері) жоғары этикалық стандарттарды ұстанады, Корпоративтік іскерлік этика кодексінің ережелерімен таныстырылды және талаптарын сақтайды. Еншілес компаниялардың директорлар кеңестері/байқаушы кеңестері өз ұйымдарда жаңартылған кодекстерді бекітеді. Директорлар кеңесі Аудит комитеті жанындағы «жедел желіні» ұйымдастыру жолымен компанияның саясаттарын бұзу туралы мәліметтерді жинау және құпия қарастыру үшін механизмнің болуын қамтамасыз етті. Компанияның сайтында жарияланған реквизииттер арқылы стейкхолдерлер ІАҚ арқылы Аудит комитетіне заңнаманың немесе т.б. болжанатын бұзушылықтары туралы хабарлауы мүмкін. Соған қоса, өтініш берушілердің құпиялылығы сақталады. Сонымен қатар, компаниялар тобында Омбудсмен институты құрылды, оған Іскерлік этика кодексінің бұзушылықтары мәселелері бойынша өтініш беруі мүмкін. Директорлар кеңесі мерзімді келіп түскен хабарламалар (шағымдар) туралы, қабылданған қызметтер туралы және т.б. туралы есептерді алады.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
15	Іскерлік этиканың қағидаларын сақтау және Қор мен ұйымдарда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалады. Омбудсменнің лауазымына үміткер мінсіз іскерлік беделі, жоғары мәртебесі және әділ шешімдерді қабылдау қабілеттігі болуы тиіс. Омбудсмен Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әрбір екі жыл қайта салануға жатады. Омбудсменнің рөлі оған жүгінген қызметкерлеріне, еңбек дауларының, қақтығыстарының қатысушыларына кеңес беруді және Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуын (соның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықтың сақталуын) ескере отырып, өзара тиімді, конструктивтік және іске асырылатын шешімді әзірлеуде көмек көрсетуді, қызметкерлердің де, Қор мен ұйымдардың проблемалықәлеуметтік-еңбекмәселелерін шешуге көмек көрсетуді, сондай-ақ Қор мен ұйымдар қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаларын сақтауды білдіреді. Омбудсмен Қордың және/немесе ұйымдардың тиісті органдары мен лауазымды тұлғалардың қарастыруына анықтаған жүйелік сипатқа ие және тиісті шешімдердің (кешенді шаралардың) қабылдануын талап ететін проблемалық мәселелерді енгізеді, оларды шешу үшін конструктивтік шешімдер ұсынады. Омбудсмен Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитетіне, Аудит комитетіне кемінде бір рет жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есепті ұсынады, олар оның қызметінің нәтижелерін бағалайды. Қордың Директорлар кеңесі омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды және омбудсмен лауазымындағы тұлғаның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Жұмысты орындау жері, омбудсменнің еңбек шарттары Қор басқармасының шешімімен белгіленеді.		Іскерлік этиканың қағидаларын сақтау және Қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттей мақсатында, Қоғамның Директорлар кеңесі 2015 жылғы 15 қазанда (№06/15 хаттама) Қоғамның Омбудсені өтіп «Қазақстандық энергетиктердің салалық кәсіподағы» ҚБ ОК төрағасы О.Т. Бекбасты сайлады және тағайындады, оның іскерлік беделі мінсіз, мәртебесі жоғары және әділ шешім қабылдау қабілетіне ие. 2015 жылғы 20 қазанда Қоғамның Директорлар кеңесі (№ 07/15 хаттама) Қоғамның Омбудсмені туралы ережені (бұдан әрі – Ереже) жаңа редакцияла бекітті. Жаңа Ережеде Омбудсменнің тапсырмалары, қызметтері, құқықтары және міндеттері нақты белгіленді. Омбудсмен тоқсан сайын Директорлар кеңесінің мүшелеріне жүргізілген жұмыс туралы есепті жолдайды. Қоғамның жылдық есебінде Омбудсменнің есебі жарияланады.

2-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі

1	Қор мен ұйымдарда корпоративтік басқару жүйесі тиімді басқару мен оның қызметіне басқаруды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнының өсімі мен орнықты дамуға бағытталған. Қор – ұлттық басқарушы орган ретінде өз компанияларына қатысты стратегиялық холдингтің рөлін орындайды. Корпоративтік басқару негізінде тиімділік, жеделділік және ашықтық болуы тиіс.	Сақталады	Акционер «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасына болжал хаттарды жолдайды, олар Директорлар кеңесіне хабарланады. Компанияның Жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесі Компания қызметінің бағыттарын белгілейді, Даму стратегиясын және 5 жылға арналған орташа мерзімді даму жоспарын, соның ішінде ірі акционердің болжалдарын іске асыру үшін бекітеді. Басқарма Стратегияның, даму жоспарларын және Директорлар кеңесінің алдында мерзімді есеп бере отырып, бекітілген стратегиялық НҚҚ-ларына қол жеткізілуін қамтамасыз етеді.
---	--	-----------	--

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
2	Қор мен ұйымдардың корпоративтік басқару жүйесі Қор мен ұйымдардың қызметіне басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процесстердің бірігуін, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тұлғалар арасында өзара қатынстар жүйесін білдіреді. Органдардың құзыреттері мен шешімдерді қабылдау тәртібі жарғыда нақты белгіленуі және бекітілуі тиіс.	Сақталады	Корпоративтік басқару жүйесі Компанияда мыналарды қамтамасыз етеді: 1) мәселелерді қарастыру және шешімдерді қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау: Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық мәселелер Директорлар кеңесінің тиісті мамандандырылған Комитеттерімен мұқият қарастырылады; 2) Директорлар кеңесі, Басқарма, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді нақты ажырату: органдардың құзыреттері, өкілеттіктері және жауапкершілігі Жарғымен, Директорлар кеңесі және Басқарма туралы ережемен белгіленген; Басқарма Төрағасының «Міндеттерді және өкілеттіктерді үйлестіру туралы» бұйрығымен «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелерінің жауапкершілік аймақтары нақты ажыратылған; Компанияның жұрылымдық бөлімшелері өз қызметін Бөлімшелер туралы ережелер негізінде жүзеге асырады; әрбір лауазымға лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді. 3) Директорлар кеңесі және Басқарма уақтылы және сапалы шешімдерді қабылдайды; 4) Заңнамаға және Директорлар кеңесі мен Басқарманың ішкі құжаттарына сәйкес келуі.
4	Қор акционердің қызметін жүзеге асыру жолымен, сондай-ақ Директор кеңесі арқылы компаниялардың жарғыларымен және осы Кодекспен белгіленген тәріпте компанияларды басқаруда қатысады. Қор Директорлар кеңесінің төрағасына және Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдеріне алдағы қаржылық жылға арналған акционердің болжалдарын жыл сайын жолдайды. Компаниялардың Директорлар кеңестері Компанияның жарғысымен белгіленген құзыреттері шегінде шешімдерді қабылдауда толығымен дербес. Қордың бөлек мәселелері бойынша ұстанымы Компанияның Директорлар кеңесінде Қордың өкілдері арқылы хабарланады.	Сақталады	«Самұрық-Қазына» АҚ Компанияның жалғыз акционері бола тұра, өз өкілдерінің Директорлар кеңестерінде қатысу арқылы ірі акционердің болжал хаттарын жолдау арқылы Компанияның басқаруында қатысады. Директорлар кеңесінде акционердің екі өкілі бар, төрт тәуелсіз директордың болуы ойластырылған дербес шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етеді.
6	Таза табысты Қордың пайдасына үйлестіру рәсімделген және мөлдір дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.	Сақталады	Қоғам еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дивиденттік саясатын басшылыққа алады – дивидендтерді белгілеу мен төлеудің барынша мөлдір рәсімдері рәсімделген құжат. Акционерлерге төлеген дивидендтерден басқа қайта үйлестірулер қарастырылмаған.
7	Ұйымдарды басқару ұйымның жарғысымен белгіленген құзыреттер мен тәртіпке сәйкес ұйымдардың органдарымен жүзеге асырылады. Аталған қағидат бірнеше акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдарға да қолданылады.	Сақталады	Қоғамның органдары мыналар болып табылады: Жоғарғы орган – жалғыз акционер, Басқару органы – Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасының Төрағасы басшылық ететін алқалық атқарушы орган – Басқарма. Әрбір органның және Директорлар кеңесі мен Басқарма Төрағасының құзыреті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Жарғысымен, сондай-ақ тиісті ережелермен белгіленді. Қоғам органдары қызметтерінің қайталануы жоқ.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
8	Қор, ұйымдар және олардың лауазымды тұлғалары тиісінше Қор мен ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсіміне және орнықты дамуға және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте қабылданатын шешімдер мен әрекеттер/әрекетсіздіктер үшін жауапты. Қор мен ұйымдар, атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі НҚК жүйесі болып табылады. Қор өзінің Директорлар кеңесіндегі өкілдері арқылы компанияларға НҚК бойынша өзінің болжалдарын жолдайды. Компанияның НҚК тізілімі мен мақсатын компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Компанияның НҚК-ға қол жеткізу мақсатында тиісті даму жоспарларын әзірлейді. Жыл сайынғы негізде бекітілген даму жоспарына қарағанда Қор мен ұйымдардың НҚК-ға қол жеткізуді бағалау жүзеге асырылады. Аталған баға басшы мен атқарушы органдардың мүшелеріне төленетін сыйақыға әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды лауазымынан мерзімінен бұрын шеттеуге негіз болуы мүмкін.	Сақталады	Қоғамның Даму стратегиясымен стратегиялық мақсаттар, соның ішінде «Бизнестің, орнықты дамудың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету» және «Акционерлік капиталдың құнын арттыру», сондай-ақ оларға қол жеткізу индикаторлары белгіленді. Стратегияны іске асыру үшін Стратегияның тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін орташа мерзімді Даму жоспары әзірленді. Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау ынталандыру НҚК-ларды қолдана отырып жүзеге асырылады, олардаорынлау жауапкершілігі Директорлар кеңесінің шешімімен басқарушы қызметкердің нақты лауазымдық позицияға жүктеледі, қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін сипаттай отырып, Компанияның мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер етеді. Көрсеткіштердің мағыналары Басқарма мүшелерінің сыйақыларына әсер етеді, оларды қайта сайлағанда назарға алынады, сондай-ақ оларды лауазымнан босату үшін негіз болып табылуы мүмкін.
9	Холдингтік компанияның Директорлар кеңесі оған кіретін барлық заңды тұлғаларда басқару тиімділігін, ұзақ мерзімді құнның өсімін және орнықты дамуды қамтамасыз етуі тиіс. Холдингтік компания тобында тиімді басқарудың нәтижелері операциялық тиімділікті арттыру, есептілік сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен этиканың жақсартылған стандарттары, үлкен ашықтық және мөлдірлік, тәуекелдердің төмендеуі, ішкі бақылаудың тиісті жүйесі болуы тиіс.	Сақталады	Жарғыға сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Директорлар кеңесі Самұрық-Энерго компаниялар тобының бірыңғай ұзақ мерзімді Даму стратегиясын бекітті, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Даму стратегиясы саласында нұсқаулықты бекітті, қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, еншілес тәуелді ұйымдарды басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекітеді, ЕТҰ-да лауазымдық тұлғаларды тағайындауға қатысты саясаттарды әзірлейді. Қоғамда ЕТҰ-мен жұмыс жөніндегі регламент бекітілді, ол корпоративтік орталық пен ЕТҰ-ның ДҚ/БК жұмысының өзара іс-қимылын реттейді. ЕТҰ-лардың Жарғыларымен ЕТҰ органдарының өкілеттіктері мен құзыреттері жіктеу болып табылады. Қоғам барлық Тобы үшін негізгі қызмет салаларында бірыңғай саясаттарды белгілейді, соған қоса, еншілес ұйымдар дербес ұйымдар бола отырып, толықтыру/нақтылау (жоспарлау, тәуекелдерді басқару және т.б.) мақсатында өзінің ІНҚ әзірлеуі мүмкін.
3-тарау. Орнықты даму			
1	Қор мен ұйымдар өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға деген әсерінің маңыздылығын сезінеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне тырыса отырып, мүдделі тараптардың мүдделер балансын сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің орнықты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделі тараптармен жауапты, ойланған және тиімді өзара іс-қимылының әдісі Қор мен ұйымдардың орнықты дамуға ықпал етеді.	Сақталады	Даму стратегиясымен стратегиялық мақсаттар белгіленді, оларға Компанияның ұзақ мерзімді құнның өсуі, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі, персоналды басқару бойынша тапсырмаларды қамтитын «Бизнестің және орнықты дамудың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету» жатады, сондай-ақ аталған бағыттарда НҚК белгіленді. Стратегияны іске асыру Жол картасы аталған мақсаттар мен мағыналарға, жоспаланған НҚК-ларға қол жеткізуге бағытталған шараларды қамтиды. Қоғамда жыл сайын Тәуекелдер тізілімі мен картасы бекітіледі, оларда орнықты дамудың үш аспектісі бойынша тәуекелдердің іске асырылуына жол бермеу үшін ескеретін және реактивті шаралар қарастырылды.

№ Ко-декстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
2	Қор мен ұйымдар өзінің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнның өсуіне тырысуы және мүдделі тұлғалардың мүдделер балансын сақтауы тиіс. Орнықты даму саласындағы қызмет озық халықаралық стандарттарға сәйкес келуі тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орнықты даму саласында нұсқаулықты бекітті, оған сәйкес, Директорлар кеңесі орнықты даму саласында компаниялар тобы қызметінің жалпы қағидаттарын белгілейді, қайта қарайды және бекітеді. Орнықты даму саласында тиімді жүйесінің қалыптастырылуын және оның өндірілуін қамтамасыз етеді. Басқарма Директорлар кеңесі белгілеген орнықты даму саласындағы мақсаттардың, тапсырмалардың іске асырылуын және индикаторларға қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер және лауазымды тұлғалар барлық деңгейлерде Орнықты дамуға өз үлестерін қосады. Басқарма үш құрамдас бойынша (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік) ішкі және сыртқы жағдайдың ұқыпты, терең және ойланған талдауын қамтамасыз етеді, оның негізінде Директорлар кеңесі белгілеген мақсаттарды, тапсырмалардың іске асыру және индикаторларға қол жеткізу үшін тиісті жоспарлардың, бағдарламалардың қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.
3	Қор мен ұйымдар ұзақ мерзімді кезеңде орнықты дамуы үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарын қамтамасыз етуі тиіс, оларға акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнның өсуі кіреді. Қор мен ұйымдағы орнықты даму үш құрамдастан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Экономикалық құрамдас Қор мен ұйымның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсіміне, акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, барынша жетілген технологияларды құру мен дамытуда инвестициялардың өсуіне, еңбек өндірісін арттыруға бағыттауы тиіс. Экологиялық құрамдас биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, органикалық ресурстарды тиімді пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологиялардың қолданылуын, экологиялық лайықты өнімнің жасалуын, қалдықтарды мейілінше азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етуі тиіс. Әлеуметтік құрамдас әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, олар мыналарды қамтиды: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, адал сыйақы беру және қызметкерлердің құқықтарын құметтеу, персоналдың жеке дамыту, персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік пен қайырымдылық, экологиялық және білімі акцияларын өткізу. Қор мен ұйымдар аталған үш аспект бойынша өз қызметі мен тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тұлғаларға теріс әсерін болдырмау немесе төмендетуге тырысуы тиіс.	Сақталады	

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
4	Орнықты даму саласындағы қағидаттар ашықтық, есеп берушілік, мөлдірлік, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысының болдырмаушылығы, жеке мысал болып табылады.	Сақталады	
5	Компанияда орнықты даму саласында басқару жүйесі құрылуы тиіс, ол мыналарды қамтиды, бірақ шектелмейді: 1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарын ұстану; 2) үш құрамдас бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер); 3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларында орнықты даму саласында төуекелдерді белгілеу; 4) мүдделі тұлғалардың картасын құру; 5) орнықты даму саласында мақсаттар мен НҚК-ларды белгілеу, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды анықтау; 6) төуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және т.б. қоса алғанда орнықты дамудың негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясына және шешімдерді қабылдау процестеріне бірігуі; 7) орнықты даму саласында лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің біліктілігін арттыру; 8) орнықты даму саласында шараларды үнемі мониторингілеу және бағалау, мақсаттар мен НҚК-ларға қол жеткізуін бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсарту мәдениетін өндіру. Компанияның Директорлар кеңесі және атқарушы органы орнықты даму саласында сенімді жүйенің қалыптастырылуын және оның ендірілуін қамтамасыз етуі тиіс. Барлық қызметкерлер және лауазымды тұлғалар барлық деңгейлерде орнықты дамуға үлесін қосады. Холдингтік компаниялар барлық топ бойынша орнықты даму қағидаларының ендірілуіне жауапты.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесі Орнықты даму саласында нұсқаулықты бекітті, ол төмендегі элементтерді қамтиды: 1) Орнықты даму саласындағы саясат; 2) Үш құрамдас бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер); 3) Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларында орнықты даму саласындағы төуекелдер; 4) Мүдделі тұлғалардың картасы; 5) Мерзімдерді және жауапты бөлімшелерді белгілей отырып, орнықты даму саласында мақсаттарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары. Сондай-ақ басшылардың 2017 жылғы НҚК-ларында экологиялық аспектіге жататын НҚК-ларды қоспағанда орнықты даму саласында мақсаттар ескерілді. 6) Орнықты даму саласында лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің біліктілігін арттыру 2017 жылға жоспарланды. 7) Іс-шаралар жоспарын орындау, мониторингілеу және орындалғаны туралы есеп. 8) Маңыздылық матрицасы.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
6	Компания қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпиясы бар ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуін ескере отырып, мүдделі тұлғалар үшін өз қызметінің ашықтығы мен мөлдірлігін қамтамасыз ету мақсатында орнықты даму саласында есептілікті жыл сайын жариялайды. Орнықты даму саласындағы есептілікті Директорлар кеңесі бекітеді.	Сақталады	Мүдделі тұлғалар үшін орнықты даму саласында өз қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Энерго» АҚ жыл сайын біріктірілген есепті (бұдан әрі – Есеп) әзірлейді және жариялайды. Есепті әзірлеген кезде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпиясы бар ақпараттың қорғалуы қамтамасыз етіледі. Есеп Қоғамның бір жылғы қызметінің қорытындыларының шоғырландырылған ақпаратын, сондай-ақ онықты даму бойынша ақпаратты білдіреді. Есепті әзірлеген кезде, Қоғам көпшілік мақұлдаған халықаралық стандарттарды басшылыққа алады: Шоғырландырылған есептіліктің халықаралық стандарты (IIRC), Global Reporting Initiative (GRI) орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі стандарттар; AA1000 сериялы стандарттар. Директорлар кеңесі есепті бекітеді және корпоративтік веб-сайтында орналастыру және қағаз бен электрондық тасығыштарында ұсыну жолымен мүдделі тараптарға мәлімет үшін хабарланады.
7	Компания серіктестердің орнықты даму қағидаларын қолдануын ынталандыруы және оған ықпал етуі тиіс.	Сақталады	2016 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен типтік шарттарға экология, еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, еңбек қатынастары саласындағы заңнаманың, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының талаптары енгізілді. Соған қоса, Компанияның Қоғам компаниялары объектілерінің аймағында жұмыс жасаған және оған кірген кезде еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша ішкі қағидаттарды сақтау талаптары енгізілді.
4-тарау. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас			
1	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау Қор мен ұйымдарға инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Ұйым акционерлер (қатысушылар) құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымда бірнеше акционер (қатысушы) болған жағдайда, ерқайсысына әділ қарым-қатынас қамтамасыз етілуі тиіс.	Сақталады	Акционерде Ұйымның құпиялылық пен ақпаратты ашу талаптарын ескере отырып, тиісті шешімді қабылдау үшін қажетті Қоғам туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Қоғамның ІНҚ-да (Қордың ЕТҰ-лармен жұмыс жөніндегі регламент, Ақпараттық қауіпсіздік саясаты, ақпараттық саясат) Қордың МҚБ-ның тікелей сұраулары бойынша да ақпаратты ұсыну тәртібі белгіленген. Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері: ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруда қатысуға; дивидендтерді алуға; Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға; сондай-ақ Жалғыз акционер және/немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қардылық есептілігімен танысуға; Қоғамның тіркеушісінен немесе шартты ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінділерді алуға; Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға; Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде қарсы шығу; сұратуда белгіленген мерзімде немесе сұратуды алған сөттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей аффилирленген ұйымдар бөлігінде Қоғамның қызметі туралы, соның ішінде құпия сипатта ие ақпаратты алуға; Қоғам жойылған кезде мүлктің бір бөлігіне; Жалғасы ►

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
2	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары, міндеттері және құзыреттері қолданыстағы заңнамаға, жарғылық құжаттарға сәйкес анықталады және оларда бекітіледі. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары ақпаратты ашу саласында Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ұйымның жарғысымен және ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақытылы алуды; акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында қатысуды және өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша дауым беруді; Директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің және атқарушы органның) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтауда, оның мүшелерін сайлау мен олардың өкілеттіктерін тоқтатуда, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеуде қатысуды; ашық және мөлдір дивидендік саясат негізінде акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен белгіленетін мөлшерлер мен мерзімдерде дивидендтер алуды қосады, бірақ шектелмейді.	Сақталады	ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте оның акцияларына конверсияланатын Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарды басым тәртіпте сатып алуға; ҚР Заңнамасына сәйкес, Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің қарауына енгізу үшін қосымша сұрақтарды енгізуді ұсынуға; Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге; өз есебінен аудиторлық ұйымнан Қоғамға аудит жүргізуге талап етуге; Қоғамға оның қызметіне қатысты жазбаша сұраулармен жүгінуге және сұратуда белгіленген мерзімде немесе сұратуды алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей уәжделген жауаптар алуға; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға; Қоғамның өкілдерімен Жалғыз акционердің негізгі құқықтарының және корпоративтік басқару саясатының сақталу мәселелерін талқылауға; ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда өз атына сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген шығындарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының олар ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдаған кезде алған пайдасын (табысын) қайтару туралы талабымен өтінуге құқылы.

5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі

1	Директорлар кеңесі ұйымның стратегиялық басқарылуын және атқарушы орган қызметінің бақылауын қамтамасыз ететін акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі осы Кодекстің барлық ережелерінің енгізілуін қамтамасыз етеді. Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйым қызметіне күн сайын басқаруды жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі және атқарушы орган ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасауға, ұйымның мүддесінде әрекет етуге және орнықты даму және барлық акционерлерге адал қатынастар қағидаттарының негізінде шешімдерді қабылдауға тиіс. Директорлар кеңесі және атқарушы орган Компанияның ұзақ мерзімді құнның өсуі мен орнықты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	Жарғыға және Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге есеп беретін Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасайтын басқару органы болып табылады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, күн сайынғы қызметке басшылық жүзеге асырады және стратегияның, даму жоспарының және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерінің іске асыруын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі және Басқарма ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасайды, ұйымның мүддесінде әрекет етеді және орнықты даму және акционерге қатысты әділ қағидаттары негізінде шешімдерді қабылдайды.
---	---	-----------	---

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
2	Директорлар кеңесі ұйымды басқару және атқарушы органның қызметіне бақылау жасау үшін жеткілікті өкілеттіктері бар. Директорлар кеңесі өз қызметтерін жарғыға сәйкес жүзеге асырады және мына мәселелерге ерекше назар аударады: 1) даму стратегиясын белгілеуге (бағыттары және нәтижелері); 2) даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштерін орнату мен мониторингілеуге; 3) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызмет етуін ұйымдастыру мен қадағалауына; 4) ірі инвестициялық жобаларын және Директорлар кеңесінің құзыреті аясында басқа негізгі стратегиялық жобаларын бекіту және тиімді іске асырылуын мониторингілеу; 5) атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлауға, сыйақы беруге, сабақтастығын жоспарлауға және қызметіне қадағалау жасауға; Жалғасы ►	Сақталады	«Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады: 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау; 2) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуына және Қоғамның даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына мониторингілеу жүзеге асыру; 3) Қоғамның даму жоспарымен (бизнес-жоспарымен) жоспарланатын кезеңнің бірінші күнтізбелік жылға бюджетті бекіту, сондай-ақ оны қалыптастыру, бекіту, түзету және орындалуын мониторингілеу процесстерін реттеу; 4) Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғамның Корпоративтік хатшысы (Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің ұсыныстары бойынша), Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен жетекшісі (Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің ұсынысы бойынша) үшін ынталандырушы негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты мағыналарын бекіту, оларға қол жеткізуіне мониторингілеуді жүзеге асыру; 11) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ осы Жарғының 9-бабы 1-тармағының 23)-тармақшасына сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционердің Қоғам Басқармасы Төрағасын тағайындау мен оның өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуы мен оның өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату; 12) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын белгілеу; 19) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне өзгерістерді бекіту немес Қоғамның Жалғыз акционердің құзыретіне кіретін Қоғамның корпоративтік басқару мәселелері бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсыныстарды әзірлеу; 23) Қоғамның іскерлік этика кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерін сақтау; 24) Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын бекіту; 26) Қоғамның сыртқы аудит жөніндегі саясатын бекіту; 27) орнықты даму саласындағы құжаттарды, орнықты даму саласындағы есепті және жоспарды бекіту; 28) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын бекіту; 34) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту; 36) Қоғамның жалпы тәуекел-төбетін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту және қабылданатын тәуекелдердің деңгейін шеттету үшін шектемелерді орнату, негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту; Жалғасы ►

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
	6) корпоративтік басқару мен этикаға; 7) ұйымда іскерлік этика саласында Кодекстің ережелерінің және Қордың корпоративтік стандарттарын сақтауға (Іскерлік этика кодексі).		37) Қоғамның тәуекелдер тіркелімін және картасын бекіту; 38) Қоғамның меншік капиталының мөлшерінен он және одан көп пайызды құрайтын көлемге Қоғамның міндеттемелерін арттыру; 39) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын, даму жоспарын орындау және іске асыру, Қоғамның негізгі қызмет көрсеткіштеріне және олардың мақсатты мағыналарына қол жеткізу туралы, Қоғамның негізгі тәуекелдері және оларды басқарудың тиімділігі туралы басқарушылық есептілігін ұсыну тәртібі мен нысандарын бекіту; 46) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізімге сәйкес Қоғамның Қоғам Басқармасының мүшелерімен және Қоғамның басқа қызметкерлері жасайтын шарттардың маңызды шарттарын бекіту; 47) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізімге сәйкес Қоғам Басқармасының мүшелерінің және Қоғамның басқа қызметкерлерінің қызмет көрсеткіштерінің бағаларын бекіту; 48) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізімге сәйкес Қоғам Басқармасының мүшелерінің және Қоғамның басқа қызметкерлерінің қызметін бағалау; 49) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізімге сәйкес Қоғам Басқармасының мүшелерінің және Қоғамның басқа қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;
2		Сақталады	51) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлесінің) он және одан көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімді қабылдау; 52) Қоғамның басқару ұйымдарды құруда қатысу туралы шешім қабылдау; 54–9) Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруда немесе олардың қызметіне не болмаса Қоғамға тиесілі барлық активтердің бір бөлігін немесе жиынтықта жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың акционерлер (қатысушылар) құрамынан шығуға қатысу; 56) шешімді қабылдау ҚР заңнамасымен немесе осы Жарғымен Қоғамның жалғыз акционерінің немесе Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәмілелерді қоспағанда ірі мәмілелерді және жасалуында Қоғамның мүдделілігіне бар мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдау (ірі мәмілелер санатына мөлшері Қоғам активтерінің құнына немесе 10%-дан асатын мәмілелер жатады). Нәтижесінде Қоғам Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен он немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәмілені білдіреді; Жалғасы ►

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
3	Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті түрде орындауы және ұйымның ұзақ мерзімді құнның өсімін және орнықты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Аталған есеп берушілік акционерлердің жалпы жиналысының механизмі арқылы іске асырылады.	Сақталады	62) Қоғамның негізгі тәуекелдерді сипаттай және талдау отырып, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдерін мейіліше азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша мәліметтер бар тәуекелдерді басқару жөніндегі Қоғам бөлімшелерінің есептерін тоқсан сайын қарау; 63) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту; 64) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, соның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін анықтау; Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Жалғыз акционердің құзыретінде қабылданған оның шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі Компанияның өтіп кеткен жылғы Жылдық есебін ұсыну жолымен өз қызметі туралы есеп береді. Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын Директорлар кеңесінің атқарылған жұмысы туралы жылдық есебінің құрамында төмендегілер туралы ақпарат ұсынылады: 1) Директорлар кеңесінің құрамы, тәуелсіз директорларды, Басқарма Төрағасын және комитеттер мүшелерін таңдау критерийлер; 2) әрбір директор туралы ақпарат; 3) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ әрбір директордың отырысқа қатысуы туралы; 4) комитеттердің функцияларды орындау жөніндегі жұмысы туралы есеп; 5) Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті қарау; 6) Компанияның ұстанымын және оның даму перспективасын бағалау; 7) Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу процесі; 8) Директорлар кеңесінің Акционерлердің Компанияға қатысты пікірлерін есепке алу бойынша қабылдаған шаралары.
4	Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде ұйымның мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін және барлық акционерлерге әділ қатынас пен орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, дағдылар, тәжірибе мен білімнің балансы сақталуы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі жеті мүшеден тұрады, оның төртеуі тәуелсіз директор: А. Спицын, Л. Сутера, А.Сторзел, Хоакин Галиндо Велез. Тәуелсіз директорлар қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит, инженерия, стратегиялық басқару, энергетика, оның ішінде жасыл энергетика саласындағы мамандар болып табылады. Сонымен қатар, 2017 жылы директор сайланды: Н.Рахметов – акционердің экономика және қаржы, басқару саласында терең білімі бар өкілі болып табылады. Директорлар кеңесінің төрағасы – мінсіз беделі, басқару саласында дағдылары мен тәжірибелері бар, Директорлар кеңесін тиімді басқарған Қ.Бектеміров (Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелеріне орай Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірі бойынша).

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
5	Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке басының мінездемесі және гендерлік құрам бойынша алуан түрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына барлық акционерлерге қатысты әділ қарым-қатынас пен қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз директорлар кіруі тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызға дейінгі мөлшерді құрайды.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінде гендерлік құрам бойынша өртүрлілік жоқ.
6	Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерін үміткерлердің біліктілігін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін, кәсіби тәжірибесін ескере отырып, ашық және айқын рәсімдер негізінде сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін және оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың ұйымның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлестері назарға алынады. Барлық дауыс беретін акциялары Қорға тиесілі компанияларда Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесіне қатысты мынадай ерекшеліктер бар: 1) Директорлар кеңесінің төрағасы жалғыз акционердің шешімімен сайланады; егер Директорлар кеңесінің төрағасы Қор өкілдерінің қатарынан сайланатын болса, онда Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан аға тәуелсіз директорды сайлайды; 2) Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлер іздеу және іріктеу процесін Қор Директорлар кеңесінің төрағасымен және компанияның Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады. Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының ұйымның Директорлар кеңесінің құрамына кіруіне рұқсат етілмейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің бүкіл өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланады, кейіннен, қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Жалғасы ►	Сақталады	Жарғыға сәйкес, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кіреді. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Директорлар кеңесінің төрағасы – Қ.Ә.Бектеміров, акционердің өкілі; Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, сайланды Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, оның мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен, қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда, тағы да 3 (үш) жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан асатын кез келген сайлану мерзімі (мысалы, 2 (екі) екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалық тұрғыдан жаңарту қажеттілігін ескере отырып, айрықша қарауға жатады. Жалғасы ►

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
6	Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан асатын кез келген сайлану мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалық тұрғыдан жаңарту қажеттілігін ескере отырып, айрықша қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан тоғыз жылдан артық мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан артық мерзімге сайлануға рұқсат беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің аталған мүшесін сайлау қажеттігін егжей-тегжейлі түсіндіре және аталған фактордың тәуелсіз шешім қабылдауға ықпалын түсіндіре отырып, жыл сайын өтуі тиіс. Бірде-бір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына, қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.	Сақталады	Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 9 (тоғыз) жылдан артық мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан артық мерзімге сайлануға рұқсат беріледі. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің бүкіл өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді. Бірде-бір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына, қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс. «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Үкіметтің және мемлекеттік органдардың өкілдері кірмейді.
7	Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы аталған бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.	Сақталады	Қоғамда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кіріспе бағдарламасы қолданылады. Бұдан бөлек, аталған бағдарламаның орындалуына мониторинг жүргізу тетігін ендіру мақсатында 2016 жылы ол осы рәсімді нысандандыру бөлігінде өзектендірілді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кіріспе бағдарламасынан өтті. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне арнап Кәсіби даму бағдарламасы бекітілген жоқ.
8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасайды, Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесі мүшелерінің, ірі акционерлер мен атқарушы органның арасында сындарлы сұхбат құруды қамтамасыз етеді.	Сақталады	Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасайды, Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесі мүшелерінің, акционердің және Басқарманың арасында сындарлы сұхбат құруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы: – Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасайды, оның жауапкершілік атқаратын салаларының барлық аспектілері бойынша тиімді жұмыс жүргізеді, акционермен тиімді байланыс орнатады; – акционермен тиісті сұхбатты қамтамасыз ету үшін жауапты болады; – Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің жұмысына тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді; – акционермен өзара тиімді қарым-қатынасты, сондай-ақ тұтастай алғанда акционердің көзқарасын Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді. 2015 жылы өткізілген Директорлар кеңесін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша компания тартқан тәуелсіз аудиторлық компания мынадай тұжырымдар жасады, ол бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы: – энергетика саласында тәжірибесі мол тәжірибелі тұлға; – Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын оңай үйлестіруге мүмкіндік беретін кәсіби және жеке басының беделі бар тұлға; – акционермен өзара іс-қимыл жасаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ететін тұлға болып табылады.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
9	Директорлар кеңесінің төрағасы мен атқарушы орган төрағасының рөлі мен функциялары ұйымның жарғысында, Директорлар кеңесі туралы және атқарушы орган туралы ережелерде нақты ажыратылып, бекітілуі тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесінің төрағасы мен атқарушы орган төрағасының рөлі мен функциялары «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ереже мен Басқарма туралы ережеде нақты ажыратылған.
10	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру деңгейі ұйымды ойдағыдай басқару үшін талап етілетін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап қалу, ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор өзірлейтін әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады, мұнда аталған тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан ұйым үшін күтілетін оң нәтижені назарға ала отырып қабылдануы тиіс. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидасы Қор әдістемесі негізінде өзірленіп, акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлерге берілетін сыйақының мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді. Өзінің сыйақысына қатысты шешімдер қабылдауға бірде-бір тұлға қатыспауы тиіс.	Сақталады	Сыйақы тек тәуелсіз директорларға төленеді және мынадай компоненттерден тұрады: – тіркелген сыйақы – Директорлар кеңесінің тікелей отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы Тәуелсіз директор есепті кезеңде Директорлар кеңесінің барлық өткізілген тікелей және сырттай отырыстарының жартысынан азына (дәлелді себептерсіз) қатысқан болса, тіркелген сыйақы төленбейді. Директорлар кеңесінің мүшесіне сонымен қатар Директорлар кеңесінің отырыстарына барумен байланысты шығыстары өтеледі. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақы комитеті туралы ережеге сәйкес, Комитет директорларға сыйақы беру саясатының деңгейі мен тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізеді. Бірде-бір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.
11	Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең әрі егжей-тегжейлі қарауға, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидасы мен Директорлар кеңесінің және атқарушы органның мүшелерін тағайындау және сыйақы беру қағидасын тиісінше әрі тиімді қолдану, орнықты даму, оның ішінде еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және оның қауіпсіздігі секілді бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесі мүшелерін Директорлар кеңесі құзыретінің аясында қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған барлық дерлік мәселелерді мамандандырылған комитеттер алдын ала мұқият қарайды. Директорлар кеңесінің комитеттері консультативтік-кеңестік органдар болып табылады, Комитеттер өзірлеген барлық ұсыныстар ұсынымдар болып табылады. Директорлар кеңесі шығарылатын мәселелер бойынша түпкілікті шешім қабылдайды, Директорлар кеңесінің мүшелері өздері қабылдаған шешімдер үшін жауапты болады. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған кезде Қоғам Қордың «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен Сатып алу қағидасын басшылыққа алады.

№ Ко-декстің ере-желері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
12	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізу оның қызметінің барынша нәтижелі болуына ықпал етуі тиіс. Өзінің міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелері толық, өзекті әрі уақытылы ақпаратқа қол жеткізе алуы тиіс. Директорлар кеңесі өз қызметін тиімді атқару үшін тұрақты түрде отырыстар өткізіп тұрады. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстары тікелей және сырттай дауыс беру нысандары арқылы өткізіледі, мұнда сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстар саны барынша азайтылуы тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің тікелей дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарының екі нысанын біріктіру мүмкін болады. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын корпоративтік хатшы талқылаулар мен қабылданған шешімдердің қорытындыларын толық көлемде көрсете отырып, тиісінше хаттамалайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің алдағы отырысында қаралатын материалдар мен ақпаратты корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне алдын ала (отырыс басталғанға дейін 10 күн бұрын) жібереді. Директорлар кеңесі алдағы жылы өткізілетін отырыстардың болжамды күнін көрсете отырып Жұмыс жоспарын бекітеді. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің барлық отырыстарын Корпоративтік хатшы мен Аудит комитетінің хатшысы егжей-тегжейлі хаттамаға түсіреді.
13	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процес аясында жыл сайын бағалануы тиіс. Бұл процесс Қор әдістемесіне сәйкес келуі тиіс. Мұнымен бірге тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, үш жылда кемінде бір рет бағалау жүргізіледі.	Сақталады	Жыл сайын Директорлар кеңесі Қор әдістемесі негізінде өзірленген тиісті қағидаға сәйкес, сауалдама жүргізу арқылы Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің, ІАҚ, Корпоративтік хатшының жұмысына өзін-өзі бағалау жүргізеді. 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, сыртқы аудиторлық ұйым тәуелсіз бағалау өткізді. Бағалау сұхбат алу, сондай-ақ сауалдама әдісімен өткізілді. Аудиторлық ұйымның алған жауаптарын талдау негізінде Директорлар кеңесінің, Комитеттердің, ІАҚ-ның, Корпоративтік хатшының жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар берілді.
14	Баға Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшесінің ұйымның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуының өсуіне қосқан үлесін анықтауы, сонымен қатар жақсартуға арналған бағыттарды анықтап, шараларды ұсынуы тиіс. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлаған не өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде назарға алынады.	Сақталады	Нәтижелер бойынша қорытындыны Директорлар кеңесі қарады, Компанияны басқаруды жетілдіру бойынша шаралар қабылданады.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
15	Директорлар кеңесінің жұмысын және Директорлар кеңесінің, атқару органының акционерлермен, Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функцияларын, жұмыс істеу тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын белгілейді, корпоративтік хатшы қызметін (хатшылықты) құру туралы шешім қабылдайды, аталған қызметтің бюджетін белгілейді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және атқарушы органға тәуелсіз. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің корпоративтік шешімдерді уақытылы әрі тиімді қабылдауына жәрдем көрсету, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың қызметінің барлық мәселелері бойынша және осы Кодекстің ережелерін қолдану бойынша кеңесшінің рөлін атқару, сонымен қатар осы Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізу және корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу болып табылады. Корпоративтік хатшы сонымен қатар осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындайды, ол жылдық есептің құрамына кіреді. Аталған есеп Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің тізбесінен тұруы тиіс, бұл қағидаттар сақталмаған жағдайда ыісті түсіндірмелер келтірілуі қажет.	Сақталады	Жарғыға және ішкі Құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функцияларын, жұмыс істеу тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын белгілейді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне толық есеп береді. «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік хатшысы 2009 жылы тағайындалды, ол Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарының дайындалуы мен өткізілуіне, Директорлар кеңесі отырыстарының материалдармен қамтамасыз етілуіне, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне бақылау жасайды. Корпоративтік хатшының өзінің функцияларын атқаруы үшін Компанияда Корпоративтік хатшы қызметі құрылды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері – Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің корпоративтік шешімдерін уақытылы және сапалы қабылдауына жәрдемдесу, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметіне қатысты барлық жағдайлар бойынша кеңесшінің рөлін атқару. Корпоративтік хатшы туралы ережеге Корпоративтік басқару кодексінің іске асырылуына мониторинг жүргізу, корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу, Жылдық есептің құрамына кіретін Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындау бойынша Корпоративтік хатшының функцияларын толықтыру бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
16	Компанияларда алқалық атқарушы орган құрылады, қалған ұйымдарда, сондай-ақ бірлескен кәсіпорынның компаниясы құрылған жағдайда ол акционерлердің қарауы бойынша алқалық немесе дербес бола алады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің кәсіби және жеке басының сипаттамалары жоғары, сондай-ақ іскерлік беделі мінсіз және жоғары этикалық стандарттарды ұстануы тиіс.	Сақталады	Басқарма Компанияның алқалық атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды. Басқарма алты адамнан құрылады. Олардың барлығының қаржы, құқық, инженерия, энергетика, корпоративтік басқару, сатып алу саласында басқару тәжірибесі, жоғары кәсіби дағдылары, мінсіз беделі және жоғары жұмыс өтілі бар. Басқарма мүшелерінің функциялары мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, «Міндеттер мен өкілеттіктерді үйлестіру туралы» бұйрықпен нақты белгіленді.
17	Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның қызметіне күнделікті басшылық жасайды, даму стратегиясын, даму жоспарын және Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдерді іске асыруға жауапты.	Сақталады	Басқарма ағымдағы қызметке басшылық жасайды, Директорлар кеңесіне есеп береді, Даму стратегиясын, Даму жоспарын, Инвестициялық жоспарды іске асыруға, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
18	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық өтемақы мөлшерлерін, оларға еңбекақы төлеу шарттарын белгілейді. Атқарушы органның құрамына үміткерлерді іздеу және таңдау, оларға сыйақы беруді анықтау процесінде ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитеті негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитетінің қарауына алқалық атқарушы органның құрамына сайлау үшін үміткерлер бойынша ұсыныстарды атқарушы органның басшысы енгізеді. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы атқарушы органға бір бос лауазымға екінші рет ұсынған үміткерді қабылдамаған жағдайда аталған бос лауазымға үміткер бойынша ұсынысты енгізу құқығы Директорлар кеңесіне көшеді. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттігін кез келген уақытта тоқтатуы мүмкін. Ұйымның атқарушы органының басшысы мен мүшелерін сайлау үш жылға дейінгі мерзімге ұсынылады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы атқарушы органның өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.	Сақталады	Жарғыға және Директорлар кеңесінің ішкі құжаттарына сәйкес Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтайды, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, еңбекақы мен сыйақы төлеу тәртібін, лауазымдық еңбекақы кестелерін бекітеді, сондай-ақ, Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің лауазымдық өтемақы мөлшерін анықтайды, Басқарма мүшелерінің ынталандырушы НҚЖ-ларын бекітеді. Директорлар кеңесі Басқармасының мүшелерін сайлау кезінде үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын және олардың сайлау рәсімін анықтайтын Компанияның ішкі құжаттарының ережелеріне сүйенеді. ІАҚ қызметкерлері Басқарма құрамына сайланбайды. Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма қарауына сайлауға арналған үміткерлер бойынша ұсыныстарды Басқарма Төрағасы енгізеді. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына Басқармадағы бір бос лауазымға сайлауға ұсынылатын үміткер бойынша ұсыныстарды кемінде екі рет енгізуге құқылы. Басқарма мүшелерін таңдау және сайлау Директорлар кеңесі белгілейтін барынша мөлдір және нақты рәсімдер негізінде жүргізіледі. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтатуы мүмкін. Басқарма туралы ережеге және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Басқарма 3 жыл мерзімге сайлануы мүмкін.
19	Компания Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті немесе Президентінің Әкімшілігі Компанияның бірінші басшысының лауазымына ұсынылған үміткерді келіседі. Осы жағдайда, Компанияларда Кодекспен белгіленген атқарушы органның басшысын іріктеу және сайлау тәртібін қолданады.	Сақталады	Президенттің 28.03.2002 жылғы №828 Жарлығы Қоғамның бірінші басшысының лауазымына үміткерді келісу тәртібін реттейді. Қоғамның Басқармасы туралы және ДК-ның ТСК туралы ережелер Атқарушы орган басшысының лауазымына үміткерлер үшін құзыреттер мен дағдыларға талаптарды, үміткерлерді іздеу тәсілдерін (дербес немесе рекрутинг ұйымды тарта отырып) белгілейді, үміткерлерді іздеп, таңдайды, сұхбат жүргізеді және үміткерлердің сараланған қысқа тізімін құрады. Қор туралы заңмен мыналар бекітілді – Қор Басқармасы Атқарушы орган басшысының лауазымына үміткерді келіседі және үміткерлердің сараланған тізімімен бірге Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақы комитетіне жолдайды; Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақы комитеті қарастырады және Қордың Директорлар кеңесі Төрағасының (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі) қолымен үміткерлердің сараланған тізімі бар үміткерді Қазақстан Республикасының Президентіне жолдайды.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
20	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алдына қойылған НҚК-ға қол жеткізу болып табылады. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелеріне ынталандырушы НҚК-ларын бекітеді. Директорлар кеңесінің қарауына атқарушы орган мүшелерінің ынталандырушы НҚК-лары бөлігіндегі ұсыныстарды атқарушы органның басшысы енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақы беру мөлшеріне, ынталандыруға, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға ықпал етеді.	Сақталады	Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі еңбекақы төлеу мен сыйақы беру қағидасын, лауазымдық өтемақы кестесін бекітеді, сондай-ақ Басқарма Төрағасының, Басқарма Мүшелерінің лауазымдық өтеақыларының мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерінің ынталандырушы НҚК-ларын бекітеді. Директорлар кеңесі НҚК-лардың орындалуын мониторингілеуді Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшерін анықтау, ынталандыру, қайта сайлау (тағайындау) немесе өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату үшін жүзеге асырады.
21	Атқарушы органның басшысы атқарушы органның тарапынан Іскерлік этика кодексінің нормаларын бұзылу жағдайларын Директорлар кеңесіне хабарлауы тиіс. Іскерлік этика кодексі нормаларының бұзылуына жол берген атқарушы органның мүшесі басқа ұйымның атқарушы органының мүшесі бола алмайды.	Сақталады	2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелерінің Іскерлік этика кодексі нормаларын бұзу жағдайлары болған жоқ.
22	Корпоративтік қақтығыстар болған жағдайда, қатысушылар ұйымның және мүдделі тараптардың мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен оларды шешу жолдарын іздейді. Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу бойынша жұмыстың тиімділігі ең алдымен бұндай қақтығыстарды мейілінше толық әрі тез анықтауды және ұйымның барлық органдарының қызметін нақты үйлестіруді болжайды. Ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік хатшының көмегімен корпоративтік қақтығыстарды қарастырады. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, бұндай жағдайларды Тағайындаулар және сыйақы комитеті қарастырады.	Сақталады	Қоғамда «Самұрық-Энерго» АҚ-да корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясаты ішкі құжаттарда көрсетілген корпоративтік қақтығыстарды реттеу тетіктері әзірленді, ол қатысушылар арасындағы корпоративтік қақтығыстарды реттеу тәртібі мен рәсімдерін белгілейді. Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ ЕТҰ-лар аталған құжатты қолданады және ол БМЖ құжаттамасының құрамына кіреді. Компанияның Корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясаты оларды реттеу тәртібін, акционер құқықтарының сақталуы мен қорғалуын, сондай-ақ Қоғамның мүлдіктік мүдделері мен іскерлік беделінің қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс. Қоғамның корпоративтік қақтығыстарды қарастыру жөніндегі басқару органдарының құзыреті корпоративтік қақтығыстың осы немесе басқа органның құзыретіне тиістілігіне қарай ажыратылады. Директорлар кеңесінің мәні Басқарманың, Басқарма Төрағасының, тиісті өкілеттіктер табысталған Компанияның басқа қызметкерлерінің әрекеті (әрекетсіздігі) немесе олардың қабылдаған шешімдері болып табылатын корпоративтік қақтығыстарды қарастырады. Директорлар кеңесі Корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысады. Басқарма Төрағасының Корпоративтік қақтығысты реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда оны реттеу Директорлар кеңесінің қарауына тапсырылады. 2016 жылғы қорытындылары бойынша корпоративтік қақтығыстар анықталған жоқ.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
-----------------------	---	---	---

6-тарау. Тәуекелдерді, ішкі бақылауды басқару және аудит

1	Қорда және ұйымдарда тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың тиімді жұмыс жасайтын жүйесі құрылуы, ол Қор мен ұйымдардың өздерінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне барынша сенімді болуын қамтамасыз етуге бағытталуы және ұйымдастыру саясатының, рәсімдерінің, мінез-құлық және іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығынан тұруы тиіс, Директорлар кеңесі мен Қор мен ұйымдардың атқарушы органдары төмендегілерді: 1) ұйымның құнының, пайдалылығының және оларға ілесе жүретін тәуекелдердің өсуі арасындағы оңтайлы теңгерімді; 2) компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі мен қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді; 3) компания активтерінің түгелдігі мен ресурстарының тиімді пайдаланылуын; 4) қаржылық және басқару есептілігінің толықтығын, сенімділігін және дұрыстығын; 5) Қазақстан Республикасының заңнамалары мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуын; 6) алаяқтықтың алдын алуды, негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдау көрсетуді қамтамасыз ету мен қызмет нәтижелеріне талдау жасау үшін тиісті ішкі бақылау жасауды қамтамасыз ету үшін құрылуы тиіс. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді тиісті басқару мәдениетін ендіруді қамтамасыз етуі тиіс. Қор мен ұйымдарда тәуекелдер мен ішкі бақылауды ұйымдастыру жүйесін ендіру мен оның жұмыс істеуінің нақты нормативтік базасы болуы, ол ең озық тәжірибелер (COSO) мен Қордың әдістемесіне (саясатына) негізделуі тиіс.	Сақталады	Қоғамда тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың тиімді жұмыс жасайтын жүйесі құрылды, ол стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуде барынша сенімді болуды қамтамасыз етуге бағытталған және Директорлар кеңесі мен Атқарушы орган құратын ұйымдастыру саясатының, рәсімдердің, мінез-құлық және іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіреді. Директорлар кеңесі тәуекелдер мен ішкі бақылауды процестерін реттейтін нормативтік құжаттарды бекітті. Директорлар кеңесі жыл сайын Тәуекелдер картасын, Тәуекелдер тізілімін, Тәуекел төбеті мен төзімділік деңгейін, Негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекел-көрсеткіштерді бекітеді. Тоқсан сайын тәуекелдерді басқару мәселелеріне арналған отырыстарды өткізеді, тәуекелдер картасындағы тәуекелдердің көші-қонын, іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты қарастырады, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын қайта қарайды, тәуекелдер бойынша есепті бекітеді. Сол арқылы тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесі бойынша қабылданған шаралар кешені мыналарды: – ұйымның құнының, пайдалылығының және оларға ілесе жүретін тәуекелдердің өсуі арасындағы оңтайлы теңгерімді; – компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі мен қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді; – компания активтерінің түгелдігі мен ресурстарының тиімді пайдаланылуын; – қаржылық және басқару есептілігінің толықтығын, сенімділігін және дұрыстығын; – Қазақстан Республикасының заңнамалары мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуын; – алаяқтықтың алдын алуды, негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдау көрсетуді қамтамасыз ету мен қызмет нәтижелеріне талдау жасау үшін тиісті ішкі бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталды. Директорлар кеңесі мен Атқарушы орган тәуекелдерді тиісті басқару мәдениетін ендіруді қамтамасыз етті. Директорлар кеңесі бекіткен ең озық тәжірибелер (COSO) мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ әдістемесі негізінде әзірленген (Тәуекелдерді басқару саясаты, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидасы, Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже және т.б.). тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару саласындағы нормативтік құжаттар. Атқарушы орган бекітілген нормативтік құжаттарда жазылған тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару процесіне қойылатын талаптар мен нормалардың іске асырылуын үздіксіз қамтамасыз етеді. Қоғамның корпоративтік мәдениетінің ажыратылмас бөлігі ретінде Тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесінің рөлін күшейту үшін Атқарушы органның жанынан Тәуекелдер мен сапа менеджменті жөніндегі комитет құрылды.
---	--	-----------	--

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
2	Қордың Директорлар кеңесі мен ұйымдар төуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесінің міндеттеріне сүйене және төуекелдер мен ішкі бақылауды басқару саласындағы ең озық жұмыс тәжірибелері мен Қор әдістемесін ескере отырып, ұйымдастыруға қатысты қағидаттар мен ұстанымдарды белгілеуі тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі Төуекелдерді басқару саясаты мен Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеде жазылған төуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйесін ұйымдастыруға қатысты қағидаттар мен ұстанымдарды белгіледі. Директорлар кеңесі мынадай негізгі қағидаттарды бекітті: ■ төуекелдерді басқару жүйесі: – Компания басшылығын төуекелдерді басқаруға тарту; – төуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру; – оқытудың үздіксіздігі және компания қызметкерлерінің төуекелдерді басқару саласындағы білім алмасуы; – есеп берген және төуекелдер күшейген кездегі ашықтық пен адалдық. ■ Ішкі бақылау жүйесі: – тұтастық; – көшенділік; – үздіксіз жұмыс істеу; – жауаптылық; – міндеттерді бөлу; – ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есептілігі; – әдістемелік базаның бірлігі; – операцияларды тиісті мақұлдау және бекіту; – кез келген маңызды көмшіліктер мен бақылаудың осал тұстары туралы хабарламаларды уақытылы жеткізу; – үздіксіз даму және жетілу. Қоғам Тобындағы төуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит комитеті, Басқарма, Басқарма жанындағы Төуекелдер жөніндегі комитет, төуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, ІАҚ, өзге де құрылымдық бөлімшелер секілді органдары мен бөлімшелерін қатыстыра отырып, бірнеше деңгейлерде төуекелдерді басқару арқылы ұсынылды. Құрылымдық бөлімшелер әрбір қызметкер атынан төуекелдерді сәйкестендіреді, төуекелдерді бағалайды, төзімділік деңгейін анықтайды.
3	Қордың атқарушы органдары мен ұйымдар төуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың тиімді жүйесін құруға және оған қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге тиіс. Төуекелдерді басқару процесі жоспарлау (стратегия және даму жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау (басқарушылық есептілік) процестерімен кіріктірілуі тиіс. Қордың немесе ұйымның кез келген лауазымды тұлғасы шешімдер қабылдаған кезде төуекелдердің тиісінше қарастырылуын қамтамасыз етеді. Қордың атқарушы органдары мен ұйымдар тиісті біліктілігі мен тәжірибесі қызметкерлердің төуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	Қоғамның атқарушы органы төуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың тиімді жүйесін құруға және оның жұмыс істеуіне қолдау көрсетуді қамтамасыз етті. Төуекелдерді басқару процесі жоспарлау және қызмет нәтижелерін бағалау процестерімен кіріктірілді. Қоғамның Даму жоспарында, ф.1П–2-де НҚҚ-ге қол жеткізуге ықпал еткен орындалған іс-шаралар мен іске асырылған төуекелдер туралы ақпарат ашылды. Қоғамның 2015–2019 жж. арналған Даму жоспарында ф.1П–3-де НҚҚ-ге қол жеткізуге ықпал ететін төуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланатын іс-шаралар, ықтимал төуекелдер туралы ақпарат ашылды. Даму жоспарының орындалуы бойынша ай сайын берілетін басқарушылық есептілікте төуекелдерді азайтуға бағытталған ақпарат ашылады. Қоғамның лауазымды тұлғалары шешім қабылдау кезінде төуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді. Даму жоспары Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен және топ-менеджерлерімен келісіледі. Қоғамда төуекелдерді басқару рәсімдерін өндіруге жауаптылық 5 жыл және одан көп жұмыс тәжірибесі, тиісті біліктілігі бар, мерзімді түрде оқудан өтіп тұратын қызметкерлерге жүктелген. Төуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше басшысының CRMA төуекелдерді басқару саласындағы халықаралық сертификаты бар.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
4	Қор мен ұйымдардың Тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесі атқарушы орган өткізетін сәйкестендіру, барлық маңызды тәуекелдерді бағалау мен мониторингілеу рәсімдерінің міндеттілігін, сондай-ақ компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, операциялық міндеттерді іске асыруға және беделіне теріс ықпал ететін тәуекелдер деңгейін азайту бойынша уақытылы әрі адекватты шараларды қабылдауды қарастыратын жоғары мәдени деңгейдегі тәуекел-менеджментіне негізделуі тиіс. Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер жаңа тәуекелдерге тез жауап қайтаруды, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекелдердің иелерін анықтауды қамтамасыз етуі тиіс. Қор мен ұйымның бәсекелес немесе экономикалық ортасында кез келген көзделмеген өзгерістер орын алған жағдайда тәуекелдер картасы мен оның тәуекел-төбетке сәйкестігі шұғыл түрде қайта бағалануы тиіс.	Сақталады	Қордағы Тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесі Атқарушы орган өткізетін жоғары мәдени деңгейдегі тәуекел-менеджментке негізделеді. Қоғамда Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидасына сәйкес сәйкестендіру, барлық маңызды тәуекелдерді бағалау мен мониторингілеу рәсімдері жүргізіледі. Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, операциялық міндеттерін іске асыруға және беделіне теріс ықпал ететін тәуекелдерді басқару бойынша Іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітіледі. Тәуекел-менеджменті мәдениеті жаңадан қабылданған қызметкерлерді оқытудан бастап енгізіліп, ішкі және сыртқы тренингтер мен семинарлар арқылы барлық қызметкерлерді мерзімді түрде оқыту арқылы көтермеленіп отырады. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижесі тәуекелдер тізілімі мен картасында берілген. Уақытылы әрі адекватты шаралар Тәуекелдерді мейлінше азайту жөніндегі жоспарда көрсетілген, мұнда сонымен қатар тәуекелдер деңгейін азайту үшін жауапты орындаушылар бекітілген. Стратегиялық және беделдік НҚК-ге қол жеткізу үшін тәуекелдер сәйкестендіріліп, ықтимал тәуекелдер туралы ерте бастан белгі беретін негізгі тәуекел көрсеткіштері көзделген. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидасына сәйкес, бизнес-процестер тәуекелдер иелерінің негізгі функцияларының бірі іске асырылған тәуекел немесе тәуекелді іске асыру қаупі туралы жедел ақпарат ұсыну болып табылады. Бұл функция жаңа тәуекелдерге тез жауап қайтаруды, оларды нақты сәйкестендіруді, тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қоғамдағы жедел ақпарат пен уақытылы сәйкестендіру негізінде тәуекелдер картасы мен оның тәуекел-төбетке сәйкестігіне жедел қайта бағалау жүргізіледі. Тәуекелдер картасында тәуекелдер көші-қоны көрініс табады. Қоғамның Стратегиясы мерзімді негізде өзектендіріледі.
5	Қор мен ұйымдарда операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамалары мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау секілді үш негізгі сала бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, бекіту, рәсімдеу және құжаттау жүзеге асырылуы тиіс.	Сақталады	Бақылау рәсімдері Тәуекелдер мен бақылаулар матрицасында сипатталған, сонымен қатар Төлемдерді жоспарлау, келісу және жүзеге асыру қағидасында, Құрылымдық бөлімшелердің сатып алуды басқару процесі бойынша өзара іс-қимыл қағидасында, Құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта, Инвестициялық жобаларды бағалау, іске асыру және мониторинг жүргізу регламентінде, Даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуына мониторинг жүргізу қағидасында, Корпоративтік есепке алу саясатында, Салықтық есепке алу саясатында, Есептемені пайдалану саясатында және т.б. қарастырылған.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
6	Қор мен ұйымдарда төуекелдер мен ішкі бақылауды басқару, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды төуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту тәжірибесі, сондай-ақ қажетті ақпаратты сәйкестендіру процесі, оны құжаттау, лауазымды тұлғаларға уақытылы жеткізу сәтасындағы ашық қағидаттар мен ұстанымдар, енгізілуі тиіс.	Сақталады	Қоғамда төуекелдер мен ішкі бақылауды басқару саласындағы ашық қағидаттар мен ұстанымдар енгізілген. Төуекелдер мен ішкі бақылауды басқару процесін реттейтін ішкі құжаттар төуекелдер тіркелімі мен картасымен бірге Қоғамның сайтында және ішкі порталында орналастырылған. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды, сондай-ақ жаңадан қабылданған қызметкерлерді жұмысқа қабылдаған кезде төуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту тұрақты жүргізіледі. Процесті құжаттау тестілеу нәтижелерінде көрсетілген. Тестілеу нәтижелері лауазымды тұлғаларға уақытылы хабарланады.
7	Қор мен ұйымдардың Директорлар кеңесі төуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың қолданыстағы жүйесі Директорлар кеңесінің белгілі бір қағидаттары мен оны ұйымдастыру ұстанымдарына сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдауы қажет. Төуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырысына тоқсанында кемінде бір рет шығарылуы және толық көлемде тиісті деңгейде талқылануы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі Төуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесін бекітті, ол төуекелдер мен ішкі бақылауды басқарудың корпоративтік жүйесінің Директорлар кеңесінің қағидаттары мен оны ұйымдастыру ұстанымдарына сәйкестігін бағалау әдістерін анықтайды. Төуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына тоқсан сайын шығарылады. Директорлар кеңесі отырыстарының төуекелдер туралы есептерді бекіткені туралы үзінді көшірмелері, сондай-ақ отырыстардың жазбалары төуекелдер бойынша есептердің тиісті деңгейде және толық көлемде талқыланғанына дәлел бола алады. (ДК хаттамалары: 25.03.16ж.№ 03/16, 24.05.16ж.№ 05/16, 26.08.16ж. № 06/16, 12.12.16ж.№ 11/16)
8	Қор мен ұйымдарда төуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесі мен және корпоративтік басқару тәжірибесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі төуелсіз бағалау үшін ІАҚ құрылуы тиіс.	Сақталады	Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. Қызмет миссиясы Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттемелерін орындауына қажетті көмек көрсету болып табылады. Қызмет жұмысының негізгі мақсаты төуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге жүйелі ұстанымды енгізу арқылы Директорлар кеңесіне Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған төуелсіз және объективті ақпарат ұсыну болып табылады.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
9	Қор мен ұйымдардағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше – ІАҚ құру арқылы жүзеге асырылуы тиіс (жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы ұйымдарда ішкі аудиттің функциялары байқаушықызметкефункционалдықтұрғада есеп беретін ревизиялық комиссияға/ревизорға жүктелуі тиіс; мұнда ревизиялық комиссияның/ревизордың мақсаттары, функциялары мен міндеттері, оның ұйым органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі осы Кодексте ішкі аудит қызметіне қатысты баяндалған қағидаттарды ескере отырып белгіленуі тиіс). ІАҚ-ның мақсаттары, өкілеттіктері мен жауапкершілігі, біліктілік талаптары (ішкі аудиторлардың кәсібилігіне қойылатын талаптар) компанияның ішкі құжатында (ІАҚ туралы ереже) анықталуы тиіс. ІАҚ туралы ереже ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары мен Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптары ескеріле отырып әзірленіп, бекітілуі тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің міндеті ІАҚ туралы ереженің ұйым бизнесінің арнайы қажеттіліктеріне сәйкестігін толық қамтамасыз ету болып табылады.	Сақталады	ІАҚ туралы ережеде ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері мен жауапкершіліктері, біліктілік талаптары белгіленген. ІАҚ туралы ереже Халықаралық кәсіби стандарттарға толық сәйкес келеді. ІАҚ туралы ереже «Самұрық-Энерго» АҚ бизнесінің арнайы талаптарына толық сәйкес келеді.
10	Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін ІАҚ Директорлар кеңесіне ұйымдық тұрғыдан бағынышты және функционалдық тұрғыдан есеп беруі тиіс. Директорлар кеңесі ІАҚ жоспарлары мен стратегиясын, ІАҚ бюджетін бекіту бойынша шешімдер қабылдайды, ІАҚ-ның сандық құрамын, оның қызметкерлерінің жалақысы мен сыйақы төлеу тәртібі мен мөлшерін бекіту бойынша шешімдер қабылдайды.	Сақталады	ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық тұрғыдан бағыныштылығы мен функционалдық тұрғыдан есеп беруі мына талаптар бойынша жүзеге асырылады: 1) Директорлар кеңесінің ІАҚ-ның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен жұмыс тәртібін реттейтін ішкі аудит саласындағы ережелер мен басқа саясаттарды бекітуі (Аудит комитетінің алдын ала қарауы); 2) Директорлар кеңесінің тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (Аудит комитетінің алдын ала қарауы); 3) Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметі туралы жылдық аудиторлық жоспар мен өзге ақпараттың орындалғаны туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті (Аудит комитетіне) ұсыну; 4) Директорлар кеңесінің (Аудит комитетінің алдын ала қарауы) Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін қызметке тағайындау, қызметінен босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекітуі; 5) Директорлар кеңесінің (Аудит комитетінің) ІАҚ бюджетін бекітуі; 6) Директорлар кеңесінің ІАҚ-ның өкілеттіктерін айтарлықтай шектеуді немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер ететін өзге шектеулерді қарауы.
11	Ұйымдардағы ІАҚ жетекшісі Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттары негізінде бөлімшенің қызметін реттейтін құжаттарды әзірлеуі және оларды Аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің қарап, бекітуін қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	ІАҚ басшысы Қордың әдістемелік қолдауы негізінде ІАҚ қызметін реттейтін ішкі құжаттарды (Ереже, Ішкі аудитті ұйымдастыру саясаты, Кепілдік және сапа бағдарламасы және т.б.) әзірледі, аталған құжаттарды Аудит комитеті мен Директорлар кеңесі қарап, бекітті.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
12	ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері мен негізгі табылған мәселелер тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.	Сақталады	ІАҚ өз жұмысын ДК жыл сайын бекітетін тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады және ол қажеттілігіне қарай қайта қаралады.
13	ІАҚ өз қызметін іске асырған кезде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқарудың тиімділігіне, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей стандарттарын қолдана отырып корпоративтік басқаруға және Қордың корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы корпоративтік стандарттары мен ұсынымдарына, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуі тиіс.	Сақталады	ІАҚ ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне, ішкі аудит және корпоративтік стандарттар саласындағы қызметтің жалпыға бірдей стандарттарын қолдана отырып корпоративтік басқаруға және Қордың корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы әдістемесін басшылыққа ала отырып, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізеді.
14	ІАҚ жетекшісі ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне міндетті түрде ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді қарастыратын сапаға кепілдік беру және оны арттыру бағдарламасын әзірлеп, қолдау көрсетуі тиіс. ІАҚ-ның, оның жетекшісі мен қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін бағалау Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін қарау, жылдық аудиторлық жоспардың орындалу мерзімінің сақталуы, есептердің стандарттар мен ІАҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау арқылы жүзеге асырылады.	Сақталады	ІАҚ жетекшісі Аудит комитеті мақұлдаған ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне міндетті түрде ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді қарастыратын Сапаға кепілдік беру және оны арттыру бағдарламасын әзірледі. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі консультативтік қызметті қоса алғанда, ішкі аудит қызметінің барлық қызметін қамтитын СКАБ үшін толық жауапты болады. Жылдың қорытындысы бойынша ДК ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалайды.
7-тарау. Ашықтық			
1	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор мен ұйымдар қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақытылы және дұрыс ашады.	Сақталады	Қоғамның сайтында барлық ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамаларына және стейкхолдерлердің мүдделерін қозғайтын биржаның Листингтік қағидаларына сәйкес ашылады. Барлық ақпарат уақытылы орналастырылады.
2	Қор мен ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамаларында және ішкі құжаттарда көрсетілген ақпаратты уақытылы ашады. Қор мен ұйымдарда ақпаратты ашу мен қорғауға қатысты қағидаттар мен ұстанымдарды белгілейтін ішкі құжаттар, сондай-ақ мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттар тізбесі бекітілуі тиіс. Қор мен ұйымдар ақпаратты қолжетімділік санатына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау мен пайдалану талаптарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпиядан тұратын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар тұлғалар тобын анықтап, оның құпиялылығын сақтауға қатысты шараларды қабылдайды.	Сақталады	Қорда ақпаратты ашу мен қорғауға қатысты қағидаттар мен ұстанымдарды регламенттейтін нормативтік құжаттар бекітілді. Компанияда мына құжаттар қолданылады: - Ақпаратты ашуға қатысты қағидаттар мен ұстанымдарды белгілейтін ақпараттық саясат, - Мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттар тізбесі - Компанияның web-сайтына ақпарат дайындау және орналастыру қағидасы, мұнда есептілік, ақпаратты ашу мен ұсынуға жауапты лауазымды тұлғалар мен функционалдық бөлімшелер мен ақпарат ұсыну форматтары қарастырылған. - Ақпараттық қауіпсіздік саясаты, «Самұрық-Энерго» АҚ-да құпия ақпараттың бүтіндігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
3	Акциялары мен облигациялары қор биржасында саудаланатын қор, компаниялар мен ұйымдар өздерінің интернет-ресурстарында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес әзірленген аудирленген жылдық қаржылық есептілікті, сондай-ақ ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген есепті кезеңнің бірінші тоқсаны, жартыжылдығы және алғашқы тоғыз айы үшін қаржылық есептілікті уақытылы орналастыруы тиіс. Қаржылық есептіліктің негізгі нысандарынан бөлек, акциялары мен облигациялары қор биржасында саудаланатын Қор, компаниялар мен ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ашу ұсынылады.	Сақталады	Компанияның сайтында «Акционерге» бөлімінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес әзірленген аудирленген жылдық қаржылық есептілік, сондай-ақ ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген есепті кезеңнің бірінші тоқсаны, жартыжылдығы және алғашқы тоғыз айы үшін қаржылық есептілікті уақытылы орналастырылады. Барлық осы есептілік белгіленген мерзімге сәйкес, уақытылы орналастырылады.
4	Қор мен ұйымдар мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір беретін бейтарап тұлға ретіндегі тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін жүргізуі тиіс. Егер жылдық қаржылық есептілік аудитін өткізу Қазақстан Республикасының заңнамаларында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделген болса, жыл сайынғы аудит бөлігіндегі нормалар қолданылатын болады.	Сақталады	Қоғам жыл сайын тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы жылдық және жарты жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізеді. Қғамның сыртқы аудиторы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС мынадай критерийлерге сәйкес келеді: аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейінің жоғары болуы; Қазақстан нарығында да, сондай-ақ халықаралық нарықта да тәжірибесінің болуы; сала бизнесін білуі; Қазақстан нарығында да, сондай-ақ халықаралық нарықта да жағымды беделінің болуы; аудиторлық ұйымның Халықаралық Аудит Стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудит саласындағы заңнамаларын, Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясының Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексін сақтауы; қаржылық есептілікті дайындау процесі бойынша кемшіліктерді анықтау және ішкі бақылауды жетілдіруге қатысты ұсынымдар беру жұмыстарының тиімділігі.
5	Акциялары қор биржасында саудаланатын қор, компаниялар мен ұйымдар жылдық есепті осы Кодекстің ережелеріне және ақпарат ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес дайындауы тиіс. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.	Сақталады	Компания жыл сайын акционер мен басқа да мүдделі тараптар үшін ақпараттың негізгі көздерінің бірі болып табылатын Жылдық есепті дайындайды. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Жылдық есептері бірнеше жыл бойы қатарынан Қазақстан қор биржасының қолдауымен өтетін RAEX (Қазақстан ПА Сарапшысы) Республикалық Жылдық есептер конкурсында жүлделі орындарға ие болып келеді. Осылайша, 2016 жылы 137 компанияның арасынан «Ең үздік қаржылық емес сектор» номинациясы бойынша жеңімпаз болып, «Ең үздік интерактивті жылдық есеп» номинанты атағын жеңіп алды. Қоғамның Жылдық есебі қазақстандық компаниялардың ең үздік жылдық есебінің бестігіне кірді.

№ Кодекстің ережелері	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары	Сақталады/Сақталмайды/Ішінара сақталады	Кодекстің ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат
6	Интернет-ресурс жақсы құрылымдануы, іздеуге ыңғайлы және Компания қызметін түсіну үшін мүдделі тұлғаларға қажетті ақпараттан тұруы тиіс.	Сақталады	Компанияның заманауи интерфейс қолданылған, сайт бойынша және жекелеген беттер бойынша («юзабилити») ыңғайлы іздей функциясы бар www.samruk-energy.kz ресми сайты құрылды. Сайт бөлімдерінің тақырыбы Корпоративтік жаңару кодексінің талаптары мен қабылданған стандарттарға сәйкес келеді. Материалдар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады. Компанияның веб-сайтына ақпарат дайындау мен орналастыру қағидасында Қоғам қызметіне қатысты сайтқа орналастырылатын ақпараттың толықтығы мен өзектілігі үшін құрылымдық бөлімшелерден белгілі бір тұлғаларға жауапкершілік көзделген. Ақпарат тұрақты негізде жаңарып отырады, құрылымдық бөлімшелердің жауапты тұлғалары ай сайын бекітіліп берілген бөлімдерді өзектендіру мен контентінің жаңартылуына мониторинг жүргізіп отырады. Сайт Қоғам стейкхолдерлерінің «Самұрық-Энерго» АҚ-ның негізгі қызметі туралы қажетті ақпарат алу үшін бірінші және негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады.

БАСҚАРМА

Компанияның ағымдағы қызметіне алқалы орган – Басқарма басшылық жасайды, оны Басқарма төрағасы басқарады. Басқарманың қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегияларын іске асыруға бағытталған.

Компания Басқармасының жұмысын ұйымдастыруды, оның отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібін, шешім қабылдау тәртібін 2015 жылы 20 наурыздағы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Компания Басқармасы туралы ережеде белгіленген.

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: адалдық, тазалық, ақылдылық, сақтық, жүйелілік болып табылады.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жаңа ұйымдастырушылық құрылымына көшу аясында және басқарудың тиімділігін арттыру, Қоғамның жаңа ұйымдық құрылымында көзделген стратегиялық мақсаттарды, бизнес-процестерді, міндеттер мен жауапкершіліктерді үйлестіру талаптарына сәйкес Компанияның Басқарма мүшелерінің лауазымдарына жаңа біліктілік талаптары өзірленді.

Басқарма Төрағасы және Басқарма мүшелері лауазымдарына тұру үміткерлердің оларға жүктелетін міндеттемелерін тиісінше орындауы үшін қажетті тәжірибесі, білімі, дағдылары және іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма мүшелерінің лауазымдарына өзірленген біліктілік талаптары басқарушы персоналды неғұрлым жедел әрі сапалы таңдауына, сабақтастықты жоспарлауына, басқарушы шешімдерді қабылдаған кезде кәсіпқойлығын арттыруына және корпоративтік басқару деңгейін жақсартуына ықпал етеді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 26 ақпандағы шешімімен Компания Басқармасының сандық құрамы алты адам мөлшерінде белгіленді:



Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

Қоғамның Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Экономика ғылымдарының докторы. ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі.
1970 жылы 31 қазанда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Сәтқалиев Алмасадам Майданұлының қызмет тізімі:

1992 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген, қолданбалы-математик, механик.

2013 жылы РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының Мемлекеттік қызмет және басқару халықаралық институтын бітірген, экономика магистрі.

2014 жылы Executive MBA бағдарламасы бойынша Назарбаев Университеті Жоғары бизнес мектебін бітірген.

2016 жылы Stanford Executive Program (Кадрларды басқаруға арналған Стэнфорд бағдарламасы) Стэнфорд Университетінің Жоғары бизнес мектебін бітірген.

1992ж. тамыз айынан бастап – «ТаССаТ» ЖШС директоры.

1997ж. қыркүйек айынан бастап – «ҚазТрансОйл» ҰМТК» АҚ клиринг департаментінің менеджері, бастығы.

1998ж. тамыз айынан бастап – «ҚазТрансОйл» ҰМТК» АҚ-ның экономика жөніндегі вице-президенті, Астана қаласындағы Өкілдігінің басқарушы директоры, Жобаларды басқару департаментінің бастығы.

2001ж. қаңтар айынан бастап – «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ қаржы директоры, экономика жөніндегі вице-президенті,

2003ж. қараша айынан бастап – «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның бірінші вице-президенті.

2006ж. мамыр айынан бастап – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның «KEGOC» АҚ бойынша директоры – топ жетекшісі.

2006ж. желтоқсан айынан бастап – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры.

2007ж. қаңтар айынан бастап – Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі.

2007ж. қыркүйек айынан бастап – «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы, 2008ж. қазан айынан бастап – бірінші вице-президенті.

2009ж. желтоқсан айынан бастап – KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы.

2011ж. маусым айынан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры.

2012ж. қаңтар айынан бастап – Қоғамның Басқарма Төрағасы.



Мақсұтов Қайрат Берікұлы

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

1970 жылы 16 мамырда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Қайрат Берікұлы Мақсұтовтың қызмет тізімі:

1991 жылы Қазтұтынушылародағы Қарағанды кооперативтік институтын бітірген, ревизор экономист.

1991–1992 жж. – Қарағанды облтұтынушылародағының Бақылау және есеп

басқармасының ревизоры.

1992–1997 жж. – «Игілік-Банк» АҚБ Қарағанды филиалының инвестиция және инновация бөлімінің жетекші маманы, халықаралық есептер және валюталық операциялар бөлімінің бастығы, директордың орынбасары;

1997–1999 жж. – Жөйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы, АЭА-ның Әкімшілік кеңесі төрағасының орынбасары, Қаражал қаласы әкімінің орынбасары;

1999–2004 жж. – «Альфа-Банк» ЕБ ААҚ-ның Қарағанды филиалы директорының орынбасары, директор.

2004–2009 жж. – «Гефест» тау-кен салалық холдингінің экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті.

2009–2012 жж. – Қоғамның Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

2012–2013 жж. – Қоғамның басқарушы директоры, Корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директор.

2013–2016 жж. – Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары.

2016 жылғы наурыз айынан бастап – Қоғамның экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.



Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы

Стратегия және сату жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

1963 жылы 23 қазанда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаевтың қызмет тізімі:

1987 жылы – Павлодар индустриалдық институтын бітірген, инженер-электрик.

2002 жылы – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін экономист-заңгер мамандығы бойынша бітірді.

2004 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік

қызмет академиясын бітірді, мемлекеттік қызмет менеджері.

2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – РФ Президенті жанындағы Ресей Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының «Іскерлік әкімшілендіру докторы» бағдарламасы бойынша оқиды.

1987–1997 жж. – «Баянауыл аудандық электр желілерінің» ААҚ электр слесарі, шебері, диспетчері, бас инженері, бастығы.

1997–1999 жж. – «Баянауыл аудандық электр желілері» ААҚ президенті.

1999–2004 жж. – Павлодар облысының Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары.

2004–2007 жж. – Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің электр энергетикасы басқармасының бастығы.

2007–2009 жж. – «KEGOC» АҚ «Солтүстік ЖЭТ» филиалының директоры.

2009–2011 жж. – «KEGOC» АҚ ҰЭЖ дамыту департаментінің директоры.
 2011–2012 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ индустриялық активтерді басқару жөніндегі директоры.
 2012ж. наурыз айы – 2012ж. қараша айы – Қоғамның инновациялық-технологиялық саясат және даму департаментінің директоры.
 2012–2014 жж. – Қоғамның даму жөніндегі басқарушы директоры.
 2014–2015 ж. – Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары.
 2015–2016 жж. – Қоғамның Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.
 2016 жылғы наурыз айынан бастап – Қоғамның стратегия және сату жөніндегі басқарушы директоры.



Огай Алексей Владимирович

Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

1970 жылы 1 желтоқсанда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Алексей Владимирович Огайдың қызмет тізімі:

1995 жылы Алма-Ата энергетикалық институтын бітірген, инженер-электрик.

1995–1998 жж. – «Қазақстанның ОЭК проблемаларын зерттеу лабораториясы» ЖШС-ның ғылыми қызметкері.

1998–2002 жж. – «KEGOC» АҚ Экономика департаментінің маманы, жетекші

маманы, бас маманы.

2002–2006 жж. – «KEGOC» АҚ Жоспарлау және экономикалық талдау департаменті экономикалық талдау бөлімінің бастығы.

2006ж. маусым айы – 2006ж. желтоқсан айы – «Самұрық» холдингі» АҚ, «KEGOC» АҚ тобының бас сарапшысы.

2006–2008 жж. – «Самұрық» холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару тобының бас сарапшысы.

2008ж. қыркүйек айы – 2008ж. қараша айы – «Самұрық» холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директорының орынбасары.

2008–2011 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ электр энергетикалық активтер дирекциясының бас сарапшысы.

2011–2014 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ электр энергетикалық активтерін басқару жөніндегі директоры.

2014–2015 жж. – Самұрық-Қазына» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі бас директорының орынбасары.

2015–2016 жж. – Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары.

2016 жылғы наурыз айынан бастап – Қоғамның бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры.



Әбдіғұлов Мұрат Кеңесұлы

Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

1980 жылы 11 ақпанда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Мұрат Кеңесұлы Әбдіғұловтың қызмет тізімі:

2001 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

2003 жылы юриспруденция магистрі дәрежесін алып, Өл-Фараби атындағы Қа-

зақ Ұлттық университетін бітірген.

2001–2002 жж. – Алматы қаласының Жетісу аудандық сотының бас маманы.

2003ж. қаңтар айынан бастап – Заңнама және құқықтық реформа комитетінің Қазақстан Республикасы Сенаты депутатының көмекшісі.

2004–2005 жж. – Әділет бірінші вице-министрінің көмекшісі.

2005–2006 жж. – «ҚазПетройл» ЖШС заң департаментінің директоры.

2006–2007 жж. – «Қазақстанкаспий-шельф» АҚ шарттар жөніндегі маманы.

2007–2008 жж. – «Интерстрой НС» ЖШС заң бөлімінің бастығы.

2008–2009 жж. – «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ Техникалық шарттар департаменті шарттарды дайындау бөлімінің бастығы.

2009–2010 жж. – «АлатауЖарықКомпаниясы» АҚ техникалық шарттар басқармасының бастығы.

2010–2012 жж. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы Алматы қаласындағы «Астана дипломатиялық корпусы қызмет көрсету жөніндегі басқарма» АҚ директорының орынбасары.

2012–2014 жж. – «Алматы электр станциялары» АҚ-ның Сатып алу жөніндегі коммерциялық директоры, Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.

2014–2016 жж. – Қоғамның Аппарат жетекшісі, Бас коммерциялық директор.

2016 жылғы наурыз айынан бастап 2016 жылғы қарашаға дейін – Қоғамның Сатып алу және өкімшілік мәселелер жөніндегі басқарушы директор.

2016 жылғы қараша айынан бастап – Қоғамның қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.



Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы

Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

1958 жылы 27 мамырда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Серік Сүйінбекұлы Түйтебаевтың қызмет тізімі:

1981 жылы Алматы энергетика институтын бітірген, жылу энергетикасы инженері.

2000 жылы Алматы энергетика институтын ЖЭК кәсіпорындарындағы эконо-

мика мен менеджмент мамандығы бойынша бітірді.

1981–1983 жж. – ОртаАзЭнергоМонтаж іске қосу мен ретке келтіруді басқару шеберінің көмекшісі.

1983–1984 жж. – Алматы Энергетикалық университетінің еңбек және қоршаған ортаны қорғау кафедрасының инженері.

1984–1998 жж. – АЖЭО-2 турбиналық цехының турбиналық жабдығы бойынша аралап өтуші машинисі, турбиналық цехінің турбиналық бөлімінің аға машинисі, турбиналық цехінің ауысым басшысы, турбиналық цехының басшысы, «Алматы Пауэр Консолидэйтед» АҚ-ның бас инженері, басқарушы директоры.

2007–2010 жж. – «Алматы электр станциялары» АҚ-ның басқарушы директоры (№2 ЖЭО).

2010–2011 жж. – «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2011–2013 жж. – Алматы қаласы Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы.

2013–2014 жж. – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс бойынша орынбасары.

2014–2016 жж. – «Генерация» дивизионының басқарушысы.

2016 жылғы наурыз айынан бастап – Қоғамның Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

БАСҚАРМАНЫҢ ЕСЕБІ

2016 жылы Қоғам Басқармасының 27 тікелей отырысы өткізілді, 430 мәселе қарастырылды. Басқарма мүшелері барлық мәселелерге жақтап дауыс берген.

Қоғам Басқармасы төмендегі ең маңызды шешімдерді қабылдады:

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2016–2017 жылдарға арналған Активтерді іске асыру және қайта құру бағдарламасын бекіту туралы;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында 2015–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын бекіту туралы;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Ұйымдық құрылымын және штаттық кестесін бекіту туралы;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарын мақұлдау туралы»;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның активтерін жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы»;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Жарғысын жаңа редакцияда мақұлдау туралы»;
- «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамның қызметкерлерін жаңа ұйымдық құрылымның лауазымдарына біліктілік талаптарына сәйкес келуіне бағалау жүргізу туралы (Job matching)»;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мақсатты ұйымдық құрылымына көшу жоспарын бекіту туралы».

Қоғам Басқармасы отырыстарының саны

	2016	2015	2014
Отырыстардың саны	27	18	19
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қарастырылған мәселелер саны	430	356	331

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КОМИТЕТТЕРІ

Қазіргі кезде Компания Басқармасының жанында мынадай консультативтік-кеңестік органдар жұмыс істеуде:

- Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті
- Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті
- Кредит комитеті
- Инвестициялық-инновациялық кеңес
- Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына бағынады және осы органдар туралы ережелерге сәйкес Басқарма берген құзыреттілік шеңберінде әрекет етеді.

Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті

Комитет Компания Басқармасы жанындағы тұрақты әрекет ететін консультативтік-кеңестік орган болып табылады және Компанияның тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін және корпоративтік менеджмент жүйесін ұйымдастыру процесін үйлестіру үшін құрылады.

Қоғамның Басқарма Төрағасы басқарады.

2016 жылғы есеп

Отырыс саны	7
Қарастырылған мәселелер саны	19
Қатысушылық, %	94
Негізгі мәселелер	Ашық валюталық позициялар және VaR бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ шектелімдерін белгілеуді алдын ала мақұлдау туралы
	«Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдерді хеджирлеу жөніндегі қағидаттарын мақұлдау туралы
	Негізгі тәуекелдердің сипаттамасы және тәуекелі, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015 жылғы 4-ші тоқсандағы, 2016 жылғы 1-ші, 2-ші және 3-ші тоқсандағы тәуекелдерді мейлінше азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша мәліметтері бар тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті алдын ала мақұлдау туралы
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның қаржылық есептілігін өзірлеудің негізгі бизнес-процесстері бойынша тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын жаңа редакцияда алдын ала мақұлдау
	Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясатын жаңа редакцияда алдын ала бекіту туралы
	«Самұрық-Энерго» АҚ-да 2015 жылғы Корпоративтік менеджмент жүйесінің ISO 9001:2008 талаптарына сәйкес қызмет етуі туралы есепті қарастыру туралы
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017 жылғы шоғырландырылған Тәуекелдер тіркелімін, шоғырландырылған Тәуекелдер картасын, Әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін белгілей отырып, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын алдын ала мақұлдау туралы. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017 жылғы тәуекел-төбетін алдын ала мақұлдау туралы

Негізгі мәселелер	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін алдын ала мақұлдау туралы
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2016 жылғы Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі жоспарларын орындау бойынша есептерді қарастыру туралы
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017 жылға арналған Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жоспарын және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017 жылға арналған Ішкі бақылау жүйесін бекіту туралы

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Компания Басқармасы жанындағы «Самұрық-Энерго» АҚ Қызметті жоспарлау және бағалау комитетінің негізгі мақсаты Қоғам мен еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру, соның ішінде олардың активтері мен шығындарын оңтайландыру болып табылады.

Комитеттің Төрағасы – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор.

2016 жылғы есеп

Отырыс саны	16
Қарастырылған мәселелер саны	54
Қатысушылық, %	100
Негізгі мәселелер	Түзетулерді ескере отырып, Қоғам ЕТҰ-ларының 2017–2021 жылдарға арналған даму жоспарын қарастыру
	2016 жылдарға арналған Қоғамның корпоративтік орталықты дамыту жоспарының түзетулерін келісу
	Қоғам ЕТҰ-ларының Даму жоспарларын орындау есептері

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Инвестициялық-инновациялық кеңесі (ИИК)

Компания Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңестік орган, Кеңестің негізгі мақсаты инвестициялық және инновациялық тиімділікті арттыру, сондай-ақ Компания мен оның Еншілес және тәуелді ұйымдарының жергілікті қамтуды арттыруы болып табылады.

Инвестициялық-инновациялық кеңесінің Төрағасы – Қоғамның Басқарма Төрағасы.

2016 жылғы есеп

Отырыс саны	9
Қарастырылған мәселелер саны	30
Қатысушылық, %	85

Негізгі мәселелер	«Екібастұз кенішінің №3 қыртысының жоғары күлді көмірін және азайған көмірді/көмірді байыту қалдықтарын жағу үшін қазандық агрегаттарының от жағу құрылғылары технологияларын өзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысын орындау
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның кәсіпорындарында «Тиімді өндіріс (SEEP)» жүйесін ендіру жөніндегі жоспарды мақұлдау
	Кейбір ЕТҰ-ларда акциялар мен қатысу үлестерін сату мүмкіндігі туралы

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Комитеттің мақсаты Қоғамның уақытша бос ақшаларын (УБА) орналастыру туралы инвестициялық шешімді алдын алумен байланысты мәселелер бойынша шешімнің уақытылы және сапалы қабылдауын, бос құралдардың орналастыруын және активтер мен пассивтердің басқаруын, Қоғамның активтер мен пассивтер құрылымын мониторингілеу нәтижелері бойынша шектелімдерді арттыруды немесе азайтуды мақұлдаумен байланысты тәуекелдердің мейілінше азаюын, Қоғам мен Қордың талаптарымен банк-контрагенттерінің шектелімдерді игеруін қамтамасыз ету болып табылады.

Активтер мен пассивтерді басқару комитетінің Төрағасы – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор.

2016 жылғы есеп

Отырыс саны	16
Қарастырылған мәселелер саны	54
Қатысушылық, %	100
Негізгі мәселелер	Түзетулерді ескере отырып, Қоғам ЕТҰ-ның 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарларын қарастыру
	2016 жылға арналған Қоғамның корпоративтік орталықтың даму жоспарының түзетулерін келісу
	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Даму жоспарларын орындау есептері

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Кредит комитеті

Кредит комитеті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Басқармасы жанындағы тұрақты қызмет ететін алқалық консультативтік-кеңестік органы болып табылады. Кредит комитетінің негізгі міндеттері «Самұрық-Энерго» АҚ-ның крдеиттік саясатын және Қордың қарызды басқару және қаржылық тұрақтылық саясаттарын іске асыру болып табылады.

Кредит комитетінің Төрағасы – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

2016 жылғы есеп

Отырыс саны	17
Қарастырылған мәселелер саны	17
Қатысушылық, %	87
Негізгі мәселелер	Мүдделілігі бар мүмілелерді жасау туралы
	Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен кредиттік шартын жасау жолымен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның міндеттемелерін арттыру
	Екінші деңгейдегі банктермен кредиттік келісімдерді жасау туралы

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 14 қазандағы (№ 07/16 хаттама) шешімімен бкітілген Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің қызметін басқару және оларғы сыйақы беру қағидаттарына (бұдан әрі – Қағидат) сәйкес жүргізіледі.

Қағидаттар сыйақының Қоғам мен акционерлерінің мүдделеріне жауап беретін тапсырмаларды орындалуымен өзара байланысы, басқарушы қызметкерлерінің нәтижелілігінен сыйақы мөлшерінің тәуелділігі қағидаларында құралады.

Басқарушы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі ынталандырушы НҚК-лары таңдауда негізделеді, оларға қызметкер қызметінің бағдарына тәуелді белгіленетін корпоративтік және функционалдық НҚК-лар жатады.

Басқарушы қызметкерлердің НҚК карталарын, сондай-ақ есепті жылғы НҚК-ларының орындалуына мониторингілеу нәтижелерін бекіту Тағайындаулар мен сыйақылар комитетінен ұсыныстарды алғаннан кейін Қоғам Директорлар кеңесіне жүктеледі.

ЕЛЕУЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2016 жылғы 9 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ және Еуразиялық қайта құру және даму банкі арасында Кредиттік келісімге қол қойылды.

Аталған келісім аясында ЕҚДБ Қоғамның теңгерімдік активтерді оңтайландыруына бағытталатын 100 миллион еуроға баламалы теңгеде немесе рубльде заем береді.

ЕҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қою Қоғамның инвестициялық қызықтырушылыққа оң әсерін тигізеді және Қазақстан Республикасының энергетикалық саланың дамуын қамтамасыз етеді. Қоғам ЕҚДБ-мен электр энергетикалық секторында ұзақ мерзімді ынтымақтасуға және өзара тиімді серіктестік қатынастарды одан әрі дамытуға бағдар ұстайды.

2016 жылғы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделілігі бар мүмілелерді жасау мәселелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының қабылдаған шешімі туралы ақпарат.

Контрагенттің атауы	Мәміле заты	Шешімді қабылдау рәсімі	Мәміле бойынша шешім қабылдау күні
«Samruk-Green Energy» ЖШС, «Энергия Семиречья» ЖШС	«Samruk-Green Energy» ЖШС және «Энергия Семиречья» ЖШС арасында 252 514 301 (екі жүз елу екі миллион бес жүз он төрт мың үш жүз бір) теңге жалпы сомасына жасалған уақытша қаржылық көмек көрсету шарттары бойынша талап ету құқығына жеңілдік жасау	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	16.02.2016 ж. №3 хаттама
«Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Пайдаланбайтын шатыр құрылғысын беру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	11.03.2016 ж. №5 хаттама
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	19.08.2015 жылғы №ҚК-152 шарты бойынша қаржылық көмекті жабу мерзімін ауыстыру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	08.04.2016 ж. №7 хаттама
«АлЭС» АҚ	Заем шарты	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	25.04.2016 ж. №8 хаттама
«ШҚ АЭК» АҚ	04.03.2016 жылғы №ҚК-28 шарты бойынша қаржылық көмекті жабу мерзімін ауыстыру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	29.06.2016 ж. №12 хаттама
«БЖЭС» ЖШС	11.06.2015 жылғы № ҚК-112 шарты бойынша сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңін ұзарту	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	29.06.2016 ж. №12 хаттама
«БЖЭС» ЖШС	11.06.2015 жылғы № ҚК-112 шарты бойынша сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңін ұзарту	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	29.06.2016 ж. №12 хаттама
«БЖЭС» ЖШС	10.09.2015 жылғы №ҚК-169 шарты бойынша заем бойынша қамтамасыз етуді жою	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	29.06.2016 ж. №12 хаттама
«БЖЭС» ЖШС	15.12.2015 жылғы №ҚК-229 шарт бойынша заем бойынша қамтамасыз етуді жою	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	29.06.2016 ж. №12 хаттама
«АЖК» АҚ	Акцияларды сатып алу туралы шарт	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	29.06.2016 ж. №12 хаттама
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	19.08.2015 жылғы №ҚК-152 шарт бойынша қаржылық көмекті жабу мерзімін ауыстыру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	10.08.2016 ж. №14 хаттама
«Энергия Семиречья» ЖШС	20.07.2015 жылғы №ҚК-130 шарт бойынша қаржылық көмекті жабу мерзімін ауыстыру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	10.08.2016 ж. №14 хаттама
«АЖК» АҚ	«АЖК» АҚ облигацияларын сатып алу туралы шарты	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	10.08.2016 ж. №14 хаттама
«Energy Solutions Center» ЖШС	Автокөлік дабылдар жүйелерін жеке меншікке беру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	26.12.2016 ж. №26 хаттама
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	19.08.2015 жылғы №ҚК-152 шарт бойынша қаржылық көмекті жабу мерзімін ауыстыру	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы	26.12.2016 ж. №26 хаттама

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ



Сейдіғалиева Ақмарал Кәкімқызы

«Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің жетекшісі

2012 жылдан бастап Қызметті басқарып келеді. Халықаралық ішкі аудиторлардың институтының мүшесі (IIA). CIA ішкі аудитор халықаралық сертификатына, IFA (DiplFA) менеджменті мен Халықаралық аудит институтының дипломына, CAP ECCBA халықаралық сертификатына ие.

Қоғамның сыртқы және ішкі ортасы ең кең ауқымды тәуекелдермен бетпе бет келіп отырған қазіргі заманғы экономикалық жағдайда біз Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде ішкі аудит рөлінің маңыздылығын сезінеміз. Бүгін Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтауға арналған әрекетті құрал болып табылады.

Біздің Ішкі аудит Командасы білікті тәжірибелі мамандардан құралады.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби тәжірибе негіздерінде құралған және Ішкі Аудиттің Халықаралық Кәсіби Стандарттарына сәйкес келеді деп танылды.

Өз дағдыларымызды және білімімізді пайдалана отырып, Қоғам мен ЕТҰ-да тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективтік көпілдер мен кон-

сультацияларды беру жолымен Қоғамға пайдасын енгіземіз.

Қызмет Қоғамның Директорлар кеңесіне – функционалдық, Қоғамның Басқармасына әкімшілендірілген есеп береді. Аудит комитеті Қызметтің жұмысына басшылық жасайды. Директорлар кеңесі Қызметтің жетекшісін және қызметкерлерін тағайындайды.

2016 жылы Қызметтік саны 7 адамнан құралды.

Ішкі аудиторлар тұрақты негізде үздіксіз кәсіби дамытуды жүзеге асырады. Осылайша, Қызметтің қызметкерлерінде ішкі аудиторлардың CIA халықаралық сертификаттары, IFA (DiplFA) Аудит және Менеджменттің Халықаралық Институтының дипломдары, CAP ECCBA халықаралық сертификаттары, Ұлыбританияның Қаржылық менеджерлер институтының дипломдары (DipPIA и DiPCPIA) бар.

Ішкі аудит қызметінің негізгі қызметтері мыналар болып табылады:

- Қоғам мен ЕТҰ-ның операциялық (өндірістік және қаржылық) қызметін, сондай-ақ олардың ақпараттық жүйесін корпоративтік басқару саласында тәуекелдерге, адекваттылыққа және тәуекелдерге ішкі бақылаудың тиімділігіне бағалау;
- Белгіленген тәртіпте Қоғам мен ЕТҰ-да корпоративтік басқару жүйесіне бағалауды (диагностиканы), соның ішінде Қоғам мен ЕТҰ-да тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарын өндіруге және сақтауға бағалау жүргізу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасы, халықаралық стандарттар, Қоғам мен ЕТҰ-ның ішкі құжаттары талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ уәкілетті және қадағалаушы органдарының нұсқауларын, Қоғам мен оның ЕТҰ-ның органдарының шешімдерін орындау, сондай-ақ осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді басқару;

- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен оның ЕТҰ-лары Қоғам мен ЕТҰ-ның стратегиялық мақсаттар аясында алдына қойған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын шаралардың адекваттылығын бағалау.

Қоғамның Директорлар кеңесі жылдық тәуекел-бағдарланған аудиторлық жоспарларды қарастырады және бекітеді.

Барлық жоспарланған аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды.

Өз қызметін жүзеге асырған кезде Қызмет Директорлар кеңесіне қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіздігін растайды.

Қызметтік және оның жетекшінің НКҚ Қоғамның стратегиялық мақсаттарын ескере отырып белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысын «тиімді» деп бағаланды.

Қоғамның сенім поштасымен жұмыс істеу.

Қызмет Қоғамның сенім почтасына келіп түскен өтініштерді қарастыру, қарастырылуына мониторинг және бақылау жүргізу бой-

ынша уәкілетті орган болып табылады. 2016 жылы ішінде 45 өтініш келіп түсті және қарастырылды.

МҮМКІНДІКТЕР МЕ, ТӘУЕКЕЛДЕР МЕ?



Лука Сутера

Аға тәуелсіз директор
«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесі аудит
комитетінің төрағасы

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (бұдан әрі – ТБКЖ) Қоғам қызметінің ажыратылмас құрамдас бөлігі болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ Қоғам қызметінің мақсаттарына теріс әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды азайту және/немесе шектеу жөніндегі шаралардың қабылдауына бағытталған.

Қоғам орнықты дамудың үш құрамдасының маңыздылығын түсінеді: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық. Қоршаған орта, адам және табиғи ресурстар жағдайының, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік дамуының тез нашарлауы Қоғам тобының тұрақты дамуына теріс әсер етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015–2025жж. арналған Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес, Қоғам орнықты даму тұжырымдамасын ұстанады, оның қағидаттары Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында

бекітілді, үш құрамдас (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ішкі және сыртқы жағдайға талдау жасайды және әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда орнықты даму саласында тәуекелдерді анықтайды.

Орнықты даму аясында Қоғам қызметінің мақсаттарына теріс әсер ететін негізгі факторлар:

- 1) әлемдік экономикалық жүйе тұрақтылығының төмендеуі, соның ішінде ҚР экономикасының өсу қарқынының төмендеуі және осының салдарынан электрді тұтыну мен көмір өндірісінің сындарлы болжамға көшу;
- 2) әлемдік және өңірлік валюталар құбылмалылығының артуы, атап айтқанда, ұлттық валюта бағамының өлсізденуі, ол Қоғамның инвестициялық бағдарламасының қымбаттауына, сондай-ақ болжамды қызмет дұрыстылығының азаюына өкеп соғды;

- 3) нарықта энергетикалық ресурстардың көп болуы нәтижесінде электр энергиясына деген сұраныс қарқынының баяулауы;
- 4) электр энергетикасы нарығындағы және көмір нарығындағы жоғары бәсекелестік;
- 5) жоғары тарифтерде көрсетілетін капиталдың теңгерімделмеген құрылымы, ол Қоғамның нарықтағы ұстанымдарының төмендеуіне әкеп соғады;
- 6) Қоғамның энергетикалық қуаттарының тозу деңгейі, ол экологиялық тәуекелдің, электр энергиясы өндірісінің жоспарын орындамау тәуекелінің және өндірісте авариялар мен апаттар тәуекелінің іске асырылуына әкеп соғуы мүмкін;
- 7) икемді баға саясатын жүргізу мүмкіндігінің болмауы, ол әр түрлі санаттағы тұтынушыларды тарту бойынша мүмкіндікті азайтады.

Мұның үстіне, Қоғам қызметіне теріс әсер ететін фактор, мысалы, ұлттық валюта бағамының әлсіреуі инвестициялық бағдарламаның қымбаттауына тікелей әсер етеді, сәйкесінше ол Қоғамның қарыздық жүктемесіне әсер етеді, Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай туғыза отырып, Қоғам үшін экспорттық бағыттағы мүмкіндікке айнала алады. Немесе ҚР экономикасын экологиялық реттеуді күшейту ЖЭК-ті белсенді дамыту мүмкіндігін туғызады. Сондықтан Қоғам ауқымында тәуекелдер мен мүмкіндіктерді тудыруы мүмкін әр түрлі ішкі және сыртқы факторларға уақытылы әрі үнемі талдау жасап тұру маңызды.

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару Қоғам тобының барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады, ТБКЖ Директорлар кеңесі, басшылық және қызметкерлер, әрқайсысы өз деңгейінде, Қоғамның қызметіне ықпал етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ осы оқиғаларды акционерлер үшін қолдануға болатын тәуекел деңгейінде басқаруға қатысатын бірыңғай үдеріс болып табылады.

Қоғам 2016 жылы 11 негізгі тәуекелдерді сәйкестендірді, оларды іске асыру, ықтималдығын, салдарлардың ауқымын, сонымен қа-

тар оларға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды бағалап, оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2016 жылы қарашада Қоғамның Директорлар кеңесі келер жылға тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, негізгі тәуекел-көрсеткіштер мен тәуекел-тәбетті бекітті.

Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, Қоғамның уәкілетті органдарының қарауына шығарылатын барлық мәселелер мүдделі тараптардың тарапынан талдауға жатады, оның ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарманың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға және оларды басқаруға жәрдемдесу үшін Директорлар кеңесі мен Басқарманың жанындағы комитеттерде алдын ала қаралады, сонымен қатар оларға қатысты материалдар аталған мәселелер бойынша тиісті органдар оң немесе теріс шешім қабылдаған жағдайда Қоғам бетпе-бет келуі мүмкін маңызды ақпараттардан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамдағы ТБКЖ-ның жай-күйіне бақылау жасайды, Қоғамдағы ТБКЖ-ның тиімділік көрсеткіштерін бекітеді.

ТБКЖ үнемі жетіліп отырады, тәуекел-менеджментінің озық тәжірибесі, жаңа реттеуші талаптар, тәуекел-менеджментінің тәжірибесі мен стандарты ескеріледі, сонымен қатар атқарушы органдардың бар тәуекелдер мен оларды басқару туралы тұрақты хабардарлығы қамтамасыз етіледі. Осылайша, Қоғамда ТБКЖ-ның оң даму динамикасы 2014 жылға қатысты – 76,86%, 2015 жылға қарай – 80,01% байқалады, ал 2016 жылғы Қоғамның ТБКЖ Тәуекелдерді басқаруы корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесінің критерийлеріне сәйкес келеді.

12. АДАМДАР — ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ АКТИВІ



Өскемен СЭС

Жаһандандыру және тұрақсыз сыртқы ортаның жағдайларында адам ресурстары ұйымның даму тиімділігіне және мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін маңызды факторлардың бірі болды.

2015 жылы алған бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша алған «Парыз» президенттік сыйлығының Гран-при жоғары наградасы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның орнықты даму саласындағы жетістіктерінің дәлелі болды. 2016 жылы конкурс иегерінің эстафетасын еншілес компания жалғастырды: «Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС ірі кәсіпкерлік субъектілері арасында «Үздік ұжымдық шарт» ноимнациясының күміс жүлдегері болды.

«Самұрық-Энерго» АҚ ең тартымды жұмыс беруші бола отырып, қолайлы еңбек шарттарын құру бойынша шаралар қабылдайды, өз қызметкерлеріне лайықты еңбекақы, даму мен мансап мүмкіндіктерін ұсынады. Осы мақсаттар үшін Компания тұрақты негізде оқыту шараларын ұйымдастырады, талантты басқару және ынталандыру бағдарламаларын іске асырады, қосымша сыйақы беру мөлшерін және ынталандыруды анықтау үшін тиімді басқарудың ашық жүйесін қолданады.

КАДРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Қазіргі уақытта Компания – бүкіл Қазақстан бойынша **22 230** адамды жұмыспен қамтамасыз ететін ірі көпсалалық энергетикалық холдинг болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының персонал санының құрамында жұмысшы кадрлары басым, олардың үлесі 2016 жылы **66,1%-ды** құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің құрамында **7 706 адамның (34,7%)** жоғары кәсіби білімі, олардың **41%-ы** кәсіби энергетикалық білімі бар.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында салада 10 жылдан аса жұмыс істейтін қызметкерлер басым, олардың үлесі 2016 жылы **43,9%-ды** құрады және 2015 жылғы деңгейге сәйкес келеді. Жалпы алғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша энергетикалық саладағы орташа жұмыс өтілі **11 жылдан** аса құрайды.

Ерлер мен әйелдердің өзара қатынасы мынадай: ерлер – **73% (16 229 адам)**, әйелдер – **27% (6 001 адам)**.

2016 жылы персоналдың жас бойынша құрамының талдауы Қоғам тобы әлеуетінің еңбек негізін қызметкерлердің жалпы санының **70,2%-ын** 50 жасқа дейінгі қызметкерлер құрады, **29,8%-ы** – 50 жылдан асқан қызметкерлер.


Қоғам тобында жас санаты бойынша жұмыс істейтіндердің өзара қатынасы тұрақты болып табылады және қажетті кәсіби құрамы мен сабақтастықты қамтамасыз етеді.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында кадрлардың жалпы ағымдығы (себептердің барлық түрлері бойынша) жалпы тізімдік санынан **2 911 адамды (13%)** құрайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жаңадан қабылданған қызметкерлердің саны **2 454-ті** құрайды. Конкурстық рәсімдер аясында өкімшілік лауазымдарға **туындаған 297** бос орынның **258-і** конкурстық таңдауды өткізу жолымен жабылды.

Компаниядағы конкурстық таңдаудың ашық рәсімдерін іске асыру тек кәсіби сапаларға сүйене отырып, осы арқылы үздік таланттар мен олардың білімін жұмысқа қабылдау мүмкіндігін алып, жынысына, нәсіліне, жасына немесе дініне тәуелсіз барлық үміткерлердің тең құқығын қамтамасыз етеді.

Жұмыс күші жалпы санының 2016 жылы жынысы бойынша бөлінісі




Жұмыс күші жалпы санының 2016 жылғы жұмыспен қамтылуы




Қызметкерлердің жалпы санының жалдау шарты бойынша 2016 жылғы бөлінісі




Жұмыс күші жалпы санының 2016 жылғы өңірлер бойынша бөлінісі




2016 жылы жаңадан қабылданған қызметкерлердің жынысы бойынша бөлінісі




Кадрлардың жынысы бойынша бөлінісіндегі 2016 жылғы тұрақсыздығы




2016 жылы жаңадан қабылданған қызметкерлердің жасы бойынша бөлінісі



Кадрлардың жасы бойынша бөлінісіндегі 2016 жылғы тұрақсыздығы



2016 жылы жаңадан қабылданған қызметкерлердің өңірлер бойынша бөлінісі



Ұйым қызметкерлерінің жынысы, жас санаты бойынша бөлгендегі және азшылық өкілдері көрсетілген құрамы

№	Көрсеткіш	Қызметкерлер	Үлесі
1.	Жынысы	22 230	-
1.1.	Ерлер	16 229	73,0%
1.2.	Әйелдер	6 001	27,0%
2.	Азшылық тобы (жауапкершілігі шектелген нәсілдік/этникалық, діни)	22 230	-
2.1.	Қазақтар	12 854	57,8%
2.2.	Орыстар	6 854	30,8%
2.3.	Украиндар	813	3,7%
2.4.	Ұйғырлар	345	1,6%
2.5.	Татарлар	399	1,8%
2.6.	Немістер	329	1,5%
2.7.	Белорустар	143	0,6%
2.8.	Корейлер	74	0,3%
2.9.	Басқалар	419	1,9%
3.	Жас топтары	22 230	-
3.1.	30 жылға дейін	4 909	22,1%
3.2.	30-дан 50 жылға дейін	10 686	48,1%
3.3.	50 жылдан асқан	6 635	29,8%

ДАМУ ЖӘНЕ МАНСАПТЫҚ ӨСУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында персоналдың құзыреттер мен біліктілігінің даму қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде бизнестің барлық бағыттары мен персоналдың санаттарын қамтитын оқыту мен даму бағдарламалары тұрақты негізде іске асырылады.

Компанияда белсенді оқыту қағидаты өндірілген, бұнда оқытудың 70%-ы жобалар, жауапкершіліктің жаңа салалары, арнайы тапсырмалар және т.б. арқылы жұмыс орындарында, 20%-ы – консультациялау және тәлімгерлік арқылы және тек 10%-ы – семинарларға, тренингтерге және курстарға қатысу арқылы ресми оқыту болып табылады. Оқыту прецесінде негізгі екпіні оқытудың үздіксіздік пен жүйелілікке, сондай-ақ әрбір қызметкердің жеке өзі дамудың жауапкершілігіне бөлді.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша **14 900** астам **адам** оқытылды, 2016 жылғы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша оқыту мен дамытуға арналған инвестициялар еңбекақы төлеу қорынан **0,8%-ды** құрады.

Бұрындағыдай, оқытудағы басым бағыттардың бірі персоналды оқытудың халықаралық танылған бағдарламалар бойынша сертификаттау болып қалуда. Осылайша, ағымдағы жылы

Компанияның қызметкерлері өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы сертификаттау бағдарламалары (NEBOSH IGC), GRI/G4 орнықты даму жөніндегі есептілікті өзірлеу, ISO 31000 тәуекелдерді басқару, ISO 27001:2013 ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқытылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржылық-экономикалық блогының қызметкерлері үшін ACCA, CIMA P1/P2, CFA, ДипИФР оқыту бағдарламалары іске асырылады.

Ағылшын және қазақ тілдерін игеру деңгейін арттыру үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының компанияларында топтық және жеке нысандарда тіл курстары іске асырылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қызметкерлердің кәсіби оқыту жаңадан қабылданған қызметкерлерді тәлімгердің оқыту мен нұсқама беру, техникалық және арнайы білімдер, мақсатты курстар және т.б. түріндегі жұмыс орнында, сондай-ақ қызметкерлердің барынша жоғары біліктілігін алуға және/немесе білім мен шеберлігінің деңгейін арттыруға бағытталған «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС жеке оқыту орталықтары негізінде оқыту жолымен өндірістен үзбей жүзеге асырылады.

«Мойнақ СЭС» АҚ барлық су агрегаттарының және басқа су техникалық құрылығыларының жұмысын көрнекі көрсететін су электр станциялары объектілерінің үлгілері, жалпы су электр станциясының жұмысын көрсетуге және көрнекі оқытуға арналған бейне аппаратурасы бар оқыту кабинеті құрылды. «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да энергия блоктарының машинистерін даярлау үшін дербес компьютерлері бар жаттығу залы бар.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін жыл сайын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша міндетті оқыту өткізіледі.

Қызметкерлер санаты бойынша бөлгендегі жылына бір қызметкерді оқыту сағатының орташа саны

№	Персонал санаты	2016 жылдың соңына қарай жалпы саны	2016 жыл үшін даярлау сағаттарының саны	Жылына бір қызметкерді даярлау сағаттарының орташа саны
1.	Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	84	2 297	27,3
2.	ӨБП	1 632	109 282	66,9
3.	Өндірістік персонал	20 053	718 826	35,8
4.	Қызмет көрсетуші персонал	461	5 972	12,9
№	Персонал санаты	2015 жылдың соңына қарай жалпы саны	2015 жыл үшін даярлау сағаттарының саны	Жылына бір қызметкерді даярлау сағаттарының орташа саны
1.	Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	85	2 521	29,6
2.	ӨБП	1661	27 482	16,5
3.	Өндірістік персонал	20441	1 025 944	50,1
4.	Қызмет көрсетуші персонал	463	3 300	7,12

ТАЛАНТТАРМЕН ЖҰМЫС

Компания қажет болғанда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында басқарушы лауазымға тұруға қабілетті талантты қызметкерлердің пулын даярлау және қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асырады. Таланттар пулының болуы Компанияның тиімді дамуын және заманауи жағдайларда бәсекеге қабілеттілігін белгілейтін ресурстарының бірі болып табылады.

Таланттарды басқару жүйесі екі тәсілмен құрылған, олар мынаны қамтиды:

1. Қоғамның негізгі лауазымдарына мирасқорларды жоспарлау (жоспарлау кезеңі – 1 жылдан 5 жылға дейін), үміткерді жоспарланатын лауазымды алмастыруға даярлау үшін мансап жоспарларын және жеке даму жоспарларын қалыптастыру;
2. Қоғамның жоғары әлеуетті және перспективтік қызметкерлерін анықтау, оларды өзгерістер таратушы және ұйымның дамуы үшін ресурс ретінде пайдалана отырып, қазіргі лауазымдағы жұмыс орындарында дамыту.

Компанияның жоғары әлеуетті және перспективтік қызметкерлері анықтаудың негізгі қайнар көзі қызметтің тиімділігін қорытынды (жылдық) бағалау рәсімі болып табылады, оның қорытындылары бойынша Таланттар картасы қалыптастырылады.

Қазіргі уақытта, Компанияда Компанияның негізгі лауазымдарына Сабақтастық бағдарламасы әзірленіп, бекітілді, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында 25 талантты қызметкердің тізімі қалыптастырылды.

Компанияда кадрлық резервті дамыту мен оқытуға үлкен көңіл аударылады. Компанияның перспективтік қызметкерлерін таныстыру, дамыту және ынталандыру мақсатында жыл сайынғы негізде Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерімен кездесулер өткізіледі. Ағымдағы жылы Компанияның кадрлық резервіне кіретін 8 қызметкер МВА (Іскерлік әкімшілік ету шебері) бағдарламасы бойынша ұзақ мерзімді оқытуды аяқтады.

Соған қоса, Компанияның еншілес ұйымдарында да Кадрлық резервті қалыптастыру және сабақтастықты жоспарлау бойынша шаралар іске асырылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында кадр резервінің саны 2016 жылдың соңына қарай 708 адамды құрады.

КАДРЛАРДЫ БАҒАЛАУ

Қызметкерлердің көшбасшылық әлеуетін бағалау және оларды Компаниядағы лауазымдарға сәйкес келуі үшін бағалаудың түрлі құралдары қолданылады. 2016 жылы Компанияда «360 градус» әдісімен CEO–1, CEO–2 деңгейінің қызметкерлеріне сауалнама жүргізілді. «360 градус» әдісімен бағалау басшының, бағыныштылардың, өріптестердің онлайн-сауалнаманы толтыруы, сондай-ақ Компанияның көшбасшылық құзыреттерінің моделдері негізінде әзірленген жеке бағалау арқылы қызметкердің іскерлік ортасын сұрастыру жолымен өткізілді.

Жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында бағалау нәтижелері бойынша басшыларға күшті және әлсіз жақтары туралы негізгі ұсыныстары, сондай-ақ одан әрі жетілдіруді талап ететін дамуға арналған салалары бар кері байланыс ұсынылды.

Соған қоса, кадрларды таңдау және орналастыру сапасын арттыру, қызметкерлерді жұмыс сапасын жақсартуға және тиімділігіне ынталандыру үшін 2016 жылы Компанияның қызмет-

көрлеріне аттестация жүргізілді, оның аясында қызметкерлердің біліктілік деңгейіне, кәсіби дайындығына және іскерлік сапасына және т.б. бағалау жүргізілді.

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-да, «Шығысэнерготрейд» ЖШС-да, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да және «Алматы электр станциялары» АҚ-да да орын алып тұрған лауазымдарға сәйкес келу мәніне аттестациялық шаралар жүргізілді.

Компания Трансформациялау бағдарламасын іске асыруды жалғастырады, оның аясында 2016 жылы Компанияның жаңа ұйымдастырушылық құрылымы өзірленді және бекітілді, оған сәйкес Компанияның барлық лауазымдарына, соның ішінде кәсіби тәжірибеге, білімге, дағдыларға, құзыреттерге жаңа біліктілік талаптары өзірленді. Бірқатар негізгі лауазымдарға талаптар, соның ішінде халықаралық кәсіби сертификаттармен расталған біліктіліктің немесе менеджмент саласында қосымша білімнің болуы бөлігінде елеулі арттырылды. Көрсетілген талаптар жаңа лауазымдық нұсқаулықтарда және лауазымдар сипаттамаларында нысандандырылды (Job description).

Компанияның жаңа ұйымдық құрылымына көшу аясында Компанияның CEO–1, CEO–2 деңгейі басшыларының жауа ұйымдық құрылымының лауазымдарына сәйкес келуін бағалау бойынша шаралар іске асырылады (Job matching), ол – қызметкерлердің жұмыстағы жаңа бағыттары мен Компания алдына қойылған алдағы ауқымды тапсырмаларды тиімді орындайтынына көпідік.

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС

Компания қызметке бейімдеушілік пен қызығушылығын арттыру, кәсіби және корпоративтік құзыреттерді дамыту арқылы тиімді жұмысы мен мансаптық өсуін қамтамасыз ете отырып, жас мамандармен жұмысқа ерекше назар аударады. Есепті жылда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында **4 900** астам жас мамандар жұмыс істеді. Жастарды бейімдеу үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жастар қоғамдық ұйымдары қозғалыстары жұмыс істейді, тәлімгерлік институты өрекет етеді.

Техникалық және кәсіби білімі бар жас мамандарды дайындау сапасының тиімділігін арттыру үшін Компания «Kazenergy» мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының Қазақстан қауымдастығымен бірлесіп, энергетика саласында салалық біліктілік шеңберлерін өзірлеу бойынша жобаға бастама жасалды.

Компания Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қосарлы оқытуды дамыту, кәсіби білім беру ұйымдарымен өлеуметтік серіктестік жөніндегі шараларды іске асыру жалғастырылады.

Болашақ мамандарды кәсіби бағыттау, энергетика бейінінің кәсібін дәріптеу, дарынды жастарды анықтау, мамандарды даярлау сапасын арттыру, іздестіру, әкімшілік және өндірістік қызметі үшін кадрлық өлеуетін қалыптастыру мақсатында Компания Алматы Энергетика және Байланыс Университетімен бірлесіп, 2015 жылдан бастап болашақ энергетиктер арасында физикалық-математикалық пәндер бойынша Республикалық олимпиада іске асырылады.

Олимпиада азаматтардың екі санаты арасында жүргізіледі: түлек сыныптарының оқушылары және «электр энергетика» және «жылу энергетикасы» мамандықтары бойынша күндізгі оқу

нысандарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының 2–3 курс студенттері.

Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері оқуға арналған гранттар мен шәкіртақыларды төлеу түріндегі Компанияның шәкіртақы мен гранттарын алады.

Компанияның еншілес компанияларының басшылары АЭБУ-ның түрлі кеңестерінің, соның ішінде білім беру бағдарламаларын дамыту жөніндегі (оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу, тәжірибелерді ұйымдастыру және т.б.) кеңестерінің құрамына кіреді.

Соған қоса, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары жыл сайын білім берудің бейінді ұйымдарымен жасалған меморандумдар аясында энергетикалық бейінді мамандығы бойынша оқитын студенттерге тәжірибе үшін орын береді, түлектердің дипломдық жұмыстарын рецензиялау бойынша жұмыс жүргізіледі.

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЯҚЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сыйақы беру саясатының негізгі мақсаты қызметкерлерге бәсекеге қабілетті еңбекақының төлеуін қамтамасыз ету және қызметкерлердің қызметінің жоғары нәтижелеріне қол жеткізудегі тиімділігі мен материалдық мүдделілігін арттыруға ықпал ететін персоналға сыйақы берудің ашық жүйесін қолдану болып табылады.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің орташа еңбекақы ұқсас көрсеткіштеріне қарағанда 11%-ға өсті – **162 633 теңгеден 181 300 теңгеге дейін**. Өндірістік персоналының орташа еңбекақысының өсімі 11% – **150 129 теңгеден 167 055 теңгеге** дейін, өкімшілендіру персоналының еңбекақысы 11,9% құрады – **309 584 теңгеден 346 449 теңгеге**.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген еңбекақы төлеу саласында мемлекеттік кепілдердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Еңбекақы мөлшерін арттыру және құнсыздану процесстерін өтеу мақсатында, сондай-ақ жасалған Ұжымдық шарттарға сәйкес, Қоғам компаниялар тобында 2016 жылы **7%** мөлшерінде еңбекақыны индексстеу өткізілді.

Алдына қойылған стратегиялық мақсаттарды іске асыру жолындағы маңызды қадамы мен тиімді құралы персонал қызметінің тиімділігін басқарудың кешенді жүйесін (ТБЖ) ендіру болып табылады. ТБЖ-ны ендіру барлық деңгейлерде ұйымның басқару жүйесін жақсартуға және оның қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2014 жылдан бастап Компанияда тиімділікті басқару жүйесі қызмет етеді, ол Компанияға бір мезгілде бірнеше жаһандық тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді:

1. бір жылға жұмысты жоспарлау және қызметкерге мақсаттарды қою кезінде басқарушы қызметкерлердің KPI және қызметкердің ұыммен, оның құндылықтарымен, қағидаттарымен және мақсаттарымен өзара қатынасы арқылы қызметкерлердің адалдық деңгейіне ықпал ететін KPI процестерін каскадтау қағидаты қолданылады;
2. Компанияның жоғары әлеуетті қызметкерлерін анықтау (HiPo) және таланттарды басқару жүйесін жоспарлау;

3. қызметкерлердің Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі үлесін бағалау жолымен персоналға сыйақы берудің әділ жүйесін құру;
4. жергілікті емес, ал ұзақ мерзімді мақсатты тұжырымдау жолымен тапсырмаларды басқару жүйелерін құру арқылы менеджерлік құрамының дағдылары мен мақсаттарын өзгерту;
5. тұрақты жетілдірудің және жұмыстың жоғары нәтижелеріне қол жеткізудің корпоративтік мәдениетін құру.

Компанияның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру аясында әкімшілік қызметкерлерінің қызметін бағалау Компанияның барлық еншілес ұйымдарына өндіру жоспарланады.

Қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша тиімділікті бағалау жүйесі топтың жалпы санынан қызметкерлердің **4%** қамтылды.

Нәтижелілік пен мансап дамуының аралық бағалаулары өткізілетін қызметкерлердің үлесі

№	Көрсеткіш	Мағына
1.	2016 жылғы соңына қарай қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік)	22 230
2.	Нәтижеліліктің ресми бағалаудан өткен қызметкерлердің саны, с.і.	947
2.1.	Ерлер	321
2.2.	Әйелдер	626
3.	Нәтижеліліктің ресми бағалаудан өткен қызметкерлердің үлесі	4%
3.1.	Ерлер	1%
3.2.	Әйелдер	3%

Қызметкерлерді ынталандыруды арттыру және еңбекақы төлеудің мәлдір жүйесін құрастыру мақсатында, Компанияда лауазымдарды қайта бағалау (грейдерлеу), қалыптасқан тәжірибені талдау және еңбекақы төлеу жүйесінің бенчмаркингі бойынша шаралар жүзеге асырылды, олардың қорытындылары бойынша еңбек шарттары және қызметкерлердің лауазымдық еңбекақылары қайта қарастырылған.

Аталған жүйе сыйақы берудің ішкі әділдігін және сыртқы бәсекеге қабілеттігін сақтау қағида-тында құрылды және әрбір лауазымның компания қызметінің нәтижелеріне үлесін өлшеудің нақты және барынша объективтік тәсілін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Соған қоса, Компания жыл сайынғы негізде Компанияның еңбекақы төлемдерінің сыртқы нарығына қарағанда бәсекеге қабілеттігіне талдау жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еңбек нарығын шолуға қатысады.

Ұйым қызметінің елеулі салаларында бастапқы деңгейдегі еңбекақы мен белгіленген ең төменгі еңбекақының өзара қатынасының диапазоны

№	Көрсеткіш	Мағына (2016)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төменгі еңбекақы	24,5	мың теңге
2.	Қызметтің елеулі салаларында ұйымдағы бастапқы деңгейінің қызметкердің еңбекақысы	122,7	мың теңге
2.1.	Ерлер	120,9	
2.2.	Әйелдер	124,4	
3.	Қатынасы	501%	%
3.1.	Ерлер	493%	
3.2.	Әйелдер	508%	
№	Көрсеткіш	Мағына (2015)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төменгі еңбекақы	21,4	мың теңге
2.	Қызметтің елеулі салаларында ұйымдағы бастапқы деңгейінің қызметкердің еңбекақысы	106,1	мың теңге
2.1.	Ерлер	104,4	
2.2.	Әйелдер	107,9	
3.	Қатынасы	497%	%
3.1.	Ерлер	489%	
3.2.	Ең төменгі еңбекақы	505%	

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз қоғамдық дамуға өзіміздің үлесімізді сезінетінімізден, әлеуметтік жауапкершілік Компанияның стратегиялық дамуының ажыратылмас бөлігі болып табылады. Әлеуметтік корпоративтік жауапкершілігінің жобалары еңбек етудің қауіпсіз және жайлы шарттарын қамтамасыз етуге, кәсіби дамуға, тұрғын үй мәселелерін шешуге және қызметкерлер мен олардың отбасыларының тіршілік ету сапасын жақсартуға, ардагерлер мен зейнеркерлерге материалдық қолдау көрсетуге, әлеуметтік қоғамдастықтарға қолдау көрсетуге бағытталған.

Әлеуметтік серіктестік, өндірістегі қауіпсіздік қағидаттарын дамыту, қызметкерлердің еңбек құқықтарының барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қол жеткізу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Сенім сертификаттарын алу бойынша жұмыс жүргізілуде.

2016 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлардың «Шардара СЭС» АҚ-да, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-да және «Шығысэнерготрейд» ЖШС-да жүргізілген тексерістің нәтижелері бойынша көрсетілген компаниялардың қызметі Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келеді деп танылды және Сенім сертификаттары берілді.

Сондай-ақ, 2016 жылы «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсында ірі кәсіпкерлік саласында «Үздік ұжымдық шарт» номинациясында екінші орын иегері болды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында проблемалар мен қауіпті аймақтардың анықталуын және оларға уақытылы әрекет етуді, соның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік топтамасын жетілдіру, мәдени және кәсіби шараларды өткізу, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және ішкі коммуникацияларды басқару мен т.б. арқылы әрекет етуді қамтамасыз ететін әлеуметтік тұрақтылық рейтингіне және персоналдың қатыстырушылық көрсеткішіне үнемі мониторингілеуді жүргізу жүйесі ендірілді.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 2015 жылғы деңгейде қалды және **72%-ды құрады**. Көрсеткіш бұрынғыдай «ортадан жоғары» деңгейінде тұр, бұл әлеуметтік даму мәселелеріне ерекше назарын, сондай-ақ өндірістік персоналдың туындайтын проблемаларын шешуіне позитивті ойлау мен конструктивті тәсілін куәландырады.

2016 жылғы әкімшілік-басқарушы персоналының қатыстырушылығына жүргізілген сауалнама-ның көрсеткіші оң серпінмен сипатталды және **2015 жылы 65%-дан 2016 жылы 68%-ға** артты.

2015 жылмен салыстырғандағы көрсеткіштердің ең көрнекі өсімі қызметкерлердің олардың мансабы қалай қалыптастырылатындығын бағалауда (64%-дан 100%-ға), келісім бойынша тікелей басшының жұмыстың мақсаттарын орналастыруда (66%-дан 83%-ға), тікелей басшымен жұмыстың сапасы мен нәтижелерін талдылауда (58%-дан 71%-ға), қазіргі уақытта Компания қалай дамитыны туралы қанағаттандырылғандығында (58%-дан 62%-ға), жұмысқа өндіру үшін жаңа идеяларды, оңтайлы ұсыныстарды өзірлеу мүмкіндігінде (24%-дан 38%-ға) байқалады.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында 2016–2018 жылдарға арналған әлеуметтік тұрақтылық пен персоналдың қатыстырушылық рейтингін арттыру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары аясында барлық еңбек ұжымдарында басшылық пен қызметкерлердің есептік жиналыстары өткізілді, олардың аясында ЕТҰ-лардың басшылары өндірістік қызметтің және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы шаралардың негізі нәтижелерін, және одан әрі дамудың перспективалары белгіленгенін айтты.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жұмыс беруші өкілдері мен кәсіподақ қызметкерлерінің өкілдері құрамында Келісу комиссиялары қалыптастырылды және өз қызметін жүзеге асырады, олардың негізгі функциясы еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстары, шағымдар мен өтініштерді қарастыру рәсімдері болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бәсекеге қабілетті әлеуметтік топтамасы ұсынуға тырысады, оның болуы білікті қызметкерлерді тартуға мүмкіндік береді. Өтемақылар мен жеңілдіктер қызметкерлер мен олардың отбасылардың әл-ауқатын және әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға арналған.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлерімен жасалған ұжымдық шарттарына сәйкес ұсынылатын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің құрамына мыналар кіреді:

- еңбек демалысына сауықтыруға арналған, баланың тууына байланысты материалдық көмек;
- (қызметкерді және оның жақын туыстарын) жерлеуге, (қызметкерді және оның жақын туыстарын) емдеуге, төтенше жағдайларға және т.б. материалдық көмек;
- табысты жоғалтуына байланысты материалдық көмек (жүктілікке және босануға байланысты демалыс немесе нәрестені (ұл/қыз) асырап алуға байланысты демалыс);

- ерікті медициналық сақтандыру;
- қызметкерлер мен балаларды шипажай-курорттық емдеу;
- қызметкерлердің мерейтойларына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу;
- мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар;
- қарыздарды төлеу;
- асыраушысының жарымжан боп қалғаны немесе жоғалтқаны үшін жәрдемақы;
- балаларға жаңа жылдық сыйлықтар және т.б.

Сөйтіп, 2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 3 082 651 мың теңге сомаға әлеуметтік төлемдер жасалды. 2015 жылдың осы кезеңіндегі әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығыстар 2 703 595 мың теңгені құрады. Төлем жасау құрылымында шығыстардың негізгі үлесін мыналар құрайды: әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасынан демалыс берген кездегі сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы – 39%, қызметкерлердің шипажай-курорттық емделуі – 6%, медициналық сақтандыру – 6%, қызметкерлердің мерейтойларына байланысты біржолғы көтермелеу (50,60 және 70 жас) – 3%, баланың туылуына байланысты материалдық көмек – 3%, мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар – 3% және т.б.

Персоналды әлеуметтік қолдау бойынша жасалған ұжымдық шарттар аясында жұмыс берушінің міндеттемелері толық көлемде орындалады.

2016 жылдың аяғында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының персоналды ұжымдық шарттармен қамту үлесі персоналдың жалпы санының **97%-ын** құрады.

Бұдан бөлек, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлері дәстүрлі Энергетик күніне еңбектегі және кәсіби тұрғыдағы сіңірген еңбегі үшін ынталандыру және көтермелеуді арттыру мақсатында ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, «Kazenergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық көшені ұйымдарының қауымдастығы, ОҰОЛ «Қазақстан Электрэнергетикалық Қауымдастығы» ЗТБ, «Қазэнергокәсіподақ» ҚБ, «Самұрық-Қазына» АҚ және т.б. мемлекеттік, ведомстволық және салалық наградаларға ұсынылды.

Ұрпақтар сабақтастығын насихаттау мен энергетик мамандығын дәріптеу мақсатында 2016 жылы мамырда «Самұрық-Энерго» АҚ Еңбек әулеті күнін мерекеледі. Аталған іс-шара аясында Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген 10 еңбек әулетінің өкілдеріне құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтар берілді.

2016 жылдың 1 маусымынан 10 тамызын қоса алғандағы мерзімде Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Самұрық-Энерго» АҚ Жергілікті кәсіподағының бастамасы бойынша кезекті Балалар суреті көрмесін өткізді, сонымен қатар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің 110 мүгедек баласына жалпы сомасы 2 200 000 теңгеге материалдық көмек көрсетілді. Алматы қаласы энергетикалық кәсіпорындары қызметкерлерінің 438 баласы «Самұрық-Энерго» жергілікті кәсіподағы» ҚБ балабақшаларына 50% жеңілдікпен барады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары зейнеткерлерге, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларына көмек көрсете отырып, қайырымдылық акцияларына қатысады.

Қоғам Астана қаласында 240 орындық балабақша салу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын 95%-ға орындады. Объектіні пайдалануға берген соң, меморандумның талаптарына сәйкес, Қоғам қызметкерлерінің балаларына 120 орын мөлшерінде квота бөлу болжанып

отыр, қалған 120 орынды қала бойынша кезектілікке сәйкес, Астана қаласының балаларына беру кезделуде.

Объектіні пайдалануға берудің жоспарланып отырған мерзімі – 2017 жылдың мамыры. Балабақшаны Астана қаласының балансына берудің жоспарланған мерзімі – 2017 жылдың тамызы.

2016 жылы «Самұрық-Энерго жергілікті кәсіподағы» ҚБ Корпоративтік орталықтың қызметкерлерінің 7 086 490 теңгеге шипажай-курорттық емін өтеді.

Оқу жылының қарсаңында «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ қызметкерлері аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларына мектепке дейінгі форма мен күзгі киім беріп, шефтік көмек көрсетті. «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС қалалық балалар үйінің тәрбиеленушілеріне спорттық киімдер алуға материалдық көмек көрсетті, аз қамтылған отбасылардың 120-дан астам баласына «Құрбан айт» мерекесінің құрметіне азық-түлік себеттерін жіберді, сонымен қатар Солнечный кентінің әлеуметтік қорғалмаған халқының балалары үшін каникул уақытында бассейнге тегін баруға және балаларға арналған сауықтыру лагерьлеріне жолдамалар берді.

Ұлы Жеңіс күнінің 71 жылдығын мерекелеу қарсаңында Қоғам тобының кәсіпорындары құрмет пен алғыс ретінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құттықтады. Сөйтіп, «Самұрық-Энерго жергілікті кәсіподағы» ҚБ Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне азық-түлік себетін тапсырды, «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ қызметкерлері «Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасы аясында «Дала поштасы» акциясына қатысты, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ материалдық көмек көрсетті, «Алматы электр станциялары» АҚ мен «Мойнақ СЭС» АҚ ардагерлерді үйлеріне барып құттықтады және т.б.

2016 жылы қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында дәстүрлі IV Спартакиада аяқталды. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Богатырь-Көмір» ЖШС, «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ өкілдерінен тұратын «Самұрық-Энерго» АҚ құрамасы жалпыкомандалық есепте 19 қола, 3 күміс медальмен 3-орынды иеленді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 48-бабының 2-тармағына сәйкес, Компания мен оның ЕТҰ басшылығы қызметкерді және/немесе оның өкілдеріне еңбек жағдайының өзгергені туралы кемінде бір ай бұрын жазбаша хабардар етеді. Аталған тармақ ұжымдық шарттарда анықталған және ол «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының әрбір ұйымында мүлтіксіз сақталады.

Ұжымдық шарттарда қамтылған қызметкерлердің үлесі

№	Көрсеткіш	Мәні (2016)	Өлшем бірлігі
1.	2016 жылдың соңындағы қызметкерлердің (тізімдік саны) жалпы саны	22 230	адам
2.	Оның ішінде 2016 жылға арналған ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлер саны:	21 611	адам
3.	Ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі:	97%	%

Негізгі қызмет бойынша бөлгенде, жұмыспен толық қамтылған қызметкерлерге берілетін, бірақ жұмыспен уақытша қамтылған немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін төлемдер мен жеңілдіктер

№	Көрсеткіш	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен толық қамтылмаған немесе уақытша қамтылған қызметкерлер үшін
1.	Қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер		
1.1.	Өмірді сақтандыру	Беріледі	Беріледі
1.2.	Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Беріледі
1.3.	Жұмысқа жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар	Беріледі	Беріледі
1.4.	Ана болуға/өке болуға байланысты демалыс	Беріледі	Беріледі
1.5.	Зейнетақы беру (зейнеткерлікке шыққан кездегі біржолғы төлем)	Беріледі	Берілмейді
1.6.	Компанияның акцияларын меншікке беру	Берілмейді	Берілмейді
1.7.	Өзге (шипажай-курорттық емделу, баланың тууына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге материалдық көмек, сауықтыруға арналған материалдық көмек)	Беріледі	Беріледі

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды тиімді іске асыру мақсатында Қоғам әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша қойылған мақсаттарға қатысты қол жеткізілген жетістіктерге мониторинг жүргізеді.

№	НҚК атауы	Өлшем бірл.	Нақты 2015	Жоспар 2016	Нақты 2016
1	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі	%	24,6	Жоспарлы көрсеткіштер болған жоқ	23,9
2	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша көмір өндірудегі үлесі	%	35,6	Жоспарлы көрсеткіштер болған жоқ	35,8
3	Негізгі қызметтен түсетін табыс	млн. теңге	228 865	255 685	181 310 **
4	Компания түсіміндегі инновациялық жобалардағы инвестициялардың үлесі	%	5,3	4,0	4,35

№	НҚК атауы	Өлшем бірл.	Нақты 2015	Жоспар 2016	Нақты 2016
5	Компанияның жалпы таза пайдасындағы инвестициялық жобаларды іске асырудан түскен таза пайданың үлесі	%	-11,9	- 8,0	-6,87
6	Авариялық жағдайлардан шеккен залал мөлшері	млн. теңге	4,12	Жоспарланбайды	2,72
7	Еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығын	млн. теңге	7937,99	3 398, 6	3 695, 3
8	Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	72	64	72
9	Кадр тұрақтамаушылығы	%	11,9	10	13
10	Қатыстырылу деңгейі	%	65	65	68
11	Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, барлығы	адам	18 169	18 597	17 962
12	1 адамды оқытуға жұмсалатын шығын, жылына	мың	25,18	23,66	25,51
13	ЕАҚ-бойынша оқуға жұмсалатын шығын %	%	0,9	1,3	1
14	Мың адамға шаққанда өндірістегі жазатайым оқиғалар саны	саны/1000 адам	0,5	Жоспарланбайды	0,59
15	Төлеуге есептелген салықтар мен басқа да міндетті аударымдар	млн. теңге	1 418,6	17 813,3	15 795
16	Тауарлардағы, жұмыстар мен қызмет түрлеріндегі жергілікті қамтудың үлесі	%	74	Жоспарлы көрсеткіштер болған жоқ	79%

* Көрсеткіштертер деректері «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының Даму жоспарына сәйкес келтірілді.

** Нақты есептілікке 2016 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық есептіліктегі тоқтатылған қызмет бойынша табылған ЕТҰ табыстары кірмейді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында (ЕТҰ) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер (бұрынғы комитеттер) құрылды, олар ұйымның бірінші басшысына немесе оған уәкілетті тұлғаға тікелей бағынады. Оның құрамына басымдық негізде еңбек бойынша техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, қызметкерлердің өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ресми өндірістік кеңестерде басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен Қоғамның ЕТҰ қызметкерлерінің орташа 2,8%-ы ұсынылады.

Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарына аттестация жүргізілді. Жұмыс орындарына жүргізілген аттестацияға сәйкес зиян және қауіпті еңбек шарттары бар жұмыс орындары белгіленді. Бұған қоса, қызметкерлер тиісті жеңілдіктермен, соның ішінде «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа

да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына сәйкес жеке қорғаныш және арнайы киіммен қамтамасыз етілді.

Қоғамның ЕТҰ-лары	Мөлшері 2015 ж.	Мөлшері 2016 ж.
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	2 109	2098
«Ақтөбе ЖЭС» АҚ	307	313
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	1 101	1 109
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	926	902
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	164	141
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	744	164
«Маңғыстау ЭБК» АҚ	25	24
«Шардара СЭС» АҚ	119	125
«Мойнақ СЭС» АҚ	55	81
«Богатырь Көмір» ЖШС	5 929	4 414

Қоғамның ЕТҰ-да нақты аурулармен ауыруы мүмкін немесе сол аурулармен ауру қаупі жоғары жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлер жоқ. «Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №175 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 бұйрығымен бекітілген Міндетті медициналық қарап тексерулерді өткізу қағидаттарына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері алдын ала және аралық медициналық қарап тексерулерден өтеді. Медициналық қарап тексерулерді денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылыққа бағалау бойынша медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау институттары жүргізеді. Алдын ала және аралық медициналық қарап тексерулер нәтижесінде комиссия қызметкердің сауығуға, атап айтқанда, ауруханада қаралу мен емделуден, оңалту мақсатында емделуден өтуге, шипажайлық-курорттық емделуге және оны санаторий-профилакторийге жіберуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұсынады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 185-бабына сәйкес, қызметкерлердің белгілі бір тобы күн сайын ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтеді.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы тұрақты негізде өз қызметкерлері үшін вакцинациялау жүргізеді, сондай-ақ ауруларды алдын алу мақсатында иммунитетті көтеру үшін өзге нысандарды пайдаланады.

Қызметкерлер отбасыларының мүшелерімен және халық өкілдерімен ауыр ауруларға қатысты жұмыс жүргізілмейді.

Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін еңбек қызметкерлерінің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын өзірленді.

МЕРДІГЕР ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУҒА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ТАЛАПТАР

Қоғамның жұмыс тобының ұсыныстарына сәйкес, барлық ЕТҰ-ларда мердігерлерді таңдауда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі саласында ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтаудан, сондай-ақ мердігерлерде сапа, экологиялық қауіпсіздік, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында халықаралық стандарттар сертификаттарының болуына сүйене отырып, талаптарды қарастыратын ішкі нормативтік құжаттар әзірленді. Мысалы, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін кәсіпорынның аумағына кіргізуге рұқсат беру жүйесі, атап айтқанда, кәсіпорынның КСТ 03.004.1.05.016–11 «Кәсіпорын аумағында мердігерлік ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы ереже» стандарты әзірленіп, қолданылады. Жоғарыда көрсетілген стандартқа сәйкес, барлық мердігерлік және қосымша мердігерлік ұйымдар жұмыстарды бастағанға дейін қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуіне тексерістен өтеді, ЕҚ қызметіне «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның аумағына кіруге рұқсат алу үшін қажетті құжаттар тізіміне сәйкес құжаттарда, соның ішінде медициналық қарап тексеруден өткен қызметкерлердің тізілімін ұсынады. Құжаттарды тексергеннен кейін, мердігерлік кәсіпорын «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның аумағында жұмыстарды орындау үшін рұқсат бере отырып, кәсіпорын бойынша нұсқауларды одан әрі ресімдеу үшін еңбекті қорғау қызметіне басшы, өндіруші және жасақтар бойынша (соның ішінде жалпы және аралық) мүшелер болуға құқығы бар қызметкерлердің тізімін жолдайды.

2016 жылы (13 оқиға, оның екеуі ұжымдық) 2015 жылмен (11 оқиға, оның біреуі ұжымдық) салыстырғанда өндірістік жарақаттану көрсеткіштерінің артуы болды, соған қоса, 2016 жылғы көрсеткіштер алдыңғы 6 жылғы орташа көрсеткішке (18 оқиға) қатысты 20%-ға төмен. 2016 жылы өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғаның 3 фактісі бекітілгенін атап кету қажет.

Өндірістегі жазатайым оқиғалар санының өсуіне байланысты, «Самұрық-Энерго» АҚ-да компаниялар тобында 2017 жылға арналған өндірістік жарақаттанушылықты алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Жарақаттардың түрлері	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Химиялық күйік	1	–	–	–
Соғып алу	1	–	2	1
Жарақаттық ампутация	1	–	1	–
Электр жарақаттары (термиялық күйіктер)	4	1	4	4
Сынықтар	5	3	4	5
Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы)	–	–	1	4
Көз жарақаты	–	–	–	1
Барлығы	12	4	12	15

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Жарақаттану коэффициенті (ЖТ)	0,06	0,02	0,07	0,08
Жеке ауруға шалдығу коэффициенті (ЖАК)	0	0	0	0
Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК)	6,24	1,0	4,7	0,3
Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК)	9,8	20,5	9,2	10,1
Өлімге өкеп соққан жазатайым оқиғалар саны	0	1	1	3

Ескертпе:

Жарақаттану коэффициенті (ЖК) – $ЖК = \text{Жарақаттанудың жалпы саны} \cdot 200\,000 / \text{Өтелген сағаттардың жалпы саны}$;

Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК) – $ЖКК = \text{Жоғалған күндердің жалпы саны} \cdot 200\,000 / \text{Өтелген сағаттардың жалпы саны}$;

Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК) – $ЖОБК = \text{мерзім ішіндегі босатқан (болмаған) күндердің жалпы саны} \cdot 200\,000 / \text{Сол кезеңдегі өтелген сағаттардың жалпы саны}$.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау тәртібі және есепке алу Қазақстан Республикасы (ҚР) Еңбек кодексінің «Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру және есепке алу» 20-тарауына және ҚР-ның өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылды. Ай сайын еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау және өндірістік жарақаттану саласында жүргізілген мониторинг бойынша есеп жасалып, ол ҚР еңбек жөніндегі уәкілетті органға ұсынылады. Жыл қорытындылары бойынша ҚР-дың Статистика жөніндегі агенттігіне еңбек қызметіне және кәсіби ауруларға байланысты жарақаттар туралы «7 – ЖКС» нысаны бойынша есептер ұсынылды.

ӨНДІРІСТЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР

Өндірістік жарақаттануды азайту үшін Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында мынадай шаралар қолданылады:

1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.
2. Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс. нұсқама жүргізіледі.
3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс. тексеру жүргізіледі.
4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшысының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Өткізілген Қауіпсіздік техникасы күнінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.
5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.
6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру ережелеріне сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқыту жүргізіледі.

7. Жөндеу науқаны алдында барлық ЕТҰ-да құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша практикалық сабақтары бар семинар-кеңестер өткізіледі.
8. Кәсіпорындарда ең кемі бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.
9. Пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жабдықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.
10. Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджментінің OHSAS-18001 жүйесі» халықаралық стандарты енгізілді.
11. Өндірістік жарақаттанудың әрбір оқиғасы Қоғам ЕТҰ-ларының Директорлар/Байқаушы кеңестерінің отырыстарының қарауына шығарылады.
12. Еңбекті қорғау саласында ЕТҰ-ның басшыларымен және ЕТҰ-ның жауапты қызметкерлерімен жергілікті жерге шығудың 4 жиналыс ұйымдастырылды және өткізілді, соның ішінде:
 - 2016 жылғы 19–20 мамырда «Богатырь Көмір» ЖШС-ның алаңында еңбекті қорғау қызметінің басшыларымен жиналыс өткізілді;
 - 2016 жылғы 15–16 қыркүйекте «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС алаңында еңбекті қорғау қызметінің басшыларымен жиналыс өткізілді;
 - 2016 жылғы 13 мамырда ЕТҰ-ның бірінші басшыларымен 2016 жылғы 1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындылары бойынша жиналыс өткізілді;
 - 2016 жылғы 17 қарашада «Богатырь Көмір» ЖШС-ның құрылымдық бөлімшелерімен жиналыс жүргізілді.
 Еңбекті қорғау мәселелерін қадағалайтын ЕТҰ-ның мамандарымен бірлесіп ұйымдастырылған және өткізілген жергілікті жерге шығу семинар-жиналыстардың нәтижесінде Қоғамның компаниялар тобы үшін 5 корпоративтік стандарттар әзірленді.
13. «АЖК» АҚ-ның «Қарасай» полигонында Қоғамның ЕТҰ-лары қатысқан тарату желілерін жөндеу және пайдалану бойынша электр монтерлері бригадалары арасында республикалық кәсіби сайыс өткізілді. Сайыстың жеңімпазы «АЖК» АҚ болды.

Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында кәсіподақ атынан жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында ұжымдық шарттар жасалды. Ұжымдық шарттарды жасау тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (ҚР ЕК) 14-бабымен реттеледі. ҚР ЕК 157-бабымен анықталған ұжымдық шарттың мазмұны мен құрылымы да – «саламатты және қауіпсіз еңбек пен тұрмыс жағдайларын жасау туралы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемі туралы, денсаулық сақтауды жақсарту туралы.» қарастырылды.

Ұжымдық шарттар қызметкерлердің денсаулығы және қауіпсіздік мәселелерінің 100%-ын қамтиды.

Шарттық міндеттемелеріне сәйкес, жұмыстарды жүргізу үшін мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін жұмыс орындарына кіруге рұқсат беру қауіпсіздік техникасы қағидаттарының және еңбекті қорғау нормаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Қызметкерлер жұмыс орынан кірген кезде кіріспе, бастапқы және мақсатты нұсқаулықтар өткізіледі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқудан өткені туралы көрсете отырып, біліктілік куәліктерінің, сондай-ақ медициналық қарап тексерудің болуы тексеріледі.

Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқытудан өткен мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің есебі 100%-ды құрайды.

13. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ



Бекбас Оразбек Телібайұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Омбудсмені



Біздің бірінші кезекті міндетіміз Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құқықтық кеңістікте қызметті жүзеге асыру болып табылатыны сөзсіз.

Іскерлік этика қағидаттарын және Қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында 2015 жылғы 15 қазанда Қоғамның Директорлар кеңесі (№06/15 хаттама) Қоғамның Омбудсмені етіп мені сайлады және тағайындады.

Омбудсмен лауазымының көптеген салаға қатысы бар. Біріншіден, мен мемлекеттік басқару органдарында көп жылдар бойы қызмет еткен, өмірлік мол тәжірибесі бар кәсіби «көмекші» ретінде кез келген адамның өтінішін қарауға және оған жауап беруге, өтініш берушінің құқықтарын бұзған себептерді қарауға дайынмын. Барлық өтініштер объективті, әділ әрі құпиялылықты сақтай отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте қаралатынына кепілдік беремін.

Жаңадан сайланған Омбудсмен қызметінің басталғаны туралы барлығына теріс хабарлау үшін мен ішкі корпоративтік желіні (Microsoft Outlook, Intranet portal) пайдалану арқылы Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына кері байланысты көрсете отырып, Омбудсмен қызметі туралы толық ақпарат жолдадым. Қоғамның компаниялар тобының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қолайлы болу үшін шағым беру механизмі және Омбудсмен туралы мәліметтер <http://www.samruk-energy.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/ombudsman> корпоративтік веб-сайтында орналастырылған.

Іс-әрекеттің дұрыстығына күмән туындамауы үшін мен Қоғамның барлық қызметкерлеріне мемлекеттік және орыс тілінде күнделікті оқу құралы түріндегі «Іскерлік этика мәселелері бойынша күмән туындаған кезде қалай әрекет ету қажет?» тақырыбында Кодекске қосымша ескертпелерді тараттым.



Қызметімнің нәтижесі қызметкерлердің маған ауызша айтқан өтініштері бойынша жеткілікті жауап алуы болып табылады. Барлық өтініштер, оларға берілген жауаптар жалпы Қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына теріс әсерін тигізбейді. Есепке алуды жүргізу үшін кіріс өтініштер мен оларға берілген жауаптарды тіркеу журналдары қолданылады. Келушілердің құпиялылығын қамтамасыз ететін бөлек орналасқан кабинет бар. Омбудсменге нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, жас, саяси және өзге белгілер бойынша кемсітушілікке қатысты өтініш берген жағдайлар болған емес. Қоғам құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігі қағидатын мойындайды. Сондай-ақ, қызметкерлердің қолданыстағы заңнама аясында қауымдастықтарға бірігу және ұжымдық келіссөздерді жүргізу бостандығы құқығы бар.

Омбудсмен ретінде Қоғамның әр түрлі комиссияларына, соның ішінде аттестациялық, тәртіптік және конкурстық комиссиялардың құрамына қатыстым. Комиссия жұмысының барысында 2016 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның лауазымды тұлғалары, сондай-ақ қызметкерлері тарапынан ҚР заңнама нормаларының ережелері мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бұзу, сақтамау фактілері байқалған жоқ.

2016 жылы Қоғам бойынша 78 өтініш тіркелді, олардың 75-і есептік кезең ішінде, 3 өтініш қарастыру кезеңінде реттелді.

Жоғарыда көрсетілген жұмыс нәтижелері Қоғамда Омбудсменнің құқық қорғау институтының маңызды қоғамдық рөлін дәлелдейді. Қоғамның компаниялар тобының адам құқықтарын қорғауға бағытталған жан-жақты күшейтілген жұмысын көрсетеді. Бұл, сөзсіз, Қоғамда, сондай-ақ одан тыс. жерлерде де Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын сақтау кепілі ретінде Қоғамның әлеуметтік саясатын іске асыру құрамдасы ретінде қабылданады.

Мен үшін Омбудсмен лауазымы, біріншіден, үлкен жауапкершілік. Өзіме көрсетілген сенімді ақтау керек екенін түсінемін. Көмекке, қолдауға және ақыл-кеңеске мұқтаж болғандардың әрбіреуіне көмек көрсетуді өзімнің парызым және негізгі міндетім деп санаймын. Егер де менің жұмысымның нәтижесі Қоғамдағы іскери ахуалды қолдауға және жақсартуға септігін тигізсе, бұл менің еңбегімнің басты бағасы болып табылмақ.

Сіздерден өздеріңізге қолайлы кез келген нысанда толтырылған өтініштеріңізді күтемін, әңгімелесуге және оңтайлы шешімдерді іздеуге әрдайым дайынмын.



Әрбір адам ерекше, ол жынысына, нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік пен лауазымдық жағдайына, дінге және саяси пікіріне қатысты қарым-қатынасына тәуелсіз өз құндылығын әкеледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында өмірге, бостандыққа, қадір-қасиетке қол сұқпаушылыққа, сөз және ар-ождан бостандығына, бірлестіктер бостандығына және т.б. адам құқығы бекітілді.

2016 жыл бойында Қоғамның компаниялар тобы зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары орын алған жерлерде 18 жасқа толмаған тұлғалардың еңбегін пайдалануға тыйым салатын талаптарды қатаң орындай отырып, әрбір адамның құқықтары сақталуы үшін барлық қажетті іс-қимылдарды жасады, сондай-ақ қызметкерлерге және іскерлік серіктестерге қатысты кез келген түрдегі кемсітушілікке жол берген жоқ.

2011 жылы Қоғам БҰҰ Жаһандық шартына кірді және қазіргі таңда БҰҰ Жаһандық шартының Он қағидатын ұстанады, сондай-ақ мақсаты әлеуметтік бағдарламаларды жүйелендіру, жетілдіру және іске асыру болып табылатын Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын бекітті.

Осылайша, Қоғам қызметкерлер бірлестіктерінің ботандығын, сондай-ақ олардың ұжымдық шарттарды жасауға қатысты құқықтарын қолдап, құрметтейді. Бұған қоса, Қоғам қызметкерлердің өкілдері кемсітушілікке ұшырамайтынына кепілдік бере отырып, қызметкерлердің өз өкілдерін сайлау құқығын мойындайды.

Қоғамның компаниялар тобында **17** кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді, Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің **87%-ы** олардың мүшелері болып табылады. Кәсіподақ ұйымдары тиімді ынтымақтастық және қызметкерлермен тікелей әңгімелесу арқылы қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етеді.

Бұған қоса, Қоғамның компаниялар тобының кәсіпорындары мәжбүрлеусіз және бала еңбегінсіз әрбір қызметкердің өзінің еңбек құқықтарын іске асыруы үшін тең мүмкіндіктері бар екенін ескеріп, кемсітушіліктің кез келген нысандарын болдырмауға міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қоғамның компаниялар тобында ерлермен тең мүмкіндіктер берумен бірге әйелдердің әлеуметтік құқықтары, бостандығы және міндеттері іске асырылады.

2016 жыл бойында «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы қызметкерлерге, іскерлік серіктестерге қатысты кез келген түрдегі кемсітушілікке, сондай-ақ байырғы және саны аз халықтардың құқықтарының бұзылуына жол берген жоқ.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта құру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында 164 мүгедектігі бар қызметкер жұмысқа орналастырылды.

Қоғамның компаниялар тобында медиаторлар институты жұмыс істейді, олардың кейбіреулері «Әлеуметтік әріптестік орталығы» КҚ кәсіби медиаторлары мәртебесін алды. Медиаторлар қызметкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдайды, сондай-ақ азаматтардың шағымдарын қарастырып, еңбек дауларын шешуге көмектеседі.

Кәсіподақ ұйымдарымен қатар әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу аясында Қоғам тобында тұрақты әрекет ететін Әлеуметтік-еңбек дауларын реттеу мәселелері жөніндегі комиссиялар құрылды.

Қызметкерлердің ішкі шағымдарын тіркеу үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында «жедел желі» телефондарының, шағымдар мен өтініштердің арнайы жөшіктерінің жұмыс істеу тәжірибесі ендірілді, ұйымдар басшыларының жеке блоктары құрылды және қызмет етеді.

Сондай-ақ, +7 (7172) 69–23–56 сенім телефоны мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының және басқа қызметкерлерінің заңға қарсы әрекеттері фактілері бойынша жазбаша өтініштерді қабылдау үшін trust@samruk-energy.kz электрондық пошта жақсы жұмыс істейді. Есепке алуды жүргізу үшін кіріс өтініштер мен оларға берілген жауаптарды тіркеу журналдары жүргізіледі. Келушілердің құпиялылығын қамтамасыз ететін бөлек орналасқан кабинет бар.

2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты өзектендірілді, Қоғамның компаниялар тобының қызметкерлері онымен 100% таныстырылды. Жыл сайын Қоғам қызметкерлерінің Саясатты, Іскерлік этика кодексін білу деңгейіне тестілеу жүргізіледі. Кодекс этикалық нормаларды және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын пайдалану негізінде даму және мүдделі тұлғалармен өзара тиімді ынтымақтастық үшін басқарушы құрал болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 28.08.2014ж. шешімімен Болжанатын бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты бекітілді. Саясатқа сәйкес, ІАҚ Қоғамның сенім поштасына келіп түскен өтініштердің қарастырылуына мониторинг және бақылау жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, ІАҚ ұсыныстары бойынша, Қоғамның барлық компаниялар тобында болжанатын бұзушылықтар туралы хабарлау үшін сенім поштасы орнатылды.

Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне қатысты БАҚ-дағы теріс жарияланымдарға тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Шағым берудің ресми механизмдері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіндегі шағымдардың саны

№	Көрсеткіш	Мағынасы
1.	2016 жыл ішінде шағым берудің ресми механизмдері арқылы берілген еңбек қатынастары тәжірибесіндегі шағымдардың жалпы саны, олардың ішінде	78
1.1.	есептік кезек ішінде өңделді	78
1.2.	есептік кезек ішінде реттелді	75
2.	Есептік кезең басталғанға дейін берілген және есептік кезең ішінде реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіндегі шағымдардың жалпы саны көрсетілсін	3

Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде денсаулық және қауіпсіздік мәселелерін көрсету

№	Көрсеткіш	Мағынасы
1.	Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде (жаһандық немесе жергілікті деңгейде) денсаулық және қауіпсіздік мәселелері қозғала ма	Иә
2.	Егер де қозғалатын болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдермен қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жергілікті деңгейдегі келісімдер, мынадай мәселелерді қозғайды:	
2.1.	Жеке қорғаныш құралдары	Иә
2.2.	Басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер	Иә
2.3.	Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік мәселелері бойынша инспекцияларында, аудиттерде және жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуы	Иә
2.4.	Білімі және оқыту	Иә
2.5.	Шағымдарды берк механизмі	Иә
2.6.	Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы	Иә
2.7.	Аралық инспекциялар	Иә
3.	Егер де қозғалатын болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдермен қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жаһандық деңгейдегі келісімдер, мынадай мәселелерді қозғайды:	
3.1.	Халықаралық еңбек ұйымның ұсыныстарына сәйкес келу (ХЕҰ)	Иә
3.2.	Проблемаларды шешу бойынша шаралар немесе құрылымдар	Иә
3.3.	Нәтижеліліктің мақсатты стандарттарына немесе іс жүзінде қабылданатын әдістердің деңгейіне қатысты міндеттемелер	Иә

14. ҰЙЫМ АУДИТІ

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2012 жылдан бері Қоғамның сыртқы аудитору Pricewaterhouse Coopers (бұдан әрі – PwC) фирмалар желісі болып табылады. Аудит қызметін көрсеткен алдыңғы компания – KPMG.

PwC «Самұрық-Энерго» АҚ-ға мынадай қызмет түрлерін көрсетеді:

1. Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік аудиті;
2. Консультациялық қызмет;
3. Оқыту.

PwC фирмалар желісі бизнес клиенттердің құнын ұлғайтуға бағытталған аудит, салық және консалтингтік қызметтерді көрсетеді. Әлемнің 157 еліндегі 223 468 адам жаңа ұстанымдарды әзірлеу және клиенттерге практикалық кеңестер беру үшін өздерінің идеяларын, тәжірибелерін және шешімдерін біріктіреді. Неғұрлым ылық ақпаратты мына сілтеме бойынша ала аласыздар: www.pwc.kz.

PwC трансұлттық мұнай-газ және электр энергетикалық компанияларға қызмет көрсететін жетекші фирма болып табылады. Өнімдер мен ресурстарды осы салаға жинақталған, бірыңғай тәжірибеге кіріктіру мейлінше жоғары сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді және клиенттердің қызметіне қосымша құндылық енгізеді. PwC клиенттер білім мен тәжірибенің артықшылықтарын пайдаланып, оның бәрін күнделікті қызметінде пайдалануы үшін жергілікті жерлердегі жұмыстарға әлемдік ресурстарды тартады.

Қазіргі кезде PricewaterhouseCoopers Қазақстан қызметкерлерінің саны Алматы және Астана қалаларында 400 адамнан артық, ол ұлттық және халықаралық клиенттердің маңызды тізіміне қызмет көрсетеді. Бұдан бөлек, компания Орталық Азия өңірінде белсенді жұмыс жасайды: Бакуде (Әзербайжан), Ереванда (Армения), Тбилисиде (Грузия), Бішкекте (Қырғызстан), Ташкентте (Өзбекстан), Ашхабадта (Түрікменстан) және Ұлан-Батырда (Монғолия). Компаниямен бірге отын-энергетикалық секторды, қаржы қызметін, тұтыну және өнеркәсіптік тауарларды, телекоммуникациялар мен қызмет секторын қоса алғанда, экономиканың барлық секторларында оның саны да өсті.

PwC дүниежүзілік энергетикалық тобы құрамында энергетика саласының 4,000 маманы бар дүниежүзілік желі арқылы әрбір энергетикалық нарық секторында қызметін жүзеге асыратын клиенттерге консультациялық қызмет көрсетуге маманданады. Қазақстандағы PwC мамандарының неғұрлым күрделі өрі техникалық қиындықтары бар жобалармен жұмыс жасау бойынша тәжірибелері бар. Бұл жобалар ойдағыдай жұмыс істеуде – алынған білім энергетика саласындағы және басқа клиенттермен жұмыс жасау барысында пайдаланылады.

PwC кәсіби білімді, салалық ерекшелікті, озық халықаралық тәжірибе мен мәдени өралуандық түсінігін біріктіретін қызметтерді көрсетеді. Бүкіл әлемде біздің аудит бойынша клиенттеріміз 2500-ден астам жылу – және электр энергетикалық компаниялар болып табылады, олардың ішінде мыналар бар:

PwC-тің энергетика саласындағы жаһандық аудиторлық клиенттері:

AGL Resources Inc.	Consolidated Edison Inc.	N.V. Nuon
Allegheny Energy, Inc.	Constellation Energy Group Inc.	National Fuel Gas Company
Ameren Corporation	DTE Energy Corporation	National Grid plc
American Water Works Company	E.ON AG	NSTAR
BG Group plc	Edison International	Pepco Holdings, Inc.
British Energy Plc	Enbridge Inc	Puget Energy, Inc.
Calpine Corporation	Energy Australia	RusHydro
Centrica plc	Exelon Corporation	RWE AG
China Power International Generation Company Limited	Federal Grid	Southern Union Company
CLP Holdings Limited	Huaneng Power International, Inc.	Southwest Gas Corporation
CMS Energy Corporation	Koc Holding A.S.	TECO Energy, Inc.

Ірі, жаһандық корпорациялар нарығында жетекші жағдайға ие фирма ретінде PwC жаһандық шоттарды басқару, ресурстарды жұмылдыру, жүйелі өзара іс-қимылды қамтамасыз ету саласында неғұрлым көшпенді әрі талапшыл клиенттерге артықшылық берілетінін түсінеді. PwC-тің көшбасшылығы нарықтың үлесімен расталады: PwC «Үлкен Төрттіктің» кез келген басқа фирмасына қарағанда, Fortune Global 500 компаниясының басым көпшілігінің аудитін жүргізеді.

Соңғы 19 жыл ішінде PwC Қазақстанның энергетикалық секторындағы аудиторлық және консультациялық қызметтердің негізгі жеткізушісі болып табылады. PwC Қазақстанның аса ірі тау-кен өндіруші және электр энергетикалық компанияларымен жұмыс жасайды, оларға соңғы бірнеше жыл бойында ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілік аудиті бойынша көмек көрсетіліп келді немесе қазіргі кезде де көмек көрсетіліп келеді. Қазақстандағы PwC мамандарының неғұрлым күрделі әрі техникалық қиындықтары бар жобалармен жұмыс жасау бойынша тәжірибелері бар. Бұл жобалар ойдағыдай жұмыс істеуде – алынған білім энергетика саласындағы және басқа клиенттермен жұмыс жасау барысында пайдаланылады. PwC-тің Қазақстан бойынша аудит бойынша ең ірі клиенттері мыналар:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания	2008–2010, 2012–2016 жж.
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қ. және Алматы облысы үшін желідегі электр энергиясын тасымалдау, электрді техникалық тұрғыдан тарату жөніндегі қызмет	2010, 2012–2016 жж.
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қ. және Алматы облысы үшін электр-, жылу энергиясын өндіру	2010, 2012–2016 жж.
«АлматыЭнергосбыт» ЖШС	Алматы қ. және Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады	2008–2010, 2012–2016 жж.
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру	2007 ж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу	2008, 2012–2016 жж.

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ	Маңғыстау облысының мұнай және басқа компаниялары үшін желідегі электр энергиясын тасымалдау, электрді техникалық тұрғыдан тарату жөніндегі қызмет, сондай-ақ шалғай ауылдық аудандар үшін электрді сату жөніндегі қызмет	2008–2010, 2012–2016 жж.
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр – және жылу энергияларын өндіру	2005–2009 жж.
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	Электр энергиясын жеткізу және тарату	2012–2016 жж.
«Еуроазиялық Энергетикалық Корпорация» АҚ	«Восточный» көмір кесігінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру және электр энергиясын өндіру	2005–2016 жж.
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру	2008–2010, 2012–2016 жж.
«МАЗК – Казатомпром» ЖШС	Электр энергиясын өндіру	2014–2016 жж.
Алматы Су Холдинг	Алматы қаласында салқын суды тарту, тасымалдау, сату және ағынды суды көдеге жарату	2010–2012 гг.

Аудиторлық ұйымға аудиторлық қызмет үшін төленген сыйлықақы және 2016 жылғы қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес қызмет үшін жеке сыйлықақы

Қызмет	2016 жыл
Аудит	25 360 563 теңге
Консультациялық қызмет	86 949 633 теңге
Оқыту	5 684 984 теңге

ҚОҒАМҒА АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАУ

Қоғамның міндетті аудитіне қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін Қоғамның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры және бас аудитормы лауазымына тағайындаған (сайлаған) күннің алдындағы екі жыл ішінде тағайындау мүмкін болған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС сыртқы аудитормының пікірінше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Қазына» АҚ мен оның еншілес компанияларының 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды қатынастардағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес көрсетілген күні аяқталатын жыл үшін қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын дұрыс көрсетеді.

ҚОСЫМША

1 ҚОСЫМША. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЖК	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
АлЭС	«Алматы электр станциялары» АҚ
АҚ	Акционерлік қоғам
Бенчмаркинг	«Самұрық-Энерго» АҚ-ға өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетін нақты өзгерістерді іске асыру мақсатында өз жұмысын басқа компаниялардың практикасымен салыстыруына мүмкіндік беретін талдау әдістемесі
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖЭС	Жел электр станциясы
МУИИДБ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы	«Самұрық-Энерго» АҚ, оның еншілес және тәуелді ұйымдары және бірлесіп қадағалайтын кәсіпорындары
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ГТЭС	Газ-турбиналық электр станциясы
ГЭС	Гидравликалық электр станциясы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
АРБД	Қоғамның Адам ресурстарын басқару департаменті
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЖГРЭС	«И.Т.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ
МБЖ	Менеджменттің біріктірілген жүйесі
ҚІЭС	<i>Қазақстандық зияткерлік энергия жүйесі</i>
НҚК	Жалпы алғанда Қоғамның, сондай-ақ оның басқарушы қызметкерлерінің қызметінің тиімділік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін, Қоғам қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын негізгі қызмет көрсеткіші (индикаторы)
КМЖ	Корпоративтік менеджмент жүйесі
ЭЖЖ	Электр жеткізу желісі
ҚР ИЖТМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Қоғам	Қазақстан Республикасында тіркелген, еншілес және тәуелді ұйымдарды басқаратын «Самұрық-Энерго» АҚ холдингтік компаниясы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ШРШ	Шектеулі рұқсат етілген шығарындылар
ШРТ	Шектеулі рұқсат етілген төгінділер
Сатып алу жоспары	Қоғамның жарғылық қызметінің жұмыс істеуін, сондай-ақ оның орындалуын қамтамасыз етуге қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ақылы негізде жоспарлы сатып алуын көрсететін, белгіленген нысандар бойынша қалыптастырылған құжат
Даму жоспарының көрсеткіштері	Өндірістік, операциялық және қаржылық қызметті сипаттайтын көрсеткіштер. Көрсеткіштер Даму жоспарының құрамында бекітілетін, есепті және жоспарланатын мерзім ішіндегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие
ӨҚҚ	Өрт қауіпсіздігі қағидасы
ҚТҚ	Қауіпсіздік техникасы қағидасы

ЖКБ	Жүк тиеу-көлік басқармасы
ТПҚ	Техникалық пайдалану қағидасы
ПХД	Полихлорлы дифенилдер
Тәуекел	Алға қойған мақсаттар міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін оқиғалармен немесе әрекеттермен байланысты белгісіздікке душар болу
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ, Ресей	Ресей Федерациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Стратегия	«Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясы
Қоғамның құрылымдық бөлімшелері	Қоғамның белгілі бір қызмет түрін атқаруға жауапты және ұйымдық құрылымынан көрініс тапқан бөлімшелер (департаменттер, қызметтер)
АТП АЭА	«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы
КЭС	Күн электр станциясы
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«АЭС» ЖШС	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ЖЭО	Жылу электр орталығы
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ГРЭС-1	«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
ГРЭС-2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
ЭЖҰ	Энергиямен жабдықтаушы ұйым
CO₂	Көміртегінің қос тотығы
КОЛ	Күшті органикалық ластағыштар
EBITDA	Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар (ағылшынша Earnings Before Interest, Tax, Depreciation and Amortization)
GRI	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global reporting initiative)
ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization)
KEGOC	«KEGOC» акционерлік қоғамы (KazakhstanElectricityGridOperatingCompany, Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы)
SWOT	Сыртқы және ішкі ортаға жағымды/ жағымсыз факторлардың әсерін талдау
Өлшем бірліктері	
ГВтч	Гигаватт сағат
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория
кВ	Киловольт
кВт•ч	Киловатт сағат
км	Километр
м	Метр
м³	Текше метр
МВА	Мегавольт-ампер
МВт	Мегаватт
Млн	Миллион
Тыс.	Мың
%	Пайыз

2 ҚОСЫМША. ЕСЕПТІҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
Стратегия және Талдау			
G4-3	Ұйымның атауы	+	9
G4-4	Негізгі өнім	+	85
G4-5	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	+	210
G4-6	Ұйым жұмыс істеп жатқан елдердің саны және ол негізгі қызметін жүзеге асыратын немесе есепте қамтылған орнықты даму мәселелері тұрғысынан алғанда айрықша маңызды болып табылатын елдердің атаулары	+	20
G4-7	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны	+	117
G4-28	Ақпарат ұсынылатын есепті кезең	+	208
G4-29	Орнықты даму саласындағы алдыңғы есептің жарияланған күні	+	208
G4-30	Есептілік циклы	+	208
G4-31	Аталған есепке немесе оның мазмұнына қатысты мәселелер бойынша жүгінуге болатын байланыстырушы тұлға	+	210
G4-17	a. Есептіліктері шоғырландырылған қаржылық есептілікке немесе осыған ұқсас құжаттарға енгізілген барлық заңды тұлғаларды санамалап көрсету b. Орнықты даму саласындағы есептілікте есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептілікке немесе осыған ұқсас құжаттарға енгізілген қандай да бір заңды тұлға туралы ақпараттың бар-жоқтығы туралы ақпарат	+	11-12 T.2 83 208
G4-18	a. Есеп мазмұны мен Аспектiлер шекараларын анықтау әдiстемесi b. Есеп мазмұнын анықтау кезiндегi Есептiлiктi дайындау қағидаттарын қолдану	+	208
G4-19	Есеп мазмұнын анықтау процесiнде анықталған барлық маңызды Аспектiлердiң тiзiмi	-	
G4-22	Алдыңғы есептерде жарияланған көрсеткіштердің барлығын қайта тұжырымдау салдарлары мен мұндай қайта тұжырымдау себептері туралы ақпарат	+	209
G4-23	Алдыңғы есепті кезеңдермен салыстырғанда Аспектiлердi қамту мен оның шекараларының маңызды өзгерістері туралы ақпарат	+	208
G4-1	Ұйымда шешім қабылдайтын ең үлкен басшының мәлімдемесі	+	8
G4-9	Ұйымның ауқымы (Қоғамның компаниялар тобы бойынша – үш жыл ішіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда, соңғы жылдағы өзгерістер)	+	4, 20
G4-12	Ұйымдағы жеткізілімдер тізбегі	+	25-29, 115
G4-13	Ұйымның ауқымындағы, құрылымындағы немесе меншігіндегі немесе оның жеткізілімдер тізбегіндегі бөлімшелерге немесе олардың орналасқан жерлеріне қатысты өзгерістерді; кәсіпорындардың ашылуын, жабылуын және кеңеюін; акционерлік капиталдың құрылымындағы өзгерістер мен капиталды қалыптастыру, ұстап тұру немесе өзгерту бойынша іс-қимылдарды (жеке секторды ұйымдастыру үшін); өнім берушілердің, құрылымдардың орналасқан жерлерінің өзгеруін қоса алғанда, есепті кезең ішінде болған барлық маңызды өзгерістері	+	31, 25-29
G4-8	Ұйым жұмыс жасайтын нарықтар (географиялық бөліністі, қызмет көрсетілетін салаларды, сонымен қатар тұтынушылар мен бенефициарларды қоса алғанда)		32, 89-90

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
G4-34	Корпоративтік басқару құрылымы	+	117
G4-35	Акционерлер туралы ақпарат (иелену құрылымы, құрылымдағы, меншіктегі маңызды өзгерістер)	+	117
	Жоғары дәрежедегі атқарушы басшылар мен басқа қызметкерлерге корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органнан экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешу бойынша өкілеттіктерді табыстау тәртібі	+	
G4-36	Ұйымда экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешуге жауапты басшылық лауазым немесе лауазымдар бар ма, тиісті лауазымды атқаратын тұлғалар корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органға тікелей бағына ма?	+	155
	Есепті кезеңнің Жалғыз акционер қабылдаған негізгі шешімдері	+	123
G4-38	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның және оның комитеттерінің құрамы, мұнда: атқарушы және атқарушы емес мүшелерді; корпоративтік басқару органы мүшесі лауазымында болу мерзімі; басқарушы органның әрбір мүшесінің басқа маңызды лауазымдары мен міндеттемелерінің саны; жынысы; жеткілікті ұсынылмаған әлеуметтік топтардың қатысуын; ұйымның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсеріне қатысы бар құзыреттер; мүдделі тараптардың өкілдіктері көрсетілуі тиіс.	+	118-122
G4-39	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның төрағасы сонымен қатар атқару директор да бола ала ма (егер бола алса, онда оның ұйымды басқарудағы функциялары мен лауазымдарды қоса атқару себептері)	+	118
G4-40	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органға және оның комитеттеріне мүшелікке үміткерлер іріктеу мен ұсыну тәртібі, сонымен қатар жоғары басқарушы органның мүшелерін ұсынған және іріктеген кезде қолданылатын критерийлер, мұнда: әралуандылық факторы ескерілетін-ескерілмейтіні, қалай ескерілетіні; экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалар саласындағы кәсіби біліктілік пен тәжірибе факторларының ескерілетіні; мүдделі тараптардың тартылатыны (акционерлерді қоса алғанда) және қалай тартылатыны көрсетілуі тиіс.	+	122
G4-41	Мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды басқару бойынша корпоративтік басқару жөніндегі жоғары орган пайдаланатын рәсімдер. Мүдделі тараптарға ең болмағанда бірнеше директорлар кеңесінде бірдей мүше болу; өнім берушілермен және өзге мүдделі тараптармен бірге акцияларды ірлесіп иелену; бақылаушы акционердің, үлестес тұлғалардың болуы туралы ақпаратты қоса алғанда, мүдделер қақтығысы туралы ақпарат ашылатын/ашылмайтынын көрсету.	+	122
G4-42	Ұйымның мақсаттарын, оның құндылықтары мен миссияларын, сондай-ақ оның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсеріне қатысты стратегиясын, саясаттары мен міндеттерін өзірлеудегі, бекіту мен жаңартудағы корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның рөлі	+	16-17
G4-43	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалармен байланысты корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның мүшелерінің ұжымдық білімдерін өзірлеу мен арттыру үшін қабылданатын шаралар	+	11
G4-44	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның оларды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелермен басқару тұрғысынан алғандағы бағалау рәсімдері. Мұндай баға тәуелсіз болып табыла ма, ол қаншалықты жиі өткізіліп тұратынын көрсетіңіз. Мұндай баға өзін-өзі бағалау болып табыла ма, көрсетіңіз. b. Ең болмағанда, басқарушы органдар құрамы мен ұйымдастыру тәжірибесіне өзгерістер енгізуді қоса алғанда, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді басқару тұрғысынан алғанда, корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның қызметін бағалау нәтижелері бойынша қабылданатын шаралар	+	164

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
G4-45	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, оларды басқаруды анықтаудағы рөлі. Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның тиісті мінез-құлық нормаларының сақталуын қамтамасыз етудегі рөлін сипаттаңыз. Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, оларды басқаруды анықтауына жәрдемдесу үшін мүдделі тараптармен консультациялар жүргізіле ме?	+	16, 19
G4-46	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелермен байланысты тәуекелдерді басқаруда ұйымдар пайдаланатын әдістердің тиімділігіне талдау жасаудағы рөлі		169
G4-47	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары орган экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қаншалықты жиі талдайды?	+	168-169
G4-49	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органды аса маңызды мәселелер туралы хабардар ету рәсімі	+	169
G4-50	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның назарына жеткізілген маңызды проблемалардың сипаты мен жалпы саны, оларды қарау мен шешу үшін пайдаланылған тетікті (тетіктерді) сипаттаңыз	+	169
G4-51	Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның мүшелеріне сыйақы беру қағидасы, сыйақы берудің тіркелген және ауыспалы жалақы түрлерімен қатар мыналарды қоса алғанда: — белгілі бір нәтижелерге жеткені үшін сыйлықақы; — компанияның акцияларымен сыйлықақы беру; — сыйақылар; — кейінге қалдырылған және бөлінген акциялар; — сыйақылар және жұмысқа қабылдаған кездегі ынталандырушы төлемақылар; — қызметін тоқтатқан кездегі төлемақылар; — алған сыйлықақыны қайтару; зейнет жәрдемақысы, оның ішінде Корпоративтік басқару жөніндегі жоғары органның мүшелерінің, жоғары дәрежедегі атқарушы асшылардың және барлық қалған қызметкерлердің зейнетақы жоспарлары мен жарналарының мөлшерлемелері арасындағы айырмашылық. b. Сыйлықақы беру қағидаларында көрсетілген қызметті бағалау критерийлері секілді түсіндірмелер жоғары басқару органы мен жоғары деңгейдегі басшылардың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарымен өзара байланысты.	+	164
G4-52	Сыйлықақының мөлшерін белгілеу тәртібі. Сыйлықақы жөніндегі консультанттар сыйлықақының мөлшерін белгілеуге қатыса ма және олар басшылықтан тәуелсіз бе, соны көрсетіңіз. Сыйлықақы жөніндегі консультанттар ұйыммен қарым-қатынас жасап, оған қолдау көрсететін барлық өзге қарым-қатынас түрлерін сипаттаңыз.	+	124
G4-15	Сыртқы тараптар өзірлеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе ұйым қосылған не қолдау көрсететін басқа да бастамалар	+	18
G4-16	Қауымдастықтарға (мысалы, салалық) және/немесе мүдделерді қорғау жөніндегі ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік туралы ақпарат, мұнда ұйым басқару органдарынан орын иеленеді; жобалар мен комитеттерге қатысады; жалпы мүшелік жарналар шегінен тыс. елеулі қаржыландыру ұсынады; өзінің мүше болуын стратегиялық мақсат ретінде қарайды.	+	18

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
G4-24	Ұйым өзара іс-қимыл жасайтын мүдделі тараптар тобының тізімі (мүдделі тараптар картасы)	+	19
G4-25	Өзара іс-қимыл жасау үшін мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу қағидаттары	+	19
G4-26	Ұйымның мүдделі тараптармен мүдделі тараптар мен нысандар бойынша өзара іс-қимыл жиілігін қоса алғандағы өзара іс-қимылына қатысты ұстанымы, есеп дайындау процесінің бөлігі ретінде қандай да бір өзара іс-қимыл элементтері арнайы қолданылған/қолданылмағанын хабарлаңыз.	+	19
G4-EC1	Құрылған және бөлінген тура экономикалық құн	+	83-103
G4-EC2	Ұйымның климаттың өзгеруімен байланысты қызметіне арналған қаржылық аспектілер мен өзге де тәуекелдер және мүмкіндіктер	+	88, 89
G4-СПМ	Менеджмент саласындағы ұстанымдар туралы жалпы мәліметтер. а. Аспект нәліктен мәнді болып табылады? Аталған Аспектін мәнді ететін әсерлерді сипаттау. б. Ұйымның осы мәнді Аспектін немесе онымен байланысты әсерлерді қалай басқаратынын сипаттау. с. Менеджмент саласындағы ұстанымның бағасын сипаттау, оның ішінде: – менеджмент саласындағы ұстанымның тиімділігін бағалау тетіктері; – менеджмент саласындағы ұстанымды бағалау нәтижелері; – менеджмент саласындағы ұстанымның кез келген өзгерістері.	+	37
G4-EN1	Материалдарды, энергияны, суды тиімді пайдалану, биоәртүрлілікті сақтау, оның ішінде: салмағы немесе көлемі бойынша жұмсалған материалдар	+	39
G4-EN10	көп рет және қайталап пайдаланылатын судың үлесі мен жалпы көлемі	+	39
G4-EN8	Жиналатын судың қайнар көздерге бөлгендегі жалпы саны	+	39
G4-EN3	Ұйымның ішіндегі энергия тұтыну	+	42
G4-EN5	Энергия сыйымдылық	+	43
G4-EN6	Энергия тұтынуды азайту	+	43
G4-EU11	Пайдаланылатын энергияның түрі мен реттеу режимі бойынша бөлгендегі жылу өндірудің орташа тиімділігі	+	43
G4-EN21	Атмосфераға шығарылатын NOx, SOx және басқа маңызды ластаушы заттардың шығарындылары	+	40
G4-EN22	Ағынды сулар мен қабылдаушы объектінің сапасы көрсетілген төгінділердің жалпы көлемі	+	40
G4-EN29	Экологиялық заңнамалар мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған маңызды айыппұлдардың ақшалай мәні мен қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	+	41
G4-EN31	Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар, түрлері бойынша бөлгендегі	+	41

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
G4-10	a. Қызметкерлердің жалдау туралы шарт және жынысы бойынша бөлгендегі жалпы саны. b. Тұрақты қызметкерлердің жұмыспен қамтыру түрі және жынысы бойынша бөлгендегі жалпы саны. c. Жұмыс күшінің штаттық және штаттан тыс. қызметкерлерге, сондай-ақ жынысы бойынша бөлгендегі жалпы саны. d. Жұмыс күшінің өңірлер бойынша және жынысына қарай бөлгендегі жалпы саны.	+	172- 174
G4-11	Ұжымдық шартпен қамтылған барлық қызметкерлер пайызы	+	183
G4-LA1	Жаңадан жалға алынған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сонымен қатар жас ерекшелігі тобы, жынысы және өңірі бойынша бөлгендегі кадр тұрақтамаушылығы. Жергілікті халықты жалдау рәсімдері және ұйым қызметін жүргізетін маңызды өңірлердегі жергілікті халық арасынан жалданған жоғары басшылардың үлесі.	+	173, 174
G4-LA2	Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын маңызды өңірлер бойынша бөлгендегі толық қамтылған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	+	184
G4-LA4	Ұйым қызметіндегі маңызды өзгерістерге қатысты хабардамалар жіберілетін ең аз кезең, сонымен қатар ол ұжымдық келісімде белгіленді ме?	+	183
G4-LA6	Менеджмент саласындағы ұстанымдар туралы жалпы мәліметтер Өндірістік жарақаттың түрлері мен деңгейі, кәсіби аурулардың деңгейі, жоғалтқан күндердің коэффициенті мен жұмыс орнында болмаған күндердің коэффициенті, сонымен қатар жұмыспен байланысты өлім жағдайларының жалпы саны, өңірлер мен жынысы бойынша бөлгендегі	+	188
G4-LA8	Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдердегі денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерінің көрінісі	+	195
G4-EU18	Мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқудан өткен қызметкерлерінің пайызы	+	187, 189
G4-EU25	Компания активтерінің қатысуы арқылы халықтың алған жарақаттары мен өлім жағдайына алып келген оқиғалардың саны, сот шешімдерін, ауруға қатысты қарауда жатқан сот істерін реттеуді қоса алғанда	+	187
G4-LA9	Кадрларды дамыту, персоналдың біліктілігін арттыру. Қызметкерлердің жынысы мен санаттарына бөлгенде бір қызметкерге жұмсалатын орташа жылдық оқыту сағатының саны	+	175
G4-LA11	Қызметкерлердің жынысы мен санаттарына бөлгенде нәтижелілік пен мансаптық дамуды мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	+	179
G4-LA12	Ұйымның басқарушы органдары мен персоналының негізгі санаттарының жынысы, жас ерекшелігі топтары, азшылық топтарына тиістілігі және басқа әралуандық белгілері бойынша бөлгендегі құрамы	+	173
G4-LA16	Арыз берудің ресми тетіктері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты берілген арыздардың саны	+	195
G4-HR3	Көмсіту жағдайлары мен қолданылған түзетуші іс-қимылдардың жалпы саны	+	194
G4-EC5	Ұйымның қызметі таралған маңызды өңірлер бойынша белгіленген ең төмен жалақыға жыныстары өр түрлі қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі стандартты жалақысының қатысы	+	180
G4-EC6	Ұйым қызметін жүзеге асыратын маңызды өңірлердегі жергілікті халық өкілдерінің арасынан жалданған жоғары дәрежелі басшылардың үлесі	+	174

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
G4-LA13	Ер адамдар мен әйелдердің қызметкерлердің санаттары мен қызметті жүзеге асырудың маңызды өңірлері бойынша бөлгендегі бастапқы жалақысының қатысы	+	173
G4-SO3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету	+	194
G4-SO4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен әдістер туралы хабардар ету және оларды оқыту	+	194
G4-56	Ұйымның Мінез-құлық кодексі мен Этикалық кодекстер секілді ұйымның құндылықтары, қағидаттары, стандарттары және мінез-құлық нормалары	+	191
G4-57	Этикалық және заңға бағынатын мінез-құлық мәселелері бойынша, сондай-ақ сенім телефоны немесе телефон бойынша консультация беру секілді ұйымдағы жосықсыз көріністерге байланысты мәселелер бойынша консультацияларға жүгінудің ішкі және сыртқы тетіктері	+	191- 194
G4-58	Этикаға жатпайтын және заңсыз мінез-құлық, сондай-ақ сенім тікелей бастыққа хабарлау, жөнсіз іс-әрекет фактілері туралы немесе ыстық желілер секілді ұйымдағы жосықсыздыққа байланысты мәселелер туралы хабарлаудың ішкі және сыртқы тетіктері	+	191- 194

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы біріктірілген есеп (бұдан әрі — Есеп) «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі — Компания немесе Қоғам) компания қызметі туралы маңызды деректерді көрсетеді. Есеп барлық мүдделі тараптарға «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының 2016 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанда қоса алған мерзімде атқарған қызметінің нәтижелері мен жеткен жетістіктерін көрсетеді. Қоғамның осы Есепте көрсетілген 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2016 жылғы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2015 жылғы есебі ТОО «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС («PwC») тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып табылады.

Осы Есеп аясында компанияның экономикалық қызметі, орнықты даму, қаржы-операциялық нәтижелер мәселелері бойынша ақпарат келтірілген. Ақпарат пен сандық мәліметтер 2016 жыл үшін берілген, алайда көрсеткіштер бойынша берілген ақпаратты салыстыру мен оларға талдау жасаған кезде қолдануға болатын тұстарда 2014 және 2015 жылдардың да деректері пайдаланылды.

Қоғамның қаржылық емес есептерін қалыптастыру тарихы 2010 жылдан бастау алады. 2010 жылы Қоғамның 2009 жылы атқарған қызметінің қорытындысы бойынша бірінші есебі жарияланды.

2011 жылы Қоғам Жылдық есеппен қатар «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының орнықты дамуы туралы есепті жариялады, ол 2010 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанда қоса алғандағы кезеңді қамтиды. Алдыңғы Біріктірілген жылдық есептің жарияланымы 2016 жылы мамырда өтті.

Қоғам Біріктірілген есепті жыл сайын дайындауды жоспарлайды.

ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ҮДЕРІСІ

Осы есеп «Есептілік бойынша ғаламдық бастама» (бұдан әрі – G4 нұсқасының GRI) есебін дайындау қағидаттарын ескере отырып, электр энергетикасы (Electric utility, EU) саласындағы GRI салалық хаттамасына, БҰҰ Жаһандық шарты есептілігінің талаптарына, сондай-ақ Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес әзірленді. Есепке кесте қоса берілді, онда Есептегі стандартты элементтердің орналасу реті көрсетіледі (2-қосымшаны қараңыз: Есептің GRI нұсқауына сәйкестілік кестесі).

ЕСЕПТІҢ ҚАМТУ САЛАСЫ МЕН ШЕКАРАЛАРЫН ШЕКТЕУ

Қоғам басқарушы компания болып табылады, ол өндіру қызметімен айналыспайды, сондықтан оның қоршаған ортаға тигізетін ықпалы да елеусіз болады. Осы есепте орнықты даму саласындағы көрсеткіштерді толық ашу мақсатында 36 еншілес және тәуелді ұйымнан тұратын «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы (бұдан әрі – Компаниялар тобы немесе Холдинг) бойынша шоғырландырылған ақпарат ұсынылған. Тек мына ұйымдар оған қосылмайды:

- «Forum Muider B.V.» – басқарушы компаниясы, «РУСАЛ» ЖАҚ – пен бірлескен кәсіпорын (50% СЭ);
- Mersal Coal Holdings Ltd, Manetas Coal Holdings Ltd, Grasedol Coal Holdings Ltd, Bleson Coal Holdings Ltd, GROUCH ESTATE Ltd, ALLOYAL Limited, WEXLER LTD, METTLERA CORPORATION LTD, «ЭнепроТрейдУголь» ААҚ, «Ресурсэнергоуголь» ААҚ – «Forum Muider B.V.» еншілес компаниялары;
- «Бұқтырма ГЭС» АҚ, «Шүлбі ГЭС» АҚ және «Өскемен ГЭС» АҚ – жалға берілген және концессияда.

ЕСЕПКЕ ЕНГІЗІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТТАРДЫ ДАЙЫНДАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БОЛЖАМДАР МЕН ӘДІСТЕМЕНІ ҚОСА АЛҒАНДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕР МЕН ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІ

Мәліметтер дереккөзі мемлекеттік статистика органдарына жыл сайын берілетін ресми есептілік нысандары болып табылады. Көрсеткіштердің бірқатары ішкі аудит рәсімдері аясында компанияның жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жиналып, есептеледі.

Қоғам Есебінде ұсынылған өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есептеу, жинау және шоғырландыру есептілік қағидаттарына және GRI Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаудың 4 нұсқасының ұсынымдарына (Global reporting initiative, GRI G4) және Қоғамның корпоративтік басқару рәсімдеріне сәйкес жүргізілді. Орнықты даму саласындағы көрсеткіштердің әр санаты бойынша сандық мәліметтердің қате берілу ықтималдығы барынша азайтылды. Қатынастар мен үлестік шамалар абсолютті мәндермен толықтырылған. Сандық мәліметтер жалпыға бірдей қабылданған өлшем бірліктерін пайдалану арқылы көрсетілген және стандартты коэффициенттердің көмегімен есептелді.

БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ

Есепте болашаққа қатысты келтірілген мәліметтер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. «Жоспар» мақсатындағы «санайды», «болжайды», «күтеді», «бағалайды», «көздейді», «жоспарлайды» секілді сөздер мен осы мазмұндас сөздер ақпараттың болжамдық мағынада екенін көрсетеді. Нақты нәтижелердің жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижелерден, болжамды мәлімдемелердегі бағалар мен ниеттерден айтарлықтай айырмашылықтары болуы мүмкін. Болжамдық мәлімдемелер Есеп жарияланған күнге ғана жарамды. Компания болжамды мәлімдемелердегі күтілетін қызмет нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан олар неғұрлым ықтимал немесе типтік сценарий ретінде қаралмайды және қарала алмайды.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Есепке немесе оның мазмұнына қатысты кез келген сұрақ бойынша мына байланыс телефондары бойынша хабарласа аласыздар:

Мұхамедсалиев Марат Оқапұлы,

Баспасөз хатшысы

Телефон: +7 (7172) 55-30-62

email: m.mukhamedsaliyev@samruk-energy.kz

Мұхамеджанова Мақпал Өнербекқызы

Корпоративтік басқару департаментінің директоры

Телефон: +7 (7172) 55-30-05

email: m.mukhamejanova@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы

Орталық басқару аппараты

010000, Ақмола обл., Астана,

Қабанбай батыр даңғылы, 15 А

«Q» бизнес орталығы, Б блогы

Телефондар: + 7 (7172) 55-30-00, + 7 (7172) 55-30-21

Факс: +7 (7172) 55-30-30

e-mail: info@samruk-energy.kz

Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған
кезде оған сілтеме жасау міндетті



www.samruk-energy.kz